

№2016  
3069к

Жүсіпбек  
ҚОРҒАСБЕК



Үш томдық

1

КӨКЖАЛДАР

**Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК**

---

**ҮШ ТОМДЫҚ**

---

**1-ТОМ**

**КӨК  
ЖАЛ  
ДАР**

  
**ХАНТӘҚІРІ**  
баспасы

Алматы  
2016

ӘОЖ 821.512.122-3  
КБЖ 84 (5 қаз)-44  
Қ 66

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және  
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

**Қ 66**      **ҚОРҒАСБЕК Жүсіпбек.**  
**КӨКЖАЛДАР: 3 томдық./Жүсіпбек Қорғасбек.**  
– Алматы, «Хантәңірі» баспасы, 2016.

ISBN 978-601-03-0401-7

Т.1. – 2016, – 342 б.

ISBN 978-601-03-0400-0

Көркем шығарманың да мінезі болады. Белгілі жазушы Жүсіпбек Қорғасбектің жазып жүргендері де мінезді шығармалар. Үш томдық таңдамалысының алғашқы кітабына бұрын еш жерде жарияланбаған «Көкжалдар» романы, «Креш» хикаяты енгізілді. «Өнер», «Соқыр», «Миллион жылан, миллион ара және мен», «Өлмейтін құс», «Шіркін, Шекер» әңгімелері де әр кезде үздік әңгімелер қатарына қосылған. «Жансебіл» әңгімесінің желісімен аттас көркем фильм түсірілген. Жинақта жазушының эксперименттік үлгіде жазылған жаңа туындылары да бар.

ӘОЖ 821.512.122-3  
КБЖ 84 (5 қаз)-44

ISBN 978-601-03-0401-7  
ISBN 978-601-03-0400-0

© Қорғасбек Ж., 2016.  
© «Хантәңірі» баспасы, 2016.

# КӨКЖАЛДАР

роман-тәмсіл

*Таулар шөккенде күлген,  
Қорлық өткенде күлген,  
Азап шеккенде күлген,  
Мазақ еткенде күлген,  
Басты тепкенде күлген,  
Асты төккенде күлген,  
Қадір кеткенде күлген,  
Ақыр жеткенде күлген...*

*(Кейіпкердің қойын дәптерінен).*

– Еркексің бе? –

*Естеліктер көшті естен,*

– Еркекпін мен еркектерге өштескен!

– Паһ! – деді әкем,

*Анашыма қарады,*

*Анашым мәз,*

*Көзіндегі кек те өшкен...*

– Еркекпін мен еркектерге өштескен!

*(Кейіпкердің қойын дәптерінен).*

## Пролог

Ұйқтаған ел ұйқтап, ұйқтамаған ел төбесіндегі айдан адасып қалатындай сансыраған өліара уақыт еді. Түн, басы құйрығын жұтып қойып өлетін қорқынышты құбыжықтай, өзін өзі жеп тауысуға тақаған. Түн мен тауды пана тұтқан көкжалдар да өне-міне таң атып қалатындай жанталасқан. Тау ішіндегі аламан жазықта андыздай жүгірісіп

келе жатқан солар, қасқырлар. Кенет алдарынан от жарқылдады да, олар біріне бірі ілесіп, аспанға секірді. Сол беті жұлдыздай ағып-ағып келіп, өз үйі, өлең төсегінде аяқ-қолы көсіле ұйқтап жатқан таудай кісінің түсіне кірді. Таудай кісі көптен көңілінде сақтаған көкшолақ көкжалды іздеп, жанұшыра шапқылап жүр екенмін дейді. Кенет қасқырлар ғайыпқа сіңгендей жоқ боп кетіп, көкшолақ көкжал әлгінде ғана қынынан суырған пышақтың жүзіндей жарқ етіп алдынан шыға келді. Ол қылғына айқайлап жатып оянып кетті де, үй ішіне әлдеқашан жарық түсіп қойғанын көрді. Жарық түскенше ұйқтап қалғанын айып санағандай: «Әп, бәрекелд-е-е!» – деді де пақ етіп күлді. Атан жілік аяғын көрпеден шығарып, сыртқа салды. Жүн-жүн кеудесін көтеріп, сусыған жұмсақ халатын киді. Түнде не істегенін есіне түсіргісі келгендей, жолай жұмыс кабинетіне бір бас сұғып өтті. Ұйқысыз түннің жазасын саяси журналдың жаңа санының бетін шимандай ғып сызғылаумен беріпті. Әр мақаланың тұсына қызыл сиямен көститіп жазған пікірлерін жарияласа, соның өзі мынандай тағы бір журнал шығаруға емін- еркін жеткендей екен-ау. «Аш та жап» журналыңды ел оқитын журнал жасадым» деп, редакторына апарып берсе қайтер еді, а? Саусақтарының ұшын төбеге жеткізе керіліп-созылды да, пақ етіп тағы күлді. Түнде ұйқтай алмағанымен, таң алдында қатып ұйқтап қалыпты. Ұйқысының қанғанына да қуанатын болғаны-ау, шамасы. Қылшығы жылтыраған аю-тұлыпқа көңілдене көз салған. Ештеңе болмағандай алаңсыз, ештеңе көрмегендей беймарал, ештеңе білмегендей жайбарақат. Кешегі түнгі таусылмастай көрінген жан азабы

туралы ойлағысы да келген жоқ. Өйткені онсыз да қамшының сабындай қысқа өмірдің енді қайтып таң атпайтындай тек қайғы мен қасіреттен ғана тұруы мүмкін емес еді.

– Бидайық, – деп айғай салды үйді көшіріп жібере жаздап, – маған түнімен бір ой маза бермеді. Айтсам ба, айтпасам ба деп тұрмын. Айтсам көңіліңе келеді, айтпасам ішімде өледі.

– Қайтадан оппозицияға кетем демеші, – деген жұмсақ дауыс естілді асүй жақтан. – Ішкен асымыз бойымызға сіңіп, тыныш отырайықшы. Бәсе, ана теледидар «сайлау-сайлау» деп қақсап кетіп еді. Сол сөзді естісем, аза бойым қаза болады да тұрады. Қанша уақыт үй көрмей кеттіңдер.

– Сен бар ғой, үйде отырып алып, өзің оппозиционерсің, – деп зірк етті таудай кісі. – Менің өз науқаным өзімде қазір. Бала бомж боп кетті, бомж болмағанда несі қалды. Енді не істейміз, соны ойладым түнімен.

– Өзіңді аясаңшы кішкене, – деген дауыс тосылып барып шықты. – Өзіңді ая. Баладан бір айырылып, байдан бір айырылып, сорлап қалмайын мен. Өзіңнің күт енді. Көк тамырың үзіліп, көстиіп жатсаң кімге керексің?

– Осы мен тоқал алсам қайтеді, а? – деді таудай кісі айтар сөзіне жол ашылғандай нықтана сөйлеп. – Ата жолы деген бар, оның несі сөкет? Қолы жеткендер қазір де қос-қостан қатын алып жатса керек. Оның үстіне желігіп отырған мен жоқ. Тоқал алам десем, себеп бар. Қазіргі уақытта ол өзі сауап іс көрінеді.

– Дайын тұрған біреуің болса көрерсің, қайтеміз енді, – деген дауыстан ашудың ізі де білінбеген. – Сенің намысыңа лайықты адам

табылса, бізде не шара? Сен өлсең қу жалғыздың зарығынан өлмейсің, намыстан өлесің... – Ыдыс-аяқтың салдыры күшейіп барып, басыла қалды. – Құдай сақтасын, не деп кеттім мен?

Дауыс та кейде иесіне ұқсайды. Қағаздай аппақ әйелдің өзі де көрінді.

Бейкүнә түрі сорғыш қағаздай үлбіреп тұр. Алғашында мән бермей қалған сияқты. Күйеуі біреуді қазір жетелеп келетіндей бозарып барады. Тіпті қай бөлмеге әкеп кіргізеді дегендей, ана есікке бір, мына есікке бір жалтақтап қарап қойды.

– Сонда сендерге бәрібір ме, не? – деді таудай кісі әйелінің аңқаулығына жыны келіп. – Мына дүниеге кім ие болады ертең? Апырым-ай, ұрпақ үзіліп қалмай ма? Соны неге ертерек ойламадық деймін?

– Шәйінді ішсеңші, – деген әйелінің мыйына өлі ештеңе толық жетпеген секілді, – жұмысқа түсте барасың ба енді. – Өлде жорта солай істеген түрі ме, әйел қулығына кім бойлап көріпті. – Күн ысып кетпей тұрғанда, бақты суғарып тастайын.

– Әй, тоқал алам мен, тоқал алам! – деп үй ішін тітіретіп, арыстанша ақырып жіберді таудай кісі. – Нашақор-р-р!.. – Нашақор дегенді боқтық сөз құсатып нәшіне келтіріп айтты. – Ит-шошқа!.. – Өзі ашумен қуып жібергеннен кейін үй қарасын көрмей кеткен жалғыз ұлды сыртынан сыбап тұр. – Нашақор-р-р!..

– Қой, құрысын, айтқан жерден аулақ, ел естімесін, – деген әйелі дем арасында күзгі жапырақтай солып, бүрісе қалды. – Өкіреңдемей, шәйінді іш. Тоқал алсаң, төбемізге отырғызбайтын шығарсың. Шамаң жетсе ал, тепсіне бермей.

Қанша момын десең де, әйел мен жылан бірдей.

Тілінің уытын қарашы. Тотияйындай күйдіріп түсті. Жарылып кете жаздап өрең шыдады. Жанын ауырсына тағы да пақ етіп күлді. Өзін қоярға жер таппай, майкішең бақ жаққа ытып шықты. Күші бойына сыймағандай, ары-бері ойқастап жүріп кеп берді. Бағанадан бері осы маңды жолдың арғы бетіндегі тоғыз қабатты үйдің биік балконынан бақылап қарап тұрған бойжеткен қасқыр көрген еліктей қылт етті де жоқ болды.

«Ағай бүгін жаттығуын кеш бастады, – деп жазды ол ішке кіре салып, маржандай тізілген әдемі жазуларымен. – Осы кісінің жалғыз баласының қылығы айдалада жүріп, менің жаныма батады. Мен де біреудің жалғызымын. Әкем болса, өзім ұл болсам, әкемді алтын таққа отырғызып қояр едім. Қыз баланың қолында не бар? Қайран анашым, мен үшін не істемедің сен? Қарлы боранда қой да бақтың, аптап ыстықта жүгері де суардың. Ақ сүтінді қалай ақтасам екен, білмеймін, басым қатты».

Қызыл сапты автоқалам жаңа ғана өзі тудырған әдемі жазулардың үстіне қисая құлады да, бір тамшы көз жасы қаламның қасына тырс етіп тамып түсті.

## 1.

Сол тоқал алсам деген ой басына толық бекіген алғашқы күні ай мүйізін көзге көрінбейтін әлдеқандай бір жұмбақ қабырғаға тіреп тұрғандай екіленген. Өзі туралы жұрттың не ойлайтынында шаруасы болмай, орынбасарынан сыр тартып шабынып отырып алған. Кеудеге салған іс оңа ма, бірақ қисынсыз деп тағы айта алмайсың. Қонақта отырғанда төбедей болып отырады, жаназада



тұрғанда түйедей болып тұрады, көсіліп жатқанда аяқ-қолы төсекке сыймайды. Осындай адамның жар дегенде жалғыз-ақ ұлы бар, оның өзі де болмай бордай тозыпты десе, итім сенбес. Мұрагерсіз қалатынын жаңа ғана білгендей жаны шығып барады. Кеше басына келген ой бүгін жүзеге аса қалуы керек сияқты.

– Осы Гүлбаршын қалай?

– Кішкене күйгелектеу.

– Ал ана Құралай ше?

– Шамасын білмей, шалқақтап қалған біреу.

– Е, солай де. Кім ше, ана Бақытгүл ше?

– Көзі өзінен басқа ешкімді көрмейді.

– Ә, онда, кім қалай, анау Зағира қалай?

– Ой, ол бір пәле, біреудің тағдырымен ойнауға құмар.

– Жібi түзу ешкім қалмады ма сонда?

– Байға тиіп кеткені кетті, кетпегені қалды.

– Жәмилә ше, айтпақшы, Жәмилә бар емес пе?

– Жәмилә ма?.. Жәмилә да өмірден шаршаған...

– Қой, бесіктен белі шықпай жатып өмірден шаршағаны несі?

– Өмір болған соң болады да.

– Сен осы не шатпақтап отырсың?

– Басқа не дейін енді?

– Әншейінде теңі табылса жап-жақсы-ақ қыздар бәрі демеуші ме ең?

– Дейтінмін...

– Сонша қыздың арасынан кемшіліксіз қыз таппай отырған жоқпыз ба енді?

Орынбасары үндемей сөлбірейіп орнынан тұрды. Бес уақыт намазы бар, өзінен екі-ақ жас кіші тақуа кісі еді. Неғып екенін, осы кісіні қасында ұстағанды өзі де жақсы көреді. Өлде

айналамызды жамандықтан аластап, тәубамызға түсіріп жүретін де бір адам керек дей ме екен. Жұрт көзінше де тақуалығын сыйлап, жол беріп тұрады. Ақыл таппай қалған ештеңесі жоқ, бірақ бір білгені бар шығар дейтін қазақы көңіл баяғы.

– Тәуке-ау, біреудің қарғадай баласында неміз бар? Мен олардың емес, сіздің кемшіліктеріңізді мұрнынан тізіп бердім емес пе? Түсінбей қалған екенсіз-ау.

Таудай кісі лепірген көңілі су сепкендей басылып, жер болып шөкті де қалды. «Жұмысын адал істейді» деп, орынбасарын басына шығарып қойған өзі. Түк болмағандай есіктің жәйлап жабылғанына да жыны келді. Сонда да талайды көрді емес пе, орынбасарының артынан бақанын алып тұра шаппауға ақылы жетті, әйтеуір. Содан күні бойы кабинетте тордағы арыстандай торығып отырғаны болмаса, жарытып жұмыс та істей алмады. Әдеттегіден кештеу үйге қайтуға жиналып, қабылдау бөлмесіне шыға бергенде сонда отырған Тана деген қыздың жымың ете қалмасы бар ма.

Қырық екі әріпті қыдырта терген сымсаусақ компьютерден ажыраған жоқ. Қылқаламмен тарта салған сызықтай қиғаш қастары сопақша жүзіне әдемі жарасып тұр. Ерні де, мұрны да домбыраның тиегіндей жұп-жұқа. Ал енді осы қыз әнтек жымылып күлгенде батқан күн қайта шыққандай болады. Өзінің үйі де жоқ, күйі де жоқ. Алайда мына дүниенің бар жақсылығын көріп, көңілі тасып-толып жүргендей мәз. Белі қылдырықтай, бөксесі бұлдырықтай. Апыр-ай, бұрын неге байқамаған?

– Қарағым-ай, бір еркекті бақытты қылатын-

ақ жөнің бар екен-ау, – деді өзегін өкініш өртеп. – Қазағымның сендей жастары көбейе берсін. Құдай сопайып жалғыз-жарым қалғаннан сақтасын. Заман сендердікі, біз базардан қайтқан адамдармыз.

– Сіз біраздан бері біртүрлі болып жүрсіз, – деді Тана бәрін біліп отырмын дегендей жұмбақ жымыып. – Бақыт деген кейде еленбей, аяқ астында жата ма деймін. Оны да көретін көз керек екен ғой, байқасам. Сіз айтқан бір еркекті бақытты қыла қояйын десем, сол құрғырдың табылатын сиқы көрінбейді.

Тананың кетері еместей көрінген мына қылығы семіп бара жатқан сезімін тызылдата қытықтап өтті. Егер баласының әуресі мен қыз-қырқынның қызығын қатар таразыға тартса, бөрібір баласының әуресі басым түсер еді. «Маған бала туып бересің бе?» деп боздай жөнелмесе де, ой-санасының бәрін осы бір ғана тілек жаулап алған. Тана да жаңағы сөзімен ойының үстінен дөп түскендей болып, қанша сыр бермейін десе де, қапелімде өтірік айта алмай қалды.

– Баламның жайын естіп пе едің? – деді дауысына діріл араласып. – Кінә кімнен, неден екенін де түсінбей қалдық. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген Абай жарықтық қандай кең! Біздікі атаның баласы да бола алмай сорлап тұр сол.

– Ортасы дұрыс болмай жүрген шығар, – деді Тана бастығының көңілін аулағысы келгендей қабағы ашыла сөйлеп. – Әйтпесе сіздей адамнан жаман бала тумаса керек еді.

Тана бетін ары бұрып, ұрлана күлді. Бұл көкейінде не жатқанын жасырған сайын, қу

қыздың қытығы келіп бара жатқан секілді. Ернін жымқырып, ұртын бұртитып алған. Таңдайындағы тәттіні ешкіммен бөліскісі келмеген жас сәбиге ұқсайды. Бәлкім, бөлісетін адамы да жоқ шығар, бөлісетін адамы болса күнде-күнде жұмыста кеш отырып қала бермейді ғой.

– Осы сенің жасың қаншада? – деген сұрақты сөз арасы ғып көлденең тарта салғанмен, мұның ұждансыз ындыны белгі беріп те үлгерген болатын.

– Өткенде ғана жиырма беске толған туған күнімде жұмыста дастархан жайғанымды ұмытып қалдыңыз ба? – деп әрі еркелей, әрі өкпелей тіл қатты Тана.

Осында атап өткен туған күнінде Тананың төрде жалғыз шошайып отырғаны есіне түсе кетті. Қуанса да күлетін, мұнайса да күлетін періште ме, әлде жас болған соң көзіне солай көріне ме, ұқпады әйтеуір. Сондағы бір әзілкеш жігіттің: «Қалаға келіп, шокалад жеген қыздардың бәрі шокаладтай болып кетеді», – деген сөзін де ұмытпапты. Құдай-ау, сол күні мына қызға қатысты не болып, не қойғанының бәрі есінде жүргені несі?

Ұяттан жүзі күреңітіп кеткендей болды, бойы бір ысып, бір суынғанға ұқсады, жүрегі қаттырақ-қаттырақ соғып кеткен секілденді. Тананың алаулаған жүзіне көз салса, олда сондай бір жұмбақ халді бастан кешкендей толқыңқырап, алдындағы жұмысынан береке қаша бастапты. Қырық екі әріпті қыдырта терген сымсаусақтар бір басқан әріпті қайта басып, қайта өшіріп әлек. Сонысын өзі де сезіп, орнынан лып етіп көтерілгенде қолында кітап болған. Сыртында «Кәсіп пен нәсіп» деген жазуы бар жұқа, бірақ жалпақ кітапты шкафтың жоғарғы сөресіне қойып жатып:

– Диплом жұмысын жазып отырғам, – деді.

Тана мұны әдейі назар аудартқысы келгендей сөреге бойын созған қалпында айтты. Бойы сымдай созылып, тал шыбықтай солқылдай қалды. Соны көрді де жас бала құсап екі беті оттай жанды. Апыр-ай, бұрын неге байқамаған? Белі қылдырықтай, бөксесі бұлдырықтай...

– Сен өзі біз жақта тұрмайсың ба? – деді күмілжіп. – Бір-екі рет сыртыңнан көріп қалып едім.

– Иә, сіздің жақта тұрамын, – деді Тана таңдайы тақ етіп. – Сіздің үйіңіз Басарық көшесінің арғы бетінде, біздің пәтеріміз бергі бетінде.

– Осы жерден тоқтай қал, – деді ол жас балаша мәз болып. – Пәтерлерің анау тоғыз қабатты сары үйде ме?

– Иә, соның тоғызыншы қабатында. Жаттығу жасауға шыққаныңызда сізді күнде көрем.

– Әй, пәле, амандаспайсың ба?

– Тоғызыншы қабаттан айқайлап амандасам ба?

– Сонда не, тоғызыншы қабаттан қарап тұрасың ба?

Бірі қуанып, бірі қуланып, екеуі де қосыла күлді. Таудай кісінің жүрегінің тұсы шымылдап әкетіп барады. Осы қыз жұмысқа қашан келіп еді? Екі жылдай болды, ұмытпаса. Бірақ демалысқа шығыпкеткенхатшыкеліншектіңорнынажақында ғана уақытша ауысып отырған. Әлеуметтік болжамдар жасайтын шағын серіктестіктің бір ісін тап-тұйнақтай етіп орындап жүрген пысық қыз. Енді қара, өздері екі миллиондай тұрғыны бар осыншама үлкен қалада аралары жап-жақын көрші болып шықты. Аңқұмар таудай кісі

достарына: «Құдай сәтін салса, барған жеріңе аң өзі кеп тұрады», – деп әзілдейтін. Сол айтқаны келмесе неғылсын?!

Одан кейінгі әңгіме былайша өрбіді.

– Ақыры көрші екенбіз, бірге ала қайтайын.

– Артық жүк болып жүрмеймін бе?

– Е, мен көтереді дейсің бе, мәшине көтереді де.

– Онда жақсы болды, ақшам қалтамда қалатын болды.

– Көше қараң-құраң, маған жол көрсетіп отырасың.

– Алдына отырмаймын мен.

– Е, о несі?!

– Қорқам.

– Кімнен, меннен бе?

– Жоқ, мәшинеден қорқам.

– Шал адамға олай жүр, былай жүр деп тақылдап отырмайсың ба қайта?

Ерке қыз әдейі сәби қылық танытты, бұл да әдейі қаусаған шал боп көрінді. Сол жарасқан күйлері кеңсе алдында қаңтарылған қара минивенге келіп мінді. Бұл жұмысбасты болып жүріп, мәшинесін жудыртып қоймағанына ұялды. Қыз мәшинеге мінерін мініп алып, біреу-міреу байқап қалған жоқ па деп қысылды. Онысын жан-жағына көзінің астымен ұрланып қарай берген түрінен сездіріп алды. Не де болса тезірек қозғалып кету керек екенін ойлап, екеуі де өздерінен өздері дегбірсіздене бастады. Екеуі де көкіректерінде қылтиып бүр аша қалған сезім гүлін бәрібір суық ұрып кететінін алдын ала сезгендей апалақтады. Сол сезім гүлін мезгілсіз ұрып кететін суықтан қорғау үшін қандай үлкен ерліктер жасау керек

екенін екеуі де сол сәтте-ақ сезіп-біліп отырған сияқтанды. Кеңсе алдынан тез қозғалып, қайқаң етіп көшеге шыққан қара минивеннің ішіндегі бұл құпия сырды осы кезде бүкіл қала көріп тұрғандай еді.

– Неге күйеуге тимей жүрсің? – деді таудай кісі тоғыз қабатты үйдің алдына келіп тоқтай бергенде еркінсікіреп. – Әлде теңінді таппай жүрсің бе?

– Мен де біреудің оң жақтағы үміт күтіп отырған қызымын ғой, – деді Тана да пысықтық көрсетіп. – Сіздердің кездеріңіздегідей нар жігіттер жоқ қой қазір.

– Қанша жігіт шетелде оқып келіп жатыр, қанша жігіт спортта чемпион болып жатыр, – деді таудай кісі қызды ренжітіп алмайын дегендей жұмсақ жымыып. – Көн етіктіні менсінбей, көк етіктіден құр қалып жүрмеңдер түбі.

– Бөріктінің намысы бір, көріктінің қамысы бір, – деп жұмбақтай күлді Тана. – Бір жігітке сегіз қыздан келіп тұрса не істейміз енді?

– Ә, солай ма, – деп таудай кісі Танаға әдейі бұрылып қарады. – Өткенде ауылға барып келген едім. Ауылдағы ағайынның балалары үйленетін қыз таппай жүр екен.

– Өз бұйымтайыңызды айтсаңыз одан да, – деп оқыс қылық шығарды Тана. – Сол ауылдағы ағайындарыңыздың балаларына келін іздеп жүрсеңіз, оны да айтыңыз.

Таудай кісі: «Қап, бұл істі бекер-ақ бастаған екенмін», – деп өкінді де қалды осы арада. Тана да байқамай аңғырт айтқан сөзінен қысылып, екі беті өрттей қызарып кетті. «Дегенмен ұяты бар қыз екен», – деп ойлады ішінен таудай кісі. Шашынан сипағысы келіп ұмсына берді де, қолын

тез тартып алды. Соның өзіне қараптан-қарап қыстыққан қыздың нәркес көздері жыпықтай жасаурап ала жөнелген. Өмірі көрмеген, білмеген өке алақанының ыстық табын аңсағандай бойы да балқып, көңілі де елжіреп сала берді бір-ақ сәтте. Осы бір тау тұлғалы кісінің етегінен шап беріп ұстап алғысы келгендегі қорғансыз жанның бұл қылығын Алла кешірсе де, адам кешірмейтін еді, бірақ. Көкіректері қатыгезденіп кеткендіктен де кешіре қоюы, кешіре қалуы, кешіре салуы оларға, шынын айтқанда, тас қашап, тау қопарғаннан да қиын болатын.

## 2.

Таудай Таубай жардай денесімен тоғызыншы қабаттағы бір бөлмелі пәтердің қуықтай балконының жартысын алып талтая қалған. Қым-қуыт көшенің арғы бетіндегі өзінің қоңыртөбел жер үйіне жарбасынан жем аңдып қопақтаған қарғадай еңкейе қарады. Екі етегі жалпиған қолағаштай танауы да солай қарай төселіп, бар зейінімен беріліп кеткен. Салған үйі, қалаған ошағы, еккен бағы бәрі де алақандағыдай тегіс жарқырап көрініп тұр. Әрі де емес, бері де емес, осы үйдің шаңырағын түп-тура отыз жасында өз қолымен көтергені көңіліне мақтаныш ұялататындай. Кейде ай жарығымен де жұмыс істеген жанкештілігіне қазір басқа түгілі, өзі де таңқалады. Тер басқан жауырыны күнге шағылыса жалтылдап, ертеңдікеш жанын салып тынбай жұмыс істеп жататын күндерін сағынатын тәрізді. Талдырмаш келіншегі бір жағына шығысып, кішкене баласы құм мен топырақ арасында қылтындап ойнап жүретін. Алдымен шұқыр қазылды, іргетас құйылды,



кірпіш өрілді, төбесі жабылды, соның бәрі мына биіктен үйшік қалағандай көрінген шығар деп ойлады ішінен. Төрт кіреберісі бар тоғыз қабатты үйдің тұрғындарының саны орта есеппен төрт жүзден асады, ендеше содан бергі тағы отыз жылғы өмірлерін біреу болмаса біреу сәт сайын бақылап тұрған болды ғой. Қызық, әне бақ жақтағы есіктен қылтиып ұзынша бойы ептеп еңкіш тартқан бөйбішесі шықты. Бақтың шетіне таман, жеміс ағаштарының көлеңкесі түспейтін жерге бір тақта көктат егілген болатын. Бөйбішесі тыпыңдап барып, екі білекті сыбанып тастап, еңкейдеп көктат отауға кірісті. Арам шөптерді тоқалдың шашын жұлғандай құштарланып жұлмаштай бастады да, бөйбішесінің тірлігін көз алдына солай елестеткен таудай кісі мырс етіп күліп жіберді.

Тоғыз қабатты үйдегі көршілер көретіндей қандай-қандай оғаштау қылықтарым болып еді деп ойлап, есіне көп ешнәрсе түсіре алмаған. Баласын сомадай ғып қуалап жүріп ұрғаны үй-ішілік ұрыс-керістің есебіне жатқызылған болар. Ал әзәзілдің тіліне еріп, билікке қарсы шыққан кездегі суыт жүрістерін көршілер білмейтін де шығар. Дер кезінде есін жиып адам болды сонда, әйтпесе бүгін қай қиырда тезек теріп жүретінін бір Құдайым білсін. Көше жағалап кеткен көзі қайта айналып үйін тапқанда, бөйбішесінің сол орнында әлі тұқшыңдап отырғанын көрді. Содан соң артына бір қарап алды да, өз үйін өзі қайтадан қызықтай бастады.

Сол тұста сән болған үлгімен жабылған жыланқабық шатыр, көше жаққа қараған балықкөз терезе, дуалмен дуал боп тұрған жылжымалы көк қақпа қалай осылай орнай

қалғандарынан хабар бергендей алақанын шымырлатқан. Аулаға төселген өрнектастар күн қыздырғанда жалаңаяқ жүрген сәттерін есіне салып, қара табанына батып-батып кеткендей рақат бір сезімге бөлеген. Үйінің айналасындағы жасыл бақ та жаратқаннан сыйға алған жұмақтың тұтамдай ғана бір пұшпағы тәрізденіп, көңілін құйқылжытып әкетіп еді. Бүкіл өмірін өзінің отын жағып, кірін жууға құрбан еткен адал жарының қасынан жаңа ғана кетіп қалып, енді әлдеқашан айтылуға тиісті бір сөзді айтпай кеткеніне өкініп те тұрған сыңайы бар. «Сені де бағам, оны да бағам» деген сөздің көмейінде кептеліп тұрғанына пәленбай уақыт болды. Бәйбішесінің «өлтірсең де айтып өлтір» дегендей жалынышты көзбен бозара қарағаны да ойынан кетер емес.

Бірақ бүгін таңертең үйінен шыға бергенде әйелінің шаршаңқы көздері кенеттен қуана жалт еткенін байқаған. Сөйтсе ол мұның үстінен өзінің сүйкімсіз жүрісімен жыбырлай қозғалып бара жатқан қырықаяқты көріп қалыпты. Саусақтарының ұшымен іліп алып, лақтырып жіберген де, баж етіп қолтығына тығылған. Тасжүрек неме сонда өтіріктен болса да әйелін бір құшақтап қоймай, сірескен бойы сықиып кете барды емес пе. Ер-азаматының екпінінен жасқанған әйелі құлап қала жаздап, босағаның жақтауынан ұстап үлгерді, абырой болғанда. Сонда оның сырт терісі қабағының астына шүңірейіп кіріп кеткен көздері табан астында өліеттеніп, бар нұрын ішіне батыра жұтып қойып еді. Басындағы бағын бағалай алмаған мұндай қырсық адам сірә, жер бетінен қолыңа шырақ алып іздесең де табыла қоймас. Шебер Құдай мұның қандай адам екенін

сынау үшін жәндік оқиғасын арада сүт пісірімдей уақыт өткенде алдына тағы келтірді де, бұл оқиға ары қарай былайша жалғасты.

– «Апаңды ренжітіп кеттім» деп едіңіз, жүр ғой ештеңе жоқ, – деді тоты құстай таранған жас тоқал ту сыртынан келіп.

– Апаңда нең бар, өз жайыңды білсеңші, – деді таудай кісі бәйбішесін өлсе талауға бермейтін адамдай түсін суытып. – Сен де бір нәрсеге қағынайын деп тұрсың-ау, байқаймын.

– Уайымыңыз тарқап, көңіліңіз орнына түссе, ішке кіріңіз, – деді жас тоқал таудай кісіні мұрындық салып, жетелеп әкететіндей сенімді үнмен. – Тоқал ешкі неге қағынады дейсіз, мүйізінің орны қақсап қағынбаса.

– Тоқтай қал, – деді кенет таудай кісі тарыдай тоқалға төне түсіп. – Сен осы өрмекшіден қорықпайтын сияқты едің ғой, ә?

Жас тоқал гүлді-гүлді халатының ішіне шоқ түсіп кеткендей шар ете қалды. Көргенін көз ілестірмей шап беріп ұстап үлгерген таудай кісі балаша мәз. Өмір бойы жәндік ұстаумен айналысып келе жатқандай соншалықты әккі қимылдағанына өзі де таң. Добалдай саусақтарымен шымшып ұстаған үсті-басы түк-түк, түр-түсі өрнек-өрнек өрмекшіні сиқыр жасағандай жас тоқалдың көз алдынан бір үйіріп өткізіп алып, сыртқа қарай шертіп кеп жіберді.

Үсті-басы түк-түк, түр-түсі өрнек-өрнек өрмекші аяқтары тарбайып, әуеде шыр көбелек айналған. Сона-а-а-у төменде ары-бері ағылған көліктер де құйын үйіргендей алды артына келіп, мыйдай сапырылысқан. Ол сол көліктердің бірінің астына түсіп, жаншылып өлермін деп қорқып еді.

Өрмегін тоқып, жайынша жүрмей, біреудің үстіне шығып несі бар еді десеңші. Кенет жанталаса тырбаңдаған аяқтарының арасына үлбіреген жұп-жұқа қанат пайда бола кетіп, өрмекші табан астында бүкіл денесі сурет-сурет көбелекке айналып шыға келді. Үлбір қанаттарын жылдам-жылдам жыпылдата қағып, істік тұмсықтарымен құстар іліп кетпей басы аман тұрғанда, амалдап көшенің арғы бетіне өтіп алды. Жерге жақындай бергенде қанаттары аяқтарының ішіне кіріп-кіріп кетіп, қайтадан кәдімгі қыбырлап-жыбырлаған өрмекші қалпына келе қалды.

Сол қалқығаннан қалқыған беті, өз жайынша көктат отап отырған әдемі әйелдің аппақ бетіне жыбыр етіп қона кетпесі бар ма. Әйел оны қолының қырымен қағып тастады да, жыбырлап жатқан жерінен қайта тауып алды. Мыжып өлтіре салу ойына да келген жоқ. Оның орнына мұны жақсы ырымға жорып: «Бүгін не болған өзі, біресе үстімізге қырықаяқ шығып алады, біресе өрмекші шығып алады, – деп қосағы жақын жерде жүрсе, ойын бөліскісі келгендей елеңдей қалды. – Қай келіннің аяғы ауыр еді, ө? Кіші қайнағаның үйіндегі келінді қашан түсірдік осы? Өлгі үлкен қайнағаның үйіндегі ортаншы келін де тусырап жүрген сияқты көрінген. Әй, ол тоқпақтай қатын, бізге бала бере ме?...».

Қосағының шынында да жап-жақын жерде жүргенін, бірақ қолы да жетпейтін, дауысын да естімейтін биікке шығып алғанын ол әрине, сезген жоқ. Күйеуінің белі қылдырықтай, бөксесі бұлдырықтай жас тоқалдың арқасынан аялай қағып, жас бала құсатып «болды-болды» деп, өбектей жұбатып тұрғанын да білген жоқ. Басқасы басқа, егер осыны көрсе, ақ қағаздай аппақ бейкүнә

бәйбіше әкесі бүгін өлгендей тоқтамай-тоқтамай боздар ма еді, қайтер еді?

Бұл таудай кісінің өзінің ойы. Жұлған шөптерін шетке үйіп қоя берем дегенде, көзі алма ағашының бұтағында ілулі тұрған қыл арқанға түсе кеткен бәйбіше тоқалдың жайын сол сәтте-ақ ойынан сызған да тастаған. Арқан ұстайтындай осы үйде жылқы түгілі, шібіш те жоқ. Бірақ күйеуі керек болса да, керек болмаса да үй тұрмысының заттарын бықсытып жинайды да жүреді. Жер үйде тұрған соң бәрі керек болады деп ойлайтын шығар. Бір жерде тұра берсе тозып қалатындай, оларын жаңа орынға ауыстырып қоятынын қайтерсің тағы. Енді сарайда тұрған арқанды себепсізден себепсіз алма ағашына әкеп іліп кеткенін қара. Күйеуінің неге өйткеніне ақылы жеткен жоқ, содан соң басына жаман ой келгені де рас. «Құдай, – деді өз ойынан өзі шошып, – Құдай, ер-азаматтарды аман қыла көр».

Көктат отап отырған әйел ту сыртынан біреу келіп қалғандай артына оқыс жалт қараған. Аяқтары ұйып, белі де қоқайып, қапелімде орнынан тұрып кете алмай тыпырлады. Тас қып таңған орамалының құлақ тұсын асығыс түріп, елеңдей тың тыңдады. Ешқандай дыбыс жоқ, бірақ жаңа жүрісі баласының жүрісі сияқты тапырақтаған бір дыбысты естіген сияқтанған. Дыбыстың қай жағынан шыққанын аңдамай қалып, қуыс-қуыс, бұрыш-бұрышты тімтіне сүзгілеген. Өзінен басқа ешкімнің жоқ екеніне көзі жетіп тұрса да, сарай мен моншаның ішін де бір-бір қарап шыққан. Содан көктат отап отырған жеріне қарай келе жатты да, жолындағы алма ағашымен көрісуге тоқтады.

– Жұмысқа айналып, сенімен де сөйлеспеппін-

ау бүгін, – деді тірі адаммен тілдескендей мұнайып. – Апыр-ай, шалдың көңілі тыныш болса екен. Әй, бұл неме енді түзелмейді-ақ. Шалдікі дұрыс, дұрыс істеді. Жетімханадан бала асырап алып отырғандар да бар ғой, Құдай сақтасын. Оған қарағанда үлкен қайнағада үш келін, кіші қайнағада төрт келін бар... Бір баланы бізге де туып берер біреуі, неғыпты?..

Ол өзі айтқандай осы бір жемісі де, жапырағы да, қабығы да қызғылт түсті алма ағашымен күнде сөйлеседі. Жылы сөз ағаш екеш ағашқа да әсер ететін секілді. Себебі, басқа ағаштардай емес, оның еш жері шірімеген, қараймаған да. Қызғылт түсі жаңбыр жауса бояуы жерге тамып кететіндей көзге қанық көрінеді. Бұтақтары майысып, жемісін де көп салған екен өзі.

«Оның да мен сияқты анасы бар шығар», – деп күбір етті бейкүнә бәйбіше. – Қызына неге «қой» демейді екен?..». Осыны айтқанда пысылдап, көзінің жасын сығып-сығып алды. Мына бақ пен екеуінің бір-біріне бауыр басып кеткені сонша, қазір оның көз жасы тамған жерге гүл өсіпті десе де еш таңқалуға болмайтын еді. Ол бір уақ жұмыстан қолын босатып, назарын аула шетін алқалай көмкерген сәндік гүлдерге аударды. Көбелектер мен аралар бірінен соң бірі ұшып-қонып жүрген сәндік гүлдер оның ойын өзі сыртынан ғана білетін әлгі бір шөпжелкеден алыстата түсті.

Қара минивен қайқаң етіп көшеге шықты. Тойтаң етіп жолға түсті. Жайтаң етіп зымырап кетіп бара жатты. Қазіргі заман тоқалдардың заманы, жасасын тоқалдар! Түрінде қан-сөл жоқ аққағаздай әйел басқа ештеңе ойламауға тырысты. Керек жауабын алғандай боп, алма ағашының

қызғылт діңін сипап-сипап қойды. Адамға осындай тыныш өмірден басқа не керек дейсің. Сөйтті де тақтаның шетіне жүрелеп отыра қалып, манадан бері күтіп қалған сүйікті жұмысына қайта кірісіп кетті. Алақандай жердегі ала-құла көктаттың арасындағы арамшөптерді тоқалдың шашын жұлғандай құштарланып, жұлмаштай берді, жұлмаштай берді...

### 3.

Бір мезгілде екі өмірді қатар сүруге бола ма десе, Таубай болады дер еді. Бәйбішенің назы мен тоқалдың рақатын қатар кешкен күндер басталды.

Алғаш ешкім ештеңе байқаған жоқ. Бірақ ұрлық көп жатпайды екен. Әуелі бәйбішенің қабағы кірбиді.

– Ешқайда кетіп қалғамын жоқ, ертеңді-кеш ақ дастарханыңнан ас ішіп жүрмін ғой, – деді қоңырайып. – Неге сонша қапаланасың?

– Неге қапаланады дейсің, арамызда сағынатын күндер болған соң қапаланамын да.

Бәйбішесі томпиған бейкүнә көздерімен біртүрлі жатсына қарады. Бір үйде тұратын адамдардың бірін бірі бөтенсігенінен ауыр не бар? Олай да, бұлай да жалтара алмай, отырған жерінде шөкті де қалды.

– Екеуіміздің жамылатын топырағымыз бір, Бидайық, – дегенде көздері бәйбішесін кесе-шәйнегімен қоса жұтып жіберіп, арғы жағындағы қабырғаға барып тірелді. – Қай жетіскеннен өстіп жүр дейсің?!

Бұл аралықта өзін-өзі қолына алып үлгерген ақылды бәйбішенің көңілі көлдей болды. Ол күйеуі ашуланғанда таудай боп күйреп құлап

түсетіндей қорқып кететін. Әсіресе соңғы кезде баланың қайғысы қашан алып түсер екен деп шошыңқырап жүретін. Ауырып-сырқаса да әйелдер ұзақ жасап, еркектердің дауыл шайқаған теректей бір-ақ күнде морт сынатыны несі екен? Айналып келгенде өзін кінәлі адамдай сезініп, түк болмағандай әрі аярлана, әрі жасқаншақтай күлмең қақты.

– Бала туып алып, басыңа бөле боп жабысып жүрмесін, байқа, – деді ақылдымсып.

Ол: «Бала далада шашылып жатқандай сөйлейсің-ау» дей жаздап, ашулана жалт қараған. Жаңағы сөзі жанды жеріне тиіп кеткенін байқап, Бидайық күйеуінен бұрын өзі қамығып қалды. Отағасы осы күйі жұмысқа кетеді, егер қабағы ашылмай кетсе күні бойы өзіне дерт. Қайтсе де көңілін көтеріп жібермесе болмайтынын біліп, зорлана жымың етті. Әйел деген күйіктен де күле алады, отағасының қабарған бетіне қарап сиқырлана күлді.

– Әйтеуір бір жерде тоңқайып қалмай аман жүрші, шалым-ау, – деді қалжыңдаған болып. – Бабыңды тапса болды да, қайтеміз.

Беті күліп, іші жылап отырған бәйбішесінің бұл сөзді айтуға қандай ғаламат күш жұмсағанын сезбейтіндей көркеуде емес. Өмір өте келе ерлі-зайыптылар бір-біріне ұқсап кетеді деген сөздің де жаны бар. Дастархан басынан тұрып бара жатып, риза пейілмен бәйбішесіне өзіміне оқыранды.

– Тоңқалаң ассам, намыс ортақ, бәйбіше!

Сол оқыранған күйі жиһазы жайнаған кең сарайдай үйінен шығып, аз күнде жүз келген жұпыны пәтерге қарай бет алды. Бидайықтың соңғы кезде нұры қайта бастаған жанарларының



мәлтілдеп жасқа толып қалғанын көрсе де көрмегенсіді. Бір жақ-бір жаққа кеткенде өмірі артынан қарап көрмеген бәйбішесінің терезеден сықсиып қарап тұрғанын да елемеді. Ол өйткені бұл кезде қамап қойса есікті бұзып, байлап қойса арқанды үзіп кететіндей халде еді.

Қалпағы қолында, басы жалаңбас, плащының омырау түймелері әлде салынбаған, әлде ағытылып кеткен. Таудай кісі осы қалпында көк қақпадан шыға келіп, шалқайып жоғары қарады. Көшенің арғы бетіндегі тоғызыншы қабатқа бірден көзі түсті. Тоғызыншы қабаттың балконында күн көзіне шығарылған құмырадағы гүлдей қылтиып Тана тұр. Мұндайда үлкен адам нені ойлайтын болса, табан асты бұл да соны ойлады. Апыр-ай, анандай биік жерде балконнан ұшып кетсе не болады?

Есіне қыздың: «Жерде аяқ-қолым қайырылып жатпайын», – деген сөзі түсті. Тана бұл сөзді өткенде отпен ойнаған баладай жұмбақ жымыып тұрып айтқан. Шын болса да, өтірік болса да, нені меңзегені түсінікті. «Енді мені тастап кете алмайсыз?» – деп тұр. Әлде: «Сізсіз маған өмір жоқ», – дегені ме екен? Мұны не деп айтады, махаббат дей ме? Алпыстағы еркек пен жиырма бестегі қыздың арасында сондай өліп-өшкен махаббат бола ма? Сол сұраққа анық жауап бергендей үлкен жүрегі өз-өзінен дүрс-дүрс соқты.

Таудай кісі дап-дардай басымен бала боп кеткендей, балконға сығырайып ұзағырақ қарап қалған екен. Балконнан қылтиған бойжеткен де біреу-міреу көріп қояды-ау деп қысылмай, сол орнында қозғалмай тұрып беріпті. Бұл қылықтарын ары өткен де байқап, бері өткен де

байқап, түрлі жорамалға толы бастар жорғары-төмен таңырқаса бұрылып жатыр. Көшенің арғы бетінде күшік қыдыртып жүрген, жасы өзі қатарлы ыздиган интеллигент шал да көзәйнегін алып-салып әлек. Өз заңым өзімде деп, қым-қуыт көшені көктей өткен таудай кісі қасына жете бергенде:

– Әй, замандас, тоқта, – деп шәңк ете қалды.

Иесі біреуге айтақтап тұр екен деп қалып, көздері түймедей жылтыраған, салпиған құлағы басынан үлкен сүйкімді сарыала күшігі де шәңкілдеп үріп ала жөнелді. Сірә, ұрғашы күшік болар, қарғыбауына әдемілеп ақ бантик тағып қойыпты. Өзі де үстіне елден ерек қызыл күрте киіп, мойнына шымқай көк галстук тағып алыпты. Күшігін қыдыртуға да галстук тағып шыққанына қарағанда, не қаптесер, не жертесер пәле. Бірақ адам деп тіл қатып тұрған соң, қайырылмай өте шығуға дәті бармады. Анау құпия бірнәрсе айтатындай жан-жағына ұрлана бір қарап алып:

– Сені осы жақтан жиі көрем, – деді тоғызыншы қабатты басын шұлғи нұсқап. – Түсінем, түсінем... Мені де бір келіншек жақсы көреді... Мен десе бар дүниені ұмытады.

– Ә, иә, – деді таудай кісі сасып қалып. – Сәттілік тілеймін онда саған.

Сәттілік!.. Жолың болғыр...

– Сәттілік тілегенде... не ғой... – деп әлденеге алаң көңілмен абдырай сөйледі шіңкілдек еркек.

– Бәйбішем ұл тумады, бес қыз туды. Соған ашуланып тоқал алдым. Ол да ұл тумай, қатарынан екі қыз туды. Сосын тастап кеттім. Артымнан телефон соғып маза бермей жүр.

– Не дейді сонда?

– Не дейді, қайтып кел дейді. Ұл туып берем дейді.

– Әй, сықпытыңды ұрайын.

– Ау?

– Жәй.

– Бірдеңе дедің бе жаңа? Құлағымның мүкісі бар еді...

– Өзіңе не керек енді?

– Барсам ба, бармасам ба?.. Не істесем?..

– Барма.

– Не?.. Неге?..

– Мына түріңмен ұл туғызып жарытпайсың бөрібір.

– Солай ма?..

– Одан да тоқалыңды маған бер.

– Қой, қалжыңдама құрдас. «Басқа бөле тілден» дегенді білемісің?

– Жоқ, қалжыңдап тұрғам жоқ. Бәйбішенді де бер. Бәрін бағып алам.

Сөйтті де балағын иіскелеген салпаңқұлақ сарыалакүшіктіқаңқеткізіпбіртепті.Күшіктіңиесі, интеллигент, түрмеден шыққан біреуді көргендей жаман тіксінді. Енді болмаса өзін теуіп кететіндей бұтын қысып, айнала безді. «Соры қайнаған байғұс қыз, бұны неғып жақсы көрді екен?» деп күңк етті бұл. Мұның аузы жыбырлағанын боқтады деп ойлап, анау да алыстан «әкеңнің» деп бір қайырды. Таудай кісі лифтіге кіре беріп, жын ұрғандай жалғыздан жалғыз бар денесімен ал кеп селкілдеп күлсін. Күле-күле түкірігіне шашалып, одан бетер берекесі қашып, кісі сиқы қалмады тіпті.

Ынтық көңіліне суық су құйып жібергендей болды тура. Лифтіден шығарда өзіне өзі келгенмен, қабарған түрінде ащы күлкінің табы қалып қойды.

Онысын есікті айқара ашып алдынан шыққан Танадан да жасырған жоқ, жасырғысы да келген жоқ. Апыр-ай, астындағы пырағынан бір-ақ сәтте сыпырылып түсіп қалған шабандоздай алау-далау күй кешкен мұның халін кім түсінер? Аюдай арбаңдап, пілдей борбаңдаған мына түрі қандай қолапайсыз? Арсыз болса қарға аунаған түлкідей құлпырған жас тоқалдың жанында өзін өзі осынша қор санамас па еді, кім білген?

– Апамыз үйден қуып жібергеннен сау ма?

Таңдайы тақ еткен Тана жеңінен кезек-кезек тартып, плащын иығынан сусытып түсірді. Сол күйі төбесінен құлаған кең плащқа басына қап кигізгендей көміле қалды. Таудай кісіні өтірік таппағансып, екі қолын алға созып іздеп жүр. Саусағының ұшы тиіп кетсе де таппаған боп, тез тартып ала қояды. Ойында ешқандай қулық-сұмдық жоқтай, қылығы әлі баланың қылығындай, еркелетсең ери кетіп, алдасаң алдана қалып тұр.

– Апаң қуып жіберсе, сен бар емессің бе? – деп, Тананы қаудырлаған плащтың сыртынан өзі бас салып құшақтап, балапандай бауырына басты.

Жаңағы есіктен кіре салғандағы қылығына ұялғандай түрі бар. Өмір деген не десе, өмір деген ертегі дер еді осы сәтте таудай кісі. Бірақ сол ертегінің басталатын да, аяқталатын да кезі болады. Сондықтан да ол үшін осы күндердің әр сәті алтыннан қымбат. Бағалай алмаса өзінен көреді, басқа кімнен көреді? Танаға келсе бәрін ұмытады, Танадан кетсе мұң жетелей жөнеледі. Демек ол Танаға қызық іздеп қана келіп жүрген жоқ. Соны түсіндірейін десе, түсіндіре алмай пұшайман болатынын қайтерсің. Таудай кісіге ұсақ-түйекті шұқылап сұрай берген де жараспайды. Содан ба екен:

– Танажан, осы сен мені не үшін жақсы көрдің?  
– деп сұрағанда, қиналғаннан мұрнының ұшы терлеп кетті.

– Білмеймін, – деді Тана күлегештенген қалпынан жазбай. – Бұл сұрағыңызға жауап бере алмаймын.

– Жауабы берілмеген сұрақтың артында ұры тұрады деуші еді, – деді таудай кісі өкпелегендей бұртиып.

– Алдыңызға бірінші рет келгенде мәжбүр боп тұрған басымды қорлап, жаман қылық көрсетсеңіз сізді де сыйламай кететін едім, – деді Тана әңгіменің аяғы шынға айнала бастағанын аңдап. – Екі жыл дегенде көзіңізге әрең түстім ғой әйтеуір. Қазіргі барым да сізсіз, нарым да сізсіз.

Таудай кісінің жүрегі кеудесінен тас домалағандай дүсірлей соқты. Жоқ, ол Тананың көңілі кіршіксіз таза екенін былай да білетін. Тек әлгі интеллигентпен арада болған әңгіменің сызы ойынан кетпей отырған. «Осы менің қай жерімді жақсы көресің?» деп сұрауға бұрын да ыңғайсызданып жүрген. Сөйтіп отырғанда жауабын төтесінен бір-ақ алды. Екеуінің арасында ерлі-зайыптылардікіндей қалыпты тірлік орнап та үлгеріпті енді байқаса.

– Жұмыс таппай сенделгенде көрген қорлығымды әлі ұмыта алмаймын, – деді Тана алдарына бір кесе таңғы шөй келгенде өз-өзінен қорлана мұңайып. – Оқуыма көмектесетін ел сияқты әкем де жоқ. Ауылда еркектер құсап қара жұмыс істейтін шешемнің азғантай айлығынан жырмаштап ақша алған сайын жүрегім ауыратын. Киімімнің модадан қалғанына намыстанбадым, ішім ұлып тұрса да аштыққа да шыдадым, бірақ қорлыққа шыдамадым.

– Е, алғашқы кезде ондай қиындық жұрттың бөрінің басында болады ғой,

– деді бүгіндікке екінші рет таңғы шәй ішкелі отырған таудай кісі марқайған қалпынан жазбай.

– Өмір деген өзі солай басталады емес пе. Барыңды салып, битінді сығып, намысқа тырысып күн көретін нарықтың заманы.

– Қарындасын қорлаған қазақтың азаматтарында қандай намыс бар, аға? – деген Тананың жан айнасындай түп-тұнық жанарларынан қорғансыздықтың жылт еткен ұшқыны білінді. – Қара тұтып барып, қорланып, жер боп қайтқан күндеріме қарғыс айтам.

– Апыр-ай, мына сөзің қатты шықты-ау сенің, – деді таудай кісі қайдағы сұрақты қайдан қойдым дегендей абыржып. – Қарғыс айтқан деген не сенің жасыңда? Осы сөзің жараса ма өзіңе?

– Сіз Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілегін» оқыдыңыз ба? – деді Тана әлгі айтқанынан қайтқысы келмегендей тастай түйіліп алып. – Қазақтың жігіттері қазақтың қыздарын қорғай алмайды. Қорғай алмағаны былай тұрсын, өздері қорлайды.

– Таяқтың бір ұшы бізге де тиіп кетті-ау, – деп таудай кісі алдындағы суыңқырап қалған шәйін басына бір-ақ қотарды. – «Ақбілекті» қай қазақ оқымады? Қытайға қашқан ақтың әскерінің күймесінің ішінде қазақтың қызы кетіп бара жатқанын көрген кісінің әңгімесі емес пе?

– Менің де қу жанымды сүйретіп, жұмыс сұрап алдыңызға келгенім есіңізде ме? – деген Тана көкірегін жарып шыққан сөздерін ірікпей төгіп салды. – Киімімнің жұқа екенін көрдіңіз. Қарнымның аш екенін де сездіңіз. Мен сіз де

қырындай жөнеле ме деп қорықтым. Есіңізде ғой, айтыңызшы, ұмытпаған шығарсыз. Менің осы жүрісіме өзіңіз кінәлі адамдай қысылып қалдыңыз. Қаныша тәтеге айтып, Жақия ағаны шақырттыңыз. Сондағы әр сөзіңіз есімде менің. «Қазақтың бір қызы екен» дедіңіз. «Қазақтар қалаға көп көшіп келіп жатыр» дедіңіз. «Оқуын бітірмесе бітіреді» дедіңіз. Сөйтіп отырып: «Бізде бір орын босап еді ғой», – деген кезіңізде көзім қарауытып құлап қала жаздадым. «Ертең алам, бүрсігүні алам» деп алдамай, төлқұжатымның тіркеуіне де қарамай...

Тана сөзінің аяғын үстемелетіп тез-тез айтқаны сонша, таудай кісі абдырап есін жия алмай қалды. Әрине, екі жыл бұрын болған әлгі жағдайдың бір де бірі есінде жоқ. Оның үстіне Тана жетекші маман емес, қатардағы сарапшы болып жүр. Жеке сараптама жасағанын да көрген емес. Бірақ, әлеуметтік желілер арқылы сауалнама жасаудың шебері. Ал сараптаманы сондай сауалнамалардың негізінде тәжірибелі мамандар жасайтын. Соның бәрін дем арасында ойлап үлгеріп қараса, Тана әлі өзіне өзі тығылып отыр екен. Ана әңгімеден кейін қолынан ұстауға да батпай, екі бетін от қарығандай күреңітіп кетті.

– Біздің шал жерде жатқан сүйек те бос жатпайды, жерде жатқан сүйекті жындар мүжіп отырады деуші еді, – деді таудай кісі осының өзіне әділеттің ақтауын көтергендей шамырқана қалып. – Алдына көмек сұрап келген қыз балаларға жемтік көрген құзғындай дәмеленіп қарайтын қасқалар туралы естіп жүрем. Жұмыссыздық бел алып тұрған кезде бір-бір креслоны иемденіп отырған құзғындар ішпей мас, жемей тоқ болды емес пе? Жақсылық жасаймын деп жүріп, ақырында мен

де саған қиянат жасап қойған жоқпын ба осы, Танажан?

– Сіздің жөніңіз бөлек қой, – деді табиғатынан көңілді Тана қабағындағы мұңды жігерлене сілкіп тастап. – Сіз музейге экспонат етіп қоюға болатын нағыз еркексіз. Басқалардың бәрі жын-жыбыр, жүн-жұрқа, бақа-шаян, тағы немене еді? Ө, иә, тезек домалатқан қоңыз да сол баяғы.

Бөлекей қыз әңгіменің қай Қособаға қарай бет алып бара жатқанын сезіп, сөзінің аяғын әзілге бұрып жіберген. Қызғаныштың қызыл итінің жүрмейтін жері бар ма, таудай кісі кейінгі кезде қараптан қарап отырып себепсізден себепсіз қызғана қалатын әдет шығара бастаған. «Сіз сірә, менің жастығымды қызғанатын шығарсыз», – деп тәтті жымыды Тана. Жуан мойнынан құшақтап, салбыраған әукесінен қасып, өзі де еркелеп, мұны да еркелетіп, құшағына тығыла түсті. «Қызғаныш ер жігіттің қылышы ғой, қалқам-ау», – деп еміренді таудай кісі де. Расында да жастықты қызғанбау мүмкін бе, әрине, мүмкін емес.

#### 4.

Ұзынсирақ қыз үй ішінде тырдай болып, шегірткеше секектеп жүр. Өкшесі арзанқол қызыл линолеум төселген тас еденге дік-дік етіп тиеді. Секірген сайын төмен қарай бар салмағымен қадалып-қадалып түседі. Қой демесе, өзін өзі аяйтын емес. Бойын созып секіргенде қабырғалары тыржыңдап, көкбақадай арық екені білініп қалады. Бірақ белі қылдырықтай, бөксесі бұлдырықтай қыз мүсіні бәрібір көз тартпай қоймайды. Төсекте жұқа сейсеп жамылып жатқан таудай кісі енді өзі ыңғайсыздана бастады.



– Мына үйдің еденін түсіретін болдың ғой, – деді ақыры шыдамай кетіп.

– Бала көтеріп қалсам қайтем? – деді Тана сорғыш қағазбен үстін сүрткілеп жатып.

– Мен сенімен не үшін мешітке барып, некеге тұрып жүрмін осы? – деді таудай кісі наразылығын жасыра алмай.

– Келесі жолы, – деп тура жауаптан қашқалақтаған қыздың өңіне қызғылт рең жүгірді.

– Әлде меннен бала көтергің келмей жүр ме?

Бұл жолғы сұрақ Тананың өңменінен жебеше қадалып тиді. Кийейін деп тұрған халатын алдына жауып, таудай кісінің томардай аяғының үстіне сылқ етіп отыра кетті. Бірақ мысқалдай да салмағы білінген жоқ. Қырдай мұрнының ұшын сымсаусағымен шертіп-шертіп қойды. Айтарға жауап таппаған түрі ме деп ойлауға толық негіз бар. Таудай кісі аяғын тартқысы келіп қозғап еді, қыз міз бақпады.

– Менің сіздің үй жаққа балконнан бұрын да қарап жүргенімді білесіз, – деді әлдебір сырды ішіне жасырғандай мұңая жымыып.

– Мені іздеп пе, әлде ерігіп пе? – деді таудай кісі өкпесі тарқамаған баладай діңк етіп.

– Апаны да көретінмін, ұлыңызды да көретінмін, сізді де, – деді Тана үстінен қарындашпен бастыра сызған қастарын серпе көтеріп. – Кейде туыстарыңыз бала-шағаларымен келіп, үйіңізді басып қалатын. Туыстарыңыздың балалары аулаларыңызда тарыдай шашылып ойнап жүретін. Мен оларға қызығып, қандай бақытты жандар деп қарап тұратынмын. Күйеуге шықсам, бала сүйсем деп армандайтынмын. Екі бала, жоқ, үш бала.

Тана ерке қылықпен екі саусағын, содан соң үш саусағын көрсетті. Терезеден түскен күн сәулесі саусақтарының арасында сүзіле қалды. «Аспан бұлттан ашылған екен» деп ойлады бұл. Күн көзі жылт етсе қуанатын уақыт та келіпті. Жаз өтті, күз келді. Басын ашып алатын да біраз дүниенің шеті қылтиып қалыпты. Ақырын аяғын тартқан. Қыз су бетіндегі қалтқыдай қалт-құлт етіп, үстіне құлап түсті.

Таудай кісі әдеттегідей бауырына басып құшақтамады. Тана да тұрып кетпей, кеудесіне бір қырынан құлаған күйі жата берді. Құлаған жері ыңғайлы болса да, ыңғайсыз болса да қозғалмады. Осы бір кішкентай ғана үнсіздік талай нәрсені өзгерткендей екеуі де тоң-торыс. Араларында өрмекшінің жібіндей ғана бір сезім үзіле жаздап діріл қағады. Тынысы жиілеп кеткеніне қарағанда, қыз көбірек қорқатын сияқты. Ал мұныкі өзінен өзі аттай алмай жатқан құр кеуде.

Кенет омырауына дыбысы білінбей, жып-жылы тамшы тамды. Сол тамшы қорғасынды балқытқан қып-қызыл шоқтай болды. Көңілінің қалай жібіп кеткенін өзі де аңдай алмай қалды бір сәт. Тіпті «қазір тумасаң тумай-ақ қой» деп айтпай, Құдай сақтады қайта. Бір алақаны қыпша белге, бір алақаны жұп-жұқа жауырынға барып тиген. Қыз оған ұшы төсіне жаншыла батқан екі алмасымен жауап қатты. Бұл оның шиедей торсиған еріндерінен көміп-көміп, асап-асап ұзақ сүйді. Оның да жаны суырылды, мұның да жаны суырылды.

Содан балбырап ұйқтап кеткен екен. Бірінші қыбыр етіп қыз оянды. Ояна сала әлдене есіне түскендей басын оқыс көтеріп алды. Жаңағы

жан шыққандай болған аймаласудан кейін неге тыраңдап секірмегеніне өкінген сыңайы бар. Ұйқыдан ашылып, бақырайған көздерінен бірнәрсеге алаңдаған белгі білінді. Танауы қусырылып, ашуы келгендей тікірейді. Мұның үнсіз бақылап жатқанын ұнатпағандай, басын әрі бұрып өкетті.

– Тана... Ә, Тана... – деді таудай кісі ебедейсіз қозғалақтап.

Тана бірақ теріс қараған қалпы сөйлемей қойды. Белі доғадай иіліп, иегін екі тізесінің арасына тығып алған. Қолтығының астынан санына тиіп бұлтиған алмасының шеті көрінді. Бұл суретші емес, суретші болса айнытпай көшіріп алатын-ақ көрініс. Алайда мына көркем көрініс қағазға болмаса да, санасына өшпестей болып көшіріліп жатты. Ол тізесін құшақтап отырған жалаңаш арудың денесіндегі әрбір сызыққа дейін жадына тоқып, жаттап алғысы келгендей құныға қарады. Жастыққа тән сұлулық пен сымбат көз сүйінтіп қана қоймайды, өмірдің қалай тез өтіп бара жатқанын да білдіреді.

– Тізеңді құшақтамашы, Танажан, – деді есін тез жиып алып. – Тізе құшақтаған жақсы ырым емес.

Тана садақша серпілді. Көз ілеспес жылдамдықпен құрсана киінді. Содан соң балконға қарай жебеше атылды. Таудай кісі не болғанын түсінбей, опыр-топыр болды да қалды. Ол тұрып, киініп, балконға шыққанша едәуір уақыт өтті. Бұрын мұндай өнер шығармаған қыз бұл кезде өзіне өзі келіп те үлгерген. Қоян құсап ытқып кеп, құшағына кірді де кетті. Жүрегін жарып, ішіне кіріп алғысы келгендей маңдайын омырауына үйкелей берді, үйкелей берді.

– Не болды, Танажан, айтып өлтірсеңші!

– Басым қатып кетті.

– Е, неге?

– Бала тууға дайын емес сияқтымын.

Таудай кісі не өзін аярын, не қызды аярын білмей тығырыққа тірелген.

Жуан мойнын бұрып, жолдың арғы бетіндегі, сон-а-ау төмендегі жәпірейген үй жағына қараған. Көзі жыланқабық шатырдан сырғанап түсіп, бақтың шетіне барып тірелген. Бақтың шетінде бәйбішесі төбесі ағараңдап, бірдеме істеп отыр. Өрнектас төселген ауланың іші тып-тыныш. Үйі, бағы, ауласы бәрі кемпіршуаққа елтіп, бой жылыта қалыпты. Қым-қуыт қала тірлігінің ортасынан ойып салған оймақтай мекен. Таудай кісі көңілі елжіреп, солай қарай тартып кеткісі келіп тұр. Таудай кісінің мойны солай қарай бұрылып тұрғанын қыз да сезе қойған секілді.

– Сізге бала керек емес! – деді кенет жұлып алғандай. – Бала керек болса, жалғыз ұлыңызды сонша төмпештемес едіңіз!

– Жазған-ай, сен оны да көріп қойып па едің? – деді бұл Тананың бетіне жасқаншақтай қарап. – Үйді айнала шырқыратып, қуалап жүріп сабағанымды көріп қойып па едің?!

– Иә, көрдім де шошыдым, – деді Тана одан сайын қатайып. – Адамды да сөйтіп сабауға бола ма екен?

– Сабасам, түзелсін деп сабадым емес пе, – деді бұл сондағы ісінен өзі де әлі күнге дейін түршігетінін жасыра алмай. – Өлтіріп тастасам да өз балам ғой.

– Жоқ, сіз түзелсін деп сабаған жоқсыз, – деді Тана да қаймықпай. – Сіз балам өзімдей болмады

деп сабадыңыз. Өне, ана жерде жығып салып тұрып тепкіледіңіз содан соң.

Бұл жолы екеуінің де көзі төмендегі үй жаққа қатар түсті. Бәйбішесі әлі шұқынып бірдеңе істеп отыр. Бүкіл аулада одан басқа жан баласы жоқ. Ит те жоқ, күшік те жоқ, мысық та жоқ. Бір кезде ауа дір еткендей болды, әлдене қыбыр еткенге ұқсады. Бидайық қолындағы ісін тастай салып, орнынан ұша көтерілді. Үй жақтан аюдай ақырған және шыңғыра ойбайлаған дауыстар естілді. Сөйткенше болған жоқ, сыртқы есіктен ақ жейделі арық жігіт далбақтай қашып шықты. Артынан қолына білемдеп әлдене ұстаған таудай кісі де көрінді.

Жігіт жығылған орнынан тұрам дегенше, анау қолындағы нәрсесін құлаштап сілтеп кеп қалды. Үйіре-үйіре сілтегеніне қарағанда онысы қамшы екенін бірден білді. Таудай кісі жігітті қайтып тұрғызбайын дегендей үсті-үстіне жиілетіп ұрды. Ұшы қараңдаған қамшы екі қолымен көзі-басын қорғалаған жігіттің арқасын ара талағандай қылды. Үстіндегі ақ жейдесінен тамтық та қалған жоқ. Қалай тұрып кеткенін, тұрып кетті бір кезде. Шырқырап шешесіне қарай қашып еді, әкесі шешесіне жеткізбеді. Өлде жігіт әлсіз, әлде қамшы ұзын, әйтеуір тиген сайын омақастыра құлатады.

Арашаға ұмтылған шешесі де қаңбақтай ұшты. Ұршығы тайғандай құлаған жерінде үйелеп жатып қалды. Есесіне баласын сабаған атандай еркек өрнектастың үстінде өмірлік бір іс тындырғандай ойқастап жүр. Қамшымен сабағаны аздай, арасында аяғымен де көстите теуіп-теуіп жібереді. Олардың айқайлаған дауыстары көшеге де естіліп жатқан. Тоғыз қабатты үй түгел балкондарына шығып алған. Солардың ішінде

біресе басын ұстап, біресе бетін басқан Тана да бар еді. Ол баласын сабап-сабап қалжырап құлаған таудай кісіні де, жаңағы сүріне жығылған жерінен шөкелеп тұра алмай қалған оның әйелін де, екі қолы екі жаққа кетіп жер бауырлап жатып қалған ана байғұсты да көріп те, танып та тұрған болатын.

– Мен сізден қорқам, – деді Тана осы оқиғаның бәрін жаңа ғана көз алдынан өткізгендей тіксініп. – Сізден айырылғым да келмейді. Бірақ сол оқиға есіме түсе береді.

– Ашумен көзім ештеңе көрмей кеткені рас, – деді таудай кісі шарасыз халде шамырқана қалып. – Ол менің атыма кір келтірді. Сүйегімізге таңба салды. Ондай баланың барынан жоғы жақсы.

– Қандай бала туғызсаңыз да тап өзіңіздей бола алмайды, – деді Тана да тікірейген қалпынан жазбай. – Баламыз болса, оны да дұрыс оқымадың деп сабап тастайтын шығарсыз.

– Ұрмай-соқпай тәрбиелеймін, көр де тұр.

Таудай кісі сертескен адамдай Тананы білегінен шап беріп ұстай алған.

Балғын білек темірдей уыста собықтай қысылған. «Бала боп кеттіңіз бе?» деп қолын жұлып алса да артықтық қылмас еді. Тана бірақ өйте алмады. Итеріп жібере ме деп жасқанды. Тастап кете ме деп қорықты. Мінезі ауыр адамның шарт кететінін жақсы білетін. Таңертең шығатын да, кешке бататын да күн біреу, басқа күн жоқ.

– Байғұс шешем осы жазда үш келіп, үш кетті, – деді қара күздің қоңыр салқын райына бозараңдай қарап. – Бірдеңеден сезік алып жүр білем. Әйтпесе шаруаның уақытында бүйтіп шапқылай бермесе керек еді.

– Шешенің нақ жасы қаншада өзі? – деді таудай кісі тап қазір құдаласа кететін адамдай

билеп-төстеңкіреп. – Ескілікті кісі болса түсінуі қиын, әрине.

– Сізден бақандай үш жас кіші, – деді Тана енді бұлдайтын не қалды дегендей монтансып. – Өткенде де сұрағансыз, неге ұмытып қала бересіз?

– Е, жасы кіші болса да мен үшін анаңның орны бөлек, – деді таудай кісі мына жағдай қалжыңға сұранып тұрса да, жеңілтектікке салынғысы келмей тыйыла қалып. – Ақ-адал көңілімізді жүре бара түсінетін шығар.

– Иә, қызынан безіп шешем қайда барады, – деді Тана да қыз намысын былай қойып, анасының да намысын алақанға салып бергендей көңілі біржола сұлқ түсіп, – шешемнен безіп мен қайда барам?

– Қамықпа, шешеңнің де алдынан өтерміз, – деді таудай кісі кей нәрсені ойланбай мойынға ала салатын ер адамдарға тән әдетпен. – Жақында бір амалын табармыз.

Таудай кісінің бұл сөзі Алланың жердегі үйін айналып өтпегендерін еске салғандай әрі соны бұлдағандай да көрінді. Тананың көз алдына бірі таудай, бірі тарыдай болып, қала шетіндегі шағындау мешітке ұрлана кіріп бара жатқандары елестей қалды. Бес тал сақалы шошаңдаған молда шіркін де кіре берісте бұларды шапанымен қалқалағандай жарамсақтана жанығып, тым ерсі қылық жасап еді сонда.

– Мешітке ұрланып кіргенімізге әлі намыс-танам, – деді Тана үндемейін десе де, әйелдік мінез шыдатпай. – Сізді сыйлағаннан шыдадым.

– Мен де сенің алдыңда қатты ыңғайсыздандым, – деді таудай кісі ағынан жарылып. – Ол менің кінәм. Орнын толтырмасам, болмас, сірә.

– Маған осы қылығыңыз ұнайды, – деді Тана да төтті жымиып. – Келіскіңіз келмесе де келісе саласыз. Кішкентай адамдармен кіржіңдесіп жатпайсыз.

– Үлкен адамдар үлкен істермен айналысуы керек, – деп өзілдеді таудай кісі. – Кішкентай адамдарға да алданып жүретін бірдеңе қалдырған жөн шығар, ө?

Тана тық етіп күлді, дік еткізіп ұрды. Сол беті құшағына сылқ етіп құлап түсті. Жастықтың қызуы денесін оттай шарпыды. Бақытты болам дегендерге бақытты болу аса қиын іс емес екен. Екеуі соны жан-тәндерімен сезінгендей, шаттана аймаласып кетті.

## 5.

Жұмысты бұрқыратып істейтін таудай кісі ноутбукты басына киіп ала жаздап, екі бүктетіле емініп отырған. Ол өстіп жуан саусақтарын бәйгеге қосқан қазанаттай шапқылата жөнелгенде, көрген адам еріксіз күлетін. Танадан бұрын таныс-біліс болған бір жесір келіншектің: «Ағажан-ай, ақырын басыңызшы, клавиатурадан түтін шығарып жібердіңіз ғой», – дегені аңыз боп тарап кетіп еді. Есіл-дерті алдындағы жұмысқа ауып отырғанда:

– Сізге Тана келді, – деген дауыс миына сақ етіп тиді.

Қатты таңырқағаны сонша, жауап бермес бұрын орнынан қопарыла көтеріліп кетті. Хатшы келіншектің қалқып кіріп, қалқып шыққаны жаңа ғана болатын. Осы келіншектің жалпақ табан қаздай мамырлап басқан жүрісінің өзі адамның берекесін арттырып тұратындай еді. Өмірі асығып-аптығып, сасып-салбырап жүргенін көрген емес.



Бірақ қазір әлденеге қыстыға, қысыла, қызарандай күлімсіреп, тағы кіріп тұр. «Сен бүйтсең, басқалар қайтеді?» деп ойлаған таудай кісінің күдік-күмәні күшейе түсті. Хатшы келіншек әлдебір құпия сырға ортақтасқысы келгендей бөгеліңкіреп, Танаға есікті өзі ашып, өзі жапты. Тана да артына жалтақтай берген, бұған да үркектей қараған, біртүрлі бөтенсігендей көрінген.

– Жұмыс уақытында мен өзімді қатал ұстаймын, – деген таудай кісі тізе бүкпеген қалпы. – Маған кірме дегенім қайда? Таңертең ғана көрістік емес пе?

– Иә, бірақ сізді көрмегеніме үш сағаттан асты, – деді Тана кішірейе түсіп. – Үш сағатта менің бүкіл өмірімді өзгертетіндей жаңалық болды.

– Е, ол не жаңалық сонша? – деді таудай кісі қабағы оңайшылықпен жіби қоймай. – Кешке дейін шыдасаң болмас па?

Тананың онсыз да өңі бұзылып тұр еді, мынандай сөзді естіген соң тіпті сопайған. Шынымен де таңертеңгі Тана басқа, қазіргі Тана басқа. Таңертеңгі Тана өткір, ерке, қылықты болған. Қазіргі Тана өз-өзінен жасып, жасқаншақтап отыр. Көзін тура салмай, алып қаша береді. Көзіндегі нұрды да белгісіз үрей ұрлап әкеткендей. Енді бірдеңе десе, жылап жіберетіндей тырсияды.

– Онда жөнімді табайын, – деді ұзын кірпіктерін көңілсіз қағып. – Ішіме сыйса, кеш батқанша шыдармын.

– Енді шығып кеткеніңнен не өзгереді, – деді таудай кісі иегімен қабылдау бөлмесін нұсқап. – Көретін ел көрді, айта бер.

– Өзіңіз ойлап табыңыз онда.

Тана тымпи ойнағандай, жұқалтым еріндерін

жымқырып алды. Еріндерінің айналасы нүкте-нүкте болып, көгеріп барады. Біресе күлкі қысатындай, біресе жылағысы келетіндей. Адамның өзін өзі түсінбей кететін сәттері болмай ма. Тана тап сондай күйді бастан кешіп отыр. Көкейіндегі жұмбақ сырды өзі айта салып қадірін кетіргісі жоқ. Бәлсініп, бағасын асырып қалғысы бар. Бұл бәрін сезді, сезбейтін топас емес, бірақ қалай қуанарын білмей тұр. Кабинет бас салып құшақтай алатын орын емес. Мұндайда жасы үлкен адам не істейді, алдымен сабырды ойлайды.

– Ай, Танажан, сені маған Құдай жолықтырған шығар, – деді жұмсақ креслоға шөгеріле отырып жатып. – Әке-шешем разы еместей көрінуші еді. Ата-бабамыздың аруағы қолдасын сені. Е, Алла, бала бер, бала берсең сана бер, сана бермесең ала бер. Менің принципім осы, Танажан. Алдымен өзіңді сақта. Кешке атап өтерміз!

Басқа ләм-мим деген жоқ. Тананы ренжітіп алармын деп те алаңдамады. Қалың қабағын бір көтеріп қарады да қойды. Сол қарасының өзінен мейірім шуағы бір шарпып өткен. Тана өзін сенімді қолда тұрғандай сезініп, көңілі бірден орнына түсті. Таудай кісі көз алдында бұрынғыдан да биіктеп кеткендей көрінді. Құрайдай қалтырап кірген жерінен құндыздай құлпырып шықты, не керек.

Қыз кетісімен бұл да тоңдай жібіп, мұздай ереді. Біреу көріп қоятындай ақырын жымиып күлді де, батпандай жұдырығын ауада шоқпардай үйірді. Байқаса дұрыс қуана да білмейді екен өзі. Жанарына тұнған жасты жас бала құсап жеңімен сұрткен. Диірмен айналғандай іші-бауыры ұйқы-тұйқы. Креслосында аударылып, төңкеріліп ары

отырды, бері отырды. Ақыры шыдамай орнынан тұрды да, жағасын түзеп, үсті-басын ретке келтірді.

Бүкіреймей тікірейген бастықты жаңа көргендей құрақ ұшты хатшы келіншек. Қабылдау бөлмесінде тұрған қызметкерлерді тым-тырақай құды. Қарсы кабинеттен тақуа Жақияны айтқызбай суырып алды. Бұлар дәлізге шығып кеткенше орнына отырған жоқ. Одан кейін де ана кабинетке бір бас сұғып, мына кабинетке бір бас сұғып жүрген бастық пен орынбасардың артынан қарайлаумен болды. Театр киімлігіштен басталса, тәртіп қабылдау бөлмесінен басталатынын қадап түсіндірген Жақияның арқасы бөрі.

– Ау, Құралайжан, қалайсың? – деген жарқын-жарқын дауыс естілді бір кабинеттен. – Әке-шешең аман ба?

– Беу, Гүлбаршын десе Гүлбаршын біздің қызымыз, – деген зор дауыс кернеді екінші кабинетті. – Алпамыс қайда, Алпамыс?

– Әй, мынау Зағираға кім тиіп қойған? – деген дауыс үшінші кабинеттен шықты даудырлап. – Әлде алған тапсырмасы көп пе?

– Әй, мына Тана қыздың қабағында мұң бар ғой, ө, – деді тағы да қарап жүрмей, талайдың ішін қыздырып. – Осы жұмысты Жанар көп істей ме, Бегәлі көп істей ме? Айқын ше, Айқынға жететін ешкім жоқ-ау, байқаймын.

– Осы жолы бәріне жүз пайыз сыйақы берілсін, – деп бір-ақ тоқтады бастық. – Еңбек етсе, біздей-ақ еңбек етсін.

Бастық көңілді болса бөрі көңілді. Дем арасында кабинеттерінде тығылып-тығылып отырғандардың бөрі арқа-жарқа болды да қалды.

Қазтабан хатшы келіншек те байпаң қағып, бір жылы сөз күтіп жүр. Іштерінде асып-таспаған тақуа Жақия ғана. Қашанғы тақуалығына салып, бағанадан бері бас изеп қана келеді. Бастықтың кабинетіне ілесе кіргенде де аса жарқырап ашыла қойған жоқ.

– Мен саған бір сыр айтайын, – деді таудай кісі креслосына қайта келіп жайғасқан соң. – Мына Тана деген өзі бір жақсы бала. Мен жоқта бас-көз болып жүрсең артық емес.

– Иә, бәрінен хабардармыз ғой, – деп қыдиды тақуа Жақия. – Жұрттың бәрі сырттарыңыздан сөз қылып жүр.

– Сен қайдан естідің? – деп шошып кетті таудай кісі. – Олар қайдан біледі?

– Бұларды қоя бер жөніне, – деп оспақтатты енді тақуа Жақия. – Жоғарыдағыларға да бір хабар жеткен секілді. Біреулер арыз жазып, сол арызды өзімізге қайтарып беріпті.

– Тәйт, әрі, бізде кімнің не шаруасы бар? – деп нығарланған таудай кісі креслосын сындырып жіберуге тәс қалды. – Қайда ол арыз? Маған неге көрсетпей жүрсіңдер?

– Шектен шыққан арыз екен, – деді тақуа Жақия еш саспастан. – Сізді сол Танаға теліп қойыпты. Қоластындағы қызды иемденіп алыпты-мыс депті.

– Әкел!

Тақуа Жақия таудай кісі аюдай ақырғанда да түк сасқан жоқ. Өмірде еш тәртіп бұзбағандай өзінің бір қалыпты жүрісімен жәйлап басып кетіп бара жатты. Адам алдында кішіреймесе де, Алла алдында кішірейіп, басын алдына салып алған. Қушиған жауырынында да екінің бірінің басында

кездесе бермейтін үлкен сабырлылықтың белгісі бар. Сабырлы адамның аса ақылды болуы да шарт емес. Аяғын жәйлап басып қайтып келе жатқанда да дөңгелек тақия киген басын бір көтермеді.

– Оқы!

«Қатысың болса, сасарсың, бәлем» дегендей қадап айтқан. Өмірі астамсымаған адам төмендеткендей болып нұқып сөйлегенге де намыстанбаған. Кімнің ақ, кімнің қара екенін адам білмейді, Алла біледі. Мәңгілік қағидаға үнсіз бағынып, сыртқы бетін сипағандай қылып ашқан жұқа папкіні тізесіне қойды. «Мұны неменеге сары майдай сақтап жүр?» деп таңқалды таудай кісі. Анау папкіден алған екі парақ арызды судыратып оқи жөнелді. «Не өзі жазған, не қайта-қайта зерттеп оқыған» деп ойлады таудай кісі.

«Біздің бастықтың бұл ісі ешқандай да қызметтік этикаға сыймайды, – деп одан әрі оқи берді тақуа Жақия. – Қызмет мәселесін махаббат мәселесімен араластыру кешегі кеңес заманында да қатаң жазаланған. Батыстағы демократиялық елдер де бұған дұрыс қарамайды. Киноға түсіп жүрген әртістер болса түсінер едік, бір мекемеде істеп жүрген бастық пен қызметші болса қалай болады? Соңғы кезде ұжымымыздағы моралдық ахуалдың теріс бағыт алып, атмосфераның бұзылуына бастық кінәлі емегенде, басқа кім кінәлі?»

– Мына хатың өзі сауатсыздау жазылыпты ғой, – деді таудай кісі бар мәселе соған тіреліп тұрғандай бұрқ етіп. – Маған бір қаратып алғанда түзетіп беретін едім. Өздері саяси-әлеуметтік сараптама жасап отырған мекемеде осындай сауатсыз қызметкерлер жұмыс істейді екен десе, ұяты кімге келеді, а?

– Сауатты жазылса, өзімізге қайтара ма?  
– деген тақуа Жақияның түрінен қылаудай да өзгеріс байқалмады, демек қолы таза. – Ұжымда талқылауға ұсыныпты. Мен ана қызды аяп, сейфке салып қойдым. Бірақ, түбінде бір сұрауы бар ма, кім білсін? Енді қайтсек екен, ө?

– Қайтетін несі бар? – деп барқ етті таудай кісі. – Немене, мен сонда өзім тәрбиелеген бармақтай балаларға өзімді талқылатып қойып қарап отыруым керек пе екен? Қатесін түзе де, қайта жібер. Өздері қарасын да қорытындысын шығарсын.

– Сіздің өмірбаяныңызбен олай істеуге бола қоймас, – деді тақуа Жақия бәрібір айтқаны болатынына толық сенген жайбарақат түрмен. – Сіздің де атыңызды былғамай, ана қыздың да намысына тимей жауап жазармын. Анау құлап қалды, мынау жылап қалды деп шағымданатындай балабақша емеспіз ғой.

Жанды жерден шап беріп ұстады тақуа Жақия. Айтып салуға оқталған кесек-кесек сөздері кеудесіне кептелді де қалды. Мұның өмірбаянын басқа ұмытса да, тақуа Жақия ұмытпайды. «Сіз бөтен ойлы адамдардың ортасында болғансыз» деп үнемі есіне салып тұрады. Бөтен ойлы адамдардың ортасында болғаны бұрын мақтан сияқты көрінетін. Қазір келеке, күлкі, мазаққа айналған. Қарсыластарының десіне шыдамай, бірін-бірі сатқандарда қандай абырой болсын.

– Менің мемлекетшіл адам екенімді ұмытпа, – деп кетпендей жұдырығымен кеудесін дүрс еткізіп ұрды. – Сені маған, мені саған байлап қойған тағдырға еш өкпем жоқ. Қолдайтын нәрсені қолдаймын, қолдамайтын нәрсені қолдамаймын.

Көрінген нәрсеге менің жеке өмірімді араластыра берудің қажеті шамалы.

Осы сөзді айтқанда өмірден кезекті рет жауырыны жер құшып жеңілгенін іші сезді. Таудай адамның күтірлеп, әр құлаған сайын қабырғасы сөгілетіндей көрінетін. Осының бәрі ізсіз өте ме, ізсіз өтпейді. Танамен жаны жасарып, Танамен көгеріп-көктемесе, ендігі тірлігі не болмақ? Бұл көретін өңге не қызық қалды?

## 6.

Бұл күнде оның Тана жалға алып тұрып жатқан қуықтай пәтерден басқа барар жер, басар тауы қалмағандай еді. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» демекші, басқа дүниенің бәрін қарауытып қайғы-мұң қамап алған секілді көрінеді. Бұрынғының қайғысы жаудан келетін еді, бүгінгінің қайғысы қатын-баладан келетін бопты. Таңертең жер бетіндегі ең ақылды әйел деп жүрген бәйбішесі алдындағы шәйін бір ұрттамай қабағы қатты да отырды. Ол ішпеген шәйді бұл да мейірленіп іше алмай, мысы құрыды.

– Менімен адам деп бір ауыз дұрыстап әңгімелеспегеніңе қанша болды? – деп ұрынды бір кезде. – Өз үйімде өзім кеудемді көтеріп жүре алмайтын халге жеттім. Төркініме апарып таста дейін десем, төркініме де жат боп кеттім. Не баладан, не байдан қызық көрмей өтетін болдым өмірден.

– Әй, таңның атқаны жаңа ғой, неменеге сұңқылдайсың? – деп кеседегі ыстық шәйді екі шайқап, басына бір-ақ қотарды таудай кісі. – Маған жарасатын әңгіме бар, жараспайтын әңгіме бар. Жараспайтын әңгімені аузыма салма енді қайтып. Жаман сөз айтсам, рухым қорланады.

– Үндемеген адам мендей-ақ болсын, – деп сыңқ етіп жылады бәйбішесі. – Сен адамсың да, мен адам емеспін бе сонда?

– Жә, болды. Жаман қатын бір сөзіңді екеу қылады. Біз ренжісті екен деп ешкім ақша төлемейді. Бір-біріміздің жүйкемізді тоздырып қайтеміз, бәйбіше-ау?

Обалы не керек, бәйбішесі содан-ақ жым болған. Өйтіп жым болғаны бар болсын, тілін жұтқандай тымырайып ит қылған. «Плащым қайда?» деп еді, үндемей плащын әкеп берді, «Сөмкем қайда?» деп еді, үндемей сөмкесін әкеп берді, содан соң мылқиған әйелден «Туфлиім қайда?» деп сұрауға өзі де ұялды. Қонышы көтеріңкі күздік қара туфлиін кеше бәйбішесі тазалап сүртіп, жылтыратып майлап қойған жерінен оп-оңай тауып алды. Бірақ бірден кетіп қала алмай, үй сыртын айналшықтап, жіпсіз байланып біраз жүрді. Осындайда «ауырып қалмасын» деп табыстап кететін біреудің болмағаны да жанына қатты батқан. Жаман айтпай жақсы жоқ, ертең көмусіз қалулары да мүмкін екен-ау, ә мына түрлерімен.

Тананың пәтеріне жарқырап кірмей, осынша мұңды арқалап, жабырқай кірді таудай кісі. Кірген бетте түрі-басы мынау тас сорған жасанды дүниеге еш үйлеспейтіндей, табиғи қоңыр өңді әйелді бірден байқады. Қоңыр өңді әйел бөлменің қақ ортасына қойылған орындықта суретке түсетіндей кірпік қақпай томпиып отыр екен. Күткен адамын осылай қарсы алуға дайындалғандай отырған жерінен қозғала қоймады. Ас бөлмесіндегі ыдыс-аяқтың сылдыры сап басылып, әлдене еденге тақ етіп құлаған. Артынша біреу демін терең



алғандай, әлдекім тас боп қата қалғандай жым-жырт тыныштық орнаған. Осылай оның жалт бұрылып шығып кетуіне бірнеше секунд қана уақыт берілгенге ұқсаған. Жалтылдап тұрған жас жігіт емес, маңызды-маңызды мәселелерді шешіп үйренген мый мына жаңалықты қорытып та үлгермей қалды.

– Тана, – деді қоңыр өңді әйел бұған дұрыстап та назар салмастан, – үйдің иесі ме, біреу келіп тұр, қарашы.

Ас бөлмесінен дік-дік басып бері жүрген аяқ дыбысы естілді. Үй ішінде де аяғын қырдағы еліктей қадап басатын Тананың жүрісі. Қырдай жүзімен еш қысылып-қымтырылмастан жарқ етіп шыға келді. Бұған бір қарап, қоңыр өңді әйелге бір қарап, жаңа қауыз жарған гүлдей қызара күлімсіреді.

– Мама, – деді таңдайы тақ етіп, – мен айтқан кісі осы кісі!

Қоңыр өңді әйел таудай кісіні көз шарасына сыйдыра алмағандай бақырайып, біресе басына, біресе аяғына кезек-кезек қадалды. «Өңім емес, түсім болса екен» дегендей жалбарынышқа толы қос жанар бірте-бірте шарасынан шығып, үлкейе берді, үлкейе берді. Ас бөлмесінің алдында селтиген Тана да, кіре берісте қалшиған таудай кісі де осы сәтте жас тола бақшиған көздерден басқа ештеңе көрген жоқ. Қоңыраулы сағаттың өне-міне гүмп етіп жарылатын бомбаның уақытын санағандай сәт сайын күшейе түскен сыртылынан басқа ештеңе естіген жоқ. Шеше жарықтықтың жүрегі тоқтап барып соғып, үзіліп барып жалғасып, өліп барып тірілгенін білген жоқ, білсе де басына түскен соншалықты не қайғы

екенін түсінген жоқ. Оның көз алдынан ұзақ жол, ауыл-аймақ, туған-туыс, жегжат-жұрат, тіпті бұзау-торпақ, тоқты-торым, қаз бен тауыққа дейін таспадай тізіліп өтіп жатқанынан да хабарсыз болатын. «Өлсем солардың арасына барып өлсем екен» деген арманға қатты беріліп кеткені сонша, ол осы мезетте қайда отырғанын өзі де ұмытып қалғандай еді. Байғұс ананы осындай дүбәра халден қызының:

– Ма-ма! – деген дауысы құдықтан су тартқандай жұлқа суырып алған. – Біреу өліп қалды ма, не болды, мама?

Қоңыр өңді әйел қол-аяғына жаңа жан кіргендей орнынан тұқшыңдап, тәлтіректей көтерілді. Қабырға жағалағысы келгендей, қолын ақырын талпынып созды да, біреу қолтығына кіріп кететіндей дереу тартып ала қойды. Бар ойы мына екі арсыздың алдында масқара болып, тыраң етіп құлап түспеу ғана сияқты. Орындықты бөлменің қақ ортасына қойып, келсе ит терісін басына қаптап сыбап салам деген ойының бәрі әдірем қалған. Сол күйі сөлбірейіп, аяғын санап басып барып, осы пәтердегі жалғыз мүлік саналатын темір төсекке сылқ етіп отыра кетті. Ас бөлмесінен бүлкілдеп қайнай бастаған сүр еттің иісі келді. Бұлар аш жүрмесе де, ауылдың дәмінің иісі көкіректі жарып барады.

– Жоғары шығыңыз, – деді қоңыр өңді әйел бәсең дауыспен. – Мен сізді осы үйдің қожайыны екен деп қалыппын.

Бұл сөзді айту ол әйелге қаншалықты зор күшке түскенін бір Құдайым білсін. Әйтеуір жылап та қалмады, құлап та қалмады. Таудай кісінің өзін осыншалықты қолапайсыз сезінген кезі болған

жоқ шығар. Бүгін қасына ешкім келмейтінін сезіп, плащын иығынан сусытып өзі шешті. Тананың бар көмегі бөлменің ортасында тұрған орындықты бір сирағын сүйрете көтеріп, төсектің аяқ жағына апарып қоюмен шектелді.

— Аман-сау бармысыз? — деді таудай кісі орындықты сықырлата келіп жайғасып болған соң. — Ел-жұртыңыз аман-есен бе? Сізді келеді деп, маған ешкім айтпады. Соған қарағанда қызыңызды қатты сағынып кеткенсіз-ау.

Тананың әлгіндегі тықылдап жүргені ұялған тек тұрмастың кері болса керек. Шешесінің арғы жағына ол да келіп тізе бүкті де, қолын алып алақанына салды. Аппақ алақандағы қап-қара тарамыс қолдар аунап түсіп, қызының қолын ол да қысты. Бірақ қоңыр өңді әйелдің қабағы әлі де шытқылданып отырған. Жаңағы көзіндегі жастың қайда кеткені белгісіз. Бұдан да өткен қайғы-қасіреттің талайын бастан өткерген, алайда мына қайғы-қасіретке соның бірі де жетпейтін сияқты. Көмейіне тірелген кермекті кері жұтып, қалтырай тіл қатты.

— Өз бала-шағаңыз аман ба? — деді сыр алдырғысы келмегендей тіктеліп. — Немере сүйетін жасқа кепсіз. Келін-бала бар шығар?

Заты әйел емес пе, ауыртпай тістеп, білдіртпей шақты. Таудай кісі ауыз ашпай жатып жер болғанын бірден ұғынған. Өз дертін өзінен сұрап қатырды мына әйел. Бір-ақ ауыз сөзбен орнына қойды. Енді не істерін білмей дал болған. Кешірім сұрап, аяғына жығыла кетудің реті қайсы? Тананың да өзімен бірге қысылып бара жатқанын сезіп, жүрегі езіліп кетті. Не де болса қиялап жол тапқаннан басқа амал жоқ.

– Сіздің ауылдың басында бір үңгір бар дейді. Сол үңгірді жеті басты айдаһар мекен қылады дейді. Күніне бір жандық бермесе, әлгі айдаһар елге тыныштық бермейді дейді, – деп желдірте жөнелді.

– Сол айдаһар менмін деп жүрмеңізші, әйтеуір, – деді қоңыр өңді әйел мұның тұспалын түсіне қойып. – Көмейіңізді күнде бір жандықпен бітейтін шама жоқ бізде.

– Әп, бәрекелді, – деп ұялғаннан селк-селк күлді таудай кісі. – Жұмбағымның жартысын шешіп, жартысын шепедіңіз, бірақ.

– Жұмбағыңыздың шешілмейтін түгін де көріп тұрғам жоқ, – деді қоңыр өңді әйел кісілікке салып. – Енді маған бала керек деп сұрағалы отырғаннан саусыз ба?

Таудай кісі отырған жерінде орындықтан сыпырылып түсе жаздады. Өзінен жасы кіші әйелді «ақылыңыздан айналдым» деп, бас салып құшақтағысы келді. Қолында тұрса, дүниедегі бар жақсылықты үстіне үйіп-төккісі бар. Тап осы арада тізерлей салса да ешкім көріп тұрған жоқ. Өмірі ешкімнен жеңілмеген Таудай Таубай қатын-баладан жеңіліпті дер азар болса. Таудай Таубай тізерлепті, сүйінші сұраңдар!

Жо-жоқ, бұл өмірден баяғыда жеңіліп қойған, баяғыда тізерлеп қалған. Бір сәтке өз ойымен өзі арпалысып кеткен таудай кісі әлгі бір әзірдегі қоңыр өңді әйелдің кейпіне енді өзі түсті. Осы ел үшін, осы жер үшін деп арпалысқан күндер ойына оралды. Халық лықа толған үлкен-үлкен залдарда жалындап-жалындап сөйлеген бұл емес, басқа біреу секілді. Сайда саны, құмда ізі қалмаған партияластары да қазір өмірі көрмеген,

білмеген бөтен адамдар құсап елестейді. Бір қарағанда бәрі де көкжалдай-көкжалдай жігіттер, бірақ түзден келмеген, хайуанаттар паркінен шыққандай құдды. Нағыз түз тағысындай болса, өмірдің қатал заңдылықтарына төтеп берер еді. Ең үлкен қателіктері сол, жеңіске дайын болғанмен, жеңіліске дайын болған жоқ. Алғашқы жеңілістен соң-ақ жаралы көкжалдардай өзді-өзімен алысып, бірін бірі қансырата талады. Маңдайларына «сатқын» деген қара таңба басылып, санаттан мәңгілікке сызылды да тасталды ақырында. Енді оларды өмірде бар десең, түр-түсі мынандай десең жан баласы сенбейді. Өмірде адамның өзін жоғалтып алуынан асқан қандай қасірет бар? Жан түкпірінен анда-санда бас көтере қалатын осындай сергелдең ойларға тағы да беріліп кетіп, жалаңаш тас қабырғаға алайған көздерімен еш мағынасыз бақшия қарап отырған отырысы мынау. Бейне беті жұқа түсқағазбен жасырылған тас қабырғадан өзінің шын, ақиқат өмірін көріп тұрғандай сарыла мұңайды.

Қоңыр өңді әйел оның толқып, түрі бұзылып кеткенін басқаға жорыған. Мұның жан дүниесінде қандай күрделі өзгерістер болғанын ол қайдан білсін? Өз баласын өзі жұтып жіберген кісәпірлігін қайдан түсінсін? Шынына келсе тоқал іздеп жүр дейсің бе бұл, қазіргі тыныш өміріне тиянақ іздеп жүр. Мына өмірде дәлелдегісі келетін бірнәрсе бар, оның не нәрсе екенін өзі де жөнді түсінбейді. Ендеше ауылдан кеше ғана келе қалған аңқау әйелден не сұрайды?

– Қызымды ауылға алып кетем, – деді қоңыр өңді әйел бұл мәселені енді қайтып талқыға салмайтындай кесімді үнмен. – Бір тал баламды

қаймана біреуге қолжаулық қыла алмаймын. Батылың жетсе, жөн-жоралғысымен артынан келерсің. Елдің сөзіне мен де шыдап бақтым.

– Мама, менің жұмысым ше? – деді Тана шошып кетіп. Қолы еріксіз жүрек тұсына барып қалғандай көрінді. Көздері де алаң-ғұлаң етіп, таудай кісіге бір қарады да, ішін де бір сипап өтті. – Демалысқа шығатын да кезегім келген жоқ. Оның үстіне біз мешітке барып, некемізді қидырып қойдық дедім емес пе сізге?

– Сол да сөз боп па? – деді қоңыр өңді әйел одан сайын қатайып. – Заңды некелерін бұзып жатқандар да аз емес бүгінгі күні. Қонағыңды қаңтарып қойдық қой деймін, одан да асыңды қамда барып!

Тана қымс етіп, орнынан ұшып тұрды. Аяғын қырдың қызыл елігіндей дік-дік басып, сүрдің иісі бұрқыраған асүйге қарай кетті. Таудай кісі жасы өзінен кіші әйелге: «Ал, менің жұмысым ше?» деп айта алмай тұтықты да қалды. Көшенің арғы бетінде ғана шер-шеменін кімге ақтарарын білмей құсаланып отырған бәйбішесі де есіне түсе кетті. Бөлменің ауасы тарылып, өкпесі қысылып, балконға шыққысы келді. Балконға шығып, жыланқабық шатырмен жабылған қоңыр төбел үйін көргісі келді. «Алда енді қандай дау-дамай күтіп тұр екен?» деп ойлап, бәйбішесін қимағандай қипақтап-ақ отыр. Бірақ жаратқан қанша есіркесе де, пәленің күткен жерден емес, басқа жақтан келетінін сезетіндей құдірет оған да берілмеген болатын.

Дастархан басында бұл әңгіме одан әрі жалғасқан жоқ. Қоңыр өңді әйел таудай кісіні өзін құрметті қонақ ретінде сезінетіндей жағдайға

өкеп тіреп қойды. Бірден төрге шығарып, алдына ортан жілік пен сұр қазы салынған табақ тартты. Қой мен жылқының еті аралас асылғанына қарағанда бары сол болған болуы керек. Қойдың еті де, жылқының еті де әбден сүрленіпті. Майы қолға жылбысқылана жабысып, мейіздей қатқан қазының ұн арасында сақталғанын біліп отыр. Қоңыр өңді әйелдің өзін соншалықты кербез ұстағанынан ба, Танадан «Қамырды сен жайдың ба?» деп сұрауға да батпаған. Жуан саусақтарымен бұлғап-бұлғап аузына салғанда, сүрдің сорпасына шылқып піскен қамыр таңдайында ереді. Арада түк болмағандай, қашан ет желініп болғанша елдің, жердің әңгімесі үзілмей айтылды да отырды. «Кісілікті адам екен ғой» дегендей, қоңыр өңді әйелдің көңілі ептеп көтерілгенін сезген. Бірақ ара-арасында нұрсыз көздері шыныланып, тосырқай қарап қалады да, естіртпей күбірлеп бірдеңе дейді. Ішінен: «Ұстамасы бар ма екен?» деді де қойды. Бір қараса, кептері жарасқан бұлар бір жақта, дастарханның шетін мыжғылаған Тана бір жақта қалыпты. Мына түрімен Тананың шешесінен аса алмайтынын біліп, іші солқ еткендей болған. Кетер кезінде де қызын көзімен жасқап тастап, есікке дейін өзі еріп келді де, мұның бетіне шыны көздерімен тағы да тосырқай қарады.

– Сіз біздің ауылға да келіп едіңіз ғой, – деді кенет қоңыр өңді әйел айтқысы келмеген әңгіме аузынан еріксіз шығып кеткендей қысыла сөйлеп. – Есіме жаңа түсірдім. Бәсе, атыңыз неге таныс деймін.

– Жоқ, сіз мені бағанадан бері танып отырсыз, – деді таудай кісі де жұлып алғандай. – Бізді «сатқындар» деп жазған газеттерді де оқыған

болуыңыз керек. Сондықтан да танитыныңызды айтуға ұялып отырдыңыз.

Қоңыр өңді әйелдің аңқаусыған түрі бірден өзгеріп сала берді. Бағанадан бері үнсіз арбасып отырып, аяқ асты жеңіске жете қалғандай мерейі де үстем боп шыға келді. Қас-қабағы құбылып, көздері ойнақшып, сайқалдана күлді. Өрі «біз де бірдеңе білеміз» деп табалап та тұрған секілденген. Таудай кісінің де көкжал күндері есіне түсіп, қаны басына бір-ақ шапшыған. Назасын күшпен басқандай болып:

– Е-е, сіздер бізді әлі де кінәлайды екенсіздер рой, – деп көлгірси көгерендеді.

– Кетеуі кеткен дүниенің өтеуіне біреу жүру керек қой, – деп мысқылдады қоңыр өңді әйел де.

Екеуі тіпті ерін жыбырлатып та қоштаспады. Темір есік бұл шығып болмай жатып, арқасынан тірей жабылған. Қайтып келер жолы тарс жабылғандай абдырап қалды. Азғантай абыройдан шал екені бетіне басылып бір, сатқын екені астарлап болса да айтылып екі айырылғандай қатты қорынды. «Қош, қарағым Тана, қош!» – деді тамағы кермек тати кебіртiктенiп. Ашумен айтты ма, әлде шын сөзі сол ма, ол арасын өзі де ажырата алған жоқ. Салдырлаған лифтімен төбеден табанға құлдырап бір-ақ түсті. Көрген мазағы аздай, алдынан қарғыбауына ақ бантик таққан салпаңқұлақ сарыала күшік арсалаңдай жүгіріп шықты.

– Әй, замандас, бері кел, – деп шаңқ етті өткендегі ыздиган интеллигент шал.

Бармайын десе, жұрт қарап тұр, амал жоқ барды. Ол бірақ құлдыраңдап қолын ала жүгірген жоқ. Атан түйедей зәңкиген адамға қол созып



масқара болғысы келмеген сияқты. Қасына жете бергенде иек астынан көзімен тіреп тоқтатты. Салпаңқұлақ сары күшік те бір тұтам құйрығын бұлғаңдатып, екі араға кимелей кетті.

– Зәкірі деген ақынды білесің бе? – деді ол қулана күлмеңдеп.

– Білмеймін, – деп бір-ақ кесті бұл.

– Білмесең біліп жүр, сол Зәкірі ақын мен болам, – деді анау да қайтпай.

– Қош, сонымен, – деді бұл онша-мұнша ұна-тыңқырамай. – Өлең жазбайтын қазақ бар ма өзі.

– Жұрттың бәрі өлеңші ғой, мен ақынмын, – деп қыдиды анау.

«Өзін өзі таныстырған ақын қай бір жетіскен ақын», – деп ойлады. Ол да бұған: «Өй, санасыз ақымақ!» дегендей алайып қарады. Жәй адам емес екенін аңдатып, құтысынан алған көзәйнегін киді. Қойын қалтасынан алақандай блокнотын суырды. Қалай блокнотын ашты, солай арқаланып шыға келді. Дауысы да ашылып, саңқылдап ала жөнелді.

Көкжалдардың заманы,  
«Абылайлап» өтті ме?  
Жақсысы өліп, жаманы,  
«А, Құдайлап» жетті ме?

Қанды жасы тамады,  
Шерлі ме әлде, кекті ме?  
Отыз екіден аманы,  
Отыз жетіде кетті ме?

– деп барып демін әрең басты.

Санасына жылт етіп сәуле кірді. «Жаман ақын емес екен-ау», – деген ой болды әуелі басына келгені. Қысылтгаяңда тап болған ақынға жылы

сөз айта алмай қысылып тұр. Анау бұл жағынан психолог болып алған көрінеді. Ескі танысындай еңсеріп өкетіп барады.

– Замандас, жүр, сыра ішейік, – деп салды төтесінен.

– Ә, жүр онда, – деп қалай қолқ ете қалғанын өзі де байқамай қалды.

Өткен жолы ғана қасында тұрып сөйлесуді намыс көрген жанға: «Ал, қайда бастайсың?» деп еріп кеп берді. Өзі ішпесе де ақын табиғатын таңсық көріп, сыйлап жібергісі келген. Күн салқын әрі әлі ерте болған соң ба, сыраханада даяшыдан басқа ешкім жоқ екен. Мұндай жерге үйренбеген бұған сонысы да жақсы болды. Сыра сасыдың не, сідік сасыдың не, айырмасы шамалы өзі. Оны ойлаған Зәкіри ақын жоқ. Құдды жұпар аңқыған гүлзарда тұрғандай, аузын ашса болды, өлең төгіле кетеді.

Көкжал болғым келді менің бір күні,  
Құлағымда тынбай ұлып тұрды үні.  
Қиянатты көрген кезде анашым,  
Қабағында кіреукелеп кірбіңі.

Көкжал болып келді менің кек алғым,  
Күшігімнен келмегендей таланғым.  
Адам бірақ анашымды жылатқан,  
Маған жақын болғаны үшін алаңмын.

Білем оны көзімді ашқан күнімнен,  
Сол болатын бетіме алғаш үңілген.  
Бірақ одан,  
Жылап қалып анашым,  
Көкжал болғым келген күні түңілгем.

Отырғандай ол да білеп азуын,  
Анашыма жақтасқаным жазығым.  
Деді кенет:  
«Әй, сен иттің күшігі,  
Қара мұны, астымнан көр қазуын!»

– Еркексің бе? –  
Естеліктер көшті естен,  
– Еркекпін мен еркектерге өштескен!  
– Паһ! – деді әкем,  
Анашыма қарады,  
Анашым мәз,  
Көзіндегі кек те өшкен...  
Еркекпін мен еркектерге өштескен!..

Қанша өлең оқыса, сонша саптыаяқ сыра ішілген шығар. Қай жеріне сыйып жатқанын бір Құдайым білсін. Күн түс болмай жатып, елден ерек дәлдіреңдеп қалған ақынды тастап кете алмай ит әуреге түсті. Сыраханадан шыққан соң жаман жалбағайдай жалпылдатып, қолтығына қысып алған. «Тағы бір кафеге бас сұғып қана шықсақ қайтеді?» – деп дәудірлеп қоймады Зәкіри ақын.

– Елдің еркесіндей болған азамат екенсің, – деуге тура келді ақырында. – Мен енді жұмысқа бармасам болмас.

– Әй, әне тоқалың қарап тұр, – деп шәңк етті осы кезде Зәкіри ақын.

«Әй, бірнәрсені бүлдірерміз-ақ», – деп өзі де қорқып келе жатыр еді. Басын көтеріп қарауға жүзі шыдаған жоқ. Бірақ көзінің қиығымен балконда тұрғандардың біреу емес, екеу екенін анық көрді. Көрді де абыройының айрандай төгілгенін білді. Қоңыр өңді әйел ит көргендей үркіп, шошқа көргендей шошып, жағасын ұстады.

## 7.

Тағдыр тізеге бір салса қоя ма, қоймады ақыры. Қанша темірдей адаммын десе де, жүйкесінің сыр бере бастағанын сезді. Соңғы кезде бұған бәрі біртүрлі қарайтын секілді. Қоластындағылардың өздерідебұрынғыдайемен-жарқынамандаспайды. Жаңа да ұзын дәлізде жолыққандар бастарын изеп қана, бір қырындап өте шықты. Кездескен жерде әзілдесе кететін балпиған сары әйел де мұның күйесі жұғып қалатындай алыстан теріс айналып кетті. Тіпті жұмыстарынан да береке қашқандай, біраз тапсырма уақытында орындалмай жатыр. Осының бәрінің артында әлдеқандай бір зіл жатқанын сезбейтіндей мақұлық емес. Өткендегі сары папкіні жерге түсіріп алудан қорыққандай, екі қолымен бірдей қыса ұстап кіріп келе жатқан орынбасарына секемдене қарағаны да содан болатын.

– Жоғарыға жазылған тағы бір арызды өзімізге қайтарып жіберіпті, – деді тақуа Жақия дәл тұмсықтың астын көздеген боксшыдай ежірейіп. – Міне... «Отбасына ие бола алмаған адам мемлекеттік мекемені қалай басқарады?» депті.

– Жетер! – Таудай кісінің қасы, шашы бәрі түріле тікірейіп кетті. – Менің баламның жағдайын мына сендер білмесеңдер, сырттан келіп біреу біле ме?

– Қойыңыз, Құдай сақтасын. – Тақуа Жақия мұның тұмсығын өзі қанатып, өзі сүрткендей жақауратты. – Бірақ жау алыстан келмегенін мен де біліп отырмын. Комитеттегілердің де шыдамы қашанға дейін жетер екен?

Біреу әукеңді қасып отырып жыныңа тисе, сен оның жағасынан ала кетпейтінің былай да

белгілі. Бірақ айтар уәждің айтылмай іште қалып қойғанынан жаман нәрсе жоқ. Ар жағың қанша кернеп тұрса да, аузын бұған өгіздей боласың. Ол өз ішіне өзі түсіп кеткендей, тым-тырыс қалған. Тақуа Жақия қанша тақуа болса да, мына ауыр үнсіздіктің зіл батпан салмағына өрең шыдап отыр.

– Белгілі бір жасқа келгенде адамның жалыны қайтады, оты сөнеді, – деді таудай кісі өлден уақытта барып, жаны ауырғандай ыңырси қозғалып. – Шамама қарамай, жылтыраққа қызыққан шығармын әулекіленіп. Ол ісімді қандай себеп тапсам да ақтай алмаймын. Әйткенмен атабаба жолы деген бар емес пе? Басқасы басқа, тап осы сен мені нәпсіқұмар деп ойламайтын шығарсың?

– Заңды ғып алсаңыз, кім жаман ойлайды? – деді тақуа Жақия ақыл салғандай қылып айтқан мына сөзден кейін аққұба жүзіне иман жүгіріп. – Бәріміз де иісі мұсылман қауымынанбыз. Сізді біреудің баласын қор ғып кетеді деп ешкім ойламайды. Маған салса, сіз биік моральдің адамысыз.

– Солай ма? – деген таудай кісі табан астында жұмсарды. – Ендеше менің жалғызым тексіздігінен солай болып кетпеген шығар. Атасы жақсы, әкесі жақсы адамның баласы қалай жаман болады?

– Оныңызбен де қос қолымды көтеріп тұрып келісем, – деді тақуа Жақия тағы да қыбын таба сөйлеп. – Бірақ құс екеш құс та үйреткеніңді іледі, үйретпесең несін іледі?

– Иә, бар пәле тәрбиеден шығар, – деді таудай кісі өз көңілін өзі демдеп. – Әйтпесе ешқайсымыздың етегімізге жын ілесіп жүрмеген

сияқты еді. Нағашы жұрты да тұқымдарынан майлы жіліктің басын ұстаған үлкен өулет. Оның үстіне нағашы апасы алыс ауылдың қызы.

– Бәрекелді-ақ, – деді тақуа Жақия қазақ аттан жығылып жатса да мақтанғанын қоймайды дегендей мырс етіп күліп. – Әйтеуір өз балаңыз екеніне сенсеңіз болды. Өз ұрқынан өзі безген сұмдықты да көріп жатырмыз мына заманда.

Таудай кісі ащы кекесіннің астарын түсініп, ырқ етіп күлген болды. Сөйтті де құлағыңды бері әкел дегендей оқыс еңкейді. Тақуа Жақия да әңгіменің аяғы осыған келіп тірелетінін алдан-ала білгендей елп ете қалды. Ол да сабырын жоғалтты, бұл да сабырын жағалтты.

– Кеңес заманында қазақтың бас көтерерлерінің біразының балалары неге теріс жолға түсіп кеткенінің сырын білесің бе? – деді таудай кісі өткен күндердің үрейінің мысы басқандай күбірлей сөйлеп. – Талай мықты жігіттерді тамырынан қырыққысы келді. Осыны айтсам қазір есалаң ба деп ешкім сенбейді.

– Мен де сенбеймін осыған, – деді тақуа Жақия басын қынжыла шайқап. – Бірақ ірі тұлғалардың біразының бала-шағасы бақа-шаян болып кеткені рас. Ұлтты үлкен өулеттер ұстап тұруға тиіс негізі. Ұлттың ұстыны болатын үлкен өулеттер жетпейді қазаққа. Қанша ғасырға созылды, қалыптасып үлгермейді, үлгертпейді.

– Қолдан істелді, қолдан істелді, – деді таудай кісі креслосын сықырлата, қайта шалқайып отырып. – Сол қарау әрекет инерциямен біраз жерге барып қалды. Мұның бәрі бекер емес екенін ішім сезеді.

Әңгіменің осы жеріне келгенде тақуа Жақия

мұның бетіне бар әдебін жиып қойып, бажырая қарады. «Оның сіздің балаңызға қатысы қанша?» дегісі келетін сияқты. Шегінерге жер қалмағанын сезген таудай кісі тынышсызданып, орнынан ырғала көтеріліп кеткен. Паркет еденді нық басып, тік тұрған қалпы жаңағы арызды папкісіне мұқият салып жатқан орынбасарын ажырая күтті. Содан соң қонжығын ерткен аюдай соңынан құнжита ілестіріп, терезенің алдына барды. Қолы қалт еткенде осы арадан тауға қарап тұратын әдеті бар. Тау жаққа қараған адамның көкірегі тазаратынын әр кез аңғаратын, аңғаратын да осы сезімді басқалар да басынан кешірсе екен деп тілейтін.

– Сенің өткендегі «Сіздің өмірбаяныңызбен олай істеуге болмайды» деген сөзің жаныма батып кетті, – деді алабұртқан түрмен қарлы шыңдарға шерлене қарап. – Олардың қасында мен ешкім емеспін, ешқандай үлкен тұлға да емеспін. Бар-жоғы ойымды ашық айтумен шектелдім. Демократиялық қоғам орнағаннан кейін, өзімді соның бір мүшесімін деп есептедім. Мен де сөйлеп бердім, үлкен залдарға жиналған халық та тыңдап берді. Соның бәрін күнделікті жұмысым сияқты көрдім ары кеткенде. Ақылға келдім, ал тоқтадым, қойдым, біттім. Басқалармен салыстырғанда, соншалықты сорлы ел емес екенімізге де көзім жетті. Бірақ, қарашы міне, өзімізден өзіміз бордай тозып бара жатырмыз. Мұндай күйге түскен жалғыз мен ғана емеспін. Сонда не бұл, а?

– Бұл – Абылайдың түсі, – деді тақуа Жақия жұдырықтай басы қалтаңдай мүләйімсіп. – Оның қандай түс екенін өзіңіз де білесіз.

– Қаһарлы жылдар мен бейбіт заманның

тәрбиесі екеуі екі басқа, – деді таудай кісі де ділмәрсіп. – Біз бейбіт заманның тәрбиесіне үйренбеген, соны жолға қоя алмаған халықпыз.

– Бейбіт заманның тәрбиесіне дағдылану үшін бірнеше ұрпақ бейбіт өмір сүруі керек, – деді тақуа Жақия қадалған жерінен қан алатын әдетіне басып. – Алайда бәрін заманға жауып қоя беруге болмайды.

– Енді не істеу керек? – деген таудай кісінің көзі бағанағыдан да арман аларып кетті. – Қашан адам болады деп, ата сақалы аузына түскенше күтуіміз керек пе? Баламды үйден қуып жібергенім қате болғаны ма сонда? Адам болмайтын баланы не істеймін?

– Жаман әдет жұққыш келеді, – деген тақуа Жақияның да дауысы темірдей суынған. – Сіз оны отбасымнан аластадым деп жүрсіз. Алайда қоғамнан аластауға шамаңыз жетпейді. Сізге ондай құқық берілмеген. Берілсе де ештеңе істей алмайсыз. Себебі, сіз жаңа заманның қазағысыз!

Терезе алдында күбірлескен екеудің көздері қалың сұр бұлт кіреукелеген тау шыңдарына қадалған. Сол тұста екеуіне де ортақ бірнәрсе бар секілді. Бірақ соған екеуі екі басқа оймен қарап тұрғандай күйде. Аралары әрі жақын, әрі алыс. Біресе бірімен бірі ойлары бір жерден шығып, табыса қалады. Біресе бір-бірімен өмірі түсінісе алмайтындай шарпыса кетеді. Екеуі бір нүктенің екі түрлі ендігінде адасып жүргендей көрінеді кейде. Ол да шынымды айтып тұрмын деп ойлайды, бұл да шынымды айтып тұрмын деп ойлайды. Бірақ екеуінікі де жартыкеш шындық екенін мойындағылары жоқ.

– Біз араласатын ортада баласын қасынан



тастамайтын бір үлкен кісі бар еді, – деді тақуа Жақия әдетінше екеуі де айта алмай тұрған шындықтың бетін тәмсілмен бүркеп. – Өзі біздің жақтың кісісі болған соң көп араластық. Жарықтық, баласын сомадай ғып қасынан бір елі тастамайтын қызық адам еді. Қайда отырса да өзі сөйлейді, баласының ашылып сөйлегенін ешқашан көрген емеспіз. Жиырмаға келді, сөйлемейді, отызға келді сөйлемейді, қырыққа келді, сөйлемейді. Көзіне қамшы тиген жылқы құсап жасқана береді. Мұның баласының ақыл-есі кем шығар деп баяғыда ойлап қойғанбыз. Бір күні әкесі өлді де, баласы қонаққа жалғыз келді. Сонда оның айтқан ақылды сөздеріне бәріміз қайран қалдық. Ондай сөздер жәй адам айтатын сөздер емес тағы. Осыншалықты ақыл мен білімді қалай ішіне сыйдырып келгені мүлдем түсініксіз. Әкесінің алдына түспей, іштен тынып жүре берген ғой. Егер әкесі өлмесе, ол шынымен жынданып кеткендей екен.

Таудай кісі тығыны атылғандай пақ етіп күлді. Тақуа Жақияның таппайтыны жоқ, білмейтіні жеті қат жердің астында. Бірақ ол бастығының неге парықсыз адамдай пақ етіп күлгенін түсінбей қалды. Таудай кісі теріс айнала беріп қолын бір-ақ сілтеген. Сөйткен де кабинеттен плащын жүре киіп, жау құғандай асығып шыға жөнелген. Оның ұзын дәлізде өзімен өзі ұрсақ қатындай барқылдай сөйлеп бара жатқанын көргендер бар. Таудай кісі аяғын алшаңдата басқан күйі: «Бәрібір түбінде мен кінәлі боп шығам. Бәрібір бәрі мені кінәлайды», – деп түбі түскен шелектей кәңгірлеп кетіп бара жатыпты. Осыны көргендер мен естігендер Танаға жандары ашығансып, ары

өтсе де, бері өтсе де мүсіркей қарасып, беттерін шымшыласыпты. Шындығында олар таудай кісінің әлгінде ғана қалың сұр бұлт кіреукелеген қарлы шыңдарға қарап тұрғанда басына келе қалған жантүршігерлік ойдан қашып бара жатқанын білген жоқ еді. Ал адамның өз ойынан өзі қашып құтылуы мүмкін бе, мүмкін емес!

## 8.

Қоңырөңді әйел тоғызыншы қабаттағы қуықтай пәтерден аттап басып шықпай, ұзағынан толғанып үш күн жатты. Обалы не керек, әлі бір шешімге толық келмегендіктен, қызын жұмысқа жіберіп тұрды. Күні бойы жұмыстан қол босамайды, екеуі түскі үзіліс кезінде ғана тілдесіп қалып жүрген. Тана бұдан үлкен бір ерлік іс күткендей, бетіне құр жәутендеп қарай береді. Соған қарап енді сөз бастағалы келе жатқанда, бәйбішесі: «Ойбай, шалбарыңды үтіктеуді ұмытып кетіпін ғой» дей ме, «Әлгі кәсіпкер жиенің кеп қалады-ау, шамасы» дей ме, әйтеуір сылтауын тауып, өңгіменің бетін бұрып жібере қояды. Әрі-беріден соң: «Әй, осы сенің менің не айтқалы отырғанымды құлағыңа алдын-ала сыбырлап қоятын сайтаның бар ма?» деп ашулануға айналды бұл. Бірақ: «Сені де жылатпаймын, оны да жылатпаймын» деп бәрібір айта алған жоқ.

Төртінші күн дегенде бір шешімін айтпаса да хал сұрамаса болмасын біліп, тоғызыншы қабатқа лифтімен зыңқ етіп көтерілген. Қаракөлеңке дәліздегі үйреншікті жолымен үйреншікті есікке келіп, екі қаққан, үш қаққан, өзіне өзі сенбей тағы қаққан. Іштен тық еткен дыбыс естілмей, темір есікті батпандай жұдырығымен қалай қойып-

қойып қалғанын өзі де сезбей қалып еді. Бүкіл тоғыз қабат түгел ел көшкендей дүңгірлеп ала жөнелді. Көрші пәтерден жау алатындай басын ғана қылтитқан арық сары кемпір:

– Мынаны сізге тастап кетті, – деп кілт ұстаған қолын қалтырай созды. – Сізге тастап кетті ме, қожайынға тастап кетті ме, анықтап ұқпадым, бірақ.

– Өздері қайда? – деді бұл кемпірден анық жауап ала алмасын біле тұра.

– Онысын да ұқпадым.

Кілтті алып, есікті ашып болғанша басына неше түрлі жаман ойлар келді.

Аттап басып ішке кіргеннен-ақ Тананың заттарының жоқ екенін бірден байқады. Көрпелі төсек орнында жатса да, үй іші қаңырап бос тұрғандай көрінді. Туфлин шешпестен ұмтылып асүйге кірді. Тапыр-тұпыр етіп қайта шықты. Ит боп қалғанын сезіп, айналасын қара тұмсығын созған төбетше иіскеледі. Ақымақ басы Тананың қанша уақыт бұрын кеткенін себінетін иіссуынан білгісі келген сияқты. Ауада шынымен де өзіне етене таныс жұп-жұмсақ жұпар иіс бар. Құлағы шулап, көкірегі боздап, балконға қарай тапырақтай жүгірді. Бұл өмірдегі ең соңғы қызығынан айырылғандай алақ-жұлақ етеді. Балконның есігін жұлып ала жаздап, жұлқып ашқан. Ә дегенше қым-қуыт көлік ағылған көшеге жыларман халде құжырая қарап тұрды.

Тауыққа шашқан тарыдай ұсақ-ұсақ қар түйіршіктері тырсылдап бетке ұра бастады. Мұздай түйіршіктер суық тамшылармен араласып, күн райы қай жаққа қисаярын білмей тұр. Аспан астын сұп-сұр сүйкімсіз бұлт ине

сұғар тесік қалдырмай тегіс торлап алған. Мұздай түйіршіктер мен суық тамшыларды төменге қарай үздіксіз атқылап жатыр. Әлі түсіп болмаған жасыл жапырақтарға қарсы соғыс жарияланған сияқты. Тау бөктеріндегі қалада жылда болатын соғыс. Мұны көріп, «қыс келіп қалды екен» дегендер қатты қателеседі. Қыс бұл жаққа қырық шегініп, қырық келеді. Төні де, жаны да жаураған таудай кісі қар түйіршіктері ілініп, еріп түсіп жатқан кірпіктерін сүртті. Көзбен көрсе де, үмітін үзгісі келмей тұр.

«Кілтті тастай қашқандары қалай?» деп ойлады. Қоңыр өңді әйелдің өзін қанша сабырлы ұстаса да, әлденеден аяқ тартатынын аңдаған. Бастық адам деп, қорқыңқырайтын тәрізді. Ауылдағылар қаладағылардан, жәй адамдар атқамінерлерден, кедейлер ауқаттылардан қорқады. Кеңес заманынан келе жатқан құлдық сананың қаншалықты терең тамыр жайғанын осыдан-ақ білуге болады. Соны пайдаланған қорқау қасқырлар аннан да бас көтереді, мұннан да бас көтереді. Таудай кісі де өзін қиянатшыл адамдай сезініп, көңілі мүлдем түсіп кетті. Елден ерекшеленіп, қалта телефон ұстамайтынына өкінсе, тұңғыш рет осы жолы өкінген шығар.

Қайткенде де Тананың бұлайша хабарласпай кете қалуы мүмкін еместей көріне берді. Ары қарады, бері қарады, олай да тесілді, бұлай да тесілді. Қар түйіршіктері кіреукелеген жанарымен үй жағын да қиялай шолып өтті. Кенет селт еткен жанар сүрініп барып, жаңа ғана қараған жеріне жалт етіп қайта оралған. Әуелі бақтың ішінде бірдеңе қараңдағандай болған. Бір жығылып, бір тұрғанына қарап, адам екенін ажыратқан.

Бәйбішесі ме дейін деп еді, бәйбішесіне ұқсай қоймады. Оның үстіне мынандай қар аралас жаңбырдың астында бақ ішінде оған қарап қалған не шаруа бар? Ұры ма дейін десе, шіріп жатқан алманы сұраса да береді бәйбішесі. Жаз бойы баптап, күткен жемістерін жейтін ауыз таппай отырған жоқ па, шынын айтқанда?!

«Енді кім?» дегенше болған жоқ, ана неме жеміс ағаштарының арасынан жердің құртындай бұратылып шыға келді. Жер бетіндегі ең алғаш жаратылған адамдай қолы тізесіне жетіп бүкшиіп тұр. Басы жалаңбас, үстінде құр кеудеше, бұтында шолақ шалбар, ал аяғындағы не киім екенін ажырата алмады. Ыстыққа да, суыққа да пісіп кеткендей, қарды да, жаңбырды да елең қылатын емес. Қар түйіршіктерінің төбесіне қонып, суық тамшылардың шекесінен шертіп, қалай қойын-қонышына құйылып жатқанын көзімен көрмесе де, тұла бойымен сезініп, денесі тікен қадалғандай тітіркенді. Бір жағы жаны ашып, бір жағы ашуы келіп, іші-бауыры қолқасын суырып алғандай қалтырай құлазып бара жатты.

– Бұл жолы бекер-ақ келдің, – деді тістеніп.

Балконның жақтау темірін сығымдай қысқанда, білегі үзіліп кете жаздады.

Серпе жабылған жартылай әйнек есік ашылған жеріне шақ етіп қайта шапталды. Сыртқы темір есік те шынтағымен бір қаққаннан ойбай салып орнын тапқан. Ұясына адасып өрең кірген кілт те шықырлай бұралып, сықырлай суырылған. Сұғанақ кілтті тышқан аңдыған мысықтай қақшып алған сары кемпір:

– Сендерге өмір ештеңе үйреткен жоқ па? – деп назалана тіл қатты.

– Қап, мазаңызды алдым ба? – деді таудай кісі алағызған қалпы.

– Өмір асығып-аптыққанды сүймейді, – деді сары кемпір тұқшындап.

– Ә, ескеретін сөз екен, – деді таудай кісі лифтіге кіре беріп.

– Рақымет, – деді кемпір артынан шүңкілдеп.  
– Мені тыңдағаныңа мың да бір рақымет.

Кемпірдің сөзі төменге түсіп, көлігіне мінгеннен кейін де ойынан кетпеді. Қарға адым жерде тұрып үйіне де барғысы келген жоқ. «Балам» деуге аузы бармайтын міскіннің әлгіндегі сиқы кеудесінен кері тепкендей болды. Бөрінен бұрын ана сорлыны көргенде қандай күй кешеді деп, онсыз да құсадан көз ашпай жүрген бәйбішесін аяды. Бір үмітті бала үзіп, бір үмітті Тана үзген өзінің жағдайы болса мынау. «Неліктен біздің өміріміз осы бір міскінге байланып қалуы керек?» деген ой жан дүниесін тас қашағандай бұрғылап-ақ жіберді.

Ашуы қайнап-қайнап, таудай кісінінің қанын басына бір-ақ шапшытқан ақыры. Көлігін арқыратып жолға салып, аңшы досының үйіне аңқытып жетіп барған. Қаланың таумен тұмсықтасқан тұсындағы сәп қызыл қарағайдан қиып салынған үйдің алдына екпіндей келіп тоқтаған сол беті. Шабалаңдай үрген екі итті жуантық денелі иесі жерге тыға жекіп тастаған да арсалаңдай күліп қарсы алған. Бір итінің бір көзі соқыр, бір итінің бір аяғы ақсақ. Бытыра тиіп соқыр қылған, қақпан қиып ақсақ болған. Ақсағын да қуған жоқ, соқырына да тиген жоқ.

– Әй, әліксалам!

– Уай, уәліксалам!

– Мына екі иттен құтылмай абырой жоқ маған.

– Атып тастауға обалсынасың-ау.

– Обалсынғаның не, туысқандарым ғой бұлар менің.

Кәудірлей сөйлеп, дәудірлей күлді. Қалада түйіршіктеп жауған қар бұл жақта қиыршықтап жаууға айналыпты. Айнала төңірек ағараңдай бастаған. Демек тау іші қазірдің өзінде жайсыз. Таудай кісі бұлт басқан биіктерге тосырқай қарады. Аңшы досы да бұл қараған жаққа таңырқай көз жіберген. Мұның ойында не барын біле алмай дал. Түйілген қабақ жазылмай, бұлт басқан тау құсап неге түнереді?

– Сен маған «Уазигінді» екі-үш күнге бере тұршы, – деді таудай кісі көңілсіз келістен аңыс аңдатып.

– Қансонарға әлі ерте емес пе, оны қайтесің? – деді аңшы досы ала-құла бөктерді меңзей иек қағып.

– Сен сұрама, мен айтпаймын, – деп одан сайын қабара түсті таудай кісі.

– Тоң қатып үлгерген жоқ, – деді аңшы досы қазбалауын кілт доғарып.

– Білем, – деді таудай кісі енжар ғана.

– Байқарсың, – деді аңшы досы да сүйей салды ғып.

Сонымен әңгіме бітті. Екеуі жаппаның астында тұрған жасыл «Уазиктің» қасына барды. Аңшы досы бұл «Уазикті» көкпарға қосатын сөйгүліктей баптап ұстайтын. Таудай кісі оған разылығын білдіргісі келген. «Уазиктің» капотын аттың омырауын сипағандай бір сипап қойды. Бар рақыметі сол.

Айнала беріп, тау жаққа тағы қарады. Көздері таудың алыс түкпіріне тігіліп тұр. Шерлі жанарлар мәңгі мұздықтардай бір жылитын емес.

Сол күні күн де бейілінен жазып, берекесі қашып барып батқан.

Ай да аспанда біртүрлі болып сопая қалқып бара жатқан.

Түнде үш адам үш жерде шоқиып отырған, бөрінің басында бір-ақ ой.

Ертеңгі болатын сұмдыққа өке қолының қалай баратынын кім білсін?

Ертеңгі болатын сұмдыққа ана жүрегінің қалай шыдайтынын кім білсін?

Ертеңгі болатын сұмдыққа азған ұрпақтың қалай көнетінін кім білсін?

Жуа түстес жасыл «Уазик» таң қараңғысында тауға қарай дүр етіп қозғалып жүріп кетті.

## 9.

Тауда күзі не, қысы не, айырып болғысыз. Кешегі жауған жұқа қар күн ашықта да ерімей жатыр. Жуа түстес жасыл «Уазик» ышқынып-ышқынып алып, биіктен биікке өрмекшідей өрмелеп келеді. Рөлге жабысқан таудай кісі де тайып кетпейік деп сақ отыр. Қасындағы қарая бұлғалақтаған сұлбаға әлсін-әлсін қарап-қарап қояды. Мастықтан толық айықпаған баласы ештеңе сезетін емес.

– Маған айтсам деп, айта алмай жүрген бір тілегің болса айтып қал, – деді әкесі баласының ұсқынсыз сұрқын барлай шолып. – Қазір екеуіміз екі айырылысамыз. Содан соң бір-бірімізді қайтып көрмеспіз. Тағдырдың жазуы солай болайын деп түр.

Ол алда не болатынын меңзегендей, айнала қоршаған тау шоқыларына суына қарады. Қар астынан бір көрініп, бір көрінбей жатқан жол сілеміне де тосырқай көз жүгіртті. Аңшы досынан



сұрап алған өрмекші «Уазик» осындай қиын жолдарға арнап жарақталған таптырмас көлік. Ішінде қолдан жасалған кішкене темір пешке дейін бар. Жолда қалсаң да өлмейсің. Бірақ ол өлімнен қорқып келе жатқан жоқ. Баласымен бірге алты ай қыс жан аяғы баспайтын осы елсіз тауда мәңгі қалып қойса да армансыз болар еді-ау, әйтең!

«Құтылу керек, құтылмасам болмайды», – деді ойын шегелеп. Тоқсанда да тобықтай түйіліп отыратын әкесі дәл құлағының түбінен кәрі бүркітше саңқ еткендей болды. Әкесі бір сөзді адам еді, бірақ мына ісіне аруағы разы бола қоймас. Көзі тірісінде соңғы бір барғанында: «Халің қалай, әке?» – деп арбаңдап, екі қолын соза ұмтылған. Сонда әкесі: «Халдің несін сұрайсың, балам, Уайым жоқ болса, уайым тауып алам, Қайғы жоқ болса, қайғы тауып алам, Кәрі көңіл анаған да алаң, мынаған да алаң», – деп таусыла сөйлеген. «Жарықтық, бұл кісі неге разы емес?», – деп қатты уайымдағаны есінде. Сөйтсе үлкен адамдікі үлкен уайым, ұлы қайғы екен-ау.

Ақ кимешекті анасы да райынан қайтарғысы келгендей, қайта-қайта көз алдына келе берді. Обалы не керек, бала болып та, есейген кезінде де анасын еш ренжіткен жері жоқ. «Алланың разылығы – ата-ананың разылығында, Алланың ашуы – ата-ананың ашуында» деген қасиетті хадистің сөзін бұлжытпай орындағандардың бірі өзі шығар. Әсіресе: «Жәннаттың кілті – анаңның табанының астында» деген қағидатқа толықтай мойынсұнып, ес білгеннен анасының қабағына қарайлайтын да жүретін. Соның бәрі бір жалғыздың кесірінен ит жалағандай жуылып-шайылып кетпек пе енді?!

Ақ қағаздай аппақ бейкүнә бәйбішесі де көз алдынан көлбең еткенге ұқсады. Баласы теріс жолға түскелі бері әр күн сайын бір тал шашы ағарып отырғанына дәлел іздеудің қажеті де шамалы. Санасыз неме өзін ғана азапқа салып қоймай, анасын да тамұққа бірге тартып бара жатқанын қайдан түсінсін?! Сонда не, ана байғұс өмірімнің жартысы қайғы-қасіретпен өтсін деп туған ба бұл баланы?! Ол үшін отқа да, суға да түсуге дайын емес пе еді, әйтпесе?! Отағасының алдына түсіп көрмегендіктен емес, баласынан көңілі қатты қалғандықтан да араша сұрамады-ау, сорлы ана!

Маңдайшадағы айнаға қарап, өзінің мұздай қатқан қабағын көрді. Жо-жоқ, кері қайту туралы әңгіме жоқ. Шынын айтса, тозақтың қып-қызыл шоғына табаны қазірден-ақ күйіп келеді. Алайда басқа істер ешқандай амал-айла қалмады емес пе. Әкесіне баласын жазалауға рұхсат берсе, қашан жаман әдетін қойғанша өз қолымен зынданға тастаса да бір қарекетін жасар еді. Айтқанды тыңдамаса, ұрған-соққанға көнбесе не істеуге болады енді?!

– Сенде не жоқ, бәрі бар, – деді ол өзіне өзі тығыла сөйлеп. – Ештеңеден мұқтаждық көрсеткен кезім жоқ. Егер түсінсең, бар дүниені басқа теуіп бара жатырсың. Бір күн сау жүрген кезің болмайтын болды. Бомж болмағанда нең қалды?

– Әке-е-е, – деді баласы сүлік сорғандай бозарып, – шөп бар ма?

– Тек, – деп тіксініп қалды әкесі, – атама ол нәлетті!

Өрмекші «Уазик» асудан түсе беріп, лық етіп

тоқтады. Ары қарай мәшиненің ізін салғысы келмеген. Баласын көліктен қолтықтап түсіріп жатып, бетіне анықтап тағы қарады. Арық адамның қабағы, көзі, мұрны, құлағы бәрі бір-бірімен біріккісі келмегендей бөлек-бөлек көрінеді екен. Іші елжірей бастаған секілденді. Тамағына тас тығылғандай қинала тіл қатты.

– Құлыным-ай, қу шұнақ құдайға не жаздық екен екеуміз? Шешеңе не бетімді айтып барамын енді? Қара жердің бетінде күнәнді қалай көтеріп жүрем? Сен туғанда өстіп сорлап қаламыз деп ойлап па едік? Есіңді неге жимадың, көкем? Бізді неге сонша қинадың, көкем? Тас маңдайымызға неге сыймадың, көкем?

– Әке-е-е, – деді баласы қолтығынан ұстамаса құлап қалатындай тәлтіректеп, – сен мені қайда әкелдің?

– Қазір көресің, – деді әкесі баласының жүзіне тура қарай алмай жалтарып, – сен жүрген жерлерден әлдеқайда таза жер бұл.

– Мен құсам.

Баласы тәлтіректеп, мәшиненің арғы жағына қарай жүрді. Қысылған түрі шығар деп, қасына барған жоқ. Кішкене тосты да, баласының мыңғырлап сөйлеген дауысын естіді. Мастықпен сөйлеп тұрған шығар деп ойлады. Соның арасынша баласы қолындағы қарайған затты тасқа бір ұрды да, жан шошырлықтай жабайы дауыспен бақырып жіберді. Екі-ақ аттап қасына жетіп барып, жерде күл-паршасы шығып шашылып жатқан арзанқол қалта телефонды көрді.

– Оның не? – деді әдетінше ежірейіп. – Кіммен сөйлестің? Не айттың?

Мен туралы бірдеңе дедің бе? Айт, қане!

Жаңағы жаны ашып тұрғанының бәрі табан астында ұмытылып, қалай қолы жүгіріп кеткенін өзі де байқамай қалды. Бүгілген саусақтар шекесін қызарта дік-дік етіп тиді. Тағы ұра жаздап, оқталып барып тоқтады.

– Түк естілмейді, – деді баласы ашуын баса алмай дір-дір етіп. – Ешкімге ештеңе дегем жоқ. Жәй бір досыммен сөйлесіп қояйын дегем.

– Естілмесе сындырамысың? – деді әкесі бар шаруа соған тіреліп тұрғандай дікеңдеп. – Дүниенің қадірін білмейсің.

– Енді оның маған керегі болмайды ғой, – деген баласының көздері сап-сау адамның көздеріндей мөлдірей қалды. – Саған бере салсам да болғандай екен.

Жүрек тұсы ине сұғып алғандай шым ете түсті. Ұлының кішкене күнінде істейтін тәтті қылықтары еміс-еміс көз алдына келді. Таяқты ат қып мінсе, бастық болады деп, домбыра ғып тартса, өлеңші болады деп жүре беріпті. Неғылса да жәй адам болмайтынына күмәнсіз сеніпті. Сондағы көрсеткен тәтті қылықтарына ұзағырақ алданып қалыпты. «Өскенде сендерді өрік-мейіз беріп бағам» деген баланың түрі міне, өз жанын өзі алып жүре алмай жүр енді.

– Жүз грамм жоқ па?

– Бар, бар, қазір берем.

Енді кешіксе айнып қалатындай, баласын тау ішіне қарай жетектей жөнелді. Баласы хайуандық түйсікпен әлдебір жаманшылықтың иісін сезгендей, әлсіз тартынып, қарсылық көрсеткен болды. Бірақ әкесінің әлеуетті қолдары еркіне қоймай, дедек қақтырып әкетті. Түбі ойпаңдау, шеті жарлауыт терең шұңқырдың шетіне келіп

тірелді. Келді де әкесі ту сыртынан тұрып, асығыс итеріп кеп жіберді. Ербең еткенін байқады, бірақ қалай құлағанын көргісі келмей тез теріс айналып кетті. Мәшинеден қойнына тығып әкелген бір шиша арақты да теріс қарап тұрып домалата салды.

– Құлыным, құлыным! Көкем, көкем! Сені алғанша мені алса етті, қу шұнақ құдай! – деп зарланған дауыс естілді.

Баласы әкем ұратын шығар, қазір артымнан келіп тепкілейтін шығар деп, бүк түсіп жата қалған. «Енді ұрсам қолым сынсын» деген әкесі одан кейін де талай ұрған. Қазір де өне ұрады, міне тебеді деп, ту сыртын тосқан бейшараның күткені болмай, басын көтергенде көзі қасында жатқан бір шиша араққа түсті.

– Әке!.. Рахмет, әке!.. Осыдан кейін аузыма татып алмаймын, әке!.. Ренжімеші, әкетай!..

Не әкесін, не арақты таңдарын білмегендей, үсті-басы қар-қар болып, бүкшиген қалпы бөгеле берген. Арада бірер минут жертабандап өткенде, бұған бірі шың, бірі құз сияқты көрінген екі жолдың бірін таңдаудың керегі де болмай қалып еді. Себебі, алпыстағы әкесі ұзын адымдарымен аттап-пұттап, серейген бойымен серең-серең етіп, бұдан өзі қашып бара жатқан болатын. Қашқанда да «балам есін жиып алып, артымнан айқайлап жүре ме?» деп қашқан секілді. Ұзай беріп, «астына төсеп жатқанға үстімдегі күртемді тастап кетсем бе екен?» деп бір кідірді. «Соңғы рет түрін бір көріп, қоштасып кетсем бе екен?» деп екі кідірді. «Бізді кешір» деп, кешірім сұрап кеткісі келіп тағы кідірді. Бірақ баласы артынан айқайлаған да, бақырып-шақырған да жоқ.

Ол әуелгіде бір шиша арақты таусылмайтын көл сияқты көрген. Көл жағасында жатқандай көсіле жатып, керегін кеңірдектей сімірген. Көлдің түбі көрінгенде, өзінің көл табанындай қайраң шұңқырда неғып жатқанын түсінбей дымы құрыған. Бұтадай ербитіп, қалтыраған қолдарын жоғары созған. Көздері үңірейіп ішіне түсіп кеткен, бүкіл бетінде сарайып мұрны ғана қалған. Кенет төбесінен алып бүркіт төніп келе жатқандай айналасын түгел көлеңке жапты. Бүркіт дегені шұңқырдың биік ернеуінен еңкейіп, құлашын жаза ұмсынған әкесі сияқты көрінді әуелі. Құдай бере салған жазық маңдайына, күлімсіреген нұрлы жанарларына, дөңгеленген шырайлы әлпетіне бар әлемнің мейірі сыйып кеткендей елжірейді. Бірақ ағаш тамырларындай төмен салбыраған салалы саусақтарға енді жеттім дегенде, қолы ештеңеге ілікпей ауа қармап қалды. Ұстаймын деген жерінде әкесі жоқ болып шықты. Оның орнында ту сыртынан батып бара жатқан күнге құйрығын бұлғап көкшолақ көкжал тұр. «Біттім!» деп ойлады, ешкімге керек болмай қалған жанын аса көп саудаламастан. Көкжал шұңқырға секіріп түсті де, екі қолымен басын ғана қорғалай құшақтап, еш қарсылықсыз берілген міскінге ақсиган азуын салды да жіберді. Сөйтті де тісі батар-батпастан басын қайта жұлып алды. Ыршып түсіп безектеп, оң жағынан бір өтті, сол жағынан бір өтті. Жел жағынан да, ық жағынан да қара тұмсығын төсеп-төсеп иіскеледі. Өлденеге назалана, ауаны қауып-қауып арс-арс етті. «Көк бөрі мені таныды», – деп ойлады ол санасы тұманданып. «Біз көк бөрінің ұрпағымыз» деген бір сөздің тамтығы көжедей ашыған миының бір

түкпірінен қылаң етіп бас көтерді. Соған қақталған балықтай қоқайып жатып, бір жағы қорыққаннан да қықықтап күлді байғұс. Көкшолақ көкжал болса, әбден арақ сіңген денеден мұңкіп шыққан жағымсыз иіс түршіктіргендей қыңсылап, кетейін десе кете алмай, тұрған орнында шырқ айналды.

Кенет көкшолақ көкжал шұңқырдан атылып шықты да, мұның көз алдында бұлың еткен құйрығы ғана қалып, бір секіріп жоқ болды. Көкжалды қара тұтқандай болып отырған басы, енді не істерін білмей, жан-жағына жалтақ-жалтақ қаранды. Жалғыздықтың жалмауызы иектеп-иектеп келіп, ту сыртынан үңірейе тап берген. Үсті-басы балшық-балшық болып, жын қаққандай өзімен өзі алыса кетті. Ары аунап, бері аунап түсіп жатып, бір кезде кеудесіне міне кетпек болған қара жынның қыл кеңірдегінен шап беріп ұстады. Ескі күртесінің қысқа жеңінен сорайған қолдар мен тарбайған саусақтар топырақтан шығып жатқан білеудей тамырға өлсе айырылмастай болып, сарт-сарт жабысты. Ол осы кезде шынында да жалмауыз кемпірге ұқсаған біреуді қылғындырып жатырмын деп ойлаған. Өткен жазда ғана малшылар шауып әкеткен жалғыз түп қарағаштың тамырларында әлі де жан бар еді. Топырақтың астынан суырыла көтеріліп, ширатыла тарқатылды. Қай жерінен ұстап, қалай тартқыласа да үзілген жоқ. Шұңқырдан өзін өзі сыртқа қарай домалата тастаған міскін төбесінде бірден кеңіп сала берген аспанға қарап, біразға дейін өкпесінің сырылын баса алмай еңтігіп жатты. «Әкем көмектеспеді, Құдай көмектесті» деп күбір етті, ептеп есін жиған соң.

## 10.

Баласы ондай күйде болғанда, анасы қандай күйде болады? Әрбір айтылған әңгіме: «Сен тапқан бала» дегендей қақ жүректен тиіп жатса қандай күйде болушы еді? Тіпті солай айтпаса да, тап солай атап айтса екен деп, өз жанын өзі тырнап отыратынын қайтерсің?

Бейкүнә бәйбіше тілін жұтып қойғандай кеше де жым-жырт, бүгін де жым-жырт. Қаласаң ана бұрышқа, қаламасаң мына бұрышқа жылжытып қоя беретін осы үйдің бір жиһаздық мүлкіне айналған сияқты. «Ерлі-зайыптылардың біреуінің еркі болып, біреуінің еркі болмаса, екеуі де бақытты өмір сүреді» дегендері қайда?

Осы үйде не жетпейді десе, темірдей тәртіп жетпепті. Темірдей тәртіпті өзі түзде орнатады, ал үйде әйел орнатуы керек. Өз кінәсін біле ме, жалғыз ұлды елсіз тауға апарып тастағалы бері ол да қыңқ демеді. Тек онсыз да қан-сөлсіз беті әктелген қабырға құсап ағара берді, ағара берді.

– Сен күрсінгенде мына тас қабырға жарылып кете жаздайды, – деді таудай кісі ұрынарға қара таппай дүрдиіп.

– Саған ұнамаса, далаға шығып кетейін, – деді бәйбішесі өз-өзінен жасқаншақтап. – Сенің жаның тыныш болсыншы, әйтеуір.

– Сөйтсең-сөйт, – деді таудай кісі қайтер екен деп. – Кешелі бері осы үйде сенің күрсінгеніңнен басқа ештеңе естігемін жоқ.

– Баладан құтылдың, енді меннен де құтыл.

Қандай жағдай болса да әйелдің аты әйел. Төркініне кететіндей тепсіне қалғанын қарашы. Үндемесе сол күйі салысын қалыңдап салып, күртесін иығына іліп, далаға шығып кетпек. Бойы



ұзын болғанымен, бар денесі бос кеуек тәрізді. Күш-қайратының бәрін жалғыз баланың қайғысы алып қойғандай жүрген-тұрғаны құр ербең, әйтеуір.

– Тоқта, – деді таудай кісі зілсіз күңк етіп. – Далаға барып мені қай жетістірерсің. Одан да ішінде не бар, айт осы жерде.

– Саған бірдеңе деп, өле алмай жүрмін бе?

Ұятты тіл оңдырмай, түп-тура жүрек тұсынан шақты. «Өз балаңды өзің өлтіріп келдің» деп отыр. Басқа уақытта болса, «не танып отырсың?» деп орнына қояр еді. Бұл жолы жаратқан Алланың алдында күнәсі үлкен екенін іші біліп, үндемеді. Онсыз да өзін өзі сабатып алатын адам таппай отыр. Тәні ауырса жанының ауырғаны жеңілдейтін сияқты.

– Қар ерте жауды биыл. – Әйел адам үшін ойындағы сөзін айта алмау қандай ауыр? Бұл бәйбішесін сондай дәрежеге дейін жеткізген бе сонда? Осы уақытқа дейін жігерін жер ғып, намысын таптап, қорлап келген бе? – Қар ерте жауса, көктем ерте шығады деуші едің ғой.

Бейкүнә бәйбіше күртесін іліп, салысын шешті. Томпып қасына келіп отырды. Отырды да көкірегі ашығандай ауырсына қабақ шытып, біреу кеудесінен басып тұрғандай іштен тұншыға тағы күрсініп жіберді. Таудай кісі саған дауа жоқ екен дегендей, көзін алайтты да қойды. Үй іші үйреншікті үнсіздіктің құшағына еніп, мысықтың тышқан аңдығанындай жым-жырт бола қалды. Тышқаны құрғыр да шығып болмады, мысық шіркін де міз бағар емес. Кенет қара телефон шыр ете қалды да, екеуі де дәл қастарынан қара мысық атып шыққандай селк ете түсті. Ол орнынан үй көшкендей қопарыла көтеріліп

барып, қара телефонның қасына сүріне-қабына жетіп болғанша, бәйбішесі аңырап ойбайды салды да жіберді. Ол телефон құлағын тас көтергендей сығымдай ұстап, сала-сала ұзын саусақтарымен білемдей қысып, орнынан сықырлата бір жаншып барып жұлып алды.

– Ассалаумағалейкум, Таубай шал! – Аузын толтырып сөйлегенде құлағыңды қоса асап жібере жаздап сөйлейтін нәннің дауысын жазбай таныды. – Сен екеуміз хабарласпағалы қанша жаз, қанша қыс өтті?

– Уағаликумассалам, – деді таудай кісі өзін өзер-өзер сабырға шақырып. – Қанша жаз өтсе, сонша қыс өтеді де. – Екпінін бассын деп әдейі танымағансыды. – Бұл кім?

– Қартайыпсың, Таубай шал, қартайыпсың. – Зілсіз де мінсіз тоқ күлкі тебіндей үйірсектеді. – Білем, білем, бала ғой сені қартайтқан.

– Әлі телефон жаттайсың ба? – деді таудай кісі жұлып алғандай. – Әлде блокнотыңнан тауып алдың ба?

– Ә, бәсе, кәрі көкжал, – анау кәдімгідей марқайып қалды, – бұрынғы жаттағандарымды ұмытпаймын, кейінгілері есте тұрмайтын болды.

– Ұлғайғанның белгісі шығар, – таудай кісі сықсыңдап жылап отырған бәйбішесіне ала көзімен жасқай қарады. – Уақыт деген патша өз дегенін бәрібір алады.

– Әй, мынау өмірден жеңіле бастаған адамның сөзі ғой, – баяғысынша шен көрмей үстемси сөйледі, – біз темір адамдар емес пе едік, ә?!

– Сен бір хабар естігеннен сауымысың өзі? – деген таудай кісінің жүрегі суылдап кетті. – Әлгі азаматың қайда, үйде ме?

– Неге шошыдың? – анау айылын жияр емес.

– Міне, осымен үш айдай болды, балам көшеге аттап басып шыққан жоқ. Сондықтан сенің балаң не істесе де өзі істеді.

– Менің балам не істепті? – деді таудай кісі іші қылып ете қалып. – Күлбілтелемей турасын айт.

– Телефонмен болмайды, – кесіп сөйлейтін ескі әдеті әлі қалмапты, – үйге кел.

– Үй бұрынғы ма? – деді таудай кісі біреу қылмысының үстінен түскендей күбіжіктеп. – Су қоймасының қасында емес пе?

– Бұрынғы, бұрынғы, – маңғаз дауыс әлденені жұмбақтағандай құмбылдана қалды. – Жолды білесің. Кел!

Телефон құлағын қояр-қоймастан бірден киіміне ұмтылды. Қолы қалтырады, тізесі дірілдеді, құлағы жымырылып, құйқасы жыбырлады. Бір жеңін киіп болғанша, бір аяғын сұғып та үлгерді. Бағанадан бері әр қимылын көзімен бағып отырған бәйбішесі қосарлана жүгірді. Аяғына оралып, бас киімін әперіп, бәйек болып жүр. Сұрағысы келеді, сұрай алмайды, жылағысы келеді, жылай алмайды. Уыстан шығарып алған ана бақыты қайта оралмасын іші сезсе де елеңдей береді, алаңдай береді.

– Бекайдар! – деді таудай кісі осы есімнің өзі бірталай дүниеден хабар беретініне сенімді түрмен қадап айтып. – Баласы біздің баламен мектепте бірге оқып еді ғой. Екеуі қосылып алып, істемегендері жоқ.

– Сол неғыпты? – деген бәйбішеден одан сайын дегбір қашты. – Екеуің сол балалар үшін кетіспеп пе едіңдер? Енді қайтып жүз көріспейтіндей болғандарың қайда? Аяқ астынан неге керек бола қалыпсың?

– Итім біліп пе? – Ол ойы бір жақта, өзі бір жақта тұрғандай алақтады. – Балам адам болды дейді. Ана бір жылы сыртынан көргенімде саудасы біткен бала сияқты еді.

– Біздің ұлды да бір... – бөйбішесі қыстыға жылап жіберді, – бір... тағы бір... – сұқ саусағын безбеңдете шошайтып алыпты, – тағы бір рет емдетіп көру керек еді...

Бөйбіше сол безбеңдеген күйі қалды, боздап жылаған дауыс бұл қашан қақпадан шығып кеткенше естіліп тұрды. Қақпа сыртында қаңтарылған «Уазикке» міне қашқандай болды тура. Кең көшеден тар көшеге түсіп, екі айналмай-ақ жетіп барды. Биік қоршау бұл үйде жасырын бір сыр бардай, еріксіз назар аудартады. Кісі бойынан аса кірпіш қаланып, одан әрі тағы сондай бағана орнатылып, арасы қалың қаңылтыр темірмен жабылған. Найза тісті жасыл қақпа да қараған адамның мысын басып зәңкиіп тұр. Түйме көз бейнекамера әр қимылыңды аңдып, суық жылтырайды.

Бекайдар баяғы Бекайдар болса, біраз өнер көрсетуге тиіс деп ойлаған. Ойының дәл келгенін сыртқы есік сық етіп өзі ашылғанда сезді. Жұмырқұлақ дәу қазақы төбет әуіп етіп үрді. Басқа иттердей арпалыса кетпей, ұясынан шыға алмайтынын біліп, әуіп етіп үрді де қойды. Есік магнитпен тартып алғандай, сық етіп қайта жабылды. Екі қабатты үлкен үйдің алдынан ескерткіш құсап қоқиған таныс сұлба көрінді. Қозғалса тұғырынан түсіп қалатындай міз бағар емес.

– Кел, кел, – деді тағы да әлдебір жұмбақты ішіне жасырғандай мардымси жымыып.

Амал жоқ, барды, амал жоқ, қолын алды. Ол да қазақтың түйедей бір азаматы. Екеуі қатар тұрса, күннің көзі жабылып қалуы мүмкін. Өлденелерді айтып, бақ жаққа қарай кетіп бара жатты. Сырттарынан қарағанда екеуі екі тіреу секілді. Олардың қолдарынан келмейтін бірдеңе бар десе, ешкім сенбейді. Ағайынның арқа сүйер асқар тауым дейтіні осы кісілер. Алайда бәріне шамасы жетіп, балаға шамасы жетпеген екеудің пұшайман халі бәрібір білініп тұр.

– Балам өзі де қорқып кеткен болу керек, – деді Бекайдар осыны бекер істедің дегендей маңғазсып. – Бірден маған айтты.

– Біреуге телефон соққанын көрдім, бірақ ешкіммен сөйлескен жоқпын деп алдады, – деді таудай кісі қап-қара боп түтігіп кетіп. – Жанының тәттісін қара. Күш-ік!..

– Менің не істегенімді көресің бе? – деді Бекайдар мұның жанында есебі түгел адамдай күлмеңдеп. – Мен де сен құсап құтыла алмай әлек болдым ғой. Басында жындыханаға өткізіп жібергім келген. Артынан бір амалын таптым.

– Жасамаған амалым қалмады, – деді таудай кісі ақталғандай. – Жұртқа арақ ішіп кетті деп қоямыз. Нашақорлыққа қарағанда маскүнемдікті үйреншікті нәрсе сияқты көреміз-ау.

– Әй, Таубай, сен не білесің, – деген Бекайдар тағы бір құпияның шетін шығарды. – Мен қазір бірдеңе көрсетем саған. Жүр, ер маған!

Ортақ сыр араларын жақындата түскендей, өзімсініп шынтағынан тартты. Бақ жақта әңгімелесіп отырған қыз бен жігіт бұларды көріп, орындарынан өре тұрды. Олар тұра бергенде, темір салдырлады. Әуелгіде жігіт қолына шынжыр

ұстап тұр екен деп қалды. Аяғында да шынжыр бар екенін көріп, шошып кетті. Қол-аяғын тас қып кісендеп тастапты. Бірақ қабағы ашық, түрі-басы ретке келген, ептеп ет ала бастаған. Қасындағы қыздың да өңі тәуір, бойы түзу, бұрымы ұзын.

– Ауылдан қатын әкеп бердім, – деді Бекайдар масаттанып. – Үй бар, жай бар, әке-шешесі келісті. Құдай қаласа немере де сүйіп қалармыз. Бізге не керек, немере иіскетсе болды емес пе, а?!

Бекайдар өз істеген ісіне қолдау күткендей, бетіне анықтап қадала қарады. Оқыстан суына қалған түрінде: «Саған қарағанда адаммын ғой» дегендей тәкаппарлық бар. Бұл басын еріксіз изеп қалғанмен, аузынан бір сөз шыққан жоқ. «Осы іс неге менің қолымнан келмеді?» деген ой дем арасында жанын жеп жіберді.

– Е-е, сен не білесің, – деді Бекайдар әлгі бір сөзін қайта қайталап. – Мен бұлардың өмірін әбден зерттедім. Біраз нәрсеге көзім жетті. Сенің балаңның да, менің баламның да еш кінәсі жоқ.

– Кінәсі жоғы қалай? – деді таудай кісі басқаша ойлап қалып. – Сонда біз бе екенбіз бұларды осындай жолға салған? Нені айта алмай тұрсың, айт!

– Айтсам былай, – деді Бекайдар аналарға естіртпей ақырын күбірлеп. – Бұл жерде саясат та, пәле де жоқ. Ол кезде біздің астыртын ұйымдар әрқайсымыздың бала-шағамызбен айналыса қоятындай дәрежеде емес болатын.

– Шатасқан мыйға не келмейді, – деді таудай кісі өз-өзінен төменшіктеп. – Оған ешқандай дәлелім жоқ. Қиналғанда басыма сондай ой келгені рас. Қанша жыл өтсе де ұмытпай, есіңе сақтап жүріпсің.

– Иә, сен айтқан соң мен де солай ойлағам, – деді Бекайдар қосүрей күндерді есіне алғандай қасына тақала түсіп. – Ескі қоғам құлап, жаңа қоғам орнады. Сені мен біз сол жаңа қоғамнан жанталасып орын іздегендерге ердік. Сен тіпті жетекшілердің қатарына қосылып кете жаздадың. Білімің бар, кеудең бар, өткір тілің бар.

– Ал? – деді таудай кісі мынау қайда-қайда бастап бара жатыр дегендей аңтарылып. – Ол күндер өтті кетті. Түсінбеген нәрсе болса, түсіндік. Оның несін қазбалай бересің?

– Мәселе сонда болып тұр, – деген Бекайдардың жүзі де, сөзі де өткірленіп бара жатты. – Иесіз қалған малды не істейді? Біз сайлау деп, құрылтай деп шапқылап жүргенде бала-шаға иесіз қалды. Жаңа қоғамнан жайлы орын сайлағысы келгендер біз ғана деймісің?

– Бұл сөзіңмен келіспеймін, – деді таудай кісі қанша тыныш құтылғысы келіп тұрса да қитығы ұстап. – Ол кезде біздің белгілі мақсаттарымыз болған. Қателесек қателескен шығармыз. Кім қателеспеді ол кезде?

– Мейлі! – деп келісе кетті Бекайдар. – Бірақ, ұры-қарылар мен түрлі қылмыстық топтар да сол кезде қаптады емес пе. Солар жақсы киініп, жылтырап жүрген балаларды алдап торына түсірді. Балаларымыз арқылы тапқан-таянғанымызды өмір бойы сорып отыру үшін, сені мен менің ойымызға келмейтін әрекеттер жасады. Балаларымызды ауыздандырып, өздеріне тәуелді қылып қойды. Қаншама игі жақсылардың тұқым-тұяғы нашақор болып кетті, құмар ойынның құлы боп кетті. Өзіміз білетін менмін деген азаматтарды санап көрші, қане. Араларында мемлекет ісіне

араласқан, облыс, қала басқарған адамдар да бар. Басқасын былай қойғанда, анау атақты актерымыз үш бірдей баласынан айырылып қалған жоқ па?

Бекайдар өзін өзі ұмытып, дауысы қатты-қатты шығып, бастырмалата сөйлеп кетті. Бақтағы жігіттің қолындағы шынжыр мазасыз салдырлай бастады. Келіншегі оны арқасынан сипап, тыныштандырғысы келіп әлектеніп жатыр. Таудай кісі бұл үйдегі бар тірліктің шыныдай шытынап тұрғанын сезе қойды. Бекайдар қалай тез тұтанса, солай тез басылып, қанын ішіне тартып алды. Келіншегінің ырқына көнген жігіт те аяқ-қолындағы шынжыр салдырлап, сарай жаққа қарай жылыстай берді. «Құдай сәтімен кезіктірген келін екен», – деп ойлады таудай кісі.

## 11.

Түннің бір уағында кеудесін кернеген шер мен наладан жарылардай боп, атылып далаға шыққан. «Бір нәрсені ұмытқанымды білем, бірақ не нәрсені ұмытқанымды білмеймін» депті біреу. Көшенің ар жағындағы тоғыз қабатты үйдің тоғызыншы қабатындағы жетім балкон мен соқыр терезеге есіне түскенде ғана қарап қойып жүрген. Қазір де қайда барарын білмей дал болып тұрып, сол жаққа жәй ғана қарай салған. Кенет сол жәй ғана қарай салған жерінен, біраз күнен бері жетімсіреп тұрған ұядай балконның түпкі қуысынан жарқ етіп көрінген жарық кеудесіндегі соқыр үміттің қоламтасын көсеп кеп жібергені. «Тана ма?» деген үміт, «Әлде басқа пәтерші ме?» деген күмәнға жеңістік бергісі келмей, дүрс-дүрс соққан жүрегімен бірге арпалыса жөнелді.

Бірақ, мынандай қаралы жағдайда жеңіл-



тектікке салынып, тұра шабуға дәті барған жоқ. Қанша ындыны құрып тұрса да, «ертең де күн бар ғой» деп, көңілін басқа жаққа бұрды. Соңғы оқиғалардың әсері аптыққан көңілін сабасына түсіріп, өзі де өзгере бастаған тәрізді. Ішкі жандүниесі күздің жабырқау күндеріндей салқын тартып-ақ қалыпты. Сұрлана суынған күзгі аспандағы жалғыз-жарым жұлдыздарға сығырая қараған. Осы жұлдыздардың да кей-кейде жанына жақын бір естеліктерді сана түкпірінен тірілте қоятыны бар. Қаланың аспанындағы жұлдыздар қараса, даланың аспанындағы жұлдыздар елестейді. Далада, тауда түнеген кездерінде қол созым жерде жамырай қалатын жұлдыздар ең әуелі қызығы қырғын аңшылықты еске түсірер еді. Қазір де сондай бір айлы түндегі қалың қарағайлы биік-биік таулардың тұнық та тымық суреті көз алдына келе қалған. Прожектор жарығы айнала тау қоршаған аламан бөйгенің жазығында андыздай қашқан құба жон қасқырларды санап алақанға салғандай, көз алдарына әкеп тоса қойды. Тарс-тұрс атылған мылтық дауысы тау мен түннің тыныштығын қарс-қарс айырып, әп-сәтте әптер-тәптерін шығарып, астын үстіне келтірді. Аламан жазықтың ана басынан да, мына басынан да оқ зулап, от ұшқындады. Оқ тиген қасқырлар көкке шапши секіріп, өздерін өздері қайырыла қауып тістеп, бірінен соң бірі омақаса құлап, құдды майдан даласындағыдай анда да жайрап түсіп жатты, мұнда да жайрап түсіп жатты. Мылтықтар қалай бір мезгілде атылса, бір мезгілде солай сап басылып, аңшылардың бірін-бірі атап шақырған дауыстары естілді.

— Кәрімбек, қайдасың? Ұйқтап қалған жоқсың ба?

– Оң қапталдағы тосқауылда кім болды? Әй, оғың аспанға ұшты ғой сенің, ракета құсап.

– Мен үшеуін құлаттым жігіттер.

– Бәрін сен атсаң, біз не істептік сонда?

– Әй, мен жаққа оқ атқан қай көксоққан?

Дабырласқан дауыстар әр-әр жерден шығып, қолдарындағы мылтықтары шошайған аңшылар прожектордың жарығына жинала бастады. Өлген қасқырларды аралап көрместен бұрын шыртылдата жаққан оттықтарын алақандарымен қалқалап, біріне бірі ықыластана шоқ ұсынып, темекі тұтатып тартты. Содан соң езулеріндегі шоқтарын өшірмеген күйі аламан жазыққа андыздай тарап, бір бағытпен бытырай жайылып кетті. Өздері атып құлатқан қасқырларды тұспалдап тауып, мылтықтарының ұшымен түрткілеп көріп, өлгендеріне көздері анық жеткен соң қызыл сирақтарынан ұстап теріп алып жүр. Бір тұстан қаңқ еткен қасқыр мен шаңқ еткен мылтық дауысы қатар шығып, бағанадан бері жаралы жатқан бұл қасқыр ерекше өліммен өлгендей, бәрі жүгірісіп сонда келді.

– Алқымнан ала түсейін деп, аңдып жатқан ба мына пәле?

– Әй, Таубай шоқпардай жұдырығыңмен қара тұмсықтан салып қалмадың ба?

– Қаншығы мұндай, көкжалы қандай десеңші әуелі!

– Мен де көрдім, тайыншадай дәу көкшолақ көкжал екен.

– Осы қаншығын атам деп, сол көжалынан айырылып қалған жоқпын ба.

– Әй, неге?

– Ойбай-ау, көкжалын атпадың ба бірінші?

– Күшіктейтін қаншығы ғой деп, қаншығын атқам.

– Көкжал құтылып кетті ме сонымен?

– Қарағайдың арасына ілігіп жоқ болды.

– Қап, ертсең иттің сырттанын ерт, алсаң қасқырдың арланын ал деген қайда?

– Атып үлгеруін үлгердім, бірақ тигізе алмадым.

Таубай өкіне мойын бұрған жаққа басқалар да өлгі арлан өзі қайтып келетіндей үңілісе-үңілісе қалған. Алайда келсең-кел деп, қалың қарағай арасында күтініп тұрған көкжал жоқ. Бүкіл армандары орындалып, басты бір армандары орындалмай қалғандай өкінісіп қайтқан сол жолы. Неге екенін білмейді, әйтеуір қалың қарағай арасына сіңіп бара жатқан көкжалдың қараң-құраң сұлбасы көпке дейін көз алдынан кетпей жүрді. Талай мәрте түсіне де кіріп, түсіне кіргенде де естен кетпестей шошынта кіріп, кейін бәрібір ұмыт болған. Тауға өз қолымен апарып тастаған баласының жайы бәрінен бұрын сол көкшолақ көжалды қайта-қайта есіне сала беріп еді. Қаралы хабарға қанша дайын болғанмен, кекті қасқыр баласын тап қазір талап жатқандай алау-далау болды іші.

Шерлі көңілін жұбататын бұл дүниеде енді бір-ақ адам бар, алайда оның да қасынан табылартаны табылмасы әл-әзірге толық белгісіз. Жаңағы көрген жарықты іздеп, тоғыз қабатты үйдің терезелерін жағалата жүгірткен көздері таныс балконға тіреле тоқтаған. Балконда қылтиып тұрған Тананы нобайынан-ақ бірден танып, іші-бауыры езіле жаншылып кетті. «Келдің бе, келген екенсің ғой», – деді оймақтай ғана сүп-сүйкімді

құлағына аузын тақап тұрғандай ентiге сыбырлап. «Бара алмаймын, жаным, бара алмаймын», – дедi ащы өксiктен көкiрегі тiлiне күбiрлеп.

Бiрақ көңiл деген қиын, сезiм деген одан да өткен тiлазар, ал ақыл көңiл мен сезiм тыныш кезде ғана ақыл. Әсiресе құсалы адам күйрек келедi, көңiлi бос, сезiмi соқыр. Таубай таудай болғанмен, тап қазiр оның да iшi бос кеуек сияқты. Тана сағынып келген шығар, сағынып келсе сағы сынып жүрмей ме деген дәмелi ой жеңiп барады. Тым құрығанда қарасын көрсеткiсi келiп, дөңкиiп қақпаныңсыртына шығып тұрды. Тоғызқабатты үй түгел самаладай жарық, керiсiнше бұл жақ тастай қараңғы. Тананың қозғала қоймағанын байқап, көрмей тұр ма деп, көше бойындағы жарығырақ жерге қарай жылжыды. Тана сонда да селт етпедi, қолын да бұлғамады, тiптi қыбыр етiп қимылдаған да жоқ. Ол одан әрi шыдап тұра алмай, көлiк тасқыны сиреген көшенi қиып өтiп, басындағы қалпағын қолымен басып тағы шалқалаған. Тана сол қалпы мiз бақпады, илiп ишара да бiлдiрмедi, не ары кетiп те қалмады. Бұл неткен төзiм, неғылған сабыр, қандай тасжүрек? Әлде жақсы көрмей ме, бәрi жалған ба, құр әурешiлiк пе? Бәсе, жиырма бестегi қыз алпыстағы шалды қайтсiн?

Мый қайнап, қан тасып, көз қарауытып, құлақ шыңылдап, жүрек шымылдап, екi шеке зырқылдап ала жөнелген. Үйдiң артынан айналып алдына жеткенше, тамтығы қалмады десе де болады. Лифтiмен тоғызыншы қабатқа көтерiлгенше, жарылатын жүрек жарылып-ақ кетер едi, жарылмады бiрақ. Қолы тиер-тиместен шиқ етiп ашылған есiктiң iлгегi неге салынбағанын ойлап та үлгермей, iшке кеуделеп кiрiп-ақ келдi.

Бар ойы таудай басымен: «Жолың ашық, бағың жансын» деп айту ғана болатын. Сол оймен кіріп келгенде, Тананың әлі да қақиып балконда тұрғанын көрді. Енді таңқалмасқа амалы қалмай, екпіні бірден басылған. Танадан көз алмаған күйі туфлин шешкен, иығынан сыпырылып түскен жеріне плащын тастаған. Қасына барған да, «бөлкім, соңғы рет кездесуіміз шығар» деп ойлап, сыртынан құшақтай алған. Тананың омырауы сусу екенін сонда бір-ақ біліп, еріксіз тосылып қалып еді.

– Келдіңіз бе, әйтеуір? – деді Тана кеудесіне мүп-мүздай басын қойып. – Үйден сағат кешкі алтыларда алып-ұшып жеткем. Содан бері сізді күтіп балконда тұрмын, есі ауған адам құсап. Қанша сағат болды өстіп тұрғаныма, қайда жүрсіз?

– Мен сені енді келмейтін шығар дегем. – Қапелімде аузына басқа сөз түспеді. – Неге қоштаспай кеттің?

– Қайтып келетініме сендім ғой. Ауылға барып алып, үш күн, үш түн көзім бір құрғамай жыладым. «Мына түріңмен өліп қаларсың» деп, шешем өзі жіберді. Келсем, сіз жоқсыз.

– Келдім ғой, жаным! Келдім ғой, міне!

Сөйтіп таудай кісі мен тарыдай тоқал бірін бірі бас салып, қайта көрісті.

## 12.

Күн санаған құм санағанмен бірдей. Таудай Таубай ойы далаға кетіп, қоңыртөбел жер үйінің түпкі бөлмесінде күн санап отыр.

«Бүгін нешесі? Кеше нешесі еді?...»

«Үш тәулік болды ма? Жоқ, екі тәулік... Жо-жоқ, екі жарым тәулік болуы керек!...»

«Сорлының бойында қанша қор бар дейсің. Адам аштан-аш қанша тәулікке шыдауы мүмкін?.. Бір шиша арақ бойын жылытса да, тамақ бола ма...».

Айналдырған екі-үш күннің есебіне жете алмай миы шатасқан. Қанша тәулік десе, сонша тәулік кірпік ілген жоқ. «Ендігі аштықтан өлмесе де суықтан өліп қалған шығар», – деп ойлады. Мас адам мұздағанын да білмей өліп қалуы мүмкін ғой. Елсіз тау ішінен сансыраған санасына суық инелерін сұққылай жеткен сүреңсіз көрініс бойын тітіркендіріп жіберді.

Қойдың жүніндей ұйпалақтанған шашы бұрынғыдан да ағарып кеткен. Кең маңдайындағы сызықтар соқа салғандай тереңдей түскен. Көздері құтырған бұқанікіндей алайып үлкейген. Самайынан төмен қарайғы терісі қатпар-қатпар, сай-сай, жықпыл-жықпыл.

Жаншошырлық көрініс көз алдына қайта келді. Ұйқысыз күндер мен түндерде бұл көрініс мың рет қайталанған шығар. Шынын айтса, жынданудың шақ алдында отыр. Мәшинені қазір айдап бара жатқандай, төсектің басын рөл ұстап отырғандай тас қып ұстап алды.

– Жүрегім бірдеңе болып барады, – деді бәйбішесі. – Бұдан арыға шыдайтын хал жоқ менде. Маған бірдеңе болып қалмай тұрғанда бар енді. Өлмесе өзін әкел, өлсе сүйегін әкел. Әкеп бер баламды!

– Барам, – деді ол сөзге келмей. – Әкелем, – деді түрі өрт сөндіргендей түтеленіп. – Сорлы жалғыз, – деді көзінен жас бырт-бырт үзіліп.

– Ойбай-ай! – Айтарын айтып алып, бәйбіше тағы бәйек болды. – Қайтем-ай! – Екі оттың

ортасында қалғандай тызалақтады. – Жалғыз барма! – Шалынан қоса айырылып қалатындай кемсең қақты. – Бекайдарды ертіп ал қасыңа.

– Сол Бекайдардың қолынан келген нәрсе менің қолымнан неге келмеді, а? – Шала-шарпы киініп тұрып, жар босағаға шөрелей шөкеледі. – Отымның басы, ошағымның қасын не жын айналдырды менің, а? – Шарасы таусылып, шарадай ақтарылды. – Сен мені енді кешіре алмассың, Бидайық! Өмір бойы қарғап өтерсің ішіңнен!

– Қой әрі, қарғағаны несі! – Бәйбішесі ұмтылып келіп, қолтығынан алды. – Жоқ пәле аузыңа қайдан түсті? – Шалының күйрегенін көріп, қатайып ала қойыпты. – Әлде өзім бірге барайын ба?

– Иен тауда үшеуміздің сүйегіміз үш жерде шашылып қалсын деймісің!

Айналасы екі-үш-ақ күнде шау қарғадай шәукілдеп қалған шал бәйбішесін сілкіп тастады. Орнынан тарпына көтерілгенде де таудай боп көрінген жоқ. «Ер арыса аруақ, ат арыса тулақ» деген осы. Бәйбішесінің көзі мөлііп, мүсіркей қарағанына одан сайын шамырқанды. Қайратын жиып, айбатын шақырып, азбандай арқырап шыға келді. Жол таппай қиналғанда кеудеге салатын ер мінезі көп жерде көтеріп кетеді. Абыройды ойлайтын сөт емес, бірақ азалы күнде де еркектің аты еркек. Бәйбішесі де орамалын шарт түйіп, алдағы болмай қоймайтын қайғылы жағдайға іштей дайын бола қалды.

Содан салып ұрып, Бекайдардың үйіне келген. Келсе, Бекайдар бақырауық түйедей бақ-бақ етіп отыр екен. Кешегі кесір маңғаздық пен тасыр төкаппарлықтың ізі де жоқ. Ала тақиясын басына

кептеп киіп алыпты. Қолында көрпе-жастықтың шаңын қағатын пластмассадан істелген сабау бар. Есігі ашық қалған сарайдан шынжыр кісен салдырлады. Жас келіншектің сыңсып жылаған дауысы естілді. Ар жақтан көлбеңдеп кемпірі көрінгендей болды да, есікті іштен сарт жауып ала қойды. Басқасын түсінсе де, ауылдан әкеліп түсірдік деген жас келіннің неге жылап отырғанын түсінбей таңырқаған.

– Ана сорлы қиналдым десе, мына қар көкнөр тасып жүріпті, – деп бетінен басты Бекайдар. – Біреудің баласына қолым тиіп кеткенін қарашы. Әке-шешесіне не бетімді айтамын енді? Әй, адам осыншалықты надан бола ма, соны айтшы? Анау хат жазып бере беріпті, мынау қарызға ала беріпті. Артынан қоңқиған біреулер қуып келіп тұр, қарасам. Аз ақша ем-е-е-с-с!..

Қолындағы пластмасса сабауды солқылдатып, аспанға шаншылта шаптықты. Кімге доқ көрсеткенін өзі біледі, бірақ жақтырмағаны білініп қалды. Басынан құс ұшырмаған адамның жер болғанын көрсе де көрмегенсіді.

– Тауға кетіп барам, Беке, – деді өзінің де жағдайы жетісіп тұрмағанын білдіруге асығып. – Ере жүрсең артық болмас еді. Жалғыз-ақ бара берейін енді. Бірінші рет көріп отырған құқай емес қой. Бұл да Алланың жіберген бір сынағы шығар, кім білген.

Басқа ештеңе деген жоқ, «жүре қал» деп те айтпады. Тізе бүккен жерінен тұрды да жүре берді. Өзі ашылып, өзі жабылатын есіктен тезірек шығып кеткісі келді. «Балаң бала болмаса, бәрі бекер екен-ау» деп ойлады ішінен. Бір қарасаң бәрі бар, бір қарасаң дымың жоқ. Оның да, мұның да



басындағы жағдайды дұшпаныңа да тілемессің. Іші удай ашып келіп, көлігіне мінді. «Тау, қайдасың?!» деп, жападан-жалғыз тартты да кетті.

Шеткі көшемен жүргеннің өзінде қала өмірі көз алдынан тізіліп өтіп жатыр. Көшедегі қараң-құраңның көптігінен бүгін күннің жексенбі екені есіне түсті. Қала тұрғындары жылы киініп, балаларын жетелеп, тау етегіндегі саябаққа қарай ағылып барады. Күздің әдеттен тыс шуақтана қалған бір күнін құр жібергісі келмей, бәрі көшеге шығып кеткен секілді.

Ақындардың бірі сұлуға, бірі салдақыға теңеген мына шаһардың шын қайнаған өмірі бұл емес, бірақ. Лондоннан шығар күнмен жарыса ұшып келіп, жолдастарымен бірге айналма жолдың бойындағы әне бір көпшілік асханадан таңғы ас ішкендері есіне түсті. Бірін бірі қимай, қызықты сапарды жалғай түскілері келіп әдейі бұрылған. Түс емес, кеш емес, таңғы алтыда асханада орын болмай қалғанда қатты таңданған. Бұлардың салықалы кісілер екенін көріп, зал меңгерушісі шетке таман қосымша үстел қойып берген сонда.

Жастықтың өзі сұлу көріне ме, қалай қараса да көз ала алмай телмірді келіп. Асханаға кілең әдемі де сәнді киінген қыздар мен жігіттер толып алыпты. Онда да кілең көрікті қыздар мен сымбатты жігіттер жинала қалғандай әсерге бөледі. Шырық бұзып, шатақ шығарған да ешкімді көрген жоқ. Тәбеттері ашылып, алдарындағы тағамдарын қарбыта-қарбыта асайды. Алғашында байқамапты, бір қараса бөрінің көздері тұңғыық-тұңғыық. Адамға да бірүрлі алдарынан ештеңе көріп тұрмағандай мағынасыз меңірейіп қарайды. Анда-санда қысқа-қысқа тіл қатысқандары

болмаса, бір-бірімен жарытып әңгімелесіп те отырған жоқ.

– Бұлар кімдер? – деген сұрақ еріксіз аузынан шығып кетті.

– Түнгі клубтан келгендер, – деді серіктерінің бірі.

– Түнгі клубта тамақ қымбат, бұл жерде арзан, – деді екіншісі.

– Түнгі клубта бұларға таблетка таратады, – деді үшіншісі.

Кенет бүкіл залды бір суық елес кезіп өткендей болды. Шынында да мыналардың басқа жастарға ұқсамайтынын байқады. Жүздері сынық, көздерінде от жоқ, жансыз қуыршақтар сияқты. Күнге күймеген, желге тимеген беттері балауызбен қапталғандай мінсіз. Мойындары қылдай жіңішке, денелері қалақтай жұқа. Соған қарамастан алдарына келген тағамды жапырып барады.

– Таблеткадан қарындары ашады, – деді әлгі үшінші білгіш.

– Таң атқанша жұлынып билейді, – деді екінші білгіш.

– Қазір күнімен, түнімен істейтін асханалар көбейді, – деді бірінші білгіш.

– Біз ғой, жолдан келе жатырмыз, – деді бұл. – Әйтпесе есі дұрыс адам таңғы алтыда асханадан ауқат іше ме?

Сөйткенше болмады, бір қыз орнынан тұрып, осылай қарай жүрді. Тал шыбықтай майысқан, талдырмаштау келген әдемі-ақ қыз. Үстіндегі киімдері де өзіне жарасымды қымбат киімдер екені көрініп тұр. Теріс жолға түскен қыз деуге ауыз бармайды. Мойнындағы алқа, құлағындағы

сырға көшеден тапқан дүние емес. Көшеден тапқан дүниенің құт болмасы былай да белгілі. «Ауқатты біреудің қызы шығар», – деп ойлады ол.

Байғұс қыз тілерсегі дірілдеп, қарға адым жерге жетіп болмады. Мәңгіп ана үстелдің басында бір тұрады, мына үстелдің басында бір тұрады. Кімді, нені іздеп жүргенін өзі де білмейді-ау, шамасы. Оған назар аударған бір жігіттің болмағаны одан сайын таңдандырды. Тіпті таяныш іздеп, бірекеуінің иығынан ұстап қалғанда да ешқайсы былқ етпеді.

– Үйіне апарып тастайық, – деді бұл шыдамай.

– Бәлесіне қаласың.

– Түбіркүлез бе, қайдан білесің?

– Әлде жаман ойың бар ма? – деп бас салды аналар.

Қаужаңдап ауқаттарын ішті. «Мен төлеймін», «Жоқ, мен төлеймін» деп таласып, ақшаларын төледі. Қастарына келіп тұрған қыз бұлардың бір де біреуіне тіктеп қараған жоқ. Далада маңып жүрген қырдың елігі адасып, адамдардың ортасына кіріп кеткен тәрізді.

– Қарағым, кімді таппай жүрсің? – деп қалды еріксіз.

Қыз селт етпеді де, жауап та қатпады. Көзі бар, көрмейді, құлағы бар, естімейді. Жар жағалаған балапан қаздай қалтылдап, келесі үстелге қарай жылжыды. Адам шошитындай ештеңесі жоқ, көп-көрім көрікті бала. Адамгершілігі бар жандар мұнда да жоқ емес көрінеді. Көкөрімдей бір бозбала қыздың жап-жаңа былғары күртесін бір жақтан тауып әкеліп, иығына жапты. Мұндайды күнде көріп жүргендей, серіктері оны елең қылмады да. Бұл болса, әлденеге алаңдап, артына қарайлай-қарайлай кетті. Сезімге тиген нәрсе тыныш

жатқызбады. Көкірегі күмбірлеп жүріп-жүріп, сол қыздың тағдыры ақыры екі шумақ өлеңге айналды. Өнеу күні жолыққанда осы оқиғаны Зәкіри ақынға айтып, Зәріри ақын табан астында мынандай өлең шығарған:

Бір жұмбақ бұқпантайлап қарасында,  
Андай боп адамдардың арасында,  
Қарағым-ай, қарайсың жалтақ-жалтақ,  
Бейкүнә күніңді іздеп барасың ба?

Жоғалған орамалдай оралмайтын,  
Ол күнді мен де тауып бере алмаймын.  
Тілегім жалғыз ғана саған айтар,  
Күндерге жолықпашы тағы алдайтын.

Сана түкпірінде жатталып қалып қойған сол екі шумақ тіл ұшына оралып, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарағыштай беріп еді. Жол бойынан ұшырасқан уайым-қайғысыз пенделердің жалт-жұлт еткен жүздері басқа да көп нәрсені еске түсіргендей алағызды. Саналы ғұмырының көп бөлігін өткізген шулы да дулы қаланы қимағандай қараптан-қарап отырып, өзінен өзі елегізді. Осының бәрі оны қаламен қоштастырып келе жатқан жаратқанның қалауы екенін сезгендей, шыға берісте әдейі тоқтап, артына тағы бір қарап алды. Қасына серік табу үшін кері қайтпақ та болды, алайда елсіз таудағы ұлының денесін бір түн болса да суық дүние құшағында қалдырғысы келген жоқ.

### 13.

Өрмекші «Уазик» осыдан үш күн бұрын елсіз тауға өзі салған қос табан ізбен жыбырлап,

беткейден беткейге тырмыса өрмеледі. Адам аспас асудан асып, аяғына жем түскен аттай текіректеп төменге түсті. Жол шетіне лық етіп барып, өз ізін өзі баса тоқтады. Ішкі жағынан жылы мақтамен қапталған есік шалқасынан серпе ашылғанда, терезесі сәске түстегі жарқыраған күн сәулесіне шағылысып, ол да жарқ-жұрқ ете қалды. Жұқа қардың беті жылтылдап жіпсіп, жылға-жылғалар сықсыңдап жылай бастапты. «Уазиктен» бір жамбастай сырғып түскен еркек серендеп, алды-артына қарамай-ақ бірден шұңқырға қарай жүгірген. Келесі сәтте жар басына жанын жалдап өскен жалғыз қарағайдай сорайып, шұңқырдың шетінде төменге қарай таңырқай қарап тұрды.

Шұңқыр түбінде қаптаған із, бірақ қан да жоқ, жан да жоқ. Төрттағандаған қасқыр мен қосаяқтаған адам. Құдды қасқыр мен адам арпалысып ойнаған сияқты. Содан соң қасқыр адамды қалың қарағайға қарай ертіп әкеткен тәрізді. Биік-биік таулардың теріскейіндегі қалың қарағайды бетке алып екі із кетіпті. Бірі қасқырдың ізі, бірі адамның ізі. Біресе адам қасқырдың ізінің үстінен басқан. Біресе екі із жарысып түскен. Бірақ алдан не кездесе де бір-бірінен ажырамаған. Қасқыр қай жерден өтсе, адам да сол жерден өткен. Бұтадан айналса бұтадан айналған, жырадан секірсе жырадан секірген. Ойға түссе ойға түскен, қырға шықса қырға шыққан жосылып. Қар бетіне қанатын жайып құлаған құс секілді екі қолы екі жаққа кетіп етбетінен түскен. Тізерлеп тұра берген жерлерінде он саусақтың ізі қалған. Біраз жерге дейін із қуып барған таудай кісі соның бәрін көрді. Шөкелеп отыра кетіп, уыстап қар асады.

Таңдайында еріген сүп-суық қардан бойына

өл кіргендей болып, орнынан бүркітше қомданып ұмсына көтерілген. Екі аяққа ерулеп мінген жардай денесін демегендей, қолдарымен де ауа қармай сілкіне ұмтылған. Алла жар болып, бір екпін алып кеткен соң тоқтамады. Қайта жүгірген сайын тынысы ашылып, жас күніндегідей өршеленіп кетті. Қарағай арасында көп қар жоқ екен, ағаштың сұлтандары зіңкиіп-зіңкиіп тұр. Түптері үй орнындай қарайып-қарайып жатыр. Сол қарайған жерлердің бірінде бүкшиіп отырған баласын көргенде аруақ көргендей шошып кетті. Тілі байланып қала жаздап, әңірейіп тұрып-тұрып өрең есін жиған. Ағаш-ағаштың арасымен қасына қалай жетіп барғанын өзі де білген жоқ. Аяғы тайған сияқтанған, бұтадан ұстап қалған секілденген, тасқа табан тіреген тәрізденген. Бір қараса қарағай бүртіктерін қытырлата кемірген баласының қасында тұр. Баласы мұны көрмегендей, білмегендей, танымағандай бақырайған көздерін бір нүктеден аударар емес. Суықтан көгерген түрі, ұшы қарайып үсіген құлағы, кезеріп жарылған ерні қол тигізсең үгіліп түсетіндей.

– Балам, – деді бұл, баласы үндемеді.

– Тұр, тұра ғой, – деді, баласы қозғалмады.

– Қол-аяғың сау ма? – дегенде де елең етпеді.

Бұдан әрі кешігуге болмайтынын сезген де отыздағы жігітті он жастағы бала құрлы көрмей, бүкшиіп отырған қалпында қапсыра құшақтап көтеріп алған. Арық тоқтыдай да салмағы жоқ денені қаңбақша үйіріп, сол бүктетілген күйінде сылқ еткізіп иығына салған. Қоқайған денеден қатқан мұз үгіліп түскендей сықырлаған дыбыс естілген. Құр кеуек ағаш арқалағандай бір қолымен үстінен басып, нықтап-нықтап қойған. Кеудесінде

жаны бар демесең, киімі де, өзі де тас кесек. Тайып құламас үшін екінші қолымен ауа қармап, бойын теңшеп үлгерер-үлгерместен тұрған жерінде тас боп қатты да қалды. Небәрі жиырма-отыз қадамдай жерде құлағын жылмитып, жонын дүрдитіп ырсиған бір көкшулан қасқыр тұр.

Қалың қарағайдың арасынан қалталақтап қалай шықты, жарты шақырымдай жерде қалған көлігіне талталақтап қалай жетті, осының барлығы өң бе, түс пе, айырып болғысыз. Баласын алдыңғы орындыққа шалқалатып жайғастыра салысымен, шақырайған көздерін келген жақтарына кәрлене тіккен. Келген жақтарында қасқыр тұрмақ, қасқырдың қарасы да жоқ. «Елес болған болар» деп ойлап, елестің де соншама ап-анық көрінгеніне таңданғандай басын бір шайқады да қойды.

– Өк-е-е, – деді баласы нұрсыз жанарлары жылбысқылана мөлііп, – арақбар ма?

Келген жақтарына анықтап тағы бір қарап алып, «Тәубә!» деді таудай кісі. Мұнысы амандық үшін ішсек ішейік дегендей естілді. Қолы ана тесікке де сүңгіді, мына тесікке де сүңгіді. Ақыры бір қуыстан бір шиша арақты жарқырата суырып алды. Шишаның аузын мөрлеп бекіткен оймақтай қауырсынды тісімен тістеп, ашып болғанша мыжғылап, езгілеп шайнап тастады. Баласының өзінен бұрын көзі тірілгендей, жылт еткен сәуле тіршілік белгісін беріп, жіпсіңдей ойнақшып ала жөнелді. Арақ бүйірі майысқан қалайы кружкаға сылқ-сылқ құйылды, баласы отты суды еш шімірікпестен қылқ-қылқ жұтты. Аяқ-қол қимылдап, бел жазылып, бетіне қан жүгірді. Ештеңе болмағандай, ештеңе өзгермегендей, ештеңе бүлінбегендей. Тіпті алғаш аузын ашып

сөйлегенде де дауысы еш дірілдеп, түк қалтыраған жоқ.

– Әке, сіз мені артымнан іздеп келіп, шұңқырдың төбесінен қарап кеттіңіз бе? – деп сұрады тілге келе салысымен.

– Жоқ, – деді әкесі екі ұдай сезімнен арыла алмаған күйде. – Бүгін сен үшін емес, шешең үшін келдім.

– Ә, онда маған қасқыр келді, – деді бұл жаңа ғана бір жұтымын ішіп салған арақтан тағы да дәмбеткендей жұтынып. – Бір қарасам сен тұрсың, бір қарасам қасқыр тұр. Бір қарасам сен кетіп бара жатырсың, бір қарасам қасқыр кетіп бара жатыр.

– Мен келгем жоқ, – деді әкесі баласының құлқынын сезіп, қан жүргізу үшін тағы бір жұтқызса жұтқызып-ақ жіберетіндей епелектеп. – Қасқырдың келгені анық. Шұңқырға түсіп шыққан ізі жатыр.

– Мені қасқыр жеп кетсе қайтер едіңіз? – деді баласы жаны неден кіргенін әкесінің түсінбей отырғанына жыны келіп. – Түсім бе деп ойласам, түсім емес екен. Тап қасынан көрдім, тайыншадай дәу көкшолақ қасқыр.

– Апыр-ай, ә! – деді әкесі есіне бірдеңе түскендей тұтығып қап. – Дәу көкшолақ қасқыр деймісің?

– Бұдан да жеп кеткені жақсы еді, – деді баласы тамағы қаңси қынжылып.

– Құда да тыныш, құдағи да тыныш болар еді сонда.

– Мені жемесе, сені жемейді ол көкшолақ, – деп шайтан түрткендей өз-өзінен пақ етіп күлді кенет әкесі. – Әй, бірақ, бұл көкшолақтың қай көкшолақ екенін кім біліпті?



Бұған дейін де талайды көріп, шет-шеті майысқан қалайы кружкаға шұрқылдап арақ құйылды. Әкесінің баласына арақ құйғаны қандай азап еді десеңізші.

– Не қасқыр жемепті, не үсік алмапты сені, – деді таудай кісі басқа не амал бар дегендей күрсініп.

– Мен қақталған балықпын ғой, – деді баласы мырс етіп күліп.

– Е-е, енді сеннен ешуақытта құтыла алмаспын, – деді таудай кісі қалың қабағы ісіне, үлкен ала көздері жұмыла тұнжырап. – Кеттік онда, не тұрыс?

Өрмекші «Уазик» өрге өрлеп, төмен құлдилаған. Тау оларды жібергісі келмегендей, әлденеден тайған, әлденеге тірелген. Дөңгелектерге таңып байланған шынжыр тайған жерде ұстап қалып, тірелген жерде тартып әкеткен. Таудың күні де олармен қоштасқандай, ұясына ерте еңкейіп бара жатқан. Жылытқыштан порылдап соққан ыстық жел шеке қыздыра бастаған.

– Шынында да сен осы адамсың ба, сайтансың ба? – деді таудай кісі рөлден бос қолымен жылы күртесінің омырау түймелерін сырт-сырт ағытып. – Үш күн, үш түнде саусағың да үсімепті. Мұрның да үсіп түсіп қалмапты. Ана шүнтиған құлағың болмаса. Саған құлақ не керек, бірақ? Жаның олжа, әйтеуір. Біз сорлы сені ана дүниеге аттандырып та қойғанбыз. Шешең жападан-жалғыз жоқтау айтып зарлап отыр үйде.

Баласы осылай болды екен-ау, мынау маған сөйлеп отыр екен-ау деп қымс етсе неғылдейсің. Көздері жылтырап, жаныкіріп қалыпты. Үсіп түсіп қалмаған мұрны мен тікенектенген мұртының

астынан жосықсыз ырсия күлді. Оның еш қамсыз сиқын көріп, әкесі өзі жынданып кетуге тәс қалған.

– Әй, ит-шошқа, құрығанда шешенді аясаң етті, – деп тұлданды енді. – Туған шешеңе жаның ашымаса, сеннен басқа не жақсылық келеді, а? Мен ғой ер адаммын, бәрін көтерем. Бірақ ана шешеңе обал емес пе?

Сөзімді тыңдап отыр ма деп байқаса, баласы кабинадан тамақ жібітетін тағы бірдеңе іздегендей иткөзденіп кетіпті. Сұғанақтанған көздеріне оңай жерден ештеңе іліге қоймаған соң, жолға қарап, жан-жағына қарап жұтынып-жұтынып қойды. Ағаштай қатып-семген денесі орындықтан сырғып түсетіндей қалт-құлт етеді. Бір қарасаң, дүниедегі ең бейкүнә, ең қорғансыз жандай жәутең қағады. Арса-арса түрін көрген адамның аза бойы қаза болатындай.

– Бірақ саған сөз де өтпейді, таяқ та өтпейді, – деді бір кезде таудай кісі таусыла сөйлеп. – Сені кемтар боп қалсын деп, қастықпен сабады деймісің?

– Баласын көбірек ұрған оң қолы ұйып, саусақтарының ұшы инемен піскілегендей тызылдай бастады. – Сені ұрған қолымды кесіп, итке тастасамшы мен бейбақ. – Осынша сөздің баласына түк те әсер етпегеніне қаны қарайды қараптан қарап отырып. – Мен білсем, сен енді мал болмайсың, – деп кәрі жынын бетіне лақ еткізді.

Тежегіштен аяғын тартып, газды қаттырақ басып жіберді. Қалақтай неме орындықтың арқалығына арқасын соғып алып, отырған жерінде ойыққа түсіп кеткендей құлап түсті. Көкбақадай тырбаңдай көтеріліп, қайтадан түзеліп отырды. Қолы қайсы, аяғы қайсы екенін

ажыратып болмастай ерең-серең бір мақұлық, өйтеуір. Орнына түзеліп отырып жатып, әкесі мойын созып қараған жаққа ол да қарады. Оң қапталдарындағы дөңестеу жерде тұрған төртқұлақ мола менмұндалай қалған.

– Ана жерде бір ескі там тұр ма? – деді баласы жаңағы айтқан сөздердің бір де бірін естімегендей елең-алаң күйде. – Барып көрсек бола ма?

– Е, оны қайтесің? – деді таудай кісі таңырқап. – Ол там емес, мола ғой. Үйге ертерек барып, есіңді жимайсың ба одан да?

– Мейлі, – деді баласы бірден сұлқ түсіп. – Бармасақ, бармай-ақ қояйық. Мені өмірі тыңдамайсыз бәрібір.

– Құдай-ау, айдаладағы молада нең бар? – деді таудай кісі күйіп кетіп. – Шешеңнің қолына қалай аман жетуді ойласаңшы алдымен.

– Осы там кеше түсіме кіріпті, – деді баласы мұның күйініп айтқан сөзін тағы да құлағынан асырып жіберіп. – Сен қуып, мен қашып, осы тамға келіп тығылыпшын.

– Там емес, мола дедім ғой, кеңсе! – деді таудай кісі де қоймай нығарлай түсіп. – Әлі күнге дейін ненің не екенін ажырата алмайсың.

– Иә, мола болса мола, – деді баласы шынында да оның не айырмасы бар дегендей мәңгіріп. – Бірақ сен мені бұл жерден де қуып шығыпсың.

– Алда, жарықтық-ай! Сен молаға қаштың, мен моладан қуып шықтым. Ар жағы өзінен өзі түсінікті емес пе!

Таудай кісі аяғын газдан алып, тежегішті басқан. Тұспа-тұс келгенде, мола әжептәуір үлкейіп көрінді. Ұясына еңкейген күн де сәулесін солай қарай түсіріп, барынша жарқырап тұр.

Жүрісі бәсеңдеген өрмекші «Уазик» тарбаң етіп, солай қарай кілт бұрылды. Шет-шеті кейіндеу бүгінделген төртқұлақ моланың қасына барды да, қайтадан кері бұрылып сырғанай тоқтады.

– Ақыры келіп қалған екенбіз, – деді таудай кісі қорбаңдап, аяғын сыртқа салып жатып. – Әруақтарға дұға жасай кетейік. Сенің түсіңе де бекер кіріп жүрмеген шығар.

Содан соң бер жақтан өзі, ар жақтан баласы түсіп, молаға қарай беттегендерін біледі. Молаға жете беріп артына қарағанда да баласының сүметіле ілесіп келе жатқанын көрген. Тізерлеп шөкелей кетіп күткенде, қасына ешкім келіп отыра қоймады, бірақ. Аяқ дыбысына құлақ тігіп, тың тыңдағандай болып бөгеліңкірегені де сол еді. Мәшиненің есігі сарт жабылып, қатты басылған газ моторды ышқынта дүр еткізді. Өрмекші «Уазик» тұмсығын еңіске сала ытқып кетті де, таудай кісі төртқұлақ моланың түбінде шоқиып отырды да қалды.

#### 14.

Өмірдің ақиқат шындығымен бетпе-бет келген таудай кісі көрлі дауысымен аруақтарды шошынтып, өмірі айтпаған боқтығын араластыра айқайға басқан. Дауысы жартас жағалай жаңғырып барып, ауаны осқылай тілгілеген көткеншек қалақша құсап шырқ айналып өзіне қайтып келген. Жерді дүрс еткізіп бір тепкен де, өзіне өзі сыймай, жарылып кетуге тәс қалып тұрған сонда. Зөрленген ашулы көзбен жан-жағынан қоршаған биік тауларға қараған. Ошақ аузындағы оттай жалқындап батып бара жатқан күнге қараған. Сонадайда тоңқалаңдап кетіп бара

жатқан өрмекші «Уазикке» қараған. Үмітсіз дүние тілін шығарып мазақтағандай, өрмекші «Уазик» бір тоңқаң еткен де жоқ болған бір кезде.

Алақтап моланың ішіне кірді. Өлдеқашан жермен жексен болған моланың төбесі ашық, кейіннен жаңартылған төртқұлақ тамнан басқа түк жоқ. Бірақ қам кірпіштен қалап тұрғызған мола тамның биіктігі кісі бойынан асады, бұрыш-бұрышы кәдімгідей қамсау. Құлап жатқан жерінен бір шетке сүйреп апарып сүйеп қойған қалың ағаш есігі де бүп-бүтін тұр. Күн жеп қарайғаны болмаса шірімеген.

«Е, Алла, өзің жар бола гөр», – деп күбір етті де, ағаш есіктің қасына барып, астын үстіне аударып көрді. Жалпақ-жалпақ үш тақтайдан біріктіріп жасаған есіктің дөңгелек маңдайшасынан: «Бейісбек пен Өрталшын» деген латынша жазуды қалың ернін жыбырлатып, екі қайтара әрең оқып шықты. Туған-өлген жылдары көрсетілмеген, оның орнына өрнектеп жазу жазылған. Таудай кісі есікті сөніп бара жатқан шоқтай болып батып бара жатқан күннің соңғы жарығына тосып:

Өлмейтін жан болмайды десеңіз де,  
Өлмейтін жүрек берген әкемізге.  
Өшпейтін от болмайды десеңіз де,  
Өшпейтін сезім берген шешемізге, –

деп шала-шарпы тағы ежіктеді. Ойып жазылған жазу одан әрі: «Алпыс жас әкеміздің кемелі екен, Ат байлаған мекені Емел екен. Өріктей ерте піскен Өрталшыннан, Он алтыда әр-әркім дәмелі екен. Қызыл отау қырманның керін бастап, Әкеміз кеткен екен елін тастап. Талшынды тоқалдыққа

алғаннан соң, Елсізде жатқан екен ерін жастап. Артынан қуғын келіп түргеліпті, Ат көтіне соқадай тіркеліпті. «Мен мұндай бостандықты алмаймын» деп, Өрталшын әкемізбен бірге өліпті», – деп түзіліпті.

Соны түсініп оқып болғанша-ақ аспанның шетін аждаһа қарпып асағандай қанталай талаурап, ө дегенше күн де ұясына батқан. Биік таулар тұрған орындарынан бері жылжып, тұс-тұстан анталап, қарауыта төнген. Тау бір қарауытса, таудың теріскей бетіндегі қалың қарағай қалың қолдай самсап екі қарауытқан. Енді не істерін білмей аңтарылғанда әйтеуір адам баласы жазды ғой деп, ағаш есіктегі әріп таңбаларын алақанымен мың қайтара сипалай берген. «Өлмейтін жан болмайды десеңіз де, Өлмейтін жүрек берген әкемізге» деген екі жол өлең отын арқалап тоңқаңдаған сәттерінде де есінен шықпай, мың мәрте миын тескілеген.

Есік іштен тіреулі, қасында отын үюлі, астында шырпы төсеулі, бірақ сонда да басын көтеріп-көтеріп елегізумен болды. Ол от жағуға асықпады да, аспанда жұлдыздар шөміш балықтардай құжынап көбейе берді, көбейе берді. «Ай қайда?» деп, аспан астын адақтай қарап жатып, дәл иегінің тұсындағы екі таудың ашасынан тауып алды. Табақтай айдың кенеттен және жақыннан көрінгені сонша, екі таудың ашасынан жаны бар біреу бақырая қарап тұрғандай тіксініп қалды. Қаптаған жұлдыздардың да мыстан кемпірдің көздеріндей үрей шашатынын кім байқапты, одан да жаны шошынғандай жапақтаған жанарын ала қашқан.

Ол кенет: «Өлер алдында адамның жападан-жалғыз қалғаны қалай болар екен?» – деп

ойлады. Қап-қара түнектің қойнына аттанып бара жатқанда жаныңда ешкім болмаса, қандай күй кешер екенсің? Тіліңді кәлимаға келтіріп болғанша, үрейден есің шығып, айтар сөзіңнен жаңылып, күнөға екі есе батпасыңа кім кепіл? Өлерде жалғыз қалсаң, өмірде жұртқа еткен еңбегіңнен не пайда?

Міне, адамға ұрпақ не үшін керек? Осыны ойлағанда басында тірі жан боп қарайып баласы отырғандай кемсеңдеп кетті. Шыдамай шынтақтай көтерілгенде, көзінің жасы күртесінің омырауына тырс-тырс тамды. Ол өңкілдеп жылағанда, жаңағы үрейдің бәрі түк болмай қалды. Кеудесін күйдірген шоқты жұлып алып тастағысы келгендей, күртесінің омырауын умаждай қысып, өксігін әрең басқан.

Мұның өзіне-өзі келуін күтіп тұрғандай, жап-жақын маңнан ап-анық үнмен, кеңірдегінен жанын суырғандай солықтап қасқыр ұлыды. Ол жалма-жан есін жиып ала қойып, бас бармағымен үсті-үстіне шыртылдатқан оттығын дайын тұрған отынның астына ала жүгірді. Оттықтан шыққан от ұсақ шырпыны бықсытып барып, біріне бірі тиіп, лапылдай жөнелген әп-сәтте. Төртқұлақ мола тамның іші күндізгіден де арман жап-жарық нұрға кенеліп, жан-жаққа тырсылдап ұшқын шашырады. «Аруағыңнан айналайын Бейісбек, аруағыңнан айналайын Өрталшын» деп күбірледі таудай кісі.

Әншейінде қалай өткенін аңдамай да қалатын уақыттың тұмсығын тасқа тірегенін сезді. Енді беломыртқасы үзілгендей салбөкселеніп, тапжылмай жатып алатынын да білді. Егер таңның тезірек атуына себі тиетін болса, мына

моланы астын үстіне келтіріп, қопарып тастауға бар. Өзінен өзі көзіне ып-ыстық жас құйыла берді, құйыла берді. Моланың адам сиярлықтай тесігі болса, өзі-ақ кіріп жатқысы келетіндей. Дүниедегі ең тыныш жер сол жер секілді көрінді.

«Астапыралла!» деп өз ойынан өзі шошыған таудай кісі енді бірнәрсемен айналыспаса жынданып кететіндей дегбірсізденген. Қынай буынған киімдерінің терең-терең қалталарының түбін қағып жүріп тапқаны тырнақ алудан басқа түкке жармайтын шынашақтай бөкі! Мұнымен жер шұқи ма, там үңги ме, шыбық керте ме?

Үстеп салған оттың жарығы орнына бекіген ағаш есікті нұсқай қалды. Жалынға тосқан бөкісінің ұшы су бетінде ойнаған күміс балықтай жылтыл қақты. Бөкісін қыздырып-қыздырып алып, неше заманғы қу тақтайды сұғынта тілді. Тақтайдың беті кертіле-кертіле: «Ұл болса атын Бейісбек, қыз болса Өрталшын қой» – деген жазу шұбартып шыға келді. Біреу болмаса біреу оқып, бұл сөз Тананың да құлағына жетер деп үміттенді ме екен? Әйтпесе бала емес, шаға емес, мұнысы неғылған қылық?

Ол есіктің бергі жағын тырналағанда, қасқыр ырылдап арғы жағын тырналады. Күн батқаннан күткен көкшолақ көкжал ақыры келіп те қалыпты-ау. Қу тақтайды тісімен тістеп, тілімен жалап, өліп барады.

«Үйіріңнің кегіне үрметімді бергенім қайда? – деді таудай кісі жарықшақтанған жыларман дауыспен. – Үрметіме тимегенің, құрбандығымды кешкенің емей немене? Әлде сен Тәңір емеспісің, Көкбөрі?!».

Бірақ мұны кек бұған көкшолақ көкжал қайдан



түсінсін. Есік пен тамның арасындағы саңлауға тұмсығын тықты. Топырағын бұрқылдатып, іргені қазды. Қайткенде де есікті құлату керек екенін білген көкжал жәй көкжал емес. Мүмкін бұл шынында да киелі қасқыр шығар, әй, киелі қасқыр болып жүрмесін?!

Ананы қара, есіктің осал тұсын іздегендей тіміскеленіп тұрғанын! Сөйткенше болған жоқ, адам құсап тік көтеріліп кетті де, солқ еткізіп омырауымен соқты. Жұдырықтай жұмылған денесімен гүрс еткізіп ұрды. Жойқын соққы тіреу ағашты ұшырып түсірді де, таудай кісі иығын тосып үлгеріп, есік әрең құламай қалды. «Алла, – деп ойлады таудай кісі, – мынау қасқыр ма, сайтан ба?!..».

Ендігі соққыға иығының әлі келмесін біліп, арқасын тірей қойған. Көкжалдың бұл жолғы соққысы да тас қамал есікті тітіретіп жіберген. Таудай кісі де төтеп тұрып берген. Бірақ, адам шыдағанмен, ағаш шыдаған жоқ. Қоспалары шіріген жалпақ тақтайлар қабырға сөгілгендей күтірлей сөгілді. Үш тақтай үш жаққа ұшты. Таудай кісінің екі жауырыны дөңкиіп жалаңаш қалды.

Ақсиган тістер арқа тұсынан пышақтай сойғылап өтіп еді сол кезде. Арандай ашылған аузы арқадан асып, мойынға да барып жетіп еді содан соң. Таудай кісі тау құлағандай құлады сонда. Арқасына тас кенедей жабысқан көкжалды астына баса шалқасынан түсті. Бар салмағымен жерге діңк еткізіп жаншып, езгілеп-езгілеп тастады. Оған қыңқ еткен қасқыр жоқ, астында жатып та аузын бір босатпай тістелей берді.

Басында оңтайы сол болып, шынтақты жұмсаған. Аунап үстіне шығуға тырмысқан

қасқырды келтекпен сабағандай қылған. Қолтықтың астынан қаусата түйгіштеп, қабырғаларын бырт-бырт сындырып жатқандай көрінген. Екеуі арпалыса көтерілгенде, серіппедей серпілген көкжалдың қылын да қисайта алмағанын сезді.

Өзінің қай жері қалай жарақаттанғанын білуге мұршасы жоқ. Қойын-қонышына жылымшы бірдеңе құйылғанға ұқсайды. Киімдерін үстіне желімдей жабыстырған тер емес, қан болуы керек. Әлі де аяқтан тік тұрғанына қарағанда, күре тамырлары аман сияқты. Еті жыртылса да еш жері сынбаған, шықпаған, үзілмеген.

Көкжал әлде қашуға, әлде қайта шабуға оңтайланғандай кері шегінді бір кезде. Бұл да бойына тың күш біткендей долырып, қайраттанып кеткен болатын. Қасқыр жер тырмалап, бауырына топырақ шашып, айбат шекті. Бұл қостағандап, қасқыр төрттағандап, бірін-бірі ала алмай зірк-зірк етісті. Екеуі де көздеріне қан толып, қатар ұмтылып, тап-тап берісті. Қасқыр бірден төске өрлеп секіргенде, ырсиған қара тұмсық пен ақсиған азу дәп алдына келіп те қалып еді. Шоқпардай жұдырығы құлақшекеден сарт етіп тигенде, қолы сынып түсе жаздады.

Мәңгіріп қасқыр да құлады, кәңгіріп бұл да құлады. Соққысы бекер кетпеген екен, қасқырдың бар қимылы арс етіп ауа қапқанға ғана жетті. Бір қолымен қара тұмсықтан, бір қолымен құз желкеден шап беріп ұстап, мойнын күтір еткізіп бұрап жіберді. Қасқыр бір шапшуға да шамасы келмей, тұла бойы дір-дір етіп, керегедей керіле сұлап түсті. Әл-дәрмені құрып, өзі де жып-жылы күлдің үстіне аяқ-қолын көсілте созылып жата кетті.

Қайтып тұрған жоқ, тұрайын деп талпынған

да жоқ. Арқасының ашып ауырғанына да мән бермеді. Жүрегінің аузынан шығып кете жаздап бұлқынғанына ғана алаңдады. Жүрегі бұлт етіп бір жағына қарай аунап түскендей болды. Сол иығы салдырап ұйып бара жатқанға ұқсады. Жауырынының асты біз сұққандай шаншып-шаншып өтті. «Алла, Алла» деп жатып, қалай кірпігі айқасып кеткенін аңғармай да қалыпты.

Таң жарығы жаңа біліне бастаған кезде қалшылдап мұздап оянды. Ұйқтап жатып үстіне күлді үйе беріпті. Төртқұлақ тамның жан-жағы қамсау болғанмен, төбесі ашық. Жұлдыздар сиреп, жерден алыстап кеткен екен. Ой-санасы қайда жатқанын, неге жатқанын анық түйсінеді. Өң мен түстің арасы да емес. Бірақ бір нәрсе орнында емес сияқты.

Ұзына бойы тұтас селк ете түсіп, жалмажан жан-жағын сипалады. Қасқырдың өлі денесі серейіп қасында жатыр. Көзі аңырайып ашық тұрған есікке барып түсті. Тайыншадай дәу көкшулан көкжал жынын алған бақсыдай мөліп, сеік көзінде тұр. Мұның қозғалғанын байқап, езуін бір ырситты да жалт берді. Түп-тура есіктің көзінен кетті. Өз көзіне өзі сенбегендей, қасындағы қасқырды тағы ұстап көрді. Қылшығы сояудай, түгі қалың, терісі тығыз.

«Бұл сонда басқа қасқыр болды ма?» – деген ой жатқан жерінен жұлып алды. Көрден тұра келген аруақ құсап, үстіндегі күлді бұрқырата көтерілді. Ө дегенше аяқ-қолы арбайып, моланың аузында тұрды. Ағарған қар бетінде келген із бар, кеткен із жоқ. «Көргенім анық қой», – деп ойлады ол. Таң алдындағы көгілжім аспанды тіліп, бір жұлдыз ақты. «Менің жұлдызым орнында... Менің

жұлдызым орнында...» – деп күбірледі ол жас бала құсап. Таңның аман-есен атып келе жатқанына шүкіршілік қылды.

## 15.

Қиядан қылт етіп шыға келген екі салт аттының бірі ақ қардың бетінде дөңбектей боп жатқан таудай кісіні аю екен деп қалған. Мінген аттарының түсі көп кездесе бермейді, бірі алашұбар, бірі аққұла. Екеуінің да қырықты қырқалаған апайтөс азаматтар екені байқалады. Жүздері нарттай жанып, құлжа асығындай алшайып отыр.

– Ананы қара, ана жерде өлген аю жатыр, – деген дауыс елсіз тау ішіндегі таңғы тымық ауада саңқ етіп естілді.

– Аю болса, атымыз неге үрікпейді? – деді екіншісі мырс етіп күліп.

Бірақ денесі дәуірек боп көрінген соң, ол да оны адам екен деп ойлаған жоқ. Атының басын солай қарай бұрып, қайтер екен деп ақырын тебініп көрді. Алашұбар өлімнің суық лебін сезсе, ытырылып жоламай қояр еді. Алдарында тірі жанның жатқанынан хабар бергендей осқырынып жіберді.

– Тірі! – деді Алашұбардың иесі жуан мойнын сабырмен созып. – Адам!

– Атынан құлап қалған ба? – деді Аққұланың иесі аю деп шатасқан қателігін жуып-шайып.

– Атынан құлап қалмағанда, ұшақтан түсіп қалды деймісің?

Ақылдасып алғандай екеуі қатар тебініп, борбайласа кетті. Алашұбар мен

Аққұла қамшы салдырған жоқ. Жұқа қарды жұрқадай қағып, түтелеп жетіп-жетіп келді. Саусақтары арбайған қолдарымен ердің алдыңғы

қасынан шап-шап беріп ұстап, аттарынан сыпырылып-сыпырылып түсті. Етбетінен жатқан адамның денесінің үлкендігіне таңданғандай, бір-біріне жалт-жалт қарасып, иек қағысып та үлгерді. Екеулеп бір аяқ, бір қолынан алып, аударып салғанда таудай кісінің қар жабысқан қаймандай жүзін көріп, одан бетер таңырқасты.

«Өлі ме, тірі ме?» деп келгендегі адамның алақандай үлкен көздерінің бақырайып ашық жатқанына да еріксіз қайран қалысқан. Меңдуана жегендей меңірейген көзқарасынан «мен мұнда неғып жатырмын?» дегеннен гөрі, «сендер мұнда неғып жүрсіңдер?» дегендей сұрақты жаңылмай оқуға болатын еді. Күртесінің иықтары жыртылған, денесінің ашық жерлеріне қан қатқан, қолы-басы күйе-күйе, үстінен түтін иісі шығады. Маңдайы сырылған, беті жырылған, оң қолының жарадан аман жері қалмаған. Орнынан тұрып отырғанда жерге сол қолын ғана тірегені де жәй еместей көрінді.

– Неғылған жансың? Мұнда неғып жатырсың?

– деді Алашұбардың иесі бір тізерлеп шоқиған күйі.

– Өздерің неғып жүрген жансыңдар? – деді таудай кісі өз басындағы жағдайды бір сөзбен айтып жеткізе алмайтынын аңдатып.

– Әй, сен бізді тауып алған жоқсың, біз сені тауып алып тұрмыз ғой, – деді

Аққұланың иесі тыз ете қалып.

– Жер көруге келе жатырмыз, – деді Алашұбардың иесі, «сабырсызың-ай» дегендей анаған жақтырмай қарап. – Жекешелендіріп алатын жеріміз бар. Келер жылы асыл тұқымды қой өсірмекшіміз.

– А-а, – деді де қойды таудай кісі.

– Ал, өз жайыңды айт, – деді Алашұбардың иесі серігінің де көңілін қалдырғысы келмей тақымдап.

Бірақ таудай кісінің аузынан қайтып сөз шықпай қойды. Бұлар қанша мінбелесе де ойға шома қалған қалпынан өзгеретін емес. Өлденеге қынжылғандай басын шайқап-шайқап қояды. Көз ұшынан бірдеме көргендей, көрмесе көргісі келгендей қадалады. Мыналарды адам құрлы көріп отырған жоқ. Өлдекімді әжуалағандай, ащы мысқылмен кеңк етіп күлгені де жындарына тиді.

– Мазақтағысы келе ме? – деді Аққұланың иесі қамшысын білемдеп. – Әй, тәлімсімей айтпайсың ба жөніңді?

Таудай кісі оған да мәу демеді, міз бақпады. Айнала қоршаған таулар қандай, таудай кісі сондай. Үндемеген сайын жұмбаққа айналып барады. Ана екеуі ішін қазып қояр емес. Ал оның жан адамға сыр ашпай, жұмбақ болып қалғысы келеді. Қазіргі ойынан шықпай отырған жайттың да сыры әріде, тереңде.

Есіне соңғы доспен қоштасар сәті түскен. «Ұлым жалғыз» деген, бар сылтауы сол болып. «Ұлың жалғыз болса, ұлтың да жалғыз!» деген соңғы дос сонда қызылкөзденіп. Сөйткен жалғыз ұл мұның өз істегенін өз алдына қалай келтіргенін қандай сөзбен айтып түсіндіруге боларына қанша ойланса да ақылы жетпей отыр. «Сен шұнаққа не керек өзі?» – дегендей, Аққұланың иесіне алара қарады.

– Мә, саған онда!

Аққұланың иесі құлақшекеден қамшымен сарт еткізіп тартып кеп жіберді. Басы шың ете түсті. Көзі шығып кете жаздады. Бір жақ бетін қан жауып кетті. Тағы ұрғалы келе жатқанын бір

көзімен шала-пұла көрді. Осы сәтте Алашұбардың иесі еңкейіп алдын жаба қойды. Жыландай ысқырған қамшы жылы тон киген соның арқасына тиді. Сарт еткізіп шаңын қақты да өтті.

– Мынау қайтеді, ей? Әй, арқамнан өтіп кетті. Жын соқты ма, немене сені? Кет, әй! Кет, болды!

Алашұбардың иесі үсті-үстіне төпелеген соққыға біресе білегін тосып, біресе арқасын тосып жатып, жоқ жерден құтырып шыға келген жолдасын әрең тоқтатты. Қалтасынан суырып алған көлдей орамалымен мұның бетінің шыпшыған қанын сұртті. Қамшы тиген жерге уыстап алып, сұп-суық қар басты. Серігі қастарынан кетіп қалып, қайта келді. Өзінен өзі өшігіп, әлі де сотқарланып тұр. Мұның ірі тұлғасы да қанын қоздыра түскендей, бас-аяғына ұрына кеп қарайды.

– Мына кісі біреуді есіме салып тұрған сияқты, – деді Алашұбардың иесі кенет түрі бұзылып кетіп. – Әлгі оппозицияда болған Таубай Жарболовқа ұқсай ма қайтеді?

– Ит болсын, шорт болсын, маған бәрібір, – деді Аққұланың иесі одан сайын көзелденіп. – Апарып қой бақтыру керек.

– Тұра тұр, – деп Алашұбардың иесі де берісе қоймады. – Кім екенін білейік те алдымен.

– Босқа әуре болмаңдар, – деді осы кезде таудай кісі зорға тілге келіп. – Кім екенімді менің өзім де білмеймін.

Бірі қараптан қарап өштесіп, бірі адам баласы ғой деп жаны ашып тұрған екеудің екеуі де сақтана қалды. Сырын бір біліп, бір білмейтін елсіз тауда жүргендері де естеріне түсе кетті. Бұл күнде ен жайлаудағы қойшының үйіне басқа планеталықтар қонаққа келіпті десе де

ешкім таңқалмайтын болған. Әрине олар мұны басқа планетадан келді деп ойлаған жоқ, бірақ жындыханадан қашып кеткен біреу ме деп ойлап қалғандары рас.

– Өліп қайта тірілген адам көрмеген болсаңдар, сол менмін, – деді таудай кісі хикметін күшейте түсіп. – Кеше түнде өліп қалғанымды білем. Таңертең күлдің үстінде жатып қайта тіріліп кеткенімді де білем. Басқа ештеңе білмеймін.

– Аюға намаз үйреткен таяқ, – деді Аққұланың иесі бірінші есін жиып. – Тағы бір сабап алсам, шыныңды айтарсың, бөлкім.

– Өзімді сабатып алатын адам таппай отырғанда жақсы кезіктің-ау, – деді таудай кісі шамырқанып. – Андағы қамшың қандауырдан бетер жаныма жағып барады. Қане, келе қал, күшің жеткенше ұр, қарың талғанша саба! Бүгіннен бастап менің сұрауым жоқ! Өлтіріп тастасаңдар да, ешкім «неге өлтірдің» демейді! Бір адам қит десе неғылдейсіңдер!

Таудай кісінің көнбеске көнгендей аласапыран түрін көріп, аналар да сенбеске сенгендей болды. Былай таман барып, кәукілдеп ақылдасып жатыр. Алашұбар мен Аққұла тұяқтарымен жер тарпып, қар астынан көде қазып жеуге кіріскен. Көгерген көдемен бірге ауыздықтарын да сылп-сылп сорғылайды. Ол орнынан тұрып барып, екі аттың да ауыздықтарын алды. Қой бақса қой бағар, несі бар!

– Өзі шаруақор екен, – деді Аққұланың иесі жадырай күліп.

– Обал жасамасақ болды, – деді Алашұбардың иесі уайым қылып.

Олар таудай кісіні орнынан тұрғызып, ары-бері жүргізіп көрді. Бұлардың екі аттағанын



бір аттап басады. Жілігі тоқпақтай, жауырыны қақпақтай, қол-аяғы кетпендей. Салақтап тұрған қарын жоқ, салбөкселіктен ада. Әрине, тісін ашып көруден ұялды. «Нансоғар емес» деп іштеріне бір түйіп қойды.

– Жаз шықсын, жайлаудың қызығы алда, – деді Аққұланың иесі қызбаланып. – Сашок деген бір дәу бар. Бір байдың жылқысын бағады. Сені сонымен күрестіріп көреміз.

Осы абыр-сабырмен жүргенде, күн шекеге келді. Екеуі екі атқа қарғып-қарғып мініп алды. Мінгестіргенге ат көтере алмайтыны айтпаса да түсінікті. Екеуің бір атқа мініп, бір атты бұған беріңдер деп ақыл айтатын ешкім жоқ. Қазақ басқаны берсе де, астындағы атын өлсе бермейді.

– Жазыққа жеткенше жаяу жүр, – деді Аққұланың иесі нәнсініп. – Ар жағын көре жатармыз. Баратын жеріміз тиіп тұр.

Екі атты, бір жаяу болып, іркіс-тіркіс қозғалып кетті. Бірі мәрт, бірі нарт екі жігіт мұны шынында да олжа көріп келеді. Қазіргі кезде мал бағатын адам табу зор күш. Бірінің малшысын бірі ұрлап кетіп жатқандарды да естиді. Сондықтан өзінің аяқ астынан малшы бола кеткеніне аса таңқалған жоқ.

Аққұланың иесі де оны басыбайлы иемденіп үлгергендей өзінше өрекіп жүр. Жаңа малшысын қасындағы серігінен де қызғанғандай, бұған келгенде батымды-батымды сөйлеп қояды. Тіпті оны Таубай Жарболов деген экспозиционерге ұқсатқаны да ұнаңқырамай қалған тәрізі бар.

– Мына кісіні Таубай Жарболовқа ұқсайды екен дедің бе жаңа? Таубай Жарболов нағыз сатқын ғой ол.

– Осындай оттаубайларыңды қашан қоясыңдар? Сатқын дейтіндей сен кімсің оның қасында?

– Сенің оған неменеге қимаң қыши қалды? Мен жәй айта салдым.

– Жәй айтпа сен. Билік онымен санасады. Санаспаса сөйтіп жүре ме?

– Е, билікпен ойнаған екенсің.

Қызбаланып сөйлеген аттылар арттарына қарайтын емес. Аралары алшақтап, сөздері бір естіліп, бір естілмейді. Өзінің аты-жөні айтылған сайын «не дейді екен?» деп, бұл да мойнын созып ұмтыла түседі. Сырттарынан байқап келеді, даулары басылудың орнына ушығып барады. Екеуден екеу айдалада, елсіз тау ішінде дауыстары аспан астын шулатып саңқ-саңқ етеді.

Жоқ жерден шыққан ерегіске себепші болғаны жанына батып, қалай арашаларын білмей келе жатқан. «Әй, үй» дегенше болған жоқ, Аққұланың иесі қамшысын құлаштап тұрып сілтеп кеп қалды. Алашұбардың иесі де қаймықпай қарсы шауып, қамшысын құлаштап-құлаштап ол да сілтеді. Ұмар-жұмар болып, аттарынан аударылып түсті. Тұра салып, қайтадан алыса кетті. Бірін бірі қолмен де төпелеп жатыр, аяқпен де тепкілеп жатыр. «Мә, саған!»... «Әй, ит!»... «Шошқа!»... «Ал сыбағанды!»...

Қатты жүгірем деп, алқынып қалды. Құдайдың ен дүниесінде ауа жетпей, кеудесі қысып, тұншыға бастады. Өңешінің шоқ асағандай қызып, күйіп бара жатқанын сезді. Алқымнан алған өрт пен дерттің басқа емес, жүрек екенін де білді. Байғұс жүректің таудай денені сүйреп-сүйреп, бар жеткен жері осы болғанын да ұқты. Қанша дегенмен жан тәтті екен, соңғы сәтте өлгісі келмей өршеленді. «Тана үшін де өмір сүре тұруға болар

еді» деген ойдың жалына жармаса жанталасты. «Тана-а-а!» деп айқайлаған дауысын аналардың әке-шешеден тартып боқтаған боқтық сөздері өзіне де естіртпей тастады, бірақ.

Құлап бара жатып, бес саусағы бес жаққа тарбайған қолын соңғы рет бір бұлғап үлгерді. Бірақ бірінің басын бірі мүжіп жеп жатқан екеудің оған қайырылуға мұршалары да болған жоқ. Өздерінің «сатқын», «сатқын емес» деп итше ырылдасып жатқандарына себепші осы кісі екенін де білген жоқ. Ертең оны бүкіл ел болып азалайтынын да сезген жоқ. Есіл ер ең ақымақ күні, ең ақымақ жағдайда, ең ақымақ өліммен осылайша о дүниеге аттанып кете барды.

Ана бала да көп алысқа ұзамай, арадағы бір қысаңнан өте бере тоңқалаң асыпты. Ертесіне интернетке «Жүрісі жаман жігітті жау алады» деген мақала сопаң етіп шыға келді. Нашақор ұлды мінеген болып отырып, таудай кісінің аруағына қарата бір кесекті лақтырыпты да жіберіпті. Соны көрген Зәкіри ақын шыдамай бір ашулы өлең жазып, онысын қаралы митингіде ащы дауысы жүйкені шағып тұрып төкті де салды:

Таулар шөккенде күлген,  
Қорлық өткенде күлген,  
Азап шеккенде күлген,  
Мазак еткенде күлген,  
Басты тепкенде күлген,  
Асты төккенде күлген,  
Қадір кеткенде күлген,  
Ақыр жеткенде күлген...

Қайтесіз, сол күні ауа райы да күрт бұзылып,

қалада үдеп соққан желмен бірге сабалақ қар да сабалап жауды да тұрды.

### Эпилог

Жер жап-жасыл, су түп-тұнық, ауа тап-таза, аспан көкпеңбек. Анадайдан айқайлаған дауыс та ашық-жарқын естіледі. Оған берілген жауап та көңілді шыққан. Тау сағасына демалуға келген қала тұрғындары екені айтпаса да түсінікті. Бір кішкене бала шешесінің қасында құлдырандай жүгіріп ойнап жүр.

– Тана, Бейісбекті бері өкелші.

– Қазір апарам.

– Көбелек ұстап алдым, көбелек көрсетейін.

Су жағасынан айқайлап тұрған Тақуа Жақия екен. Тақуа Жақия жаңа ғана жуылған қара минивеннің қасында тұр. Шымшып ұстаған саусағының ұшында қанаттары қызылала көбелек бар. Дүниенің шетінен шымшып ұстап-ақ біраз игілікке қол жеткізген адамның тәубәшіл кейпі байқалады.

– Жаным-ау, болсаңдаршы енді, – деді көбелекті аяғандай, екінші қолының сұқ саусағымен аяқтарын жыбырлата қозғап көріп. – Жоқ, азаптамай жібере салайын. Көргілерің келсе, ұшып бара жатқанда көріндер.

Көбелекті аспанға серпе лақтырып жіберді. Қасына келіп қалған қара домалақ бала көбелекті ұстап алғысы кеп тұра жүгірді. Оның артынан келген жас келіншек сықылықтай күліп, күйеуінің құшағына кіре берген. Биіктеп ұшқан көбелек балаға ұстатпай, қалықтай алыстап кете барды.

# КРЕШ

хикаят

*Адал да аңғал Әлекен  
ағаның рухына арнадым.*

## 1.

Күлімкөз төртбақ кісі таңертең анықтама жаздырып алуға асығыс келген орталықты жұмысы біткен соң асығыс тастап шықты. Сөйтіп асығып жеткенде тау қойнауындағы там үйін жабайы қара өгіз қара жындай құтырына өкіріп, шаңдата мүйіздеп жатқанын көрді. Там үй кәдімгі тірі жан иесі құсап жерге жабыса төрттағандап берісер емес. Үйдегі қатын-бала мына алапат сұмдықтан қорқып, есікті тарс бекітіп алып отырыпты. Қолдарынан ештеңе келмейтінін білген соң, жандарын бір Аллаға тапсырып қойып, аса қарсылық та көрсетпей отыра беретін қарапайым адамдар бұлар.

Бірақ өлсе де отбасын қорғап өлетін еркектік міндет мына қара жынның қасында қанша дәрменсіз десеңіз де, құдды артына қазық қаққандай ер үстінде тікесінен тік тұрғызды. Өзі дөңбектей адам, бар салмағын екі тақа үзеңгіге шірей салып, бар бойымен созыла көтеріліп кеткен. «Не мен өлетін шығармын, не қара өгіз өлетін шығар осы жолы» деп ойлады қаны қызып. Қара өгіздің мүйізі найзадай тіп-тік, құйрығын көкке шаншып, екі құлағын жымырып алған. Үймен үйдей болып, арқасы аспан тіреп тұр. Енді болмаса

үйді құлатып кететін түрі бар. Жын деген негізі иесіз жерге өш. Бұл тақымын қысқанда, оның да ашуы басылды. Түк болмағандай тайраңдап кетіп бара жатты. Жылда киіз үй тігіп алысқанша деп, бір жазда салып алған соқпа там сөйтіп тағы бір жолға аман қалды.

Оқиға осымен бір емес, бірнеше рет қайталанып отыр. Сондықтан қалаға барса, түнемей қайтып келетін болып жүр. Мұның сақтығын сезгендей, қара өгіз де жайшылықта көзге түспейді. Андасанда тыныш күнде күтірлеп қарағай құлайды. Ескі қыстаудағы сандық тасты да бір дүлей күш орнынан қозғап кетеді. Ішін тесіп жарып тастаған тайқардай үлкен жабайы шошқалар да ұшырасады кейде. Қарағайлы орманның ішінен өкіріп-бақырып қашқан аюларды да көрген.

Міне, күлімкөз төртбақ кісі осы тауда өз қызығымен өзі болып, өмірін өткізіп келе жатыр. Күлімкөз төртбақ кісінің құбақоңыр келіншегін көргендер де: «Өп-әдемі әйел екен, қалай тауып алған, мынадай алаөкпеге қайтіп шыдап жүр?» – деп таң қалысады. Ал енді ана аң боп ойнап, құс боп сайрайтын қылығы қызық сары баланың сүйкімі бәрінен артық.

Айта берсек әңгіме ұзайды, әкесі қарапайым көрінгенмен ішкі жан дүниесі күрделі, ал бала қашан да пәк, күнәсіз. Онсыз да жұмбағы көп хикаяны күрделендіре бермей, әңгіmemіздің осы тұсын құзғын сәріде өздерінің үйлері тұрған қойнаудан тау ішіне қарай құртымдай болып кетіп бара жатқан балаға аударайықшы. Иә, түн болсын, таң болсын, кейде құлаққа ұрған танадай өлі тыныштықтың өзі де бала тұрмақ, үлкен кісіге де қорқынышты емес пе.

Оның үстіне әкесінен әлгі осы тауды мекендеп, қара жындай құтырынған қара өгіз туралы естіп, біліп жүрсе деңіз. Жападан жалғыз келе жатқанда мың жылдық алып қарағайыңызды бір сүзгеннен құлататын қара өгіз алдыңнан жер тарпып, құтырынып шыға келсе қайтпексің. Әкесі анада: «Қара өгіз мүйізіне іліп лақтырған шошқа басымнан ысқырып ұшып өтті», – деген. Әкесі содан соң: «Қара өгізден қорқып қашқан аюдың адамша шыңғырғанын естідім», – деген. Әкесі одан кейін: «Қара өгіз сарқырамаға арқасын төсеп шомылып тұрғанда, су ақпай тоқтап қалды», – деген. Бірақ, бала қара өгізден де, басқадан да қорықпай, тау ішіне құп-құртымдай болып сіңіп бара жатыр, сіңіп бара жатыр...

## 2.

Сол кішкене сары бала тық еткен дыбыс жоқ жым-жырт тыныштыққа бой салып мүлгіген көкжасыл төбенің басына сарышұнақ құсап қылтиып шыға келді. Оның күс-күс табаны қарақотырлана мүйізгектеніп, шетінде шыт-шыт жарығы бар жып-жылтыр жезтұяққа айнала бастаған. Сарыүрпек басының тынымсыз қылтылдағанына қарап, бұл қағынды неме аң-құстардың түрлі қимылын салып ойнап тұр ма деп қаласың. Тіпті аяқ-қолын бауырына қарай бүгіп ұстағаны да әне-міне жортақтай жөнелуге дайындалған кішігірім аңдарға келетін секілді. Суға салсаң балық құсап жүзіп, аспанға лақтырсаң күс болып ұшып кете беретіндей епшең бала екені бір қарағаннан көрініп тұр.

Ол көк жүзінде дыбыссыз қалқып ұшқан кереге қанатқарабүркітке қарап, аузы-басын қисаңдатып,

айбат шеге тыжырайды. Ойындағы тапсырманы ұмытып, бір сәт ойынға алданған түрінен алаңсыз балалығы менмұндалайды. Әйтпесе оның мұнда бекер келмегені, бірдеңені аңдып келгені бағана-ақ жан-жағына бұқпантайлап қарағанынан байқалаған. Биік таулар қоршаған қамау дүние шынында да тып-тыныш, мөп-мөлдір, тұп-тұнық, тап-таза болатын. Ешкім лайламаған, былғамаған, кірлетпеген осындай да ғажайып дүние бар екен-ау деп еріксіз таңқаласың. Сары бала әлдеқайда қылқиып ұзағырақ қарап тұрды да, мың түрлі шөптің бояуымен күстенген табанын бір сипап қойып, жалт беріп кері салды.

Жүгіріп келе жатып кілт тоқтап, бұта арасына жұмыртқа іздегендей қолын шынтағына дейін асығыс сұғып кеп жіберді. Ұзын қонышынан қысып ұстаған қызыл бөтеңкесін тілі салақтаған күшік құсатып суырып алып, бір минөт те аялдауға уақыты жоқтай жүгіре басқан күйі секектеп жүріп киіп алды. Кепсите киген бөтеңкесін «өзімдікі ме?» дегендей оңы мен солына ежірейіп кезек-кезек қарап қойды. Сосын бірін-біріне нығарлай тепкілеп, тарп-тарп басып, аяғының басын одан сайын кептей түсті.

Бірақ одан сірісі қаңсыған қызыл бөтеңкесі аяғына жайлы боп, жалаңаяқ кезіндегідей жеп-жеңіл жүгіртіп кеткен жоқ. Қайта баусыз қонышы екі жаққа далиып, тілі кері қайырыла салақтап, әр басқан жүрісіне кедергі жасаумен келеді. Осы қызыл бөтеңкеден-ақ тойып бітті, өзіне салса лақтырып тастағысы бар, қалай киеді солай қырсығы ұстайды. Қазір де кежегесі кейін тартып, үлкен кісі құсап боқтанып сөйлеп, «тфит, әкеңнің» деп түкіріне қалып еді. Күн әлі ерте, сондықтан



үйге асықпай-ақ қоюына да болады, алайда әкеле жатқан жаңалығы үлкен. Соның да күші болу керек, қораны айнала беріп, жолында маубастана мүлгіп жатқан қарала төбетті қасқыр құсап «арс» етіп, селк еткізді. Ит мұны жақтырмағандай орнынан сөлектей тұрып, сүметіліп барып, анадай жерге қабырғалары ырсия шоңқия кетті.

Үйге кірерде балаға қанат біткендей болған, қызыл бөтеңке босағаға асықтай алшыып түскен. Сол беті үкідей ұшып ішке кіргенде шырайлы, төртбақ, күлімкөз кісі орнынан тұрып кететіндей қорбаң етіп, көтеріліп отырды. Ештеңеден беті қайтып көрмегені, өзіне соншалықты сенімді екені сотанақтана күлімдеген түрінен бірден байқалады. Ненің екенін, әйтеуір бірдеңенің тағдыры шешілетіндей онсыз да елеңдеулі. Қос жанары шоқтай жанған баланың әкелген жаңалығын айтқызбай біліп, жаныға түсіп отыр.

Ошақ басындағы үсті-басы таза, бойы ұсынықты құбақоңыр келіншек те бұларға бұрылып қарауға батпағандай, ту сыртын берген қалпы қата қалған. Сары бала әкелген жаңалығын өзінше құпиялап, қарашығын көз қиығына қарай жүгірте қуалап, жыпықтап шешесін меңзей қойғаны. Бұл жаңалықты әкесі екеуі одан не қызғанатын, не сөзді көбейтеді деп жасыратын болар. Баланың бұқпантайлағанына қарағанда, сірә соның соңғысы шығар. Бала сегіз-тоғыз жас шамасында, бірақ бойы аласа демесең, әлпеті кәдімгідей қатайған, көзқарасы орныққан, өз жасынан үлкендеу көрінеді.

Олардың ымдасқан қимылын жауырынымен сезгендей, құбақоңыр келіншек қыбыр етіп қозғалып, жыбырлап өз жұмысын істеп кетті.

Лақтыра тастаған бұрымы «керек едіңдер маған» дегендей, қыр арқасына сарт соғылып, ұшы шұбалып етегіне түсті. Жауырыны жұп-жұқа, белі жіп-жіңішке, ал бұрымы білектей. Біреу «отағасының арманы жоқ-ау» деп ойлап қалса, қызғанышынан сүйініші басым түсері анық.

Күлімкөз төртбақ кісі құлақтары едірейе созылып кеткендей көрініп, қысқа мойнын да кеудесімен қоса созып, бар денесімен жардай боп ілгері ұмсынды. Манадан бері жаңалығын жеткізер сәтті тағатсыздана күтіп тұрған бала сарыүрпек балапан басын изеп кеп жіберді. Осы әрекетімен ол әкесін түнімен мазалап шыққан шым-шытырық ойдың соңына қақиған леп белгісін сарт еткізіп қоя салғандай болған.

Содан соң «е, атаңды» деген дауыс қана гүж етіп естіліп, күлімкөз төртбақ кісі артына шалт қайырылып, төр алдындағы төбедей жүкті теңімен төңкеріп тастады. Жүк арасынан жалма-жан жарқырата суырып алған оймалы мылтығының шүріпшесіне біреумен бәс тіккендей «тфит» деп түкіріне жұлқынды. Өкшесінен ілесе жүгірген сары балаға «ендігісі сен араласатын іс емес» дегендей, қолын көтере жасқап тастап, есікті салқ еткізіп ашып, сарт еткізіп жапты. Құбақоңыр келіншек есік салқ етіп ашылғанда да, сарт етіп жабылғанда да жіңішке қабағын шытына, шіміріге селк етті.

### 3.

Үшаша қаңылтыр қалақша күнбатыстың етек жағында ауада салбырай асылып тұр екен. Бір қарағанда қарусыз көзге астындағы қадасы аса байқалмай, осылай әлденеге ілініп қалғандай

көрінген. Жалпақ қалақшалар жел жоқта қозғалмай, бір ұшы көкке шаншылып, екі ұшы төмен қарап сөлпиіп қалыпты.

Өлгі құп-қу сопақша жүзді, қардай аппақ сақалды, еңсегей бойлы сары шал көз алдына келді. Тауда жүрсе де үстінен ұзын қара киімін тастамайды. Қайдан келді, неғып жүр, сұрап жатқан жан баласы жоқ. Осындай да бар дүниеден баз кешкен адамдар болады деп естіген. Ол қаңғыбас болса қаңғыбас шығар, бірақ оның кім екенін сұрамайтындай бұлар неғылған бейғам халық деген сұрақ тумай ма енді. Күлімкөз төртбақ кісі басында таңырқап жүрген, артынан «мен пәленшекеңмін» деп бір жөнін айтып кетпегені намысына тиді. Ата-бабасынан қалған жер құсатып, ай-шайға қарамай жайғасты да алды. Ары күтіп, бері күтіп, ақыры болмаған соң тебінтіп өзі барды.

– Сен отшельникпісің? – деп сұраған атынан түспей тұрып.

Анау жай ғана байыппен бұрылып қараған да қойған. Адамсың ба, малсың ба, шаруасы жоқтай. Сөйткен де ұзындығы үш-төрт метрлік уық темірдің бір жағын иығына салып алып, жер сызып сүйрете жөнелген. Бұл азапқа оны кім жеккені, неге жеккені белгісіз.

– Әй, тоқта, – деген бұл намыстан нарттай қызарып. – Қаңғыбаспысың деймін мен саған?

Анау белін жазып, бұған тағы да байыппен бұрылып қараған.

– Жаңағы отшельник дегенің дұрыс.

Орыс шалдың тап-таза қазақша сөйлегеніне таңырқап, абдырап қалып еді.

– Андағы темірді не істейсің? – деді сасқанынан басқа сөз таппай.

– Ана жерге апарып орнатамын.

Үйреншікті бір шаруа істеп жүргендей, биік мүйістің басын қолын ақырын ғана созып, жәйімен ғана нұсқады.

– Ол не үшін керек?

– Зырылдауық қой, желдің күшін біліп отырамын.

– Астапыралла, оны қайтесің?

– Жел, су, шөп, бөрін зерттеймін.

– Оны саған кім тапсырды?

– Ешкім тапсырған жоқ. Өзім үшін...

Қаңғыбас шал енді аялдаса бірденеден кешігетіндей, иығындағы уық темірді мықшия сүйретіп, қоштаспастан қозғалып кеткен. Күлімкөз төртбақ кісінің астындағы атын тепсінтіп, дігір салғанын қаперіне де алмаған. Бұл болса күркеге сүйеулі тұрған тағы бір төрташа темірге көзі түсіп, оның не екенін сұрай алмай қапалақтаған. Әсіресе оның жарқырауық алюмин темірден істелгені және кісі бойындай биік қылып жасалғаны біртүрлі көңілін алаңдатқандай болған.

– Әй, – деп айқайлаған қаңғыбас шалдың соңынан, – андағы зырылдауығыңды білмеймін, ал бірақ мына теміріңді тігуші болма ол жерге!

Күлімкөз төртбақ кісі неге өйтіп айтқанын өзі де түсінбеп еді сол жолы. Тек ана қаңғыбас шал мына биік мүйістің басын алынбас қамалға айналдырып алғысы келіп жүргендей көрінген. Алдымен зырылдауығын орнатса, артынан ана төрташа темірін апарып тігетін шығар деп ойлаған. Елдің бөріне күлкі қылып, қисайған жаман күркесін де сонда көшіріп шығарып алмасына кім кепіл?

Күпті көңілдің күдігі тарқамай, не істер екен деп, бір күн күтті, екі күн күтті, үш күн күтті.

Шыдамай «көріп кел» деп, баласын да қайта-қайта жұмсай берді. Үшінші күн дегенде зырылдауық орнап болып, ол хабарды баласы сүйіншілеп жеткізді жаңа. Содан «не мен қалармын, не зырылдауық қалар» деп келіп жатқан беті осы.

Ол төбесіне зырылдауық орнатылған мүйістің айналасын көзімен кең алып шолып шықты. Ақжалданған суы таудан төмен сарқырап аққан үш өзеннің құйылысы. Етегін қалың қау басқан мүйістің маңдай тұсы жалаңаш. Соның қақ төбесінде тұрған биік зырылдауықты ол жерге мына сүйегін сүйреткен қаңғыбас шалдың қалай жалғыз көтеріп алып шығып орнатқаны түсініксіз. Мылтық дүрбісінің шақпақ белгісіне беттесе қабаттасқан зырылдауықты бір көзі жұмылып, екінші көзі сығырая тесіліп ұзақ көздеді.

Кенет мылтық екпіні тау жығардай жойқын күшпен тарс етіп атылды. Бір қалақшасы қаңғыр етіп ұшып кеткен зырылдауық шайқалып барып, шалқайып тұрып қалды. Екі қолын жайып, аспанға қарап жалбарынып тұрған адам сияқты құдды. «Жоқ, бұл менің ата-бабамнан бері мал бағып жүрген жерім, тектен текке бере қоймаспын саған!» – деп кіжіне жұдырығын түйді.

Екінші рет атқанда оқтың тайып тигенін сезді. Себебі зырылдауық сол шалқайған күйі қозғаусыз қалды. Күлімкөз төртбақ кісі бейне келесі атылатын оққа қосымша күш бергісі келгендей, екі алақанына кезек түкірінді. Көк темір ұңғы суына сорайып, қайыра кезелгенде қолындағы мылтықтың өз-өзінен оңтайлана бергенін сезді. Мылтықтың серті ұстағанда сөйтеді, өзі кезеліп, өзі атылады.

Шүріппені үшінші рет басқанда, зырылдауық

қисайып барып, жантая құлап түсті. Ол жылқы құсап оқыранып, одырая қарап тұрды да, «тфит» деп жерге бір түкірді. Тап осы сәтте қалың бұта арасынан бағанадан бері болған жайттың бәрін қалт жібермей бақылап жатқан қаңғыбас шалдың ақ сақалы жалқақ қамыстың ұлпасындай желп ете қалған. Сол түні «енді қайтер екенсің?» деп күлімкөз төртбақ кісі де, «енді не істесем екен?» деп қаңғыбас орыс шал да таңға ұйқтамай шықты. Екі сұраққа бір жауап көп күттірмей, арада екі-үш күн өткенде биік мүйістің басынан сопаң етіп сорайып тағы бой көрсетті.

#### 4.

Зырылдауық «енді маған не істей аласың?» дегендей, қалқиып орнына қайта тігіле қалыпты. Әуелгіде тіпті аспанға қарай бой созып бойлап, анадағыдан да биіктеп кеткендей көрінді. Үңіліп қайта қарағанда басындағы қалақшасында бір өзгеріс барын байқады. Көздерін қысып та, ашып та қарады. Қалақшалар төртеу, бесеу болып көбейіп кеткендей елестеді. Үнемі күлімдеп тұратын қос жанары бірінен бірі кішірейіп, тіпті асығыс тарта салған сызықтай сығырайып кетті. Бәрібір анықтап көре алған жоқ.

Қайтадан шалқасынан аударылып түсіп, оқшантайын сартылдатып, мылтығын сайлай бастады. Шынында да қандай жағдай болса да оның көздері ерке баланың көздеріндей күлімдеп тұратын еді. Күлімдеп төбесінен, жап-жақын жерден төніп тұрған көк аспанға үлкен бір шаруа істеуге оқталғандай анықтап бір қарап алды. Тау басында шалқақнан жатып, аспанға қарасаң, өзіңді қалықтап ұшып бара жатқандай сезінесің. Ол

қолтығына қанат біткендей қомданып-қомданып қойды.

Сөйтті де аңдысқан адамдай мылтығын оңтайлап ұстаған күйі аяқ-қолын серпе тапыртұпыр етіп, етбетінен тез аунап түсті. Ілгері қадалған беті басбағып, бірер минут қыбырсыз қалды. Сыртынан бақылап тұрған біреу болса, оны өне-міне қарсы жақпен атыса жөнелетіндей көрер еді. Бірақ ол екі шынтағын ұйпаланған шөптің үстіне орнықтырып тіреп, ұзақ баптанды. «Бір атқаннан түсірем», – деді өзімен өзі бәстескендей күбір етіп. «Көресің!», – деді әлдекімге сес көрсеткендей саусағын шошайтып.

Мылтықтың дүрбісі тау ішін дөңгелене кезіп барып, зырылдауықтың қарайған темір діңгегіне тірелді. Ұзын діңгекті бойлап, ақырын жоғары көтеріле берді. Ұшына дейін жетті де әлденеден шошып кеткендей шошаң етіп, барған жерінен адасып қалды. Иесінің оқыс бірдеңеге таңырқап, тосылып қалғанын білдіргендей, дөңгелек дүрбісі тау басындағы ақ қарға қадала кідірді. Іле зулап төмен түсті де зырылдауықтың басына қайта шапталды.

Көздерінен тұңғыш рет күлкі жоғалып, еріксіз ішін тартты. Өз көзіне өзі сенбегендей, дүрбіге сығырайып қайта-қайта үңілді. Қанша қараса да діңгектің басындағы зырылдауықты көре алған жоқ. Оның орнында сырты күмістей жалтырап, алюмин темірден істелген аппақ төрташа темір тұр. Дүрбінің ортасындағы шақпақ сызыққа бірнеше мәрте беттескен төрташа темір «келсең кел» деп, шабынта түскендей. Алайда шүріппені басып жіберуге батылы бармады. Батылы бармағаның не, апалақтап ауа жұта алмай

тұншығып қалды. Маңдайынан бұрқ етіп суық тер шықты. «Е, жаратқан ием!..» – деді дауысы дірілдеп. Бір көргеннен рухын алып қойған бұл не күдірет десеңізші!

Жаңағы жатыпатар қалпынан із де қалған жоқ. Есінен танған адам құсап, орнынан әңірейе көтеріліп отырды. Өзіне өзі келіп болғанша түрі неше рет құбылды. Көздеріне бірте-бірте қайтадан нұр жүгіріп, құйрықтанып күлкі үйіріле бастады. Күлімкөз, күпсек, төртбақкісі. Көп ойламайтыны алаңғасарлау түрінен анық байқалады. Қазір де ана төрташа темірге не істеуге болатынын білмей отыр. Бірақ сол білмегенінің өзін ішке жасырып, өзінше күлмең-күлмең етеді.

– Істеген амалын қара, – деді естілер-естілмес күбірлеп. – Крестке тиісе алмайды деп, әдейі істегені ғой. Көріп алармыз оны да.

Көңілінде еш кір жоқтай, төменгі жақты жайдарылана шолды. Етекке түскенше неше қолат, неше жазық бар. Сауырдай-сауырдай құйқалы жазықтардың үсті көкпеңбек. Беткей беткейдің бәрі көгерген қалың арша. Ары қарай қос қапталдап жоғарылаған сайын қарағай арасы қалыңдап, ол жақ та, бұл жақ та сыңғып тұр. Ол соның бәріне мейірлене қарап отырды да, мыңқ етіп тағы күлді. Орнынан тұрып бара жатып, ту сыртындағы әлгі төрташа темір қадаулы тұрған биік мүйіске де елеусіздеу бір қарап қойды.

Тап осы сәтте төрташа темірдің батар күннің қып-қызыл шапағымен қолмен қойғандай қабаттаса қалмасы бар ма. Көз алдында зорайып, үлкейіп, ұзарып, биіктеп кетті. Шеттері мен ұштары отқа малғандай қызара алаулап, ал бергі көлеңке жағында әлдене қарауыта салақтады. Дәл



үстінде жалт-жұлт етіп, сөзбен айтып жеткізгісіз бір ғажайып шұғыла ойнады.

– Астапыралла!.. О, құдірет!.. – дегенге ғана тілі келді мұның.

Ішінен: «Тізерлеп мінәжаттың ырымын жасай салсам қайтеді?» – деп ойлады. Ізінше мұсылман екені есіне түсіп, Құдай бір сақтады, әйтеуір. Бірақ әлденені мойындағандай монтансып, мойнын ішіне тартып, кішірейе берді, кішірейе берді. Төрташа темір болса үлкейе-үлкейе аспанға тіреліп, бұл байғұс кішірейе-кішірейе құртымдай болды ақыры.

## 5.

Сары бала сарышұнақ құсап қылтиып шыға келгенде, көкжасыл төбе де тіршіліктің белгісін беріп қыбыр еткенге ұқсады. Бала ұзақты күнге жалғыз ойнап, суырлар мен тышқандарға қарап жүріп, өзінен өзі солардың қимылдарын қайталайтын әдет тапқан. Жоғары өрмелегенде сарышұнақ құсап жортақтап кетеді де, бірдеңені аңдығанда екі қолын кеудесіне қарай бүге ұстап, шоқиады да қалады. Шоқиып ұзақ отырды, үйге қайтуға онша асыққан жоқ. Үйге барып айтқанның өзінде әкесінің бұл жаққа ана жолғыдай екі білегін сыбанып шауып келмейтінін білді.

Соның өзі де балаға кереметтей қызық. Әкесі зырылдауықты атып құлатып келген күні үй іші мерекедегідей көңілденіп кетіп еді. Ол сонда үлкен бір жұмысты бітіріп келгендей тамақты асап-асап, қарбытып-қарбытып жеген. Бұл шешесі екеуі жымың-жымың етісіп, оның аузына қараған да отырған. «Шүріппені басып үлгергемін жоқ, мылтығым өзі атылды», – деп соққан бір кезде

отағасы. «Бүгін зырылдауық орнатса, ертең зауыт салады», – деген содан соң салмақтана сөйлеп. «Жайлау жайлау, дала дала, қала қала болуы керек қой», – деген нықтанып. «Бұл менің жерім, әкімге айтқам, келесі жылы жекешелендіріп алам», – деген осының бәрі сендер үшін ғой дегендей мардымсып.

Сөйткен әкесі алдыңғы күні мұның айтып барған жаңалығына, «өзім де білем» дегендей еш елең етпеді. Мылтық орнына қамшы ұстап, мал қарауға тұрды да кетті. Ал бүгін таңертең үйге қасақана үндемей кірді бұл. «Мал қараймын» деп сыртқа шығып бара жатқан әкесі есік көзінде қалт тоқтады. Бәрібір құлағы тігулі, мұның үндемегеніне таңырқап тұрған секілді. Бала екі қолының сұқ саусақтарын айқастыра төрташа темірдің белгісін көрсетіп, сарыүрпек басын алдына тастай изеп кеп жіберген.

– Телефонды ал да жүр, – деген сонда әкесі әлдене есіне түскендей күлім қағып.

– Жәмшид ағамен сөйлесесің бе? – деген бала шалбарының томпайған қалтасын көрсетіп.

– Кіммен сөйлесем, неге сөйлесем, шаруаң не сенің, – деген әкесі баласының әлгі Жәмшидті білгеніне сүйсініп, әйеліне оны иегімен мақтана нұсқап. – Осы неме оқыса, зырылдауықтың көкесін орнатады біздің үйімізге.

Үйдің қасындағы биіктеу жотаның басына шыққаннан кейін сары бала қалта телефонын алға соза ұстап, ары-бері зыр қағып жүгірді де жүрді. Әкесі оған басын қызыл өтештей қылт-қылт бұрып, күлімдеп қарады да тұрды. Екеуі де басқа дүниенің бәрін ұмытып, қол басындай ғана қалта телефонға қадалған да қалған. Әке мен

бала үшін телефон антеннасын аңдитын осы бір сөттен асқан бақытты сөт жоқ. Құдды екеуі ойын ойнап жүргендей мәз-мәйрам болысады. Алайда олардың бұл қуаласпақ ойындары онша ұзаққа созыла қоймайды. Қазір де сары бала олай бір, бұлай бір жүгіріп өтіп жүріп, бір жерге ұршықтай үйіріліп тоқтай қалды.

– Ә, қалай, ұстады, ә? – деп әкесі өз-өзінен кеңкілдеп ала жөнелген.

– Ұстады, мына жерден ұстады, – деп, «қармағымды балық қапты» дегендей сары бала да мәз болды.

– Қос маған Жәмшидті, – деп бұйырды ол баласына, «не істейтінімді қазір көресің» дегендей қоқиланып.

Әкесінің қалта телефонды барбиған саусақтарымен шырмап ұстап, құлағына апарғаны да сол, бүкіл тау іші тас құлағандай жаңғырды да кетті. Құдай біледі, жан-жақтағы аң-құстар түгел үркіп қашқан шығар. Ар жақтағы Жәмшид те қатты айқайдан шошып, телефонын өшіре салған сияқты. Әкесі: «А-а... Әй-әй...», – деп қапалақтады да қалды. Баласы қалта телефонды қолынан жұлып алды да нөмірлерін қайта тере бастады. Әншейінде болса торғайдай басы бір кертоқайға сұранып-ақ тұрғандай еді, Жәмшидпен сөйлестірмей қашып кете ме деп үндей алмады.

– Әй, Жәмшид, не?! Құлағыңды жарып кетсе, трубканы алыс ұста, – деп самбырлады, сары бала телефонды қайта қосып бергенде. – Әй, тыңда!.. Жаңалығыңды содан соң айтасың... Менің бір сұрағым бар... Біреудің жекешелендіріп аламын деп отырған жеріне қаймана біреу крест әкеліп қадап қойса, ал анау оны құлатып тастаса, ол қалай, заңға

сия ма?.. Не дейді?.. Сотталып кетесің дейді?.. Әй, мені неге соттайды?.. Дін араздығын қоздырды деп дейді?! Өзімнің жерім ғой... Жекешелендірмесем жекешелендірем, ал қайтесің?! Не?! Не дейсің?! Қой, ә!.. Менің жерімнен басқа жер құрып қаппа?.. Бастық болса, өзіне бастық!.. Кімге әпермек екен дейді?.. Бизнесменнен басқаға күн жоқ па сонда?! Атасының басы!.. Бермеймін мен жерімді!.. Көшпеймін!..

Сөз аяғында әкесі тамағына өксік кептеліп, сөйлей алмай тұтықты. Не болғанын түсінбей жапақтаған баласы оның күлімдеген көздерінің мөлтілдеп жасқа толып кеткенін көріп, аспан айналып жерге түскендей таңырқады. Өмірі сыр бермейтін, кеудесінен ешкім басып көрмеген адам бір-ақ сәтте өстіп пұшайман болды да қалды.

Сары бала көкжасыл төбенің басында осылай шоқиып қанша отырары белгісіз еді. Өйткені оны көптеген жауапсыз сұрақтар мен түрлі тәтті қиялдар шырмауықша шырмап алған болатын. Алайда күн қатты кешкіріп кетіп, оның үйіне қайтуына тура келді. Төбеден түсерінде батар күннің соңғы шапағына шарпылған биік мүйістің басына қарап: «Мен ертең келем», – деп дауыстады. Сол сәтте биік мүйістің басынан біреу: «Келе ғой», – деп еркелете күбір еткендей болып, өз өзінен селк ете қалды.

## 6.

Таудың таңы бүгін де тап-таза, түп-тұнық, мөп-мөлдір болып атты. Етегін қалың қау басқан сүйір тұмсық биік мүйістің төбесіне тігілген төрташа темір де ерекше жарқырап көрінді. «Мені көрдің бе?» дегендей, ұштары күн шұғыласына мольнан

малынып, алыстан асқақтады. Шындығында оның айдалаға осылай келіп қадалып тұра қалатындай еш жөні жоқ еді. Орнын таппаған нәрсе бәрібір көңіл аудармай тұрмайды. Бірақ ақыры орнап қалған соң енді тимесе де болатын секілденген. Алайда мүйіс басындағы төрташа темір мен мылтық дүрбісіндегі шақпақ белгі бүгін тағы беттесіп қалды. Екеуі біресе қозғалмай қадалып, біресе қалтырап-дірілдеп, ұзақ арбасты. Құдды біреу қастық қылам деп емес, қызық көріп ойнап жатқан тәрізденді.

Айтқандай-ақ, мылтық дүрбісіндегі шақпақ белгі мүйіс басындағы төрташа темірден кілт ажырап, сырғып төмен түсіп кетті. Көкала қойбүлдірген, жап-жасыл шоқ-шоқ көде, ұсақ гүлдері желмен желбіреген көкемарал, қайда да қаптаған боз жусан. Бәріне суретке түсіретіндей тоқтап-тоқтап өтіп, ін аузында қылқиған суырдың кеудесіне барып айқаса шапталды. Ә дегенше мылтық тарс етіп атылып, оқтың жұмсақ бірдеңеге пырс етіп тигені білінді. Әлде сырт етіп сүйек сынғандай болды ма, ол жағын толық ажырата алған жоқ. Ін аузындағы үйілген топырақтың қасында түсі бөлектеу тағы бір төмпешік пайда бола кеткенін кішкене көздері қапысыз шалды. Іле оқ атылған жақтан сарыүрпектеніп өзінің де төбесі шыдамсыздана қылтындай бастады.

Сары бала жаңа ғана өзі атып түсірген суырға қарай жүгіріп кеткісі келіп ұмсынып тұрды да, жіңішке мойнын қайыра бұрып, қайтадан қадалып әлгі төрташа темірге қарады. Қолындағы мылтығының ұшы да үңірейе сұстанып, дүрбісі солай қарай ақырын жылжи берді. Бала алдымен аң-құс шалынып қалмай ма екен деп, биік мүйістің

қалың қау басқан етегін жағалай сүзген. Мылтық дауысының бүкіл тауды асты-үстіне шығарып төңкеріп тастағанымен ісі де жоқ. Қашқан аң қашып, ұшқан құс ұшып кеткен болатын әлдеқашан. Енді бітпеген бір-ақ шаруа қалып тұр, оны істесе әкесінің жанын жегі құрттай жеген бір азаптан құтқаратындай. Өзіне солай көрінеді, бәлкім басқаша болар. Әкесі ренжісе, бұны балам екен деп аямайды. Бағанадан бері оның қолын қағып тұрған осы ойлар болатын.

Етектегі үй жақтан ат тұяғының дүбірі естілгенге ұқсады. Ол қалқайған құлағын желге бір, жерге бір төсеп, тың тыңдады. Құдды ана төрташа темір бір жаққа ұшып кететіндей, ол жаққа да жалтақ-жалтақ қарап қойды. Төрташа темір күнге шағылысқан қалпы, шақырая жарқырап тұр. Арғы беткейден үсті-басы тұтас кара киім киінген қаңғыбас шал дорба арқалап, ақырын сырғи түсіп келеді. Қаңғыбас шал тау-тасты кезіп, дәрілік шөп жинайды екен дегенді бұл да естіген. Айдалада тұрып жатса да өзі өмірі мылтық ұстамайтын көрінеді. Бірақ, төңіректегі малшылар беймезгіл уақыттарда осы жақтан мылтық дауысын естідік десіп жүр. Ол енді ешкім көзбен көріп, қолмен ұстап дәлелдеген нәрсе емес. Алайда балық ұстап жейтіні, түрлі шөп пен жемісті азық қылатыны былай да белгілі жайт еді. Қаңғыбас шал беткейден жаяу түсіп келеді, ал ат дүбірі өздерінің үй жақтарынан шығып тұр. Дүбір бірте-бірте айқын естіле бастады, соған қарағанда иесі асыға жортақтатып келе жатқан болуы керек.

Сары бала апыл-ғұпыл мылтығына жармасты. Тұрған жеріне орын таңдамай қайтадан етбеттеп жата кетті. Шынтағына батқан бір түп көде кедергі

жасап, оң жағына қарай сәл жылжып орнықты. Оң аяғын соқыр қимылмен ары-бері қозғап барып, құлама беткейге қиялап өскен көк аршаның түбіртегіне тіреді. Бірақ соның өзінде де мылтықты атып қаламын деген ойдың басына келе қоймағаны анық болатын. Суық шүріппені сұқ саусағының ұшымен жәй ғана сипап, қызықтап жатқандай қылық танытқан. Шауып келе жатқан аттың дүбірі де осы кезде сап басылған. Әкесі қанша алаңғасар кісі болса да, ит-құс пен мылтыққа аса сақ еді. Өзінің сабырсыздығынан бұрын, баласының ылдым-жылдымдығынан қорқатын.

Сары бала да күлімкөз әкесінің неге алаңдап жүргенін жақсы біледі. Өмірі ештеңеге сыр бермейтін әкесінің өз-өзінен торығып отырғаны жанына қатты батады. Әкесінің көлгірсіп күлгені де бұрынғы арқа-жарқа күлкісіне еш ұқсамайды. Отырған жайлауының тақ төбесіне қаңғыбас біреу келіп, түсініксіз бір белгіні қадап қойғанын көңіліне алып жүргені айдан анық. Сөйтсе де оның не белгі екенін баласы мен әйеліне тіс жарып айтқан емес. Зырылдауығы зырылдауық, ал мына төрташа темірдің не екенін сары баланың білмейтіні сондықтан. Оған мына биік мүйістің басында төрташа темірдің тұрған-тұрмағаны керек емес, тек әкесін осы темірден келген әлдеқандай бір көңілсіздіктен тезірек құтқарғысы келеді. Әкеміз бұрынғыдай алтаң-талтаң басып, шұрқырай күліп жүрсе екен дейді. Соның өзінде де күнге шағылыса жарқыраған төрташа темір жаққа қаратып оқ атамын деп ойламағаны шынында да рас. Жаратқан ием өзі де баланың қолын қағып, жаманаттың бетін аулақ қылар. Бірақ, мылтық оқтаулы, сұқ саусағы сүп-суық

шүріппеге жанасып-ақ тұр. Қолында мылтық барда, мылтыққа салатын оқ барда, ойын баласы мылтықты қалай оқтамай ойнайды.

Атынан түсе салып, сиыр соқпақпен қиялай тартып келе жатқан әкесі соның бәрінен толық хабардар. Ең бастысы, баланы шошытып алмау, мылтықты алдап қолынан тартып алу, ойында басқа ештеңе жоқ. Мылтық атқызып үйреткен өзі, алайда адам жүрген жаққа қарай кезенбе деп талай ескерткен. Көз алдына баласының көздеген нәрсесін қылдай қиып түсетіні елестеді. Сондайда өзінің ақақалап күліп, жас баладай алғаусыз мөз болатыны есіне түсті. Ал қазір қас-қабағы тыжырайып, жыларман халде еңкелеңдеп келеді. Баласы құрттай боп, жерге жабысып алыпты. Иығын қушитып, аяғын тарбайтып жатысының өзі нағыз мергеннің жатысы. Жайшылықта мұнысын мақтап, күшік құсатып арсалаңдатып біраз еркелететін еді. Бұл жолы ондай марапатқа орын жоқ, мылтықты тартып алған бетте мықтап тұрып сазайын тартқызбақ. Соны сезді ме, баланың жоғары қарай шодырая шығып жатқан оң жақ жауырыны жыбыр ете қалды. «Әй, балам» деген қарлығыңқы дауыс байғұс баланың бойындағы бүкіл шартты рефлексстерді іске қосты да жіберді. Ақыр атылмай қоймайтындай серттескен мылтық құлақ жарып, жер-дүниені төңкеріп, аспан астын қақ айыра тарс етіп атылды. Бірақ бала төрташаны туралап атудан жасқанды ма, әлде қорыққаннан қолы тайып кетті ме, оқ төменгі жақтан барып, айдаладағы қой тасқа шақ етіп тиді. Сірә, жаратқан ием өзі көмектескен болар, күнәсіз баланың санасына саңылаулап болса да жарық шашқан шығар, оқ әне лағып басқа жаққа



кетті. Онда да тірі мақұлықтардың біріне тимей, өсімдіктердің бірінің басын да сындырмай, ана қой тасқа барып тигенін көрмеймісің.

Оқтың жұмсақ, қатты, ұсақ, ірі, құрғақ, дымқыл нәрселердің қайсысына барып тигенін дыбысынан ажырататын сары бала, «төрташаны атқам жоқ, енді әкем де ұра қоймас» деп ойлаған. Сол оймен орнынан сенімді-ақ көтерілген, «мықтаса бір ұрсар» деп әкесіне жалт бұрылып қараған, күлімкөз төртбақ кісінің өзіне тігіле қадалып, аңтарыла сопайған үрейлі түрін көрген. Әкесінің бір көзі мұнда, бір көзі анда, есі ауғандай екі көзі екі жаққа қарап бақшиған да қалған. Оның түрі неге бұзылғанын түсінбей, бала да алақ-жұлақ етіп, әкесінің көз ұшын қуалай тімтінген. Төрташа тұрған биік мүйісті бір шалып, екі шалып қарағанда, әкесін не шошытқанын аңғарғандай болды. Әуелі назарына етектегі қалың бұтаны сатырлата бұзып-жарып, жоғары қарай тұлдана өрлеп бара жатқан қара жын секілді бірдеңенің нобайы ілікті. Жолындағы тастарды тарпып құлатып, ағаш түптеріндегі шор боп қалған томарларды қопара сүзгілеп, бет қаратпай әкетіп барады. Құлақтарын жымырып алған, мүйіздері найзадай тіп-тік, тұрқы есік пен төрдей, тұрпаты шынында да адам шошырлықтай алапат.

Сары бала бұл мақұлықтың бұрын өзі көрмеген, бірақ әкесі айта беретін жабайы қара өгіз екенін бірден біле қойды. Әкесі: «Қара өгіз ескі қыстаудағы сандық тасты сүзгілеп-сүзгілеп, орнынан жылжытып кетіпті», «Қара өгіз бір жабайы шошқаны ішек-қарнын ақтарып, жарып тастапты», «Қара өгіз құлатқан қарағайдың бірін атпен сүйреп әкелдім», – дейтін. Әкесінің

айтысынша, жабайы қара өгіз Сарытауда баяғыдан бар көрінеді. Не өлмейді, не қартаймайды, бірақ көзге де түсе бермейді. Тасты сүзетіні – мүйізінің түбі сырқырайды екен, қарағайды құлататыны – арқасындағы қотырын қасиды екен. Ал өзін жегісі келетін аңды аямайды, қуалап жүріп жарып тастайды деседі. Сол қара өгізді тұңғыш рет оқ жетер жерден көрді де аузын ашты да қалды.

Қара өгіз көзді ашып-жұмғанша биік мүйістің басына тайраң етіп шыға келді. Бүкіл дүниені табанына салып таптап жіберетіндей тапыраңдап, ары ойқастады, бері ойқастады. Аяғының астынан ұшқан бір-екі тас анда-мұнда тарс-тұрс тиіп, төмен қарай атқан оқтай зыңғыды. Қара өгіз онымен де қарап тұрмай, арқасындағы қотыры жан таптырмай кетсе керек, атылып барды да төрташа темірдің діңгегіне ышқына-ышқына сүйкенді. Ол діңгегін ырғап-ырғап қасынғанда, төрташа темір өне-міне құлап түсетіндей бұлғақтап, жұлын-жүйкені суырып алардай шықыр-шықыр етті. Неғылса да қара жындай құтырынған қара өгіздің төрташа темірді құлатпай тынбайтыны белгілі болды осы сәт.

Кенет сары баланың өзі де аяғын тік басып тұра алмай, басы зеңгігендей болып, тұла бойын жайсыз бір күй қалтырата билеп бара жатқанын сезді. Жаңағы мылтықтың дауысы да басылмай, жартастан жартасқа жаңғыра көшіп, тау ішінің кәрлене күркіреп тұрғанын да сонда ғана білді. Қарағайлар майыса теңселіп, аңдар үріп-ұлып, құстар шаңқылдап-шулап, жер-дүние түгел азан-қазан болыпты. Тастар тасырлай құлап, қорымдар сатырлай сырғып, алып ағаштар күтірлей сынып, күйреп-жайрап жатыпты. Өзі де, әкесі де, екеуі

де жерге жабысып жата кетуге әзір, тек не болғанын түсінбей қайран. Өлсе де соны біліп өлгісі келетіндей, бәлкім ақырзаман деген осы шығар, неғылса да әйтеуір дүние орнында емес. Дүниені осынша аласапыран қылған қандай хикмет, білгісі келіп тұрғандары да сол.

– Жер сілкінді! – деді бір кезде әкесі жарықшақтанған дауысы қатты шығып кетіп. – Жер сілкінді!

– Жер сілкінді! – деді сары бала да әкесінің сөзін іліп әкетіп.

Ол өзін әкесінің қаһарынан құтқарған жер сілкінісіне дән разы екенін жасыра алмай күлім қаққан, әкесі де мойнынан бір ауыр жүк түскендей жадырай күлген, бірақ жаратқан иемнің қаһары езу жидыртып та үлгертпеді.

## 7.

Иә, сол сәтте үш судың құйылысқан тұсында, етегін қалың қау басқан, ал маңдай тұсы жалаңаш биік мүйістің терең табанында айтса нанғысыз тағы бір сұмдық оқиға басталды да кетті. Жуандығы білектей ұп-ұзын уық темір басындағы төрташасымен қоса жолай әрнені бір іліп түсіп, төменге қарай бар салмағымен шаншыла құлап келе жатты. Дәл осы кезде биік мүйістің тура түбіндегі шанжалары жан-жаққа сорайып шығып тұрған ағаш күркенің астынан мылтық дауысына елеңдеп, сор айдап жампандап, әлгі қаңғыбас шалдың шыға келгені. Күркесіне қашып қайта кірсе бірсәрі, қашпай жоғарыға қадала қарап тұра қалып, «о, жаратқан ием» деп Құдайына жалбарынып, не заманнан үйренген машықпен тез шоқынып та үлгерді. Мына қылығы «басыма

ти, екі иығымнан соқ, ішіме кір» деп тұрғандай құдды. Сырттан бір адам қарап тұрса, Құдай біледі, жанкешті осы көріністен-ақ жынданып кетуі бек мүмкін болатын. Бірақ қаңғыбас шал түк те сасқан жоқ, өзіне қарай тақ төбесінен шаншыла зулап келе жатқан найза темірді мәңгілік азапқа дайындалғандай жалпақ омырауын төсей, қасқағым сәттік түсініксіз бір салтанатпен қасқайып күтті. Үстіндегі тобығына дейін түскен желең қара киімі аяқ астынан желпіп соға қалған желмен желбір-желбір етіп, әлдеқайда қалықтап ұша жөнелетіндей әсер берді. Сөйткенше болған жоқ, зілдей ауыр крестің бір ұшы басына, бір ұшы иығына, тағы бір ұшы кеудесіне сарт-сұрт соғылып, жерге былш еткізіп жапсыра салды. Уық темір лақтырған найзаның сабындай теңселіп барып, күркенің шетіндегі шанжа ағашқа тіреліп, қисайып тұрып қалды.

Биіктен құлаған төрташа темірдің төменде қарайған адамға қалай барып тигенін алыстан көрген әкелі-балалы екеу төбе басынан тарыдай шашылып түсіп, осылай қарай тұра кеп жүгірді. Әкесі баласын қолы жеткен жерде түйгіштеп-түйгіштеп, құлдыраңдатып алдына салып алған. «Иттің күшігі, енді кімге не бетімді айтам?» – деген дауысының жекігенінен жыламсырағаны басым. «Жаны қалса жақсы, жаны қалмаса құрыдық екеуміз де», – деп сүметіле сыңсыды. Мылтығын тасқа бір ұрып, ортасынан қақ бөлетіндей шамырқанды. Бірақ мына тауда өзіне одан басқа серік жоғын ойлап, амалсыз тартынды. Бала шөлдеп кетті ме, қып-қызыл бүлдіргенен уыстап алып, жүгірген беті аялдамай бір асап жеді. Таңдайына татып кетіп, жүгіріп келе жатып

тағы еңкейгенде, әкесі жалпақ алақанымен май құйрықтан сарт еткізіп ұрды. Бала бір жығылып тұрып, тұра беріп бәрібір қып-қызыл бүлдіргеннен бір көсіп алып, қақала-шашала асап үлгерді. Бүлдіргеннің сөлі мен көзінің жасы араласып, бет-аузын қызылала, көкала қылып айғыздап тастаған. Танауын қорс-қорс тартқан сары баланың жылауы да тез, жұбануы да тез, тіпті өздерінің неге бола сонша алқын-жұлқын жүгіріп келе жатқандарын да естен шығарып алғандай. Өзінен бетер қызылтанаулаған әкесіне жалт қарап, жабайы шошқалар тамыр қазып жеген шұқырды нұсқап, арсалаң етті. Жайшылықта мұндай байқампаздығы жоғары бағаланып, екеуі де мәз-мәйрам болып, жетісіп қалатын. Бұл жолы ұрып жіберуге оқтала сілтенген мылтықтың дүмі тұмсығын бұза жаздап, дәл танауының астынан ағындай сермеліп өтті. Жалтара қашқан бала ор қояндай орғып барып, алдыға түсіп, аяғы аяғына жұқпай зымырады. Алқылдап алқына тыныстаған әкесі тауды басына көшіре айғайлап: «Ит!.. Шошқа!.. Әйт!.. Әйт!.. Сені ме!..» – деп бар ашуын төге, артынан ұмтылып-ұмтылып қойды.

Олар өкпелерін қолына алып жеткенде, төрташа темір бір жақта, қаңғыбас шал бір жақта жайрап жатқан болатын. Бірақ қаңғыбас шал бұлар жақындағанда тірі екенін білдіргісі келгендей, қаттырақ ыңқылдап ыңырсыды. Аппақ сақалы алқызыл қанға боялып, жарылған қабағының астынан қан әлі де дірдектеп ағып, соңғы тұяқ серпердің алдында жатқанға ұқсады. Әкелі-балалы екеуді көріп, онда да өткендегі күлімкөз төртбақ кісіні танығандай болып, бойына қайтадан қайрат жиған түрі бар. Күлімкөз

төртбақ кісі әсіресе оның мойны әнтек қайырылып кеткенінен шошып, жалма-жан қасына тізерлей шөкеледі. Кетпендей жұдырығымен өз тізесін өзі бір ұрып қалып, өкіне бас шайқаса да шарасына нұр толған күлімкөзі түк өзгерген жоқ. Сол күлімкөзден сорғалап жас аққанын көріп, қаңғыбас шал таңырқағандай қабағын керді. Екеуі де бір-бірімен құшақтасып көріскілері келгендей сіңірлі қолдарымен білектерінен шап-шап беріп ұстап, дем сәтке ғана үздіге ұмсынысты. Алайда қаңғыбас шалдың бет-әлпетінің дір-дір еткені болмаса, кеудесін ептеп те болса көтеруге шамасы жетпей дымы құрыды. Күлімкөз төртпақ кісі оның мойны қайырылып жатқан соң, басын сүйеп көтеруге одан ары зақым келтіріп аламын ба деп қорықты. О жер, бұ жерін сипалаған қолы қайта-қайта қыр желкеге бара берді де, ақырында күдірейген омыртқаның басы кеткенін білді. Бала осы кездің бәрінде шалдың аяқ жағында жүрелеп отырып, екі жаққа кетіп көстиген аяқтарын біріктіргісі келіп, ақырын-ақырын қозғаумен болған. Дөңбектей аяқтар икемге көнбей, қайта-қайта бос салақтап, бастапқы орнына жылжып кете берді.

– Тамыр, қай жерің? – деді күлімкөз төртпақ кісі оның құлағына дауыстап. – Өзіңнің де емшілігің бар сияқты ғой, не істейін?

– Менің дәм-тұзым таусылар сәт алыс емес, – деді қаңғыбас шал қырылдап әрең сөйлеп. – Ештеңе істеудің қажеті жоқ.

– Ол қалай болды енді? – деп сасқалақтады күлімкөз төртбақ кісі баласына кінәлай қарап. Сөйтті де: – Жер сілкінді ме, қайтті? – деді әлденеден үміттенгендей жапақтап.

– Иә, алдымен мылтық атылды, содан соң жер

сілкінді, – деді қаңғыбас шал сол қырылдаған қалпы.

– Не істедің сен, әй, зәлім? – деп ақырып жіберді күлімкөз төртбақ кісі.

– Балаға неге ұрсасың? – деді қаңғыбас шал дауысын барынша жайбарақат шығаруға тырысып. – Оның жазығы не?

– Осы ғой, менің істегенімді істеймін деп... Бірақ өзім мойныма алам бәрін... Неғылса да қаракетсіз қалмайық енді... Атқа өңгеріп ауылға апарайын, тамыр...

– Жо-жоқ, әуре болма. Бәрібір жете алмаймын.

– Қаракетсіз қалай қарап отырамыз, тамыр?

– Сендердің еш жазықтарың жоқ. Баланы жазғыра берме.

– Не тілегің бар, тамыр?

– Қорықпаңдар... Сендерге бөле салып нем бар?... Қаңғып кетсем де мінәжәтімді қалай ұмытайын?... Осы кресті құшақтап өлермін дегем... Арманым жеттім, өне!..

– Құдай-ай, енді қайттім?

Күлімкөз төртпақ кісі жыларман болып, өзін өзі жеп жібере жаздап, тістерін қатты-қатты шықырлатып азаланды. Бала тұра қашуға оңтайланып, қопаң етіп, құйрығымен артаманырақ бір жылжып отырды. Ана дүниеге кетіп барып, әлденесін ұмытып қайта оралғандай, шалдың үлкен көкшіл көздері аспанға қарап алайып, алаң-ғұлаң етті. Соның өзінде соңғы сөзін айтпай кетпейтіндей, ышқына сөйледі тағы.

– Жаратқан иемнен тілегенім... тілеуге де қорыққаным... крестке таңылып өлу... қасиетіңнен айналайын... азабын тарттым, міне... азабы мен рақаты бірдей... иә, жаратқан ием... мың шүкір... мың шүкір...

Қаңғыбас орыс шалы сөйтіп иен таудың ішінде тап-таза қазақша сөйлеп жатып, әкелі-балалы екі қазақтың қолында о дүниеге разылықпен аттанып жүре берді. Күлімкөз төртбақ кісі оның басында не істерін білмей, бір уаққа дейін кәңгіріп отырды, «дініне қандай адал» деп ойлап қойды арасында.

## 8.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» депті біреу. Қаңғыбас шалдың кездейсоқ өлімі бүкіл ауданды аяғынан тік тұрғызды. Үш судың құйған жеріндегі биік мүйістің етегіне қарақұрым қаптап ел толып кетті. Күркеге кіргізіліп жатқызылған шалдың денесін тексеріп жатқан жерге ешкімді жолатпайды. Кепкісінің күнқағары қоқырайған полиция бастығы осқырып оқшау тұрған аудан әкіміне жүз барып, жүз келген шығар. Ары өткен, бері өткенде әйтеуір ағаш көлеңкесінде мөнді-мөнді болып отырған әкелі-балалы екеуге зілденіп бірдеңе деп кетеді. Басқа жұрт та мұнда қызық көруге келмегендіктерін аңғартып, сұстана кекірейіседі. Ауданның әкімшілігі мен мәслихатынан, оқу-білім басқармасынан, ауруханасы мен мәйітханасынан, сала-сала болып бөлінетін заң орындарынан, жергілікті газет пен телерадиодан, шекарашылар отрядынан, тіпті өрт сөндірушілер мекемесінен де басшылар мен өкілдер бар.

– Әу, ағайын, – деді күлімкөз төртбақ кісі. – Сонда бұл шалдың «сендердің еш жазықтарың жоқ» деп айтып кеткені ешқандай есепке жүрмей ме? «Мылтық атпадық» десек те кім көріпті бізді. Жер сілкінгені де рас. Кездейсоқтықтан болды емес пе бәрі? Тыңдаймысыңдар өзі, тыңдамаймысыңдар?



Еңсегей бойлы аудан әкімінен бастап, жиналғандар түгел оған ошарыла қарады. Жансыз әйнектей құр жылтыраған жанарлар «байғұсқа обал болды-ау» деп бір жібісеші. Өздеріне қарай жыпырлай бұрылған суық жүздерден бала да қорқып кетіп, онсыз да пұшайман болып отырған әкесінің бауырына тығыла түсті.

– Қорықпа, – деді әкесі құлағына сыбырлап. – Кетсем мен кетем.

Сен шешеңнің жанында қаласың. Ана малға ие болыңдар. Уағымен жаймасаңдар, мал арып кетеді. Ойға түскен соң қоң ала алмай қалады.

– А сен қанша күнге кетесің? – деді бала жыламсырап. – Енді мылтықты да алып кетсе, қасқырдан қалай қорғанамыз?

– Мылтықты қалдырыңдар деп айтып көрем, – деді әкесі бәрін өзі кесіп-пішіп отырғандай. – Сонша малды қасқырдың талауына тастайтындай, бұлар айуан емес шығар.

Сөйтті де:

– Әй, бір ешкімге зияны жоқ жақсы шал еді, – деді тағы.

«Мылтықты алмайды» дегенге бала кәдімгідей жігерленіп қалды. Құйрығымен бір жылжып, әкесінен бөлектеніп отырды. Монтиған түріне қарасаң, ес кірген салмақты бала сияқты. Әкесі келгенше малды ит-құсқа алдырмай, аман бағатынына өзі аса сенімді. Өстіп әкелі-балалы екеуі өз үкімдерін өздері шығарып қойып, енді соның уайымына көшкен. Мына жайбарақаттық жынына тигендей, полиция бастығы қастарына танауын көтере тәштендеп жетіп келді. Бала ананың екпіндеп келісіне қарап, әкемді ұрып жібереді екен деп тіксінді. Әкесінің тізесін

құшақтай алып, кішкене көздері бағжаңдай қорғалақтады.

– Сен не, шалдың сөзін диктафонға жазып алып па едің? – деді полиция бастығы дігірлеп. – Әлде қағаз жаздырып, қол қойдырып алдың ба? Кім сенеді сенің бұл сөзіңе?

– Ойбай-ау, өз құлағыммен естідім емес пе? Ешкім қыстаған жоқ, өзі айтты. Қайта разы болып аттанды. Тілеп алғаным осы деді.

Аса діншіл кісі ме деп қалдым. Сондай бірдеңелер айтып еді, онысын түсінгем жоқ.

– Ал, анау зырылдауықтың қалақшасындағы оқтың ізі ше? – деді полиция бастығы қадалған жерінен қан алардай төніп келіп. – Сол оқтардың ізі болмағанда, біз де сендерден ештеңе сұрамас едік.

– Ол осыдан он күн бұрын болған, – деді күлімкөз төртбақ кісі де оңайлықпен беріскісі келмей. – Бұл жолы жер сілкінді деп айтқам жоқ па жаңа?

Оның мына жалбарынышты сөзі полиция бастығына бар бөлені жер сілкінісіне аударса салуға болады ғой деп, ақыл айтқандай естілді. Ашу қысып, табақтай беті мен торсықтай шекесі одан сайын ісініп бара жатты. Өзі кінәлі адамның полиция бастығына «олай істе», «былай істе» деп ақыл айтқанын біреу естімесін деңіз. Ең аяғы енді айдаладағы қойшының басынғаны қалыпты.

– Әй, жер қалай сілкінгенін біз де көрдік қой, – деген полиция бастығы өз көзін өзі шұқып ала жаздады. – Кішкене қыбырлады да қойды ғой.

– Сонда ана тастарды мен құлатыппын ба? – деп күлімкөз төртбақ кісі онымен анық бетпе бет келді енді. – Біз жақта кәдімгідей сілкінген жер

ауданда қыбырлап қана қойса, ол да Құдайдың күдіреті шығар.

Ол төрташа темірді діңіне сүйкеніп құлатқан жабайы қара өгіз туралы айтқысы келмеді, айтса өзін жынды екен деп қалуы мүмкін екенін сезді. Осы тұста мұның көзіне көзі түсе кеткен полиция бастығы да айтайын деп тұрған сөзінен жаңылып, жемін жұта алмай қылғынған өтештей «ықықтады» да қалды. «Жынды ма, сау ма?» дегендей тесіліп әлі қарап тұр, әлі қарап тұр. Өзі абыржып отырса да көздері күлімдеген қалпынан бір жазбаған мына кісінің алаңғасар қылығын ақылға сыйдыра алмаған тәрізді. Әлде бұған не болып, не қойса да бәрібір ме екен? Өмірде ондай адамдар да болады, күйдіргенде солар күйдіреді. Бүлдірерін бүлдіріп алады да, не істесең де өзің біл дегендей қарап отырады.

– Әй, неңе жетісіп күлесің?

– Күлгем жоқ, күлгені несі?

– Ана көзің не?

– Құдай солай жаратқан көзді шұқып алып тастамайтын шығармын.

– Тіліңді суырып алар ма еді, бәлем.

Ызғарлана сөйлеп, нығарлана басып кетіп бара жатып та айналып көзіне қарай берді. Аудан әкімінің ары-бері жүргіштеп, тықырши бастағанына бола асықты. Әкімнің бір шешімге келгенін сезіп, жұрт та жапырлап жолға жиналуға ыңғайланды. Бұл бір мәңгі шешілмейтін іс емес, ау-жайдың бәрі белгілі болып тұр. Әкімнің сұсы қайтып, балбырай жұмсарған түрінен осы нышан байқалған.

– Шалды дұрыстап жерлеңдер, – деді әкім өзінің оңай шешім қабылдамағанын көрсеткісі

келгендей нығызданып. – Шіркеуден біреулерді шақырғандарың дұрыс шығар. Көшедегі бір-екі шал-кемпірді де әкеле салыңдар.

– Ол жағын өзім реттеймін, – деді полиция бастығы жұмысы жеңілдегенге қуанғандай жадырап. – Артынан шағындап ас бергізермін.

– Мал-жаннан ажыратпай-ақ қой, – деді әкім үдірейген әкелі-балалы екеуін немкеттілеу меңзеп. – Мылтықтарын да өздеріне қалдыр. Басқа басқа, сен екеуміз бұл тауда ит-құстың қандайлық екенін жақсы білеміз ғой.

– Мылтықтары тіркелмеген екен, – деді полиция бастығы да шаруабастылықпен жаны ашығансып. – Тез тіркетіп қолдарына қайтарғызармын. Қасқырға алдырмай жүрген жалғыз мылтықтары көрінеді. Тағы бар болса, тағы анықтап сұрармын.

– Ол аса қиын мәселе емес, – деді сонда әкім еңсегей бойымен еңсеріле бұрылып. – Ана кресті қайтесіңдер сендер, ал? Мәселе деген сол, міне! Көріп-біліп отырған ел бар, байқандар.

– Енді мен саясат жағына жоқпын, – деп, манадан бері сайрап тұрған полиция бастығы осы арада өзінше кекірейді. – Ол жағын идеологтарыңыз шешсін. Қолдан жасалған, бірақ шебер істелген. Құр тастап кететін нәрсе емес.

– Мен де соны айтам ғой, – деп, әкім де оның ыңғайына жығыла, жорта ақылдасқансыды. – Бәрін аяғына дейін өзің атқарып, шіркеуге апарып тапсырсаң қайтеді. Артық әңгімені неғыламыз?

– Бір ауыз сөзіңіз, – деп, полиция бастығы жауапкершілікті бәрібір әкімнің мойнында қалдырды.

– Иә, ел аман болсын, – деді әкім басқа амал

жоғын аңғарта аса қатты шаршаған сыңаймен күрсініп салып.

Басы қатты басталған іс сөйтіп тату-тәтті аяқталды. «Кресті шалды жерлеген кезде басына қадап қойыңдар» деуге әкім тағы бірнәрсені бүлдіріп аламын ба деп қорықты. «Бұл оқиғаның тезірек ұмыт болғаны жақсы» деп ойлады. Биылдыққа бүкіл көрсеткіш жақсы болып келе жатқанда, жоқ жерден сүрінгісі келген жоқ. Әйтпесе әкелі-балалы екеудің тағдыры оны аса алаңдата қоймап еді. Оны соншама ақымақ емес полиция бастығы да айтқызбай сезген. Кресті не істеу керек екені жөніндегі шешімнің жауапкершілігін әкімнің өзіне қалдырып қойғаны содан болатын. Күлімкөз төртбақ кісі кеудесіне жаңа жан біткендей тоңқалаңдап, анаған бір жүгірді, мынаған бір жүгірді. «Шалдың өзі кінәларың жоқ деген... шалдың өзі кінәларың жоқ деген...», – деп аңқалаңдайды.

– Анауың жылап жүр ме, күліп жүр ме? – деді әкім көлігіне қарай қозғала беріп. – Көздеріне қарашы...

– Жылап жүр, – дей салды полиция бастығы. – Құдай солай жаратқан көздерін шұқып тастау қолдан келмес...

– «Өзің де бір сорлы едің, ит қапқан соң не сорым» деген осы, – деді әкім қоштасып жатып. – Айтпақшы бұл жақта жер кәдімгідей қимылдаған сияқты ғой... Сейсмологтар да қателеседі екен-ау...

Бұл сөзді құлағы шалып қалған күлімкөз төртбақ кісі: «Сейсмологтарыңыз не біледі, бәрі бір Алланың қолындағы іс емес пе?» – деді ішінен, өзіне өзі келіп болып. Осы сәтте ол өзін ана марқұм

қаңғыбас шалдай байыпты, діншіл адам сияқты елестетті. Аналардың бәрі діннен еш хабары жоқ құрт-құмырсқа тәрізді көрініп кетті. «Бар, бір құдірет қайтсе де бар», – деп ойлады тағы. Бәрін ұмытып, үйіне тезірек барып, төр алдында «менің білгенімді сендер қайдан білесіңдер?» дегендей қоқырайып отыруға асықты.

## 9.

Көкжасылтөбегекішкенесарыбала сарышұнақ құсап қылтиып шыға келді. Өлдеқайда қылқиып ұзағырақ қарап тұрды да жалт бұрылып кері салды. Ол ұшып үйге кіргенде шырайлы, төртбақ, күлімкөз кісі орнынан тұрып кететіндей қорбаң етіп, көтеріліп отырған. «Айтқан нәрсеңді көріп келдім» дегендей, қос жанары шоқтай жанған баладан болмай қоймайтын тағы бір жаңалық күткендей түрі бар.

Күлімкөз төртбақ кісі құлақтары едірейе созылып кеткендей көрініп, қысқа мойнын да кеудесімен қоса созып, бар денесімен жардай боп ілгері ұмсынды. Осы кезде жаңалығын жеткізер сәтті тағатсыздана күтіп тұрған бала сары үрпек балапан басын изеп кеп жіберді. Отағасының күлімдеген көздерінен бір ұшқын жылт етіп, аспаннан жұлдыз ағып түскендей құйрықтанып барып жоқ болды. Бірақ жанарынан келіншегі мен баласын алыстан аймалаған қоламтадай жып-жылы күлкі табы кеткен жоқ. Шуақтанған жүзінде «сендерді аман-есен күнде көріп, осы отырған отырысыма да риза болмаймын ба?» дегендей үй ішін мейірлене іш тартқан белгі бар.

– Бұл жақтың еркегі қырылып қалған ба, түге?  
Күйеуі басылса, қатыны құтыратын жаман

өдет аяқ астынан шырық бұзды. Тып-тыныш тұрған қазан-ошақтың басы жау тигендей төтенше кәңгірлеп кетті. Мұдайда әйел атаулының осыған дейінгі үндемей жүрген күндерінің ақысын жиып-теріп бір-ақ алатыны айтпаса да түсінікті. Итке жасқаншақтығыңды, қатынға қорғаншақтығыңды өсте білдірмеу керек. Күлімкөз төртбақ кісі қоқырайғанда өстіп қоқыраятын.

– Жә, болды, – дегеннен аспады бұл жолы. Дауысы да жұмсақ шықты. Тіпті ақылдасқан сыңай көрсетіп отыр. – Шынымен бала-шағасы ма екен, ө?

– Ол жерді ала алмайсың енді, – деді келіншегі қазанның қақпағын ақырын жапса бірдеңе болатындай, қатты тарс еткізіп жауып. – Ана алам деп таласып жүрген бизнесменге де бұйырмайды. Өздерінің жері ғып, белгі салып қояды мыналар, бітті сосын.

– Қайдан білейік, – деді күлімкөз төртбақ кісі әдейі немкеттілеу дауыспен. – Дала да, тау да кең ғой, сиярмыз бір шетіне.

– Жаның сыйса малың сыймай, малың сыйса жаның сыймай жүр сөйтіп. Кеше осылар келгеннен-ақ барып біл деп, Құдайдың зарын қылдым. Сізген, бір бөлені ішім сезген.

Үсті-басы ұқыпты-ақ келіншек дем сәтте өптер-тәптері шығып, өз-өзінен қыстыға сықсыңдап жылап жіберді. Үлкендердің ұнамсыз әңгімесінен қашып, бала далаға безді. Артынан шаңқ-шұңқ еткен жағымсыз дауыстар шығып жатты. Көңілдері кірсіз, қылаусыз әке-шешесінің алысқа бармайтынын ол жақсы білетін. Тау бөктерлеген кілең қасқабас сиырларын, сай табанындағы көкмайсаға желімдей жабысқан

ақтылы қойларын шола қарап түгендеді. Ана көк шоқының арғы айналмасында жайылып жүруге тиісті жылқыларын да көрмесе де көріп тұрғандай, қылта-қылтаға телміріп ұзақ қарады. Қайтып үйге келіп кіргенде, әкесінің буынып-түйініп жолға дайын тұрғанын көріп, іші қылп етті.

– Сен өзі ол мүйісті барып көрген де жоқсың ғой осы уақытқа дейін, – деді әкесі баланың шешесіне сырт қараған қалпы. – Сірә, оның қай жерде екенін де білмейсің-ау. Жоқтап тұрғаның ол емес, анау маңдай термен жиған мал да емес. Былтырғы әпкеңнің баласының үйлену тойына бара алмағаныңа қамығып жылайсың. Көктемдегі аға-жеңгеңнің күміс тойына қатыса алмай қалғаныңа қынжылып жылайсың. Әнеу күнгі кенже ініңнің оқуға түсіп келгенін тойлағанда, ішінде бола алмағаныңа ренжіп жылайсың жыласаң. Ештеңе жоқ, бәріне бір-бір мал атадық қой.

Иә ұрысқаны, иә жұбатқаны белгісіз, сөйтіп айтты да дөңкиген жонын бір-ақ көрсетті. Оның қайда, неге кеткенін келіншек те, бала да сезді. Отағасы ат үстінде иығына ілген мылтығының ұшы шошаңдап, үйден тез алыстап кетіп бара жатты. Ашық есіктен қарағанда астында тепеңдеген аты, иығында шошайған мылтығы бар соқталдай еркектің үйден ұзап бара жатқаны қайталанбастай әсерлі сурет еді. Ал оның анадайдан төбесі қылт етіп көрініп, атымен қоса бірте-бірте тұлғаланып, үйге жақындаған сайын жүрістері де тездей түсіп қайта оралатын кездері бәрінен де ыстық көрініс болатын.

Бірақ осы жолы сары балаға әкесі әлденеге айналып қалып, көп уақытқа дейін қайтып оралмайтындай көрініп кеткен. Соны ойлап қатты



қиналғаннан ба, өзі қалып қойса да, жаны кішкене кеудесінен ытқып шығып, әкесінің артынан ілесе кеткендей сезілген. Кеудесінен ытқып шыққан жаны әкесін басына күн туған қиын кездерде қауіп-қатерден қорғаштауға бара жатқанға ұқсаған.

– Қап, әкең ашумен бірдеңеге арандап қалар ма екен? – деді шешесі өзін кінәлі санағандай сипаланып. – Араласпайтын жерге араласып нем бар еді, Құдай.

– Әкем жаман ештеңе істемейді, – деді бала ересек адам құсап салмақтанып. – Өткенде мен ғой арандатқан. Былай шыққан соң ашуы басылады да қайтып келеді.

– Қайтып келмесе ше? – деді шешесі қолын етегіне сұрткен күйі аңтарылып. – Артынан барамысың әлде?

– Барғанда не істеймін? – деп қырсықты бала, сен бүлдірмегенде әкем үйде тып-тыныш отырар еді дегендей.

– Жайбарақат қана әңгіме айтып отырды ғой, – деді шешесі. – Мүмкін басқа жаққа кеткен шығар?

– Қайда барады, аңға ма?

– Итім біліп пе?

Әңгімелері сонымен таусылды да, екеуі де бірсәрісі болар дегендей еренсіздікке салынды. Көмпіс адамдар бәріне көмпіс, шаруабастылық ештеңеге мойын бұрғызбайды. Тап қазір істеп тастамасаң болмайтын жұмыстар біріне бірі шырмауықша сабақтасып жатыр.

– Мен қойға кеттім, – деді бала.

– Сеператорды шұқылап көрсең болатын еді, – деді шешесі.

– Жаңа көргем, істеп тұр ғой.

– Ә, қайта істеп кеткен ғой онда.

Кенет, отағасы кеткен мүйіс жақтан дүңк етіп мылтық атылды.

Сәл тұрып, жаңағыдан да қаттырақ тағы атылды. Бұлар демдерін ішіне тартып тың тыңдағаннан кейін бе, үшіншісінде одан да қатты естілді. Кеше кешкілік үш судың құйғанындағы мүйістің түбінде тау-тасқа жүруге ыңғайлы асты көтеріңкі көліктерін қаңтарып қойып, от жағып отырған жирен шаштылар үш адам болатын. Ал таңертең сары бала тағы барып көргенде қаңғыбас шалдың күркесінің қасына шошайтып тіккен көгілдір палаткаларында тұяқ серппей ұйқтап жатқан. Сол есіне келген сары бала қорқып, үлкен кісі құсап: «Қап, әкеңнің!..» деп, санын бір-ақ соқты.

## 10.

Мүйіс сол мүйіс, күрке сол күрке, үшеуара шошайған бір мылтық. Қырық қадамдай жердегі тасқа тіккен бос бөтелке әйнегі күнге шағылыса жылтырап бүтін тұр. Үшеуі кезек-кезек атып тигізе алмаған соң, кезек қайта айналғалы жатқан. Төменгі жақтан солаң етіп, салт атты біреу шыға келген соң тосылды. Бұлар мылтықтың дүмін жерге түсіріп тұр еді, анау иығынан сыпырып қолына алды. Өзі қолмерген пәле ме, басын бір қылтың еткізді де көздемей-ақ басып салды. Бөтелке күлпаршасы шығып ұшқанда, тас үстінде шырқ айналып түбі ғана қалды. Жақ жүндері ұйпалақтанған, жирен шаштары да ұйпа-тұйпа үшеу шұрқ ете алған жоқ. Қастарына шоқытып жеткен күлімкөз төртбақ кісіге қолдарын созып, жапырлай амандасты.

– Неғып жүрген жансыңдар? – деді күлімкөз төртбақ кісі.

– Әкемізге келдік... Әкемізге келдік... – десті аналар тілдерін бұрай қазақшалап, білген екі ауыз сөздерінен жаңылмай.

– Ә, солай ма? – деді күлімкөз төртбақ кісі. – Мен оны үрім-бұтақсыз біреу ме десем.

– Жоқ-жоқ... Біз әкемізге келдік... – деп қоймады аналар.

– Ал анау не?

Күлімкөз төртбақ кісі күлімдеп тұрып-ақ, өлдене қарауытқан биік мүйістің ұшар басын нұсқаған. Мүйістің ұшар басындағы нәрсе төменнен қарағанда тіптен биіктеп, асқақтай түскен. Бұрынғысы жел соқса қалбалақтаған әншейін бірдеңе еді. Мынауы әу бастан осы мүйіспен бірге жаралғандай мығым түр. Күркенің қасында астыға төселген жоғары маркалы цементтің сарғыш қағаз қабы жатыр. Күрек, қайла, тағы да басқа саймандар күркенің жақтауына қазқатар тізіле қалған. Үшеудің бірі қолдарындағы мылтықты да солардың қатарына апарып қойды. Түнде тоңаннан ішкен болар, көздері қанталап, қызара ісініп кетіпті.

– Белгі... Крест... Әкеге ескерткіш... – деді үшеуі жарыса.

– Бұл менің жерім ғой, – деді күлімкөз төртбақ кісі.

– Бола берсін... Әке осында өлді... Біз, балалары, белгі қойдық, – деді аналар шымп етпестен.

– Е-е-е, онда бопты, – деді күлімкөз төртбақ кісі. – Сендер онда қайтарларыңда үйге түсіп, бір қойдың басын жеп кетіңдер.

– А?.. Не ол?.. Ол не?.. – деді аналар соңғы сөзді түсінбей қалып.

– Қой соям... Пық... Қой соям... – деді күлімкөз төртбақ кісі.

– А?.. О!.. Жарайды... Жарайды... – десті аналар мәз-мәйрам болып.

Олар күлімкөз төртбақ кісінің көзі күлімдеп тұрса да, іші қалай ойқан-тойқан болып кеткенін сезген жоқ. Сары бала бұл болған жайдың бәрін әкесі үйге екі иіні түсіп, сүметіліп келгенде барып бір-ақ естіп білді. Бірақ өткенде бүкіл өміріне жететіндей ащы сабақ алғандықтан, ешқандай оғаш қылық танытпай, әкесіне ілесе келген қонақтардың алдында басын алдына салып, жым-жырт қана монтиып отырды. Меймандардың жасы үлкендей бірі еркелетпек болып, қайта-қайта түртпектеп қоймаған соң аш күзен сияқты ішін тарта қабысып, шақ ете қалды бір уақытта. Сол-сол-ақ екен, аядай үйдің ішінде елдің бәрін күлкіге қарық қылған бір тамаша қызық думан басталды да кетті.

Бала әуелі сары үрпек басын қылтыңдатып, жіңішке мойнын қисайта созып, қайта жинап ала қойып, күркетауық болып құрқылдаған. Содан соң екі қолын алдына шынтағынан бүге ұстап, жан-жағына жалт-жұлт қарап алып, ін аузындағы суыр құсап шаңқылдаған. Тоқылдақтың ағаш діңін тескен дыбысын таңдайын тақылдатып тұрып, дәлме-дәл айнытпай келтіріп салған бір тұста. Енді бір кезде «көкек» дегенде шық, «бүркіт» дегенде бұқ» деп, неше түрлі ойын көрсетіп, меймандардың өздерін жынды қылған.

Жарыла-жарыла мүйізгектеніп, жезтұяққа айнала бастаған күс табандарына да қарамау мүмкін емес. Аң аулағанға нағыз керек аяқ, сыз да өтпейтін шығар, сірә. Бала екі аяғын бірдей көтеріп, мойнына еш қиналыссыз емін-еркін аса

салады. Сол күйі екі қолымен жер тіреп тұрып, жеп-жеңіл жортақтай жөнеледі. Онысы бұл жақта өмірі болмаған кенгуруға ма, бірдеңеге ұқсап кетеді. Қабырғалары көк шыбықтай майысып, белі доғаша иіледі.

Күлімкөз төртбақ кісі көңілінде еш қаяу жоқтай, осының бәрін мақтан көріп, төрде төбедей болып рахаттана күліп қарап отырған еді. Сары бала бір кезде ұядағы бүркіттің балапаны құсап тынымсыз шақылдағанда, қушиған кішкене иықтарына қанат бітіп ұша жөнелетіндей дірілдеп кетті. Баланың бүркіттің шақылдаған балапанын ынты-шынтысымен беріліп бейнелегені әрі оның әсерлі шыққаны сонша, меймандар бұл жолы күлер-күлместерін білмей, өз-өздерінен біртүрлі болып дағдарып қалды.

«Жә, жетер», – деп тыйып тастады күлімкөз төртбақ кісі, «оның не, ойнай берсін де», – деді келіншегі, «жоқ, көз тиеді», – деді күлімкөз төртбақ кісі. Бірақ сары бала сонда да қоймады, енді тірі аң-құсты былай қойып, көзін шоқтай жайнатып жарқыраған жұлдызды, аузы-басын қияқтандыра жымыып албыраған айды, бет-жүзін шар табақтай дөңгелентіп күлімдеген күнді салғанда, тіпті ұқсатып жіберді. Қонақтар оған рахаттанып күлгендей болғанмен, алғашқыдағыдай тым еркінсімей, бойы-бастарын жинаңқырап отырды сонда.

Ертесіне олар балаға мейірленіп, іштартып, күліп қарады. Бала да оларды кешегідей аса бөтенсіген жоқ. Көлік қашан қозғалып кеткенше тәтті жымыып қарап тұрды. Кенет қонақтардың көз-құлағы едірейген жастау бірі терезеден басын шығарып:

– Әй, бала, маймыл бола аласың ба, маймыл болшы, – деді қарқылдап күліп.

Сары баланың түрі оқыс өзгеріп сала берді де, жерден жұдырықтай бір тасты лып еткізіп жылдам көтеріп алды. Күлімкөз төртбақ кісі «әй» дегенше болмай, құлаштап тұрып жіберіп кеп қалды. Ақырын қозғалып, енді ғана екпін ала берген мәшиненің артқы терезесі күлпарша болып төгіліп түсті. Асты көтеріңкі көк мәшине шаңға қақалғандай аялдаңқырап барып, қайтадан зымырай жөнелді. Күлімкөз төртбақ кісі:

– Әй, антұрған!.. Әй, әй, не істедің сен?!.. Әй!.. Әй, тамыр, тоқта!.. – деп апалақтап, атына міне шауып, босқа далақтады.

Мәшинедегілер сынған терезеден мойындарын кезек бұрып қарағаны болмаса, асты көтеріңкі көліктері оқыра тигендей тоңқалаңдап, қайтып қайырылмай кете барды. Күлімкөз төртбақ кісі анадайдан орағыта шауып келіп, қайда қашарын білмей құр тыпырлап қалған сары баланы қамшымен жон арқадан қайқайта салып-салып өтті. Қамшының ұшы баласын қорғаштап, араға түсе ұмтылған құбақоңыр келіншектің иығына да сыпылдай тиіп-тиіп кетті. Баж-бұж еткен дауысқа жыландай ысқырынған қамшының сартылдап тиген дыбысы қосылып, жаңа ғана тыныш жатқан үйдің айналасы дем сәтте ойран-топырға айналды. Басынан да қамшы тиіп, бет-аузын қан жуып, іргеге ыңырси құлап түскен сары бала ін болса інге кіріп кетердей иретілді. Құбақоңыр келіншек онда құлап, атынан сыпырылып түскен отағасы мұнда құлап, үшеуі үш жерде шашылып жатты бірдемде. Уақыт өте келе бұл оқиғаның бәрі ұмытылды әрине, тән жарасы да, жан жарасы да

жазылды, бірақ биік мүйістің басындағы төрташа темір сол күйі қозғалмай орнында қалды.

## 11.

Сол жылы қыс ерте түсті және қатты суық болды. Малшылар қыстауларына әрең көшіп үлгерді. Бірлі-жарым адасқан мал тауда қалып қойды. Қалың қар басқан бел-белестер асу бермейді. Ит-құс көп, көктемге жетпесі белгілі. Сондықтан шекарашылардың вертолетпен барып, мал атып алып жүргеніне ешкім наразылық білдірмеді. Шекарашылар атқанын атып, атпағанын төбелерінен тор тастап ұстап алатын көрінеді.

Бір күні олардың итаяқ вертолеті күлімкөз төртбақ кісінің қыстауына келіп қона қалды. Қысқы каникулға шыққан сары баланың интернатты тастай қашқандай болып келіп отырғаны да осы. Іздесең таппайтын қызық іші пысар-пыспастан мінеки, өзі іздеп тапты оны. Бұлар аз ұйқтай ма, әлде кешке дейін түзде жүре ме, әйтеуір қабақтары кірбиіңкі. Неғылса да өмірі көтерілмейтін көңілдерін көтеруге келгендері байқалып тұр. Сонда сары баланың құлағы шалған өңгіме мынау еді.

– Өткенде таудан бір дәу сиыр көрдік, – деді іштеріндегі бойы да, сойы да келіскен кіреуке қабақ офицер. – Ат құсап шаба ма, бір пәле.

– Сиыр емес ол, өгіз, – деді әкесі анау намысына тиіп кеткендей тыз етіп. – Жабайы өгіз!

– Өзі жабайы болса, онда ол қалай өгіз болады? – деді кіреуке қабақ офицер мырс-мырс күліп.

– Жоқ, өгіз, – деді әкесі де қайтпай. – Қаш-қашта көштен қалып кеткен өгіз.

– Қаш-қашыңыз қай заман, сіз де айтады екенсіз, – деп қабағы одан сайын қарауыта ренжіді анау.

– Оның несі таң? – деп көпе-көрнеу сырт салды әкесі. – Қара өгіз бұл тауды жүз жылдан бері мекендейді. Бұдан кейін де жүз жыл өмір сүреді. Сіз бен біз оны көрмейміз.

Кіреуке қабақ офицер күлімкөз төртбақ кісіні әлденеге қырсығып отырғанға жорыды. Бірақ күлімдеп тұрған домалақ қой көздері үмітін үздірген жоқ. Үйге кіріп те үгіттеді, сыртқа шығып та үгіттеді. Күлімкөз төртбақ кісі де темір емес, ақыры сынды. Себебі, солдат деген өкімет адамы, оған қарсыласа бергеннен пайда шамалы. Әрі күнде келе бермейтін қонақ екенін де ескеріп, дереу қазан көтертті. Офицердің разы болғаны сол болар, бетінде теңіздегі айсберг құсап қаймақ жүзген шәйді рақаттанып ішті, етті де сүйсініп сиырша күйсеп жеді. Содан соң әкесі мен баласын екеуін де алып, итаяқ вертолеттеріне мінді. Қарулары сақұр-сұқыр етіп, бәрі бір-біріне қарама-қарсы қарап, ата қаз бастаған балапандардай екі қатарға тізіле жайғасты.

– Тауды көріп қайтайық, – деп сыбырлады әкесі баласына. – Қара өгіз бұларға тапқызбайды да, атқызбайды да.

Итаяқ вертолет аспанға құйын үйіргендей қарды бұрқыратып тік көтерілді. Даланы, өзенді, тауды, орманды, бәрін көрді сары бала. Вертолет қойнауудағы үйлерінің үстінен бір айналып шығып, төбесінде төрташа темір тұрған биік мүйіске тақалып ұшып өтті. Бір жерден қасқырлар қашты, бір жерден тауешкілер қашты. Солдаттар командирдің сұсынан жасқана жалтақтап,



өрең шыдап отыр. Бірақ мәңгі мұздықтардың көшірмесіндей сірескен сүп-суық жүз бен кіреуке қабақтағы шыққан тегі белгісіз мұң мен шердің ізі жуық арада тарқайтын емес.

Олар осылай биік таулар мен құздардың беткейлеріне жабыса бір сағаттай ұшты. Издегендерін таппай, кері қайтуға оқталды. Әкесі олармен іштей текетіресіп, жеңіске жеткендей масаттана түсті. Кіреуке қабақ офицер оған ренжімегенін білдіріп, күректтей алақанымен дөңкиген арқасынан қағып-қағып қойды. Итаяқ вертолеттің төтенше гүрілдеген дауысы еш әңгіме естіртпейді. Сонда да олар ыммен түсінісіп, бір-біріне тағы келерміз дегендей белгі берісті.

Кенет итаяқ вертолет бір орнында иірімге түскен жаңқадай шырқ айналды да, екі ұшқыштың бірі оң қолын жоғары көтеріп, сұқ саусағымен төменгі жақты нұсқады. Күлімкөз төртбақ кісі «oh» деді ме, «ah» деді ме, әйтеуір алақандарын тарбайта жайып, өкінген түрмен бетін жапты. Солдаттар бұл жолы оған да, кіреуке қабақ офицерге де қараған жоқ, біреулері есікке, енді біреулері оймақтай-оймақтай терезелерге епелектей ұмтылысты. Олардың қолтықтарының арасынан келесі сәтте алға ентелеген сарыбаланың да басы қылтиа қалды. Оған төмендегі аппақ қар басқан теріскей беткейде түндігі желпілдеп, бір үлкен қара үй көшіп бара жатқандай көрінді. Сөйткенше болған жоқ, ұңғылары сорайған оймалы мылтықтар қос-қосынан от құсып, тарсылдап ала жөнелді. Итаяқ вертолеттің іші түтіндеп, кішігірім соғыс болғандай жер-дүние бірдемде қабаттаса тарсылдаған дыбыстарға толды да кетті. Іле жаңа ғана солдаттар оқ жаудырған беткейден

өрлеңкіреп барып, жазықтау бір жерге зірк етіп қонды. Солдаттар жерге жапырлай секірді, солдаттармен бірге сары бала да, әкесі де секірді. Қара өгіздің өзі жоқ, бірақ пілдің ізіндей жалпақ іздері жатыр. Кіреуке қабақ офицер де, солдаттар да, сары бала да аң-таң. Тек оның әкесі ғана әлденені уайымдағандай, сонау төмендегі терең шатқал жаққа жалтақтап қарағыштай берді.

## 12.

Ертесіне күлімкөз төрбақ кісі қатын-баласымен ауылдағы бір жамағайындарының үйіне соғымбасыға барды. Соғымбасыға ауданнан Жәмшид те шақырылыпты. Шалаңдау біткен жақ жүні сұлуша жүзіне бек жарасып, төрде көп ешкімді менсінбей ыздиып отыр. Басқалары арқа-жарқа, әсіресе күлімкөз төртбақ кісі қынынан суырған қылыштай жарқ-жұрқ етеді. Ешкімге сөз бермей лепіріп сөйлейді, дауысы бөрінің дауысынан асып түсіп, жарқын-жарқын шығады. Басында өзіне тіке қойылған сұраққа ғана жауап қайтарып, сөзге араласпай сызданған Жәмшид біраздан соң мүлде елеусіз қалды. Тек құбақоңыр келіншек қана сорпа құйысып жүріп, оның осы отырғандардың бөрінен сыйлы кісі екенін еске салғысы келгендей: «Оқымыш қайнымның кесесі», – деп, көрлен кесені арнайы атап ұсынды. Сонда барып жұрт оған бір секөнттей ғана құрметпен назар аударғанға ұқсап, көштен қалатындай асығыс: «Ә, иә, алыңыз», – дер-деместен, жан-жақтан қызғындасқан аламан әңгімеге қайта кірісті. Сары бала: «Осы ағай әкеме зіркілдеп ақыл айтқанда ғана мықты ма?» – деп ойлап, кішкенеден кейін Жәмшидтің бар-жоғын ол да ұмытып кетті.

Ұмытатындай себеп жоқ емес, өйткені меймандар бұл кезде бірін бірі ұйып тыңдай қалып, қайтадан дабырласа кетіп, бәрі әлгі жабайы қара өгіз туралы әңгімеге біратола көшкен.

– Оһ, шіркін, тұқым алатындай-ақ мал екен, қап! – деп өкінді сол қолын тізесінің үстіне бос тастап, оң қолының сыртымен екі ұшы едірейе шаншылған ұзын қара мұртын сәндене сипаған ат жақты, апайтөс жігіт ағасы. – Аталарымыз атқа мінгенде, тізесі жерге тие жаздайды екен баяғыда.

– Айт, айт, білсін мына ел, – деп жайтаң қақты күлімкөз төртбақ кісі, әңгіме өз атасы туралы болып жатқандай едірендеп. – Таза ауа, тұнық су, ішкені қымыз, жегені қазы-қарта деп айт.

– Әй, айдаладағы бар-жоғы белгісіз өгізге сендерің ата-бабаларыңның қатысы қанша? – деді құтан мойын, құмай көз көртамыс көршісі қасындағы шынашақтай шалдың намысын жырта қалып. – Ата-бабаларымыз атандай болса, біз қайдан кептік сонда? Инопланетан боп, аспаннан түсіптік пе?

– Е, ел іші болған соң болады ғой, – деді апайтөс жігіт ағасы оған еш саспастан. – Сол қара өгізді тұқым алатын мал екенін білмей, піштіріп тастаған қай зәнталақ екен, а?

– Ол былай, – деді жаңағы шынашақтай шал көздері ғана жылтырап отырып. – Сол атандай-атандай аталарымыз көп жас жасамаған. Ал, маған өмірі шыр біткен жоқ, мисалы. Бірақ, мінекей, Алла қаласа, биыл тоқсанның жетеуіне келем.

– О, ат шаптырып, той жасаймыз онда, – деп одан сайын кеу-кеулей жанықты күлімкөз төртбақ кісі, өз әкесі тоқсанның жетеуіне келгелі жатқандай. – Сойыс мал меннен. Көкпарын да көтеріп аламыз, керек болса.

– Тоқсан емес, жүз емес, тоқсан жетіні де тойлаушы ма еді, – деп киліге кетті осы арада кесек тұлғалы кеспелтек кісі. – Жаңағы қара өгіздерің қайда қалды? Қара өгіз туралы айта ма десем. Бар болса, көретін едік қой біз де.

– Қара өгіз немене, барып көрмесең, сенің алдына «мені көр» деп өзі келе ме? – деп қаршығадай қағып түсті оны күлімкөз төртбақ кісі. – Сарытаудың киесі ол. Сарытаудың киесі аң да емес, құс та емес, қара өгіз. Осыны мен саған басымды кепіл ғып қойып айтамын, ал.

– Ол былай, – деді осы сәтте шынашақтай шал әлгінде бір қойылып қалған сұрақтың жауабы жаңа табылғандай ақшаң етіп. – Қазанкөлге соғыс жылдары есекпен ғана көшетін. Оның жолымен есек пен қой ғана жүре алатын. Кейін коммунизмге жетеміз деген кезде, отар-отар қойды вертолетпен көшірді. Қазір адам аяғы баспайды.

– Мына шал қойын түгендеп кетті тағы, – деді кеспелтек кісі кекете күліп. – Құдай, мың рет естідік қой оны.

– Осы сенің әкең алпыстан аспай-ақ аяғы көктен келді емес пе, – деді күлімкөз төртбақ кісі. – Бұл шалға күлетін еш жөнің жоқ ендеше. Ауызға қақпақ болмай, жайыңа отыр.

– Тоқсан жеті деген оңай жас па? – деді құтан мойын, құмай көз көртамыс көршісі шынашақтай шалға жел бере екпіндеп. – Қарашы, ештеңені ұмытпай, бөрін есіне сақтаған. Жиырма жас кіші менің есімде жоқ дүнияларды есіме салады кейде.

– Ол былай, – деді шынашақтай шал керексіз нәрселер миына салмақ салатындай, өзіне арналған жақсы сөзді де, жаман сөзді де құлағынан асырып жіберіп. – Кейінгі жылдарға дейін сол Қазанкөл жақты жабайы сиырлар мекендепті.

Аюмен алысып, қасқырмен қағысып жүрген соң, шапқанда аттан жүйрік болмағанда қайтеді. Солардың тұқымы жойылып бітіп, қолға түскен бұзауын малшылар білмей піштіріп тастапты.

– Ал-да, атаңа нәлет-ай, – деп күлімкөз төртбақ кісі ана нақұрыс малшыға ашуланды ма, әлде өзі айтып жүрген ертегінің ертегі болмай қалғанына налыды ма, әйтеуір күректей алақанымен санын сарт еткізіп бір-ақ ұрды. – Әй, мен оны көрінгеннің мазағына ұшыратпай, ертең-ақ атып әкелейін онда, – деді қарап отырмай, өкініш өзегін өртей түскендей одан әрмен қызараңдап. – Сосын соғымбасына шақырамын бәріңді түгел!

Бағанадан бері үлкендердің әңгімесін үнсіз ғана бұйығып тыңдап отырған сары бала әкесін танымай қалғандай, бетіне селт етіп таңырқап қарағаны сонша, екі көзі шекесінен шығып кетті. Әкесі де «мұны не жетіскенімнен айттым» дегендей, өз өзінен сабырсызданып, қас-қабағы дірілденкіреп отыр екен. Соны байқаған Жәмшид те құрығанда баланың алдында беделімді сақтайын деді ме, жақ жүнін ұйпалақтай ысқылап-ысқылап алып, орнынан сорая сопайып, керіле көтерілді. «Сендердің мәнсіз, мағынасыз босқа даурыққандарыңнан әбден шаршадым, қанша уақытым текке кетті, тіпті ұйқымды келтіріп жібердіңдер», – дегендегі түрі. Бұл жағдайдың аяқ астынан болғаны сонша, осы үйдің әйелінің қолын ұзартып, сеніміне кірген құбақоңыр келіншек: «Оқымыш қайным... Оқымыш қайным...», – деп жоғалтқан абыройын бір-ақ сәтте қолына қайта жинап берді. «Оқымыш қайным» дейтіні, ол аудандық газеттің редакторы еді, ұсақ-түйек малын бұлардың малына қысы-жазы қосып

қоятын. Сол бедел ар жағынан түртіп, бірдеңе дегізбей қалай кетсін. Сыртқа шығарда:

– Сендер одан да ана қаңғыбас шалға ескерткіш орнатыңдар, – деп, қоштасуға орындарынан өре тұрғандардың бәрін өтірік-шыны белгісіз бір сөзбен жалп еткізді. – Қаңғып келген жалғыз шал не істеп жүр, сендер не істеп жүрсіңдер?

Кресті құшақтап өлген қаңғыбас шалға шынымен құрметтері артып жүргендіктен бе, олар Жәмшидке ештеңе дей алмай, ошарылған күйі қалды. Бірақ бұлардың газет оқып, теледидар көрмейтін ешқайсысы жоқ, сондықтан Жәмшидтің өздерін бір-ақ ауыз сөзбен отырғызып кеткенін іштері сезді. «Қара өгіз, қара өгіз» деп қақсағанша, бір уақ қазір ушығып тұрған халықаралық саясат туралы да айтқанда бұлай болмас па еді, кім біліпті.

### 13.

Жо-жоқ, бұл хикаят ешқандай да мазақ емес, мазақ болуы мүмкін де емес. Егер солай десек, онда күлімкөз төртбақ кісі қыстың көзі қырауда жабайы қара өгізді атып әкелуге аяқ астынан аттанбас еді. Қиялап жол таппаса, қар басқан асулардан аса алмайтынын да біледі. Бірақ, тауда қам кесектен соққан қыста жылы, жазда салқын там үйі бар. Қыңқылдап қоймаған сары баланы қорықпай қасына ерткені содан. Там үйге от жағып, қара өгізді асықпай жата-жастанып іздемек. Бар малға бір өзі қарап қалған келіншегінің қиналатынын ойлап, жолға шығарда күлімдеген көздерімен оған ұзағырақ тоқталып қараған. Мұндайда еркектің әдеттен тыс елжірегенін жаман ырымға жоритын құбақоңыр келіншек жүзін баласы екеуінен тез тайдырып әкетті. Әке мен бала екі атпен ақ көрпе

жамылған алыс қыраттың үстінде қос ноқатқа айналып ұзап бара жатқанда да күйбеңдеп, бір сиырдан кейін бір сиырды күрпілдетіп сауа берді. Бұл кезде оның қызара домбыққан жанарынан домалай аққан жас тамшылары омырауына моншақ көздеріндей жылтырай жабысып, сүрмеленіп қатып қалып жатқан болатын.

Олар жазылмаған дәптердің бетіндей аппақ қардың бетін біресе қиғаш, біресе жоғары, біресе төмен сызды. Әлдебір әріптің басын қайырғандай кері жүрген кездері де, кері жүріп келіп, қайтадан басқа жолға түскен тұстары да болды. Әлденеше асудыайналыпөтті, бірнеше төбеніңбасынашықты, тау іші бірақ қайда қараса да ақшаңқанданып, сырын алдырғысы келмей түксиді. Ата-бабасынан бері мал бағумен келе жатқан күлімкөз төртбақ кісі бұл таудың оқуын іштен оқып туған, сондықтан алдынан қандай жұмбақ көлденеңдесе де шешімін оп-оңай тауып алып отырды. Аттарының бір де бір рет омбы қарға малтығып қалмағаны, бір де бір рет жартасқа тіреліп қаңтарылып тұрмағаны, небір қатерлі беткейлерден қиялап аман өткендері сол білгіштігінің арқасы. Сөйтсе де жер қарадағы үш сағаттық жол ұзара-ұзара, қойнауудағы там үйге қас қарая зорға жетті. Сары балаға енді болмаса алдан да, арттан да, оңнан да, солдан да жабайы сиырлар табын-табынымен қаптап келе жатқандай көрінген. Осы көріністің бәрі ұлы майдан алдындағы тыныштық екенін оты дүркіреп жанған ошақ түбінде бүк түсіп ұйықтап кеткен бала білген де, сезген де жоқ.

Ұлы майдан алдымен сары баланың түсінде болды. Түсінде жабайы қара өгіз терең шатқал ішіндегі үңгірден атыла шығып, найзадай үшкір

мүйіздерін алға қарай толғай-толғай ұмтылды. Маңдайы шор-шор, омырауы құж-құж, бұлшық еттері бұлтық-бұлтық, аяқтары алшақ-алшақ, өзі пілдей, көздері тостақтай. Жонарқасы жартастағы құстың ұясындай шұрқ тесік. Оны өткендегі оқтың іздері екен дейді. Мұның әкесі де қайтпас қайсар адам. Мылтығын үсті-үстіне тарс-тарс атып, қарсы шауып келеді. Оқ тиген жерлерден қыпқызыл от атқылайды. Бала әкесіне болысқысы келіп, ұмтыла беріп, оянып кетті. Әкесі жатқан орын әлдеқашан суып қалыпты. Әкесі «от жағып отыр» деген, орнынан тұра салып от жағуға кірісті.

Осы сәтте терең шатқалда қиялай салып кетіп бара жатқан күлімкөз төртбақ кісінің арқа тұсына кішкене жылу білінгендей болды. Ол баласының ұйқыдан тұрып, ошаққа от жаға бастағанын сезді. Қарсы алдындағы қараңғы үңгірден қарауытып бірдеңе шығып келе жатқанын да көрді. «Ендігі өліп те қалған шығар» деген қара өгіздің тірі екенін білгенде жүрегі атша тулап, аузына тығылды. Қара өгізді ол ештеңенің мәнісін ұқпай даурыққан жұрттың қыздырма сөзіне бола атып алайын деп келе жатқан жоқ. Көз алдына әлгі жамағайынның үйіндегі меймандар кеу-кеулей шулап кеткенде, өзінің бір сәтке ойланып отырып қалғаны елестеді. Ойында итаяқ вертолеттен атылған оқтардың қара өгіздің арқасына қалай кірш-кірш қадалып жатқаны тұрған. «Бәрібір өледі, иесіз тауда арам қатады», – деген жан дауыс миына сарт-сарт ұрған. Сондағы өзінің қызды-қыздымен айтып қалған сөзі құлағында жаңғыра қайталанып, солықтап барып басылды. «Қара өгізді атып алып, бөріңді соғымбасыға шақырам» дегенді ішінен жын қысты ма, неге айтты, өзі де білмейді.



Қара өгіз қалың қарағай арасынан өзіне жақындай берген атты адамға тостақтай көздерімен тосырқай қараған. Тостақтай көздері дем арасында от шаша шатынап шыға келген. Буырқана бұрқанып, шамырқана тұлданып, бүкіл тау мен орманды басына көтере өкірген. Аяғының астындағы қарды борандата тарпып-тарпып жіберіп, атты адамға қарай тасыраңдай ұмтылған. Ағаштар күрт-күрт сынған, тастар тарс-тұрс құлаған, қар астынан шаң шыққан, қара тастан жан шыққан. Арқасындағы жараларының аузы тырс-тырс ашылып, қып-қызыл қан қайта шапшыған. Қан толған тостақтай көздері қарсы алдындағы қара ноқаттан басқа ештеңе көрмей кеткен. Мүйізімен іліп алып лақтырмақ, қағып алып, табанға салып, жаныштай тапап тастамақ.

Хайуан қапыда туған қауіпті адамнан бұрын сезе ме, астындағы аты аспанға шапши кісінеді. Қарап қалатын бұл жоқ, кеудесінде жан бар, қолында мылтық бар. Екі арадағы мөлшер ұңғыдағы бес оқты түгел атып бітіруге еркін жетеді. Қол мерген бес оқты да қақ маңдайдан қадап атамын десе де мүлт кетпесі анық. Бұл соғымға бүкіл ауыл қарқ болары хақ, биылдан келер жылға артылуы да ғажап емес. Оның көз алдына тағы да мәнсіз, жөнсіз даурығысып, жоқ нәрсеге таласқан ауылдастары келді. Бір қызығы, соның ішінде қызылкеңірдектеніп өзі де жүр. Бәрі пышақтарын жалаңдатып, жабайы қара өгізге қарай жапырлай жүгірісіп келе жатқан тәрізді. Бірақ ол соларды бастап алға шабудың орнына, атының басын кері бұрып, қаша жөнелгелі оқталған. Атса атып тастайды, алайда Сарытаудың киесі қара өгіз, ал мұның қара өгізді қараптан қарап тұрып атып

тастағысы жоқ. Қара өгіз оны қайдан түсінсін, бір минөтке кеш ойланып, екі минөтке кеш қимылдаған адамды ат-матымен бүйірден келіп, бар пәрменімен күтір еткізіп күйрете соқты. Ат бір жаққа ұшты, адам бір жаққа ұшты. Ат аман кетіп, адам жалаңаш жартасқа барып гүрс соғылды. Оны енді одан арман жәукемдеуге қара жын мен қара күштің керегі де болмай қалды. Осы кезде сары баланың кеуде тұсының оқыс шым еткені әкесінің мүйізге шаншылып өлгенінің ғайыптан келіп білінген белгісі болатын. Сөйтіп Сарытауда бір жылда екі адам бірі крестке жаншылып, екіншісі мүйізге шаншылып өлді де қалды.

### Эпилог

Ат сары балаға келді, сары бала ауылға келді. Сары бала кісі өлімі болған жерге жаздағыдай бүкіл аудан көшіп баратын шығар деп ойлаған. Учаскелік инспектор мен Жәмшидтен басқа тірі пенденің қимылдамағанына еріксіз таңырқады. Обалы не керек, үйге көңіл айтып келушілер көп болды, бірақ. Құбақоңыр келіншек Сарытау киесіз қалмаса да, иесіз қалғандай аңырады.

...Адам түгіл,  
Құдаймен де ісі жоқ,  
Менің кісім неңді алды?..

Ұзамай елдің арасына жаман бір әңгіме тарады. Айдың-күннің аманында бір жылда, бір жерде екі бірдей адамның күмәнді жағдайда қазаға ұшырағаны бекер ме? Жерді жаманатты қылуға ауыз бармайды. Ендеше бар пәле жабайы

қара өгізде. Қара өгізді құртпай, мал баққан елге тыныштық бола қоймас. Аудан неғылса да құтырған қара өгізді атып алуға шекарашыларды жалдайтын болды. Сөйтіп, «қара өгізді бір нақұрыс пішіп тастамай, бұқа қылып ұстағанда...» деген арман сол арман күйінде өлді, өшті.

Содан бері әлгі итаяқ вертолет ауыл үстінен күнде ұшып өтеді, ұшып өткенде тура тау жаққа қарай кетеді. Алайда апталап, айлап іздеп, шекарашылар қара өгізді бөрібір таба алмады. Тек зәулім-зәулім қарағайлар құлайды, үйдей-үйдей тастар қозғалады, бөлкім таулар да жылжитын шығар. Оның бәрін нендей дүлей күштің істеп жүргені белгісіз, ал қара өгіз болса жер жұтқандай ұшты-күйлі жоқ.

# ӨНЕР

## әңгіме

Адамға түрлі-түсті бояуымен кемпірқосақтың көкжиекте керіле қалғаны сияқты ғажайып көрініс күнде кездесе бермес. Сол көрініс оның кеңжарық кабинетіне көкжасыл көйлектің етек жағынан ақ балтыры ағараңдап өзі келіп кірді. Есіктен кірген әлгі сурет төбесінде құмыра толы су тұрса да шайқалмайтындай баппен қозғалып, өзіне қарай баяу жылжып келе жатты. Екі ортада сыртқы қаптамасы сыпырылып түсіп, жо-жоқ ол өзі бері суырылып шығып, е деп ес жиғанша шоқиып алдында отырды.

– Мынандай түріңмен қаражаяу жазарман болып керегі не саған?!

Біртүрлі ашуланып, әлденеге кектеніп айтты бұл сөзді. Бүкіл даңқтың биігіне көтеріліп болмастан өмірінің тоқтаусыз зулап өтіп бара жатқанына жыны келді. Тәнінен ерте көктемдегі тың жердің иісі бұрқыраған мына құба қыздың қасында шау тартқан бүркіттей қабарған өзін соншама қор сезінген. Өртеңдей қалың, бірақ көмірдей қап-қара шашының алда-жалда мойынға орала қалса бір бунап тастардай ұзын екенін де аңдап үлгерді.

Көз аясы көлеңкелі көрініп, қабағының асты саздау жердегі қара судай тұнжырай қалыпты. Тікірейген тал-тал кірпіктері мен қылшығы жып-жылтыр қою қара қастары сұлу жүзін сұстандыра

мөрлеп тұр. Бұл ақын емес, бірақ жастау күнінде шығарған өлгі бір өлең сапалақтана есіне оралды.

Сіз үшін күйдім депсіз,  
мен сізді сүйдім шексіз,  
сол үшін кінәлама,  
кездесіп тұрайықшы күнарада,  
өтеді өмір солай,  
сүймесен көңіл құлай,  
кетерсің бір жігітке,  
қимастан жас күніңді жылай-жылай...

Құба қыздың тал бойы өзіне беріле икемделіп келе жатқандай көрінді. Бәрі қайта басталмақ па, қалай бұл жеңіле салмақ сонда? Сол бір жас күндерінен кейін қыз бетіне әйел баласы-ау деп қарамаған. Қоңыр үй, қоңыр бәйбіше, қара шәй, қара сия, бірақ ол өзінің тұқымы таза текті адам екенін жақсы білетін. Бар ұстанған дағдысы ақсүйектің дағдысы және уақыт құстың сүтінен бетер тапшы!

– Сонда сен маған неге келдің?!

– Сіздің кітаптарыңызды жастанып оқып өстім, аға.

Қыздың таңдайынан жіңішкелеу әдемі дауыс бокал соғыстырғандай сыңғырап төгілді. Құлағына қанша жағып бара жатса да сыр берген жоқ, ақ тамақтың бүлкілін де біртүрлі астарлы зымияндыққа жорыды. Қараптан қарап отырып өзегі ал кеп өртенсін. Жайшылық күнде де шамырқандырып жүретін жыны ата жауын көргендей атойлап кеп берді.

– Бүкіл қазақ жастанып оқиды менің кітаптарымды. Соны да сөз деп айтып отырмысың?

Үйреншікті әңгімесін бастап кеп жібергенде, «апыр-ай, мынау неткен сұлу қыз?!» деген сөз көмейіне жарыса кептелді. Тұла бойынан шынында да жаңа сауған бие сүтіндей саумал леп есті. Ұстап көрсе білегі қолына мамықтай жұмсақ тиер. Жеңсіз көйлек аршыған жұмыртқадай аппақ иықтарын көзбен болса да еріксіз аймалатқан. Көкжасыл көйлектің қысқалау етек жағынан оқтаудай түп-түзу екі балтырды да асығыс барымталап қайтты.

– Мен сізді пір тұтып келдім, аға. Сөз өнерін таңдап, жазушы болсам деген арманым бар. Бірақ ештеңе сұрап келіп отырғам жоқ. Асыл болмысыңызды бір көрдім, сол жетеді маған.

Сәл түріңкі қызыл ерін көз алдына дірілдей ашылып тосылды. Кітаптарында өзі хан-сұлтандарға талай ілестіріп жазған әйелзатының ашуын жақсы біледі. Сұлулықты менсінбегені намысқа тигендей қабылданғанын іші сезді. Біртүрлі соған жаны рахаттанып отыр. Емен есік сықыр етіп ашылмағанда мүлдем көңілін қалдыратын бір сөзді тағы жұмсап жібермек еді. Келген шойқара кісі оқыстан ат басындай алтын көргендей шұрқырай кетті.

– Ойпыр-ай, сурет пе, адам ба? Түсім бе, өңім бе? Бұл неғылған жаратылыс?! Бұл суретті кім салған? Қандай қас талант тудырған?!

Шойқараның үйіріп әкетіп бара жатқан қылығынан адал асқа арам қолын малғандай жиіркенді. Құба қыздың өңінде қызғылт рең ойнай қалғанын көріп, тіпті атылып кете жаздады. Бақшиған көздері әйнектене сес білдіріп, ақсұр жүзі қанын ішіне тарта тікірейді. Ол тіктеніп қарағанда бір де біреу қарсы келіп тұра алмаған. Қынынан суырылып қалған қылыш өмірі бос

қайтпаушы еді. Ана байғұсты да отырған жерінде қылпып турап түсті.

– Бірақ, мынандай халтурщиктердің алдына барушы болма!

Жоқ жерден өре тұрған қызғанышын баса алмай, аяқ асты екілене ентікті. Қасына сағалап келіп жүретін шойқараға өмірі айтпаған сөзді аңдаусыз айтып қалды. Түкке тұрмайтын адам, бірақ құба қызды одан неге қызғанғанын өзі де түсінбей тұтықты. Сүмеңдеп кіре қалмағанда, алыстан арнайы іздеп келген мына қыз баланы бақайшақ құрлы көрмей шығарып салғалы отырған, енді олай істегісі жоқ. Қранмен көтермесең қозғалмайтындай дүмі зіл тарта шөгерілген шойқара да аса саспай, жаңағы кісі өлтіретіндей тым ауыр сөзді басқа біреулерге оп-оңай апарып тели салды.

– Әдебиетті таланттар, ал әдеби ортаны халтурщиктер жасайды.

Алдындағы шойқара қаншама том-том кітаптар жазса да, тап мұндай ақылды сөз айтады деп күтпеген. Біреу тауып кетсе қуанатын кім екен, ал мұның жыны қозады. Ел ішін әрбірі кішігірім оқиғадай дүмпінткен шығармаларының буы алтынның буынан бетер масайтқан көңілі ешкімді де, ештеңені де шен көргендей емес. Жетесі жетпегеннің ғана есесі кетеді, аты Матай екені рас болса, басынан өмірі сөз асырмақ емен. Сойып салса қан шықпасын біле тұра қайраулы тіл мен жақты алмастай жарқ еткізіп, тірідей іреп салды тағы.

– Аузымды бекер былғадың, Шыңдауыл. Жөпшендіге сөз арнап шығынданбаушы едім. Жындардың да мұсылманы болады, білсең. Сен жай халтурщик емес, талантты халтурщиксің.

Қара адамның түрінің көгіс тартқанын осы жолы айызы қана анықтап көрді, ойпырымай сұмдық болады екен. Аударылған жердің қыртысы құсап көгістене жылтырады. «Осыған әйелдер неге келіседі екен?» деп таңырқады бұл. Ашуланып кетіп бара жатқан шойқараның салмағы екі есеге артқандай, еден ойбай сала шықырлап кеп берді. Артынан емен есік те қабырғаны жұлып түсердей бар салмағымен сарт етіп жабылды. Біреу жағынан бір тартқандай тіксініп, бойын тез жинап алды.

– Ағатай, бұл не қылғаныңыз?

– Менде жақсы көру жоқ!

– А?.. Не дейсіз?..

– Мен жақсы көре алмаймын деймін. Бірақ, өлердей қызғанам.

– Түсінбедім ғой, жан аға?

– Білмеймін... Сені жаңа көріп отырмын ғой...

Сонда да қызғанып кеттім...

– Кімнен?.. Нені?..

– Нақ сені емес, әрине... Әдемілікті... Әдемілікті жаңағындай қара дүлейлерден қызғанамын... Дүниенің бәрін адақтап бітті осылар... Арамдап бітті...

Шойқара емен есікті сырттарынан тарс жауып кеткен кеңжарық кабинетте бұлар емес, басқа біреулер күңгір-күңгір әңгіме айтып отырғандай сезілді оған. Әйтпесе ауылдан келген ұяң қыздың бірден бүйтіп ашылып әңгімелесуі мүмкін емес қой. Мұның да кім көрінгенге қарбыз құсап қақ жарыла қалатын ұшқалақтығы жоқ. Осыны ойлаған ол салқынқанды жазушыдан қызуқанды кейіпкер болмысына дендеп еніп бара жатқанын еміс-еміс қана білді.

Малғұн барыстікіндей дөңгелене біткен жұмыр



пішін қатуланса бір қысым сұсты, жұмсарып күлсе де біртүрлі сесті. Кабинет артындағы қараңғылау демалыс бөлмесіне келіп кіргенде ағараңдап сол дөңгелек жүзі ғана көрінді. Шақырайған жарықтан қараңғылау бөлмеге ауысқандағы алғашқы әсері – қыздың сопайған бет әлпетінен бұрын сорайған сұлбасын жобалағаны болды. Жарық толық жетпеген жерде адамның беті сопайып, бойы ұзарып кетеді екен. Жарықты жарқ еткізіп жаққанда құба қыз жоқ болып кетті де, оның алдында қайтадан қаптамаға салынған жансыз сурет тұрды. Екі шетінен екі қолымен қыса ұстап, өзінен құлашы жеткенше алыстатып қайта қарады. Құдай біледі, суреттегі бұл құба қыз өмірде тірі кездесе селт етпес еді. Қайта ана Шыңдауылдай арам қолдылар ластап кеткендей жиіркене қарауы әбден мүмкін. Себебі күнөдан пәк періште мұның қаламынан ғана туады және онда жан болмайды.

Ол суреттегі сұлуды быртиған саусағының сыртымен әрі менсінбей, әрі аялай сипады. Ары қарады, бері қарады, бойында әйтеуір бір кемшілік бар сияқты, алайда оның не кемшілік екенін таба алған жоқ. Қабырғаға сүйеп қойып, сәл шегініңкіреп барып тағы қарады. Бәрі орнында сияқты, сонда да бірдеңе жетпейтіндей көрінді өзіне. Егер отыра қалып, мына суреттегі қызды суреттеп жаза бастаса, кемшілігі бір жерінен болмаса бір жерінен табыла кетер еді. «Е, неге байқап көрмеске» деген ой қанын қыздырып ала жөнелді де, ойынан тез айнып қалды. Онсыз да жазатын жұмысы бастан асады. Суретті енді көңілімді алаңдатпасын деп, теріс аударып қоя салды.

Қайтып кеңжарық кабинетіне шыға бергенде, кенептегі майлы бояудың еденге еріп ағып түскенін көрді. Аяғын тартып алып үлгермей, шетін басып кетті де табанына кір жұғып қалғандай тарпып сүртіп шығып кетті. Қызғылтқоңыр бояу жайылып барып, іркіліп тоқтап, паркет еденге сіңіп кете алмай мөлдіреп біраз жатты. Кенет, өлі бояуға жан біткендей жиырыла жиналып, жатқан жерінен суырыла көтерілді. Енді бір көзді ашып-жұмғандай уақытта тап сол жерде бойы-басын түзеп, жаңағы суреттегі көкжасыл көйлекті бойжеткен тұрды. Бағанағыдай батыл емес, аяғын қымсына басып, ұяла қызарып, кеңжарық кабинетке ол да шықты. Өрімі босап қобыраған бұрымын арқасына ақырын лақтыра тастап, әуелгідегі орынға келіп именшектей, бірақ өзімсіне жайғасты. Жаңағы қызғылтқоңыр бояудың жұқанасы лыпып бетінің ұшына көшкені болмаса көп ештеңе өзгермеген сияқты көрінді бұған.

— Жазушы болу деген қияметтің қияметі. Қыл көпірден өткендей бір жағында от лаулап, бір жағында су шапшып жатады. Талайлар тұншығып өлген, күл болып жанып кеткен. Тән шыңғырғаннан, жан шыңғырған жаман.

Мен солардың дауысын күнде естимін, — деп ұзақ мәслихаттың басын бір қайырып тоқтады Матай.

Малғұн барыстікіндей жұмыр пішін іштей әлденеге қанағаттанбаса да әлдебір тоятты есіне алып, тілімен тұмсығын жалаған жыртқышқа ұқсады осы сәт. Құба қыз онымен жаны шыңғырған адамдардың ащы дауыстарын бірге естіп отырғандай омырауын алға сала, бар бойымен беріле емексіді.

– Бала күнімде біздің ауылға цирк келді. Сонда әлгілердің ішіндегі бір бала қоздаған қып-қызыл шоқты жалаңаяқ басып өнер көрсетті. Бәрі таңқалды, мен таңқалғам жоқ. Менде балалық болмаған сияқты, өмір бақи қып-қызыл шоқтың үстімен жүретінімді сол кезде-ақ сезетінмін. Табаным күлдіреп күйіп-күйіп мейіз болды. Ал осы табанымның астындағы шоқты жатып та үрлейтін, тұрып та үрлейтін «достарым» иттің басынан көп, – деп жазушы көптен бойын буып жүрген арыз-арманын айра-жайра ақтарып салды.

Құба қыз ол маған қарап отыр деп ойлады, алайда тура қараса да жазушы оны мүлдем көрмей отыр еді. Көз алдын телегей-теңіз дүние көрінісі шырмап, құба қыз жал-жал толқындардың арасында көбікке көмілген жаңқа құрлы болмай қалды.

– Менің ұлтымдай ұлт жер бетінде жоқ, бірақ оны адастырып жүргендер мақсатына жетіп те қалды. Адамзатқа арнап кітап жазатындарда ақымыз кетіп жүр. Солар өз ұлтына адамзаттың мүшесі еместей мұрын шүйіріп қарайды. Жылтыраққа әуес біздің ұлт кейде бала секілді. Кейде кісі танымай ма деп қорқам. Қызылды-жасылды батпырауық қуған баладай шапқылап кетеді, – деп кесапаттана кекірейді.

Малғұн барыстікіндей жұмыр пішін жұдырықтай болып түйдектеле түлейленді. Құба қыз оның ашуын да өзімсініп алған бұл кезде, бағынышты пейіл білдіріп монтанси қалған. Тіпті оның өстіп ашуланғанынан ләззат алатын секілді.

– Өз данышпанын өзі құдыққа тастап жіберген халық бір адасса оңбай адасады. Дүниеде жақсы мен жаманды айырмаған жаман. Ондайлар

арамызда әлі жүр балақтан тартып, балтырдан қауып. Біз ішіне шайтан шықпастай болып кірген елміз. Сол шайтан елді маған да айтақтайды, оған да айтақтайды. Мен бұл елден кетпесем болмайды енді, ондай мүмкіншілігім бар, – деген жазушының шатынаған домалақ көздерін ыза жасы кіреукеледі.

Құба қыз ұмсынып, оның жасын сүртіп алғысы келді, өзіне солай істеуге бұдан былай толық қақы бар тәрізді көрінді. Алайда жазушы жасын кері жұтып алды да ол шошып кетті.

– Мейлі, бұлар қадірімді білмесе де, кейінгі ұрпақ білер. Сендер де нені ұғасыңдар? Көкіректерің көрбілтеленіп қалған. Оны аршуға уақыт керек. Қазіргі армандап іздеп келіп отырмын дегенің бос сөз. Бірақ алған бетің түзу екен. Алдыңнан жарылқасын, – деді де, – әйтеуір әлгіндей халтурщиктердің қолына түспегеніңе де шүкір, – деп, бар шаруа соған тіреліп тұрғандай нығыздалып бір сөзді тағы қосты жазушы.

Малғұн барыстікіндей жұмыр пішін іштен қыстығып тер шыққандай сәл жұмсарды. Құба қыз көңілі біржола қалып, ит-құс сілікпелеп тастаған жемтіктей илектене төмен тұқырды. Сөйтіп әңгіме аяқтала бергенде кеңжарық кабинетке асығып-аптығып, сүрініп-қабынып суретші кірді. Өлдене лып еткендей болды, тысырлаған дыбыс та тез басыла қалды, көріністің сөйтіп жылдам өзгергені сонша, ешкім ештеңе байқаған жоқ. Тағы екі-үш минөт өткенде суретші қалбалақтап, майлы бояумен салынған картинасын өңгере көтеріп кетіп бара жатты.

# БІР БӨЛМЕДЕГІ ТӨРТЕУ

(HALLUCINATIO)

Биік үйдің он бірінші қабатындағы темекінің ащы түтініне тұншыққан бір бөлмелі пәтерде екі әйел және екі еркек, төртеуі отыр. Әлденелерді ежіктеп, бірін бірі киіп кетіп, таусылып болмайтын бірнәрселерді айта береді, айта береді. Ауылда өскен үшеуі қалада өскен біреуін ауыл туралы әңгімелер айтып таңқалдырмақ. Әжем болып еді, атам болып еді, үйіміз ауылдың шетінде еді, өзіміз ғана қалғанда қорқатын едік. Көшеде ит құсап құйрығын бұтына қысып алып, бұраңдай қашып жүрген ақсақ қасқырды бүкіл ауыл жабылып қуыпты. Алдымен шіріндінің иісі шығыпты, содан соң жер дірілдепті, одан кейін барып таудан тасыған су ауылға лап қойыпты. Бір азамат кәрі шешесін мойнына мінгізіп алып, тік көтеріп тұрған күйі-ақ тұншығып өліп кетіпті. Бірақ сынған терезенің жақтауынан ұстаған қолы қарысып қалып, қашан су қайтқанша құламай тұрыпты. «Сен өлгенше, мен өлсемші» деп, кәрі шешесі зарлап жылап отыр дейді. Айтпақшы, әлгі ақсақ қасқыр құтырған болып шығып, қырықшақты адамға қырық күн бойы укол салып, ешкім арақ ішпей, қатаң бақылауда жүріпті. Атап айтпаса, бір жыл арақ ішпесе де ештеңе етпейді, ал атап тыйым салған соң сол қырық күніңіз қаңсытып әрең өтіпті. Төртеудің ішіндегі бір әйел бір жаққа кетіп, пәтерде үшеуі қалғанда да осы әңгіме жалғаса

берді, жалғаса берді. Ауылдарын сағынып, іштері толып қалған ба, бір пәле. Тыңдап-тыңдап түкке түсінбеген оның ойы өзінше лағып, айдалаға кетті.

Кіреберісін шайырдың жұмсақ иісі алып тұрған үй ішінде бір тәте, бір кішкене қыз және екі ер бала, төртеуі отыр екен дейді. Отағасы бұл үйді жанын жалдап жүріп салып, өзі бір күн де қызығын көрмей арманда өліпті-мыс. Жүрегі дімкәс азаматтың өлімін Қатипа төтенің шайпаулығы да тездетіңкіреп жіберген сияқты ма, қалай. Артында назасы қалғанын білетіндер айтып жүр ме, бірдеңе әйтеуір. Қатипа да өз кінәсін сезетін секілді, әркімнің аузын бір баққанына қарағанда. Күйеуін еске алуға себеп табылса болды, көрші-қолаңды шақырып тамақ беріп әлек екен. Бірақ одан өлген адам тірілсе қане, келген қонақтар отағасын іздегендей саңғыраған жаңа үйдің бұрыш-бұрышын көздерімен тінткілеп отыратын көрінеді. Солардың кей-кейде: «Ойбай, көтек», «Астапыралла», «Үй, әй» деп қалатыны бар деседі.

Көршінің баласы Нұраш Қатипаға жақсы болды, бір жақ бір жаққа шықса шақырып ала қойғанға. Қатипа төтелері асығып, қолына сөмкесін алып, жұмысқа кетіп бара жатқандай сыңайы бар. Ал мұның балалардың әрнеге таласқан сөздеріне араласпай, жоғарыдан танауын көтере қарап, ағалы-қарындасты екеуіне бас-көз болып қалғандай түрі бар. Аралары бір жас, екі жас, айырмасы онша білініп тұрған жоқ. Бәрінің алты-жетілердегі кезі шығар, солай ма. Сондай жасына қарамай, Нұраш жүрген бір пысық өзі. Түтіннің иісін басқалардан бұрын сезген да сол, Нұраш. Қатипаның үйден шығарда қалайы шөмішке үгітіп

салған адыраспанды тұтатып, бұрыш-бұрышты түтіндете аластап жүргені бірден есіне түскен. «Кет, пәлекет, кет!.. Балаларды қорқытпай, көзіңді құрт!..» – деп жүргенін құлағы ап-анық естіген. Ауада бірдеңенің лау етіп жанып жоқ болғанын да аңдап қалған. Қанша дегенмен бұл да ойын баласы, көргенін көрген жерде ұмыта салған, бірақ.

Әлдеқалай қоқыс арасына түсіп кеткен шоқ жатып-жатып қайта бықсыған сияқты. Ана екеуін түртейін деп еді, алғаш қарадан қарап тұрып өрт шыға қояды дегенге онша сеніңкіремеді. Ойынға қатты кіріскені сонша, Елдостың сілекейі шұбырып ағып кеткені есінде. Сәуле екеуі асықтан жасалған үйшіктерін біресе қосып, біресе қоршауларын тарс бекітіп алып, іргелерін бөліп әкетеді. Өзінің денесінің үлкендігін жасы үлкендікке санаған Нұраш көбіне сырттан бақылап қана отыр. Бір кезде үйдің іші өзінен өзі қатты ысып бара жатқандай көрініп кетті. Төбе жақтан сытырлаған дыбыс та бірте-бірте күшейе түскенін біледі. Елдостың ойынды тастай салып, бақырып жылағаны да есінде. Сәуле де шыңғырып жылап, тоңқаңдап үстелдің астына кіріп бара жатты сонда.

Сырттан аттан салған әйел дауысы естілген. Кенет терезе лап етіп ішке қарай құлаған. Танадай көздері шошына бақырайған ақсары келіншек екі қолымен тырбанып терезеге асылған. Тыраң етіп бері аунап түскен. Үйдің іші кілкіген түтінге толы. Қызыл жалынға оранған есік жақ бет қаратпайды. Төбе де сатырлап жанып жатыр.

– Елдос-с-с!.. Қайдасыңдар, ойбай?!

Ана бұрышқа бір, мына бұрышқа бір дедек қағып жүгірген Қатипа бұларды көрмейтін тәрізді. Жас парлаған көздерін аша алмай, ащы

түтінге қақалып-шашалған балалар бір-біріне тығылысып, құр ыңырсиді береді. Қатипа олдыбыстардың қайдан шыққанын ажырата алмай, ары-бері алақ-жұлақ етіп, өзін өзі жұлып жеп жұлқынып жүр.

– Сорлы басым!.. Қарақтарым!.. Құлындарым!...

«Қатипа тәте қазір түтінге қақалып құлайтын шығар» деп ойлады бұл. Өзіне үстелдің асты әзірше қауіпсіз жер сияқты көрінді. Бірақ енді кешіксе үстелдің үсті де от тиіп жана бастайтынын іші сезді. Кенет Елдостың бір тоңқақ етіп, кішкене қолдарын шешесі жүр-ау деген жаққа қарай жобалап соза бергенін байқап қалды. Тап қазір Қатипа Елдосты араларынан тартып әкетіп, өздері үстелдің астында мәңгілік қалып қоятындай қатты қорқып кетті. Қолын Елдостың қолынан асыра созып, бар дауысымен бақырып жылап жіберді. Сол сәтте темірдей саусақтар сарт етіп білегінен қышқаштай қысты. Әлдеқандай бір алапат күш үстелдің астынан жұлып алды. Олар терезеден сыртқа домалап түскенде, қараң-құраң көп адам екеуін де әрі қарай дырылдата сүйретіп әкетті. Бірақ темірдей саусақтар бәрібір жазылған жоқ. Бір-бірінің жүздерін жұрт бұларды жайына тастағанда барып бір-ақ көрді. Қатипаның онсыз да шарадай көздері шақырайып, ұясынан шығып кете жаздады. Албасты көргендей қатты шыңғырып жіберді де, қолын білегінен босатпаған күйі орнынан ұшып тұрды.

Балғын білегі сынып кете жаздаса да, еш қарсы әрекет қыла алған жоқ. Қатипа оны дырылдатып, өртеніп жатқан үйге қарай қайта сүйреп ала жөнелді. Ел түсінбей абдырап қалды. Алдымен ес жиғандары енді өз балаларын құтқаруға жүгіргені



болар деп ойлаған. Үйдің төбесі опырылып ортасына түскендіктен, ол енді еш мүмкін емес болатын.

– Ұстандар!.. Қолы қарысып қалған ғой!.. Ажыратыңдар!.. Әй, ұстап алсаңдаршы!.. – деген айқайлар естілді балаға.

Ол бұдан соң төбеден төңкерілген аспанды ғана көрді. Қап-қара түтін шудаланып, солай қарай будақтап көтеріліп кеткен. Қатипаның не істегісі келгенін ол да түсінген жоқ. Білегін босатып алуға әлі келмесін сезді. Тіпті екінші қолын созып, бір әрекет қылуға да шамасы жететін емес. Денесі жартылай жерге сүйретіліп, бос салақтап бара жатыр.

– Қайтар менің балаларымды!.. Қайтар!.. – деп айқайлады Қатипа аспанға шапшып лаулаған жалынға, ол тіл ұғатындай екіленіп.

Нұрашты отқа қарай лақтырмақ болып, жерден жұлқа көтеріп алды. Екі баласына мына баланы айырбасқа сұрап тұр. От алдымен қолыңдағы баланы бері әкел дегендей жалаңдады. Есінен адасқан Қатипа соны орындамаққа ұмтылды. Бойына сонша күш қайдан біткенін кім білсін, бармақтай болса да әжептәуір салмағы бар баланы көкпарға тастайтын лақша шырқ үйірді.

– Мә, жалмауыз!.. Ал да қайтар балаларымды!..

Қатипа бұратылып, қайқайып, ышқынып, баланы отқа лақтыруға ұмсына берген. Біреу атылып келіп, бұларды бар салмағымен қаға-маға құлады. Қатты соққыдан үшеуі үш жаққа ұшып кетті. Жалт қарап, өзіне қайта ұмтылған әкесінің қарасұр жүзін көзі шалды. Тер басқан беті отқа шағылысып, қақтаған күмістей жылтырайды. Баласын бауырына басып, тас қып құшақтап

алды. Әкесінің иығының үстінен лапылдап жанып жатқан үйге тесіле қараған Нұраш кенет тыпыр етіп жерге секіріп түсті. Ол: «Әне!..» деп нұсқаған жақтан кішкене қолдарын созып, үсті-басы күйелеш-күйелеш Елдос тұрып келе жатыр еді. Бет-аузы жара-жара, шекесі домбығыпісіп кеткен. Отқа оранған бөренелер лап-лап құлаған жерден жылаған баланың шыға келуі жан шошырлықтай сұмдық көрініс болатын. Бірақ айналасындағылар оған емес, бұған тіксіне қарап, кемпір-сампырлар «суф-суф» десіп қалды. Жаңағы жаққа қайта қадалып, лапылдаған жалыннан басқа ештеңе көре алмаған Нұраш: «Сен де ештеңе көрмедің бе?» дегендей, әкесінің жеңінен үнсіз тартқылай берді.

Екі баласы бірдей көз алдында өртеніп кеткен Қатипа екіесті адам құсап меңірейген сол қалпынан ертесіне де, одан кейін де өзгерген жоқ. Сорлы әйелдің аппақ құдай шашын жайып жіберіп, көшеде бір жылап, бір күліп сөйлеп жүретіні бірте-бірте үйреншікті жайтқа айналды. Тек мұны көргенде ғана көздері жылтырап, әлденені есіне түсіре алмағандай абдырап қарап тұратын. Ондайда бұл көпке дейін өзіне өзі келе алмай, жүрегі шымылдап, қалтырап-дірілдеп кететін.

Қатипа үйіне қақаған суықта да от жақпайды деседі. Қалай үсіп қалмай аман жүргенін ешкім түсіндіріп бере алмайды. Қашан көрсең де қасы мен кіріптіктеріне, шаштарының ұшына аппақ қырау қатып, есігінің алдында бозарып тұрғаны. Оның тамақ жасап ішкенін де ешкім көрмепті. Қалай тамақ ішпей өмір сүруге болады, ол да түсінбейтін жұмбақ. Ауыл адамдарының еті өліп кеткендей, оған аса назар аудармайтын болған.

Қатипаны аяп, жүрегі сыздап ауыратын бір-ақ жан иесі бар, алайда әлі бала болғандықтан оның қолынан ештеңе келмейтін. Қамкөңіл әйелге ауылдастарының қамқорлығы қарағайдан кішіректеу етіп қайта салып берген баспанамен шектелді. Сонымен бар парыз өтелдіге саналған. Қатипа бір күні молдаға барып: «Осы үй өртенгенде ондағы елес неге өртенбеген?», – деп сұрапты деседі жұрт. Молда: «Астапыралла!», – деп, теріс айналып кеткен көрінеді.

Нұраш сол елес құсап сөлбірейіп, Қатипаның үйіне баспағып кірді ақыры бір күні. Қатипа алдындағы қыл мойын шөлмекпен көз жасын көлдете шер тарқатып сөйлесіп отыр екен. Мұны көрді де алақандай көзі ағараң етіп, бетіне сап-сау адамдай таңырқай қарады. Бұл босағада состиып тұрып-тұрып, шығып кетуге ыңғайланғанда ақырын ымдап қасына шақырды. Үлкен қырлы стақанға қыл мойыннан шұрқыратып ащы су құйды да, қаршадай балаға: «Іш!» деп зекіді. Қорыққаннан іші-бауыры қалтырап кеткен Нұраш ішпеймін деп айта алған жоқ, аузына сыйғанынша дем алмай сіміріп кеп жіберді. Біреу көмейінен құлдата қанжар сұғып алғандай баж етіп, еденге стақанмен бірге қақалып-шашалып, көзі алақтап, қол-аяғы салақтап домалап түсті.

Ол кезде тоғызыншы сыныпта оқитын. Қалай болар екен деген әуестікпен араға айлар салып тағы барды. Содан соң Қатипаның үйіне бас сұғуы жиілеп кетті. Бірақ, сонша барып жүріп, «сізге бала болайын» деп айтқысы келген сөзін бәрібір айта алмады. Қайдан табатыны белгісіз, қашан барса да Қатипаның ащы суы дайын. Әйтеуір оныншыда оның үйіне бармаса тұра алмайтын халге жетті.

Қатипа өлгенде өкіріп жылаған оны ауылдастары «мастықпен жылап отыр» деп ойлап, жанынан айналып өтіп кетіп жатты. «Сендей баланың барынан жоғы жақсы» деп, шешесі елдің көзінше бетіне түкірді. Қарасұр жүзі қақтаған күмістей жылтыраған әкесі де ішінен ит құсатып бір теуіп, көшеге тастап кетті.

Ол сол күні түнде құр сұлдерін сүйретіп, басқа барар жер таппаған соң Қатипаның үйіне келген. Қосымша кілттің қай жерде тығулы тұратынын білетін. Үстінде не бар, сонымен ескі кереуетке құлай кетіп, ұйқтап жатқан кезінде үй ішінде адам жүргендей бір тықыр естілді. Неше ай, неше күннен бері айықпаған санасы бүкіл дүниені жарқ еткізіп алдына тосқандай айығып сала берді сол сәт.

«Мен қалада тудым ғой, өмірі көрмеген ауыл адамдарының арасында неғып жүрмін?», – деп ойлады ол. Кенет, сана түкпірінен өре тұрған елес қып-қызыл жалындай лау етіп, отты құшағына үйіре тартып әкетті. Ол үлкен қаладағы көп қабатты тас үйдің он бірінші қабатындағы әке-шешесінен мұраға қалған бір бөлмелі пәтерде сөйтіп дүбәра күйде жатып өртеніп өлді. Оқиганың қас-қағым сәтте болғаны сонша, тіпті өзі әлгі аттарына дейін біліп жатқан балалар мен олардың маскүнем шешесін толық есіне түсіріп те үлгермеді. Шындығында Елдос та, Сәуле де, Қатипа да бір-біріне ешқандай туыстығы жоқ, әншейін кеше ғана мұнымен бірге арақ ішкен қаңғыбас міскіндер болатын.

Әке-шешесін азапқа салған балалардың бәрі де түптің түбінде осылай түсініксіз елестердің құшағында жатып өлетін көрінеді.

# ҚАТЕЛІК

әңгіме

*Кетсе де тағдыр қайда алып,  
Қалғандай ұшы байланып,  
Қазықтай екен қателік,  
Келерсің қайта айланып.  
Өрт екен шоғы сөнбейтін,  
Дерт екен емге көнбейтін.  
Серт екен қайтып келмесең,  
Мерт етем дейтін бермей күн.  
Жақсылық несін бұлдайды,  
Жаныңды жемей мұң-қайғы.  
Басқасы ұмыт болса да,  
Қателік ұмытылмайды.*

**Қойын дәптерден.**

Құдай бар ма, жоқ па? «Құдай бар» десең, құлағың тыныш, «Құдай жоқ» дейін десең, артың қуыс. Ботан да «Құдай бар» деп жүргендердің бірі, бірақ арақ ішеді. Ал Тарғытай «Құдай жоқ» дейді, бірақ арақ ішпейді. Бірі алыс ауылда, екіншісі үлкен қалада жүрген сол екеуін бір тосын сынаққа салып көрмек болып, Құдай өзі жолықтырды бір күні.

— Қалаға бар... Ауылға ақын керек емес... Ауылда ақын болушы ма еді... Ақын деген қалада тұрады...

Содан бері қанша күн, қанша түн өткені есінде жоқ. Қаңғып қалаға келді де кері қайта алмай қалды. Базары мен аялдамасы араласып кеткен,

жүргінші көп жүретін бір жерде омалып отырады да қояды. Базар мен аялдамада кім жүрмейді, бір күні қасына иретіле сорайып қырма сақал, қырау бас Тарғытай келді. Тарғытай келгенде бұл ерні күпсиіп, күбірлеп өлең оқып отырған.

Қу арақ, құшақтайтын қыз емессің,  
Қыз орнына өзіңмен тізелестім.  
Тал сөйлейді қарасам, тас сөйлейді,  
Қалған жанбыз ішінде біз елестің.

Судан келер ажалым, шөлден емес,  
Я тірі емес, болмаса өлген емес.  
Қас қарайса ел кезген жын секілді,  
Кетпей қойды кешқұрым келген елес.

Бар еркімді қойғандай біреу алып,  
Жібермейді кеудемнен тіреп алып.  
Маған ақыл айтпаңдар ей, адамдар,  
Не боларын ақыры білем анық.

Жалған, жалған, бәрің де жалғансыңдар,  
Өтіріктер түбі бір алдан шығар.  
Бірақ менің басқа еді сұрайтыным,  
Мені қалай жоғалтып алғансыңдар?

Тарғытай келді де бұны не жын қағып отыр дегендей, көлкілдеп ісіне торсиган бетіне тесірейіп қарады. Екі көзінен тесірейіп екі құрт қарап тұрғандай жемір адам еді өзі де. Сол құрт соңғы кезде құр қарап қана тұрмай, айналасын түгел кеуек қып кеміріп жей бастайтын болған. Оны өзі әңгімелескен адамдардың ұнжырғасы түсіп, тез шаршап қалатынынан байқайтын еді. Керісінше біреумен сөйлескен сайын көздері

жылтылдап, жаны кіріп, кеудесі кеңіп қалады. Келе-келе жұрттың бәрі Тарғытайдан өздерінен өздері сырттап қашатынды шығарған. Аялдамада отырған түрден түр жоқ мына бір міскін де мұның сол сырын білетіндей ернін жымқырып алды да тырс етіп сөйлемей қойды. Алдынан бірдеңенің иісін сезген қара шыбын құсап бір ұшып, бір қонып, бір жүріп, бір тоқтап, қыбырлап ары өтті, бері өтті. Аялдамадағы адам момақан жанарлары ұлу құсап домалана алайып, ізін қуып аударылып-төңкерілгені болмаса, селт еткен жоқ.

Үндемейін десе кесірткенің әукесіндей көмейі бүлкілдеп, тамағы қышыды. Анау күндіз көрмейтін үкі құсап қасақана жарбиып отыра берді. «Құдай біледі, сенің мына түрің күндікке жарытып ас ішпеген адамның түрі ғой. Жұмыс істемесең, аузыңа кім ас салады, а?» – деді үлкенсіп. Алдындағы міскін енді мұның қыбыр-жыбыр қимылына өшуге айналған шырақтай өлеусірей жылтыраған қарашығын ілестіруді де қойды.

«Бұл бейшарамен ары қарай әңгімені тереңдетпей-ақ қояйыншы» деген ой басына қабат келіп, бұрылып алып, өз жөніне тартты. Жаңағы міскіннің «ілесе кетсем бе екен» дегендей, артынан ұмсына қарап қалғанын жауырынымен сезді, бірақ. Расында да ол міскінге біраздан бері өзі сияқты қаңғыбас біреу кезікпей, адамдардан бар күдерін үзіп, жападан-жалғыз тарығып отырған.

– Жоқ, қолым жұмыс істемесе де, миым жұмыс істеп отыр, – деп кіжінді.

Ол мұны, бұл оны жындыға санап, екеуі де сол сөтте-ақ өз жайларын тапты. Бірақ неғып екенін білмейді, әйтеуір аялдамада жолыққан әлгі міскін

ойынан кетпей қойды. Бейне, ол байғұс бұл үшін зерттеп көруге тұратын жатпланеталық сияқты, «кім екен?» деген сұрақ миын тынымсыз шұқи берді. Құр жатқан, бос отырған адам не зат болса, айналшықтай қалатын әдеті бар. Ақша жасауға себі тиер ме екен деген ой үнемі басында жүреді. Басқалар үмітсіздікпен қараған нәрсенің бәрін аударып, төңкеріп көреді. Бұл жолы да ынтызарын қоламтадай үрлеп қоздатқан әуестіктің солай қарай қалай қайыра жетелеп әкелгенін өзі де білген жоқ. Келсе жаңағы міскіннің отырған жерінде шыртылдап кепкен қалың түкіріктің ізі ғана қалыпты.

Ботан болса, үйреншікті орнына ол келіп кеткеннен кейін бар-жоғы он минуттай ғана кешігіп оралған. Шекілдеуік сататын қарқарадай қара кемпір: «Әй, ақын, сені жаңағы жыланқұрттай иретілген неме іздеп келіп кетті», – деді. Бұл көптен күткен кісісін көріп тұрып, қапылыста айырылып қалғандай аласұрды. Еш жазығы жоқ кемпірді «қазір келеді деп айта қоймадың» деп, масаң күйде тілін шайнап, әбден сыбады. Кемпірдің балалары келіп, «ақ тимеген, көк тимеген шешемізге тіл тигіздің» деп, көкала қойдай ғып сабап кетті. «Қайтып осы арадан көретін болсақ, өлтіреміз» деп кіжініп кетті. «Екі балам біріксе, тау төңкереді», – деп мақтанды кемпір аялдамадағыларға.

Тарғытай оны орнынан таппай кеткеніне соншалықты өкіне қойған жоқ еді. Тек өзінің табиғатынан бар мазасыздық әлденеге алаңдата берген. Түнде де ұйқысы қашып, соны ойлап шықты. Таңертең сөлектеп газет-журнал сататын дүңгіршекке барды. Газет оқуға жұмыссыз бос жүрген кезінде тегін жарнамалық басылымдарды



қарап жүріп үйреніп алған. Бір күні біреу: «Қой қырқатын қырықтық сатамын», – депті. «Қалада сенің қырықтығың кімге керек?» – деп таңқ етіп күлген. Тағы бір күні газет қарап отырса, біреу: «Қой қырқатын қырықтық аламын», – деп хабарландыру беріпті. Жанталасып іздеп жүріп, әлгі ескі газетті тауып алды. Сөйтіп бірінен алып, біріне сатып қарық болды да қалды. Дәніккеннен құныққан жаман десе де бұл бір нан сұрамайтын пайдалы кәсіп болды бұған. Дүңгіршектен бір құшақ газет сатып алған соң, аялдамаға келсе анау тағы жоқ, кемпір отыр қарқарадай боп. Кемпір: «Соны жабылып ұрған екі балам өздерінен өздері ауырып қалды», – деп сықсыңдап жылап отыр екен. Обал-сауап деген болады деп, кемпірге біраз ақша беріп кетті. Ұзақ-ұзақ лекция оқыды, кемпір шыдамай кетіп: «Әй, балам, мә, ақшаң өзіңе», – деп, азар де безер болды. Бұл артық кеткенін түсініп, ақшасын алмай кетті. Ұзап бара жатқанда байқады, кемпір сыртынан жер-жебіріне жетіп ұрсып тұр екен.

Ботанды орнынан таппаған Тарғытай былай шыға бере, ыңғайлы бір жер тауып алып, газет қарауға кірісті. Анау-мынау жарнаманы қарап отырып жалығып кетті де бір бетке етектей ғып молынан басылған өлеңдерге назар аударды. Қараса, төменгі жағында «Осы өлеңдердің авторы Ботан Исақанов талантты ақын еді, жоғалып кетті» деген хабарландыру жүр. Біреу естелік айтыпты. Кенет, ол селк ете түсті. Аялдамадағы адамның суретін жазбай таныды.

Аңдып жүріп, бір күнен кейін ақыры тауып алды. Аялдамада монтиып отыр екен. Сол күні бұл қу газетке: «Той-томалаққа, беташарға, естелікке

өлең шығарып береміз», – деп хабарландыру берді. «Ақша деген Алматының көшесінде шашылып жатыр, жинайтын адам жоқ», – деп бөсті шекілдеуік сататын кемпірге. Арақтан басқа ештеңе көрмеген маскүнем ақын Ботан да боп берді бұған. Той-томалағы көп халықтың тапсырысы көбейіп, өлең деген бұрқырап үсті-үстіне жазылды. Баяғыда кәрістер пияз отағанда атыздың басына бір шиша қызыл арақ қойып қояды екен. Пияз отауға шақырылған қаңғыбастардың сондағы жанталасқан сұрапыл қимылына адам қарай алмай, сырт айналып кететін көрінеді. Тарғытай Ботанға тура соны жасады. Бір өлеңге бір стақан арақ пен екі-үш тілім колбаса береді, ал нан ентегін.

Тарғытайдың бизнесі өрге басып, бұрын көрмеген өнер шығарып, тіптен далиды. Кішкене кеңсе ашып, бұрыш дегеннен гөрі қуыс дегенге жақын шеткері бір орын Ботанға да тиді. Күндердің күнінде қолында табақтай дипломы бар қаршадай ғана аппақ қыз «жұмыс бар ма?» деп бұларға да бас сұқты. Міне, бұлардың алдынан сондай да жақсы күндер туды. Тарғытай төрде шақырайып отырып:

– Қазақстанның Премьер-Министрі кім? – деп шіренді.

Байғұс қыз сасып қалып:

– Бақытжан Жұмағұлов! – деді.

Қайдан шықса оннан шықсын дегені түрінен көрініп тұр. Тарғытай алдындағы шағын үстелдің төрт бұрышын түгел жайлап, тарбайып жатқан аяқ-қолын жылдам жинап алды. Шегір көзі шадырайып, шекесіне шығып кетті.

– Әй, шырағым, ол оқу министрі ғой!.. Деканың-

ды Премьер-Министр демегеніңе Құдайға шүкір сенің!.. Ой-бұй, Президентті сұрамағаным қандай жақсы болды сеннен!.. Премьер-Министрдің кім екенін білмейсің бе сонда?.. Қарағым, төрт жыл бойы не оқыдың?.. Жұмысқа қайтіп алам сені?..

Қаршадай ғана аппақ қыздың жаны шығып кете жаздады. Көмек сұрағандай боталап, Ботанға қарады. Ботан «айт, тоқтама, аузыңды жыбырлата бер» дегендей бар денесімен ілгері ұмсына, елпек қақты. Кеше ғана Тарғытайдың: «Әйелдің иісі шықпаған офис офис пе?» деп қалғанын құлағы шалған. Соған енді екі туып, бір қалғаны жұмыс сұрап келіп отырғандай оның да дегбірі қашты. Қыз сәл есін жиып алды да:

– Тоқаев! – деп қойып қалды.

Тарғытай негізі қоғамның ісі десе өзін өзі аямайтын жанкешті кісі еді, шоқпардай жұдырығымен қалақтай басын тарс еткізіп бір перді. Құдай біледі, миы солқ ете қалған шығар. Есі ауып қалғандай әңірейіп отырып-отырып, жаны қинала:

– Қарашығым, біздің үкіметте Тоқаевтан басқа да тоғыз Премьер-Министр болған. Қазіргісі Ахметов... Ахметов болғанда да Даниял Ахметов емес, Серік Ахметов, – деп, бүт дүниеден табан асты түңіліп кетті.

– Ол кісілердің біздің жұмысқа қатысы жоқ қой, – деді Ботан маңдайы тершіп қоя беріп.

– Сен алдыңдағы екі шумақ өлеңіңді біліп, жөніңе отыр, – деп зекіді Тарғытай. Сөйтті де өлгі жел соқпай, үсік ұрмай қалтырап тұрған қаршадай ғана аппақ қызға ежірейіп қайта бұрылды. – Тоқаевты әлі ұмытпай жүргенін қара мұның? Жерлесің бе еді әлде?

– Жоқ, жерлесім емес, – деп қаймыжық ернін

жымқыра тістеледі қаршадай ғана аппақ қыз. – Ол жазушы Кемел Тоқаевтың баласы болған соң ұмытпағам ғой.

Тарғытайдың көн терідей тырысқан түрі көз алдарында жадырап, жайдарыланып сала берді. Қуықтай кеңсенің іші де аспандағы күннен бөлек өз күні шыға келгендей күлімдеп кетті. Ботан көзі жылтырап, сөредегі қағаздардың қасында мөлтілдеп тұрған шөлмекке қарады. Қолындағы ақ парақты онда жазылған үш шумақ өлең бір жаққа ұшып кететіндей, шетінен тас қып қысып ұстап алыпты.

– Жаңағы сөзің үшін ғана жұмысқа алуға болады екен сені, – деді Тарғытай жынды адам құсап өз-өзінен тырқ-тырқ күліп. – Жазушыларды білген адам жаман болмайды. Олар қасиетті адамдар. Атың кім өзіңнің?

Қыз оның жөн-жосықсыз күлгеніне қысылып қалған болуы керек, тосылып барып:

– Кашмир, – деді.

– Не?

Тарғытайдың бет-аузы қиқы-жиқы болып, қас-қабағы орнынан жылжып кетті. Сөредегі шөлмекті аңдыған Ботан қыздың шаруасы тезірек шешілсе екен деп тілеп тұрған. Тарғытай Ботанның соншама мисыздығына жыны келіп:

– Сен не, ешқандай қызық көріп тұрған жоқсың ба? – деді иір-иір саусағымен ауаны тілгілей осқылап. – Қарасаңшы, мына қыз атым Кашмир деп тұр.

– Ол не, бояқ па? – деп әңірейді Ботан.

– Мал! – деп айқайлап жіберді Тарғытай. – Осындай адамдармен де бірге өмір сүруге тура келеді бізге! Құрып кет, құрып кеткір!

– Менің атым үшін ұрсыспаңыздаршы, – деді

қыз енді ғана ес жиғандай таңдайы тақ-тақ етіп.  
– Мен туғанда сол Кашмир деген жерде теракт  
болыпты. Көп адам өліпті. Содан менің атымды  
Кашмир қойған.

Тарғытай мырс етіп күлді, Ботан селт еткендей  
болды. Көзі қайтадан сөредегі таң атқалы бері  
армандай болған қылмойын шөлмекке түсті.  
Қолындағы парақты қайта-қайта Тарғытайдың  
көз алдына тоса береді. Еріндері көнтіп ісіп  
кеткен. Екі-үш жерінен тілініп, қан ұйып қызарып  
тұр. Ар жағынан кеберсіген кепсектей тілінің құп-  
құрғақ ұшы көрінеді. Я өлең оқығысы, я бірдеңе  
ішкісі келгендей жұтынып-жұтынып қояды. Күн  
түске жақындап, кеңсенің іші күйіп тұрса да  
бүкіл тәні құрғап кеткендей жіпсіген тердің ізі де  
білінбей кезереді.

– Ал оқы, қалай жаздың? – деді Тарғытай,  
қызға сен де тыңда дегендей ым қағып.

Ботан дауысы жарықшақтанып, өлеңін кедір-  
бұдыр жолмен жүргендей дөрекілене оқи бастады.

Қалғандай боп бір сыбаға тартылмай,  
Бір сөз кейде қалады екен айтылмай.  
Бір сөз бүкіл аманатты жеткізіп,  
Айтылуы керек еді, апырым-ай!

– деп бастап, төртінші шумақтан соң жарықшақ  
дауысы шыңылтып барып тоқтады.

– Бәрекелді! – Иір-иір саусақтары басы  
бірікпей тарам-тарам болып, Тарғытай өзінше  
«бис-бис» деп қол соқты. – Бә-ре-кел-ді!.. Тамағың  
құрғап кетсе, тамылжытасың, ө!.. Енді андағыңды  
соңғы жолын түзе де, мына Кашмирге бер.  
Компьютермен әдемілеп теріп, дизайнын жасап,

интернетке салсын. Астына «Тойыңызға өлең шығарып береміз» деп жазып қойыңдар.

– Менің жұмысым не сонда? – деді Кашмир көңілі толмай қалып.

– Анандай жақсы өлеңді мынандай алқаштың жазғанын ешкім білмеуі керек.

– Түсінбедім, ағай.

– Өлеңді сен таратасың, елмен сен сөйлесесің. Оған да әдемі түр, майда тіл керек.

Кашмирдің бетіне лып етіп болар-болмас қызыл рең жүгіріп өтті. Тарғытай қыз келіспей қоя ма дегендей бастырмалатып әкетті.

– Салт-дәстүрден хабарың болмаса тағы болмайды. Керек десең, ғылыми кітапханаларға барасың. Ғылыми еңбек жазуың мүмкін түбінде. Әйтпесе бәріміз дүбәра болып кеттік қой. Көресің әлі, үшеуміз той өткізуде төңкеріс жасаймыз.

Кашмир ақкөңіл ме, аңқау ма, әйтеуір аузын ашып, көзін жұмды. Ботанның келіскен-келіспегенінде ешкімнің жұмысы болған жоқ. Оның үстіне Тарғытай мен Кашмирдің көздері ілінісіп, шалынысып қалғанын да байқап қалды. Жетімсіреп сөредегі жартылыққа қарай қойып еді, Тарғытайдың иір-иір саусақтары солай қарай өрмектеле жылжып барады екен. Табан асты бәрін ұмытып, іші жылып қоя берді.

Ботан сол күні түнде Тарғытай мен Кашмир туралы ыңғайсыздау бір түс көрді. Қырықтан асқан қырқылжың Тарғытай қаршадай Кашмирді офистегі түнде Ботан жатып жүрген кір-кір төсекке қарай итермелеп тұр екен. Иір-иір саусақтар қыздың бұлтиған омырауына өрмелеп барып та қалыпты дейді. «Әй, кәпір!.. Әй, кәпір!..», – деп назалана дауыстап, Ботан сыртқа қарай тұра

қашыпты. Иә, иә, кәдімгі түс, «осындай да болады екен» деп таңқалды Ботан. Ертесіне Кашмир офиске атқан таң құсап жарқырап кіріп келгенде, бұл шыққан күннен ұялғандай тұқшындап төмен қарай берді. Күні бойы ойына өлең оралмай, түндегі ұятсыз түсті неге көрдім екен деп, өзін іштей қынжылып сыбады да отырды. Қутыңдасқан, жымыңдасқан, сыбырласқан екеу сырт көзге қаурыт жұмыс істеп жатқандай көрініп, екі қолы бос қалғандай тіптен қысылды. Тек кешке қарай Тарғытай үйіне, Кашмир жалдап тұрып жатқан пәтеріне кеткеннен кейін ғана шабыты келіп, өлең жолдары жымыңдасқан әлгі екеуі құсап өзінен өзі әмпейлесе жөнелді.

Өлгендердің тізіміне кіргем жоқ,  
Тірілердің есебінде жүргем жоқ.  
Мені жоқ деп ойлайсыңдар сендер де,  
Ал бетіме қарайсыңдар күлген боп.

Көне алмаймын жалғандыққа мен бұлай,  
Айқайлаймын «мен бармын» деп енді ұдай.  
Мені айналып өтсеңдер де селт етпей,  
Оны айналып өту қиын, ол – Құдай,

– деп бір уақытта кеудесін тоқпақтап отырды. Бұл енді екі-үш тілім колбаса мен бір стақан араққа айырбастайтын өлең емес еді. Сонда да қайтер екен деп, Тарғытайға таңертең-ақ оқып берді. Кашмир жіңішке қас-қабағын кірбитіп, ойланған сыңай танытты. Оның түсінбей тұрғаны, өлеңнің терең мәні емес, соны аузынан арақ сасыған мынаның қалай жазғаны болып тұрған сияқты. Неғылса да Тарғытай екеуінің ойы ақылдасып алғандай

бір жерден шыққаны сол сәтте-ақ белгілі болып қалды.

– Ақын, ақылман, алқаш... Қалай ойласам да мыйыма сыймайды, – деді Тарғытай қызараңдап.

– Сен осы қоқыстан тауып алып жүрген кітаптарыңды шынымен оқып жүрсің бе?

– Иә, иелері байқамай тастай салатын шығар, – деді Ботан Кашмирге көзінің астымен ұрлана қарап қойып. – Ауылдағы кітапхана жабылғанда да кітаптың бәрін мен тасып алғам.

– Әй, қайдам, – деп Тарғытай сейфтен алған шөлмекті сөреге апарып қойды. – Адам болғаның кеше ғана ғой сенің.

Ботан «і-і» деп тұрды да ештеңе түсіндіре алмай тұтығып қалды. Оны сөзінен жаңылдырған не нәрсе екені беп-белгілі еді. Алайда арақтан бұрын тағы да Кашмирге көзі түсті. Кашмирде бүгін бір өзгеріс бар тәрізді. Сәл қымсынғандай ма, әлде иба сақтаған сияғы ма, әйтеуір тура қарамайды. Әлгі бір ұятсыз түс есіне түсіп, Ботанның күпсиген түрі күреңітіп кетті. Көкірегінде өзіне де түсініксіз бірдеңе жыбырлады, тілім-тілім еріндері дірілдеп, кемсеңдегенге ұқсады. Кашмирдің қағаберісте қардай аппақ сейсепті сөмкесінен алып, үстелінің тартпасына жып еткізіп сала қойғанын ап-анық көрді. «Жиіркеніп қалған болды ғой» деп ойлап, ақырын теріс айналып, басын көтермеген күйі сытылып сыртқа шықты. Кеудесін өксік қысып, көз жасы жылт-жылт етіп, кірпігінен домалап-домалап түсті.

Сол күні түнде Ботан тағы түс көрді. Ерегескендей алдыңғы күнгі көрген түсін тура солай қайталап көрді. Әуелі Тарғытай Кашмирді мұның кір-кір төсегіне қарай итермелеп әкелді.



Кір-кір төсектің үстіне қардай аппақ қылып сейсеп төсеп қойыпты. Иір-иір саусақтар кәрі ағаштың тамырларындай адырайып, бірден омырауға өрлеген. Ботан тағы да «әй, кәпір, әй, кәпір» деп назаланып, өткен жолғыдай сыртқа тұра кеп қашты. Далада көп жүріп, ұйқысы келсе де ішке қайтып кіре алмай қиналды. Бір жағынан өлденеден айнып кетпейін деп, «көшеде қаңғып қалған мен байғұсты жуындырып, киіндіріп, жұмысқа тұрғызған Тарғытайға мың да бір рахмет» деп қайталай берді, қайталай берді. Бірақ, көрген азабы одан жеңілдеген жоқ. Түсіне кейде кір-кір төсегінің үстіне төселіп жатқан ақ сейсеп кіріп, оянып алып, мөнді-мөнді болып отыратын болды. Сөйтіп жүргенде Кашмир ауырып, құсып, бозарып, сасып-салбырап, көз алдарында өңі қарайып, жүдей бастады. Тарғытай екеуінің арасындағы бұрынғы күбір-сыбыр күңкіл-сүңкілге ауысып, жылау-сықтау да көбейді. Соншама нақұрыс емес, Кашмирдің аяғы ауыр боп қалғанын, енді Тарғытайға «мені ал» деп пәле салғанын сезбей-білмей қалған жоқ. Соның да әсері ме, Ботанның түс көруі де сап тыйылып, тіпті түс көргісі келсе де көре алмай булықты.

Тарғытай бір күні таңертең үйінен Ботанға аз ғана киілген, өң-түсі тәп-тәуір кәстөм-шалбар әкелді. Жағасы мен жеңдерінің ұшы қырқылса да кіршіксіз тап-таза қылып жуылған аппақ жейдені де пакетке салып ала келіпті. Алдымен қолына мың теңгелік ақша ұстатып, Ботанды жақын жердегі моншаға жіберді. Моншадан қайтып келсе, Кашмир мұның кір-кір төсегінің үстінен қардай аппақ сейсепті жинап алып жатыр екен. Ботан тағы да түс көріп тұрған жоқпын ба деп,

қатты таңқалып қалды. Бұл күні ешқандай жұмыс істелген жоқ, сөреге бұрынғыдай жартылық та қойылмады. Тамағы қанша жыбырласа да бүгін жарытып өлең жаза алмайтынын біліп, қағаз-қаламын жинап қойды. «Не болар екен, әйтеуір бірдеңе болады» деп ойлады ол. Бір кезде Тарғытай Ғашмир екеуіне: «Ал, жүріңдер, кеттік», – деді де өзінен өзі қараптан қарап тұрып көкірегі жалын ата күрсініп салды. Бас еркі жоқ Ботанға мешіттің қасына барған кезде ғана бетіне анықтап бір қарап алып:

– Қазір осы мешіттің молдасы Ғашмир екеуіңнің некелеріңді қияды. Сен шұрқ етпе, мән-жайды артынан түсіндіремін, – деп күңк етті.

Ботан ол осыдан кейін арақ береді екен деп қалып, басын үсті-үстіне изеп, көңілдене жымың қақты. Көңілденген кезде өлең де дайын тұрады-ау, шіркін. Өрімдей жап-жас молда некеқияр рәсімін жасап жатқанда, бұл өзіне тіке қойылған сұрақтарға ғана сараң жауап беріп, жаңа бір өзірде ойына оралған өлең шумақтарымен алысып отырды.

Еске салып ұмытылған ұятты,  
Досым іздеп келіп тұрған сияқты.  
«Кешіріңіз кешегіні» дейтіндей,  
Жан секілді зиялы әрі миятты.

Еске салып мойындағы парызды,  
Досым іздеп келіп тұрған тәрізді.  
Шабакталып ұйқтап жатқан сезімдер,  
Оянғандай дүр сілкініп ар ізгі.

Еске салып күндерімді кекілді,  
Досым іздеп келіп тұрған секілді.

Тұншықтырып басып алған кеудемді,  
Қамалаған сеңнің шеті сетілді.

Бірақ... бірақ, онда тіл жоқ сөйлейтін,  
Әйнекпенен жасырады ол кейпін.  
Мен басқаша бастар едім өмірді,  
Туса бір күн досым қайтып келмейтін.

Кешке Кашмир қонуға қалып, Ботанның кір-кір төсегіне әлгі қардай аппақ сейсеп қайта төселді. Ботан бұл күні бірінші рет ащы судан бір ұрттам да татып алмаған болатын. Тарғытай ана қыз «аузы сасыған алқаш немеге тимеймін» деп тұрып алмас үшін, бірер күн шыдай тұруды қатаң тапсырған. Теріс қарап өлең жазып отырғанда, быртық саусақтары икемге келмей, автоқаламы су бетіндегі қалтқыдай тынымсыз діріл қақты да тұрды. Сыртқа шығып, таңдай жібітер бірдеңе іздеп келгісі келіп неше оқталса да қыздан батпады. Оның таңдауында екі нәрсе бөске түскендей ойы қайта-қайта бөлініп, өлең жазып та мандытпады. «Шіркін, екеуі де қатар болса», – деп армандады бір кез. Кашмирдің сейсепті қалай сусылдатқаны, төсекті қалай сықырлатқаны бәрі естіліп тұрды. «Некелі жарың ғой енді, батылырақ бол», – деген Тарғытайдың қадап тұрып айтқан тапсырмасы тағы бар. Күндізгі моншадан кейін өзінің де денесі былбырап, терісі жас баланың еңбегіндей мапмайда болып қалған сияқты. Ендеше ұялатын да ештеңе жоқ, тек қалай болары ғана уайым демесең. Осындай түрлі жағдайды салыстыра келіп, Ботан ақыры таңдауын қызға түсірді. Құдды дыбыстан қорқатындай аяғын мысықтабандап еппен басып, қыздың қасына шешінбестен сыбдырсыз келіп қисайды.

Таңертең оянып қараса, өзі де сол қалпы, қыз да сол қалпы қозғалмай жатыр екен. Түнде жатын орын, күндіз кеңсе, ерте тұрмаса болмайды. «Ұйқтап қалыптық қой, енді бөрібір уақыт жетпейді», – деп ойлады ол. Қастарындағы кафеде беті-қол жуатын жер бар, екеуі кезектесіп соған барып келді. Ботан шығып бара жатқанда, Кашмир иығына тап-таза гүлді-гүлді орамал іліп жіберген. Беті-қолын сүрткенде орамалдан жұп-жұмсақ жұпар аңқып тұрды, «Кашмирдің өзінің иісі шығар» деп ойлады Ботан. Қайтып келгенде бұрқылдап қайнаған шайдың ып-ыстық буына қолақпандай танауы көмілді де кетті. Өлденені жатырқап жаутаңдаған жанары сөре жақты бір жағалап өтті де, пештің үстінен секіре жаздап бұрқылдаған шәйнекке еріксіз байланды. Бас жазғалы отырғандай кесе ұстаған қолының дірілдегенінен қысылып, кесенің ернеуіне тісі сақ-сақ етіп тиіп-тиіп кетіп, шәйін төгіп-шашып, әбден берекесі қашты.

Сәлден соң барып маңдайы жіпсіп, өзіне өзі келе бастады. Шөлі қанып қалса да, «енді ішпеймін» деп айта алған жоқ. Тер зулап аннан де кетті, мұннан да кетті. Кашмир оның әр қимылын қалт жібермей қадағалап отырған. Шатына дейін тер жүгіріп кеткенін алайған көзінен аңдады. Қанша жүнжіп жүргенмен төп-тәуір көркі барын да байқады. Иығын көтеріп ұстаса, алпамсадай-ақ жігіт екенін де білді. «Бір стақанды тартып алса» деп ойлады Ботан, бірақ бұрынғыдай тамсанып жұтынған жоқ. Үнемі миында жүретін ой әншейін белі қылдай құмырсқа құсап қауашағының ішінен үйреншікті жолымен жүгірді де өтті. Бұрын басына ондай ой келгенде, қауашағының

іші кәдімгі құмырсқаның илеуі құсап құж-құж қайнап кететін. Ал қазір «болса жарайды, болмаса қойдық» дегендей елеусіз қалды. Сөйтіп отырғанда, Кашмирдің: «Шәй бітті», – деп тық ете қалмасы бар ма. Әлгі сөз миына шақ етіп ұрды. Табан асты бет-аузы жыбырлап, түрі бұзылып шыға келді. Орнынан тұрып кетіп, арақ тығулы тұрған сейфті торуылдағандай болып, есік жаққа да әлденеше рет барып қайтып, қаңғалақ қақты. Осы кезде көптен күткен құтқарушысы құсап, ұзына бойымен сөлең етіп, Тарғытай да кіріп келді.

– Жантай, Қантай деген ерлі-байлылардың күміс тойына тапсырыс алып келдім, – деді күректей алақанын ысқылап. – Қане, отыра қал да бес шумақ өлең жаз.

– Қалай Жантай, Қантай? – деп дағдарып қалды Ботан, «қалжыңдап тұрған жоқсыз ба?» дегендей. – Аттары сондай ұйқас па екен?

– Иә, күйеуі Жантай, әйелі Қантай, – деді Тарғытай төрдегі орнына бүктетіле отырып жатып. – Құдай біледі, танысқанда атымыз ұқсайды екен деп үйленген болу керек солар.

– Ә, болса болсын, – деп Ботан да бұрыштағы орнына барып қонжиды.

Бір-екі күн өлең тумағанға ақ парақты тосырқап қалғандай абдырап біраз отырды. Ақ парақ мина көмілген майдан даласы сияқты қалам ұшымен тінткілеуін күтіп, беті жып-жылмағай болып жайыла түсіп жатыр. Жүрегі батпағандай, батылы жетпегендей ұмсына беріп қолын қайта тартып алды. Айналасында болып жатқан түрлі-түсті көріністер ойын қайта-қайта бөле берді. Ол көріністердің ойын бөле бергені бекер де емес болатын. Тарғытай иретіліп, Кашмирдің қасына

барады. Кашмир ол жақындай берсе шаян шағып алатындай, орнынан тез тұрып кетеді. Төрт бұрышты түгендеп жүргендей, алақандай офистің ішін екеуі қырық рет айналған шығар. Ақыры Ботан шыдамады, жөпелдемде жазылған арзан-құрзан шумақтарды Тарғытайдың алдына жайды да тастады.

Ағамыз да жақсы адам ғой, жақсы адам,  
Мәрт король де бұлай ақша шашпаған.  
Бір күн таққа отырғандай жарасып,  
Аумай қалып асып-тасқан патшадан,

– деп әдетінше аптыға жөнелді.

Онсыз да жағдайы болмай, шекесі тырысып тұрған Тарғытайдың талағы тарс айырылды. Қолындағы парақты ортасынан қақ айырып, умаждап-умаждап, Ботанның бетіне лақтырып жіберді. Ол өлеңге ғана ашуланып тұрған жоқ, өлеңге ғана ашуланса бүйтпес еді. Өзінің жұмыс беруші екенін Кашмирге де ескертіп, керек болса екеуіңді де қаңғыртып жіберемін дегенді меңзегендегі түрі бұл.

– Әй, сен қайдағы асып-тасқан байды айтып отырсың? Олардың кредитке той жасап жатқанын бәрі біледі. «Сені сүймеу қылмыс қой» дейтіндей, қатыны үлбіреп тұрған жас келіншек пе екен? «Ата-бабаң тойламаған күміс тойың» не? Мадақтағаның ба, әлде мазақтағаның ба? Банкротқа ұшыратайын деген екенсің сен мені!

Не керек, Тарғытай әйел құсап шаптығып-шаптығып сөйлеп, офистен шықты да кетті. Ботан жәудіреп сейфке бір, сөреге бір қарап, не дерін білмей сипалақтады да қалды. Дегенмен екі-үш

күн арақ ішпегенге түрі-басы кәдімгідей түзеліп, жөнге келе бастапты. Кашмир оны Тарғытаймен салыстырғандай, тереңіне әлдебір сыр жасырған тұңғыық көздерін бір тоқтатып өтті. Соның өзіне жүрегінің шымылдап ала жөнелгеніне таңырқағандай, Ботан да оған ұз-а-ақ телмірді.

Сол күні түнде Ботан тағы да бір ыңғайсыздау түскөрді. Түсінде бұл өзі Кашмирді үстіне ақ сейсеп төселген төсекке қарай сүйрелеп тұр екен. Кашмир құшағынан қайта-қайта бұлт етіп қашып шыға береді. Бұл арландай арпалысып, ақуладай тулады бір кезде. Қызды аш белінен қапсыра құшақтап, тар төсекке не болсаң, ол бол деп атып ұрды. Тіпті өткендегідей ойға алған істің орындалуы қалай болар екен деп уайымдаған да жоқ. Бойда тасыған қан білектегі бұлшық етті бұлт-бұлт ойнатты. Бүкіл офисті иығына іліп әкететіндей буырқана ұмтылды. Шашы тікірейіп, көзі шақырайып, шеке тамыры адырайып, құтырына шапты. Офистің іргесі шайқалып, жер ойылып түсетіндей дір-дір етті. Қыз бір ыңырсыды, екі ыңырсыды, үш ыңырсыды, ақыры «сендікпін» деді. Сөйтіп таңға созылған түс Ботанның көп нәрсеге көзін ашты. Таңертең тұрғаннан кейін де әлгінде көрген жабайылау түсі үшін мақтанбаса, еш ұялудың керегі жоқ екенін де түсінді. Себебі, Кашмир беті-қолын сұртетін гүлді-гүлді орамалды иығына күндегідей жәй ғана іле салған жоқ, түзеткен болып сыртынан бір сипап қойды. Ол бетін сұртіп жатып: «Иә, Кашмирдің өзінің иісі» деп, орамалды құшырлана иіскеп-иіскеп алды.

Ал ертеңіне Тарғытай офиске аузы сасып, арақ ішіп келді. Кеше бір құдалық болыпты-мыс, құдалар жағы Тарғытайды ерекше құрметтеп,

«іш-іш» деп қоймапты-мыс. Жас күнінде көп ішкендіктен бе, жүз граммды тастап кеп жібергеннен кейін қан түйіршіктері қозып кетіпті-мыс. Содан қайтып сорлы Тарғытай арақты қанша қоям десе де еш қоя алған жоқ. Кашмирдің абайсыз түсік тастап қойғанын және ол түсікте ұлдың нобайы болғанын естігенде, дүниеден тіптен түңіліп кетті. Негізі қыбырлап, жыбырлап қалған еркектер кілең қыз тудырады, ал ол осы жолы қожайынсып күшенгенде ұл тудыра жаздаған екен, бәрінен бұрын соған іші удай ашыды. Өйтсе де Ботанды жұмыстан қуып жібере алған жоқ, өйткені өмірінде ең көп кіріс кіргізген бизнесі соның жазған өлеңдеріне тәуелді болып қалған болатын. Тағы біраз уақыт өткенде Кашмирдің қойны құтайып, іші қайта томпайып та үлгерді, міне.

Құдай бар ма, жоқ па? «Құдай бар» десең, құлағың тыныш, «Құдай жоқ» дейін десең, артың қуыс. Тарғытай «Құдай жоқ» деп жүргендердің бірі және аузы құрғамай күнде арақ ішеді. Ал, Ботан «Құдай бар» дейді әрі бұрынғыдай емес, мүлдем арақ ішпейтін болған. Сөйтіп жүргенде шалқар шабыты сарқылғандай, жазылуға тиісті бір өлең бір күн жазылмай, екі күн жазылмай, үш күн жазылмай, қара жаны әбден қиналды. Енді мүлдем өлең жаза алмай қаламын ба деп қорықты. Жаны қатты қиналғанда түс көретін әдеті бар еді. Түс көріп, түсінде баяғы аялдамасы мен базары араласып кеткен жерге бара жатқанын білді. Барса, сол баяғы өзі отырған жерінде шыртылдап кепкен қалың түкіріктің ізі ғана қалыпты...

Ояна салды да ойға батты. «Өлең жазбасам, арақ ішпейтін едім, арақ ішпесем қаңғып қалаға келмейтін едім», – деді ішінен. Қалаға келмесе,



Тарғытайдың қолына түспейтіні, Тарғытайдың қолына түспесе, Кашмирге үйленбейтіні бесенеден белгілі еді. Екі беті балбырап ұйқтап жатқан Кашмирге бір қарады да, соңғы кезде офиске бір соғып, бір соқпай жүрген Тарғытайды есіне алды. Сөйтті де: «Әркім өз қателігімен өмір сүреді», – деп күбір етті.

# КОНСУЛ МЕН ОРАЛМАН

әңгіме

– Құл болғым келген жоқ!

Консул үндемеді.

Бар бойы бақылаудан ғана тұратындай басбағып қарады да отырды.

Киген киімі ине-жіптен жаңа шыққандай, үсті-басы мұнтаздай тап-таза.

– Сен қазақ емессің!

Консул түрін бермеді.

Үсті-басы таза болғанмен, әлденеден жүдеңкіреген сияқты.

Қабағы кіртіңкі, көзінің асты домбығыңқы, бүйрек беті ісіңкі.

«Түнімен арақ ішті ме екен?» деп ойламасаң да ойлайсың.

– Мына жеделхатты қабылдамасаң..

Консулдың тұнжыраған жанарынан бір шері ішінде екенін байқады. Сонда да қайтпай, қолында пышақ болса, пышақ салып алатындай көгереңдеді. «Барыңнан жоғың жақсы!» деп тұр. Консул одан бекет бастығымен егестің себебін сұраған. Намыстанып айтпағанына қарағанда, шетін мәселе болды. Әлде шикі іс.

– Бұл елдің заңына біздің биліктің өкімі жүрмейді!

«Қолыңда өлемін» деп тұрған адамның жүні сонда жығылды. Оның қолында «Елге жедел қоныс аударуға көмектессеңіздер екен» деген жеделхат бар еді. Бір бүктеп, қоқыссалғышқа тастай салды.

Тарс-тұрс басып шығып кетті. Өзі де бір доғалдау адам екен. Тоңмойынданып артына қарамай кетті.

Консул қоқыссалғыштың қасынан өте беріп тоқтады. Еңкейіп, жаңағы қағазды саусағының ұшымен іліп алды. Екі ауыз сөзге тағы бір көз жүгіртіп шықты. Еш себеп жазылмаған. «Құл болғым келген жоқ» деген сөзді ауызша айтты, бірақ ол себеп емес. Ретімен жүрсе өзінен өзі бітетін іс. Бірақ ол жедел қоныс аударып кеткісі келеді. Өзі қылмыс жасап қойса, бүйтіп аттандамас еді. Енді не?

– Кәукар!.. Әй, Кәукар!.. Жанар!.. Үй, Жанар!..

Кәукар деген әйелі, Жанар деген қызы. Айражайра боп жатқан үстілерінен түсті. Құдды сел жүріп не дауыл соғып өткендей сансырап қалған. Қоржынтамның іші көрпе-төсек, ыдыс-аяғы жиналмай бықсып жатыр. Артымнан біреу іздеп келеді деп ойламаған отағасы қатты састы. Таңертең өзінің арызын қабылдамай қойған бүйрек бет қонсулды танып, бір пәле болып қалды ма дегендей жапақтай берді. Оның да, мұның да көздері бұрышта состыып тұрған көкөрім бойжеткенге қатар түскен. Консул, неге екені белгісіз, себеп сол қызда болар деп ойлады.

Шынымен де себеп Шұғынықтан шыққан болатын. Сықылық атып, шекарадағы бекет бастығының назарына түсе бергені рас еді. Бірақ жаман ойы болған жоқ. Тек ананың көп білетіндігі басқалардан оқшаулап тұрған. Бір жағы қияқтай мұрт қойған сопақша түрін қазаққа ұқсатты. Басқалардан шынымен де өңі бөлек. Шанхай жақтың ашаң жүзді тумасы. Сол өңірден шыққандардың бәрі сұңғақ келеді. Бұл көбіне қиын сұрақтар сұрайды, ол тосылмай жауап

береді. Көргелі көзі ашылып қалды. Түпкі ойы Бейжіңге оқуға бару болып жүрген бойжеткен білімге, білуге құштар. Әке-шеше, аға-бауырдың ешқайсысы да күдік алған жоқ. Бұлақ басында отырған қоржынтамға екі күннің бірінде бұрыла кетуге ерінбейтін болды ол да.

Қыз бір күні құрғыр жүрегінің дір еткенін сезді. Жасыл түсті жеңіл көлік әлденеге асыққандай құйғып келеді екен. Бірақ, бұл жақта мұндай көліктер көп. Есіктеріне шекіп салған белгілері де бірдей. Ол кішкене күнінен ары-бері өткен көліктердің нөмірлерін жаттап алып, айтып жүретін. Өріптен бұрын санды танығаны да содан еді. Қыздарының зеректігіне әке-шеше мәз боп, қанаттандырып қайта-қайта айтқызатын. Сол әдет бойжеткен кезінде де қалмады, бекет бастығының назарын аударған да сол қылығы болды. «Менің көлігімнің нөмірін неғып жаттап жүр бұл қыз?» – деп ойлаған болуы керек.

Анадайдан бақылап келе жатқан бекет бастығы мұның әуелі мәшиненің нөміріне, содан соң барып өзіне таңдана қарағанын байқап, жымың етіп күлді.

– Сенің шекарашы болуың керек екен.

– Мынауыңыз басқа өңірдің нөмірі ғой.

– Нөмір ауысты, демек орын да ауысты. Мен сенімен қоштасуға келдім.

Екеуі бір-біріне сыр аңдысқандай қадала қарасып қалды.

Ертесі айтқандай-ақ жаңа бастық бой көрсетті. Бұл нешіншісі екен? Айнабұлақ, Күмісбұлақ, Ақбұлақ, Ұзынбұлақ деп кете беретін жер. Өр бастық ауысқан сайын бір бұлақ суалатындай қынжылады отағасы. Шекара күзетумен бірге

шаруашылықпен де айналысады бәрі. Өйтеуір саздың басын құрғатып, егістік жерге айналдырып әлек. Өздері жиі ауысады, кейбірі есінде, кейбірі есінде жоқ. Түннің бір уағына дейін отырғанда консулға соның бәрін айтты. Арасында: «Әй, Кәукар!.. Үй, Жанар!..» – деп әйелі мен қызының атын мың рет атаған шығар.

– Шыны керек, біз бұл елдің дамығанына ілесе алмай жатырмыз, – деп салды сөз соңында. – Бізді құмырсқадай жыбырлап, еңбекпен-ақ ысырып барады. Елге кеткеннен басқа амал қалмай тұр. Біздің ел де қатты дамып жатқан көрінеді ғой. Сыйсақ енді сол жаққа сыярмаз.

Екеуі далаға шыққанда сам жамырапты. Қыр жақтан құрғақ жел соғып тұрды. «Апыр-ай, ауа да кебеді екен ғой» деп ойлады отағасы. Бұрын желдің өзінен де дым бүріккендей бір салқындық білінетін. Бір күні бүкіл техникасымен қаптап тұтастай бір полк келе қалды. Сөйтіп әкімшілік аудан әскерилендірілген шаруашылыққа айналып шыға келді. Ең әуелі жерді құрғату жұмыстары қауырт басталған сонда. Қамыс орылып, ор қазылып, саз құрғатылып жатты. Содан бері міне, жиырма жылдай уақыт зулап өтіп те кетіпті.

«Бұл нешіншісі екен?» деп күбірледі ол. «А?» деп қалды консул. «Жәй, бірінен бірінің айырмасы жоқ бұлардың», – деп күрсінді отағасы. Түнде де құрғақ жел соққанына әлі таңырқап тұр. «Мүмкін өзім жеріп тұрған шығармын» деп ойлады артынан, жылқымінезділігіне салып. Консул қонақтан қайтқан ауыл арасының адамы құсап, көлігін жайлап қозғап жөніне кете барды. Құлағында: «Әй, Кәукар!.. Үй, Жанар!..» деген дауыс күңгір-күңгір жаңғырып бара жатты.

– Бізді жіберетін болды ма, неғылды?

Селк етіп, мойнын түйғынша жалт қайырып бұрды. Қараңғыда қауыз жарғандай ағарып қызы көрінді. Ұйықтап қалды деген қызы ұйықтамапты. Үй іші түгел ұйықтамағанын сезді. Көңілге ұйықтатпайтын алаң кірген. Не деп жауап берерін білген жоқ. Консул ештеңенің басын ұстатпай аттанды. Құжырайып келіп, құжырайып кетті. Түк те шешілмегенін сезген қызы: «Үйге жүріңіз, өке», – деді өзін кінәлі санағандай именшектеп.

Далада ойын жинақтап алғысы келсе де, қызының меселін қайтарғандай болмайын деп, ішке кірді. Бірақ көзі таңға бір жұмылмады, кірпігі төбеге тірелді де жатты. Енді міне, бұл үйдегі бар сырды білетіндей жымың-жымың етіп, жаңа бастық келіп отыр. Кенет, оның консулмен сөйлесіп келіп отырғанын аңдап қалып, намыстан екі беті жарылардай торсыып шыға келді. Ана кеткен бастықты қалай жек көрсе, мұны да солай жек көріп отыр.

– Мен сіздерге көмектесем, – деді анау тағы жымың етіп. – Бірақ сіз де өз арызыңызды жазып беріңіз. Осылай да осылай, бекеттің бұрынғы бастығы қызыма тиісіп қойды деп жазыңыз.

– Тиісіп қойған жоқ, – деді бұл жұлып алғандай қылып. – Тиіспек болып, сөз салды. Алдап алып қашып кетпек болды.

– Білем ғой, ол енді бүкіл полкке жария болды, – деп езуін жиып ала қойды жаңа бастық. – Бірақ, өзі жаман адам емес. Бір шын ниеті болған шығар.

– Онда неге жазамын?..

– Жазыңыз!..

Бастық кеткен соң әйелімен бірге екеуден екеу состиып отырып теледидар тамашалаған

секілденді. Алайда көңілдерінің басқа жақта екені бірі үдірейіп, бірі едірейіп, сыртқа құлақ түрген түрлерінен байқалған. «Ұл туып бермеді» демесең, әйелінде басқа кінә жоқ. Келін боп түскендегі томпиған қалпынан бір жазбады, обалы не керек.

– Қыздың абыройынан артық ештеңе жоқ, – деп дүңк етті ол не ақылдасқаны, не бұйырып айтқаны белгісіз нық дауыспен. – Бәрібір елге кетпесек болмайды.

Күнделікті жаңалықтарды беріп жатқан теледидардың ішіне түсіп кетердей тесілді бір кезде. «Балалар тағамына денсаулыққа зиянды қоспа қостырғаны үшін зауыт директоры өлім жазасына кесілді». Үкімді соншалықты салқынқанды кейіппен тыңдап тұрған жазық маңдайлы, сабырлы кісіге қатты таңырқады. Неге екені белгісіз, мына кісінің қылаудай да кінәсі жоқ сияқты болып көрініп кетті өзіне.

– Жазбаймын!.. – деген әлдекімге егескендей нығарлана сөйлеп.

Таң ағарып атқанша көз ілмей, соның бәрін көз алдынан тізбелетіп өткізіп шықты. «60-жылдары ағайын-туған екіге жарылып, солардың бір жартысымен бірге көшке ілесіп кеткен жалғыз бауырымды іздеймін» деген хабарландыруды, шыны керек, жарнамалық газетке соқыр үмітпен бере салған. Жыпырлаған қалың жарнаманың ішінен соны біреу тауып алып оқиды деген үш ұйықтаса түсіне кірмепті, бірақ. «Елге көшуге жол ашылды» деген жаңалықпен бірге бұл өлкеге «ананы өйтіп жіберемін», «мынаны бүйтіп жіберемін» деп, алаяқ делдалдар да ілесе келген еді. Солардың бірі елдегі туған-туыстарын іздеушілерден хат-хабар жинап жүр екен. Бір

қарасаң сауапты іс жасап жүрген секілді, енді бір қарасаң алатын ақысы әжептәуір көп. Бұған ол жұмыртқадан жүн қырқып, ауадан ақша жасап жүргендей көрінді. Алайда «бауырыңды тауып беремін» дегенде шегініп қала алмады.

Белгісіздікпен күндер өте берді. Бұл жақта бір ұстаса мал ұстап қалар деп, алдындағы малын ірілі-уағымен қоса түгел сатып жіберген. Бұлақтар суала бастағанда-ақ құйысқаны көтеріле бастаған. Бетіне қарап отырған жалғыз қыздарына бекет бастығы сөз салып, көнбеген соң алып қашып кетпек болғанда тығыны тарс атылды. Оқиға былай болды, жасы отыздың бесеуіне келген бекет бастығы, обалы не керек, әуелі мұның алдынан өтпекке әрекет қылды. Қызына сенетін басы бір жағы жыны келіп, бір жағы қырсығы ұстап қияңқылана күлген.

– Үкіметтерің қыздарын алсаңдар, өздері ешқайда кетпейді деді ме, не? – деп тілденді. – Әлде менің қызым тием десе, қазақтан бай таппай жүр ме екен?

Бекет бастығы ол да бір сығыр, кәдімгідей шамданып қалды. Оған бойшаң, аққұба қыз қатты ұнап жүрген. Өзінің дәрежесін ескеріп, келіседі, келіспей қайда барады деп ойлаған. Өзін де, қызметін де, елін де, жерін де тәрк еткендей қатты қорынды. Сыртқа шыққан соң шекараның арғы жағын көрсетемін деп алдап, қызды мәшинесіне мінгізіп алды. Жіңішке жолмен ызғып келіп, қос қапталды ұзын жолға тірелгенде мәшинесін біресе олай бұрып, біресе бұлай бұрып, бұлталақтай бастады.

– Қазақтарда қыз алып қашу әлі бар ма? – деді талайды көрген әккі неме.



– Алып қашты деген құр атақ, әйтпесе өзара келісімдері болады ғой, – деді ойында түк жоқ бойжеткен.

– Ендеше мен сені алып қашсам қайтеді?

Қыз соның өзінде де еш қауіп қылмай, алаңсыз сыңқ етіп күліп отыра берді. Сыңқ етіп күлгенде әдемі ақ күріштей тістері қолмен тізгендей біркелкі тізіліп көрінеді екен. Қызыл еріндері қауыздай жарылады, қара қастары қанаттай керіледі, омырауы көріктей көтеріліп басылады. Бекет бастығы: «Мынандай қыз үшін қандай тәуекелге де баруға болады ғой», – деп ойлады тағаты таусыла.

Осы сәтте мәшиненің тұмсығы қайқаң етіп, шекара жаққа емес, орталыққа қарай бұрылып-ақ кеткені. Сонда ғана шыны қайсы, қалжыңы қайсы екенін ажыратып, отырған орнында балықша шоршып түсті. Оның қатты шыңғырғанынан бекет бастығының өзі де сасып қалды. Мәшинесін шекара жаққа қарай езуін жырған арғымақтай қайқайта бұрып әкетті.

– Мені осы арадан тастап кетіңіз, үйге барам, – деді қыз қатқыл дауыспен.

– Жарар... Апарып тастайын, – деді бекет бастығы ыңғайсызданып.

– Жоқ, өзім барам.

Әңгіме сонымен тәмам болды, ол бекет бастығының көңілінде дық қалғанын қысық көзімен қылиып қарағанынан сезді.

Олжабай осы қызы туғанда қалада тұратын еді. Екіншісі де қыз болып шығып, оны нағашылары асырап алған. Бірақ заң қиындап, құжаттарын басқа біреудің атына жаздырта алған жоқ еді. Үшіншісі де қыз болатынын білгеннен кейін,

алдыртып тастауға мәжбүр болды. Негізі көп бала сүйгісі келген. Алайда, қалада тұратындарға екі баладан артық тууға рұхсат жоқ. Жергілікті халықтың өзі тіпті бір ғана баламен шектеледі. Соны ойлап, үш балаға дейін рұхсат берілетін ауылды жерге көшті. Бұл бір сұмдық заң еді. Ауылға көшіп келуін келгенмен, әйелі қайтып бала көтере алмай қалды. Ол да тағдырдың мазағы шығар. Жалғыз қыздың жайы мынау енді.

Үйіне соңғы уақытта өзі суқаны сүймейтін адамдар ғана келетіні де жанына батып жүр. Бұл үкіметпен араздасқалы амандық-саулықпен жүретін кісі аяғы тыйылған. Қайта жоқты сылтауратып, өтірік аңқаусып тамырын басып келушілер көбейді. Қай заманнан, не заманнан араласпай кеткен сумақай бір жігіт тіпті табалдырығын тоздырып бітті. Қонаққа «сен кел, сен келме» деп алалау қазақтың ғұрпында жоқ. «Құдайы қонақ» деген тілдік қорында бар, ал «сұмпайы қонақ» деген болған емес. Сондықтан да бұл келгеннің бәрін «Уағалейкумассалам» деп төріне шығарып, «жолың болсын» деп аттандырып салады. Ананың айнала беріп қайда кіретінін іші сезеді, сондықтан да аузына өте сақ.

Жылмиып, жымыңдап жаңа бастық не оның атшабарлары да келеді. Солардың бүкіл саясатының жалғыз бұған тіреліп қалғанына таң. Қаласа қалаға көшуіне де болады екен, жеңіл бір жұмыс та өзіне қарап тұр екен. Өкпелі адамды оңайлықпен уыстан шығармайтыны белгілі болып қалды бұл елдің.

Сөйтіп жүргенде жазып өкеткен құлақтандыруының әр сөзін алтынға балаған әлгі неменің де осы үйдің төл баласындай арсалаңдап

келе қалмасы бар ма. «Саған сеніп отырған мен жоқ» деп жақтырмаса да, қытайға көрсетпеген жат мінезді қандасына да көрсете алмады. «Құдай біледі, «айтқан адамыңды жер шарын түгел шарлап таппай келдім» дегелі отыр», – деп жауапқа да қасақана асықтырмады. Шикіл сары жігіт езуі сағызша созылып: «Таптым!» – дегенде талып қала жаздағаны содан болатын. Күліп қарсы алмаған қонағымен екі туып, бір қалғанындай жылап қоштасып, әңкі-тәңкі болды да қалды. «Қайтсем де кетем» деген ой бұрынғыдай ауада асылып қалған жоқ енді. Ұшқанда құйрығын басып қонатын жерін білетін құс секілді көңілі нық сеніммен биікке шарықтай жөнелді.

– Ол ағайындарың сендерге қамқоршы бола ала ма?

– Неге қамқоршы бола алмайды? Алдында бір қора ұсақ малы, екі үйір жылқысы бар.

– Туыстарың сондай бай болса, бұрын бұл жаққа неғып қаңғып келдің?

– Бұрын бай болған, содан кедей болды, қазір қайта бай болды.

– Қалай сонда?

– Ол жақта мұндағыдай отыз түрлі салық төлемейді қазір.

Айтуын айтса да, тілін тістеп қалды. Анау сығырайып, алдындағы аппақ қағазға күдікті бірдеңені түртіп қойды. «Отыз түрлі салық төлейтініміз рас қой енді», – деді қырсық мінезіне басып. Бұл ой «шекараның ар жағында екі-ақ түрлі салық төлеттіреді екен» деген әңгімені құлағы шалғалы бері көңгірлеп басында жүр. Әйтпесе өздеріне «темірбас мал» таратқан мына үкіметтен еш таршылық көрмегені рас енді.

Үкімет бөліп берген мал басын аман сақтасаң болды, «темірбас» деген сол. Ал жүні мен төлін өзің еркіңше пайдаланасың. Тек әлгі мал жеген шөптің салығы, ішкен судың салығы, былғаған жердің салығы дегендерді санап отырса, шынымен де түп-тура отызға жетіп жығылады екен. Жаныңды салып еңбектенбесең, өзің де жығыласың. Еңбектеніп байып кеткендер де бар. Ол үшін түнде ұйқы, күндіз күлкіні ұмытуың керек. Өздерінің жыбыр-жыбыр етіп тынбай жұмыс істей беретін халық емес екенін бұлар сонда түсінді. Кеткісі келіп көңілдері сазды. Елден келген құжаттарын тексертіп отырып соны ойлаған.

– Барғалы отырған жерлеріңде қыздарыңды оқытатын мектеп бар ма?

– Жабайы жатқан дала емес. Елдің іші, бірсәрісі болар.

– Жоқ, олай болмайды. Сол жердің әкімшілігінен «оқытамыз» деген анықтама әкелуіңіз керек. Ол қағазға мектеп мөр бассын.

– Е, баланың оқыған-оқымағанында енді сіздердің жұмыстарыңыз не?

– Біздің елде туғандықтан жұмысымыз бар.

Бұл тағы да тілін тістеді, анау тағы да күдікті бірдеңені сүйкектетіп қойды. «Қайнағадағы қызды елге көшетінімді сылтауратып, қайтарып алсам ба екен? – деп ойлады бұл. – Олардың қозғалар түрі көрінбейді ғой». Ағасын қимай сықсыңдап жүрген әйелі есіне түсті. «Елге барған соң, тоқал алсам ба екен?» – деген және бір ой келді басына. Өкшесінен ілескен ұл жоғын ойлап, іші қызды. «Ағам көмектесер ме екен?» деп, көмейі бүлкілдеді. Көз алдына мыңғырған малға толы көк жайлау елестеді.

«Әй, қойың қойыма қосылып кетеді, әрі айда», – деп, ақ таяғын шиыра лақтырып, бір қойшы далбандап жүгіріп келеді екен дейді. «Әй, жайлауды сиырға толтырып жіберген қай найсап, ары төменге апарып бағыңдар», – деп, құрығын найзаша үйіріп, бір жылқышы ат үстінде шіреп тұр екен дейді. Шынымен де жоғарыдан үйір-үйірімен дүркіреп, құшақ-құшақ жалдары жалаудай желкілдеп, жылқылар қаптап келеді екен дейді. Қалың нөпірдің арасынан ақбоз атты біреу бөліне шауып, онысы басына қызыл орамал тартқан бойжеткен қыз болып шығып, етекте сарқырап ағып жатқан өзенге қарай құйғыта жөнеледі екен дейді.

Қиялының осы жеріне келгенде абайсыз дауысы шығып кетіп, «астапыралла» деп қалды. Құжат толтырып отырған қытай оқыс шыққан дауысқа үрке бір қарап, қайтадан тұқшындап жұмысын істей берді жалғастырып. «Елге тоқал іздеп емес, бірге туған бауырымды іздеп бара жатқан жоқпын ба, о, тоба...», – деп күрсініп қойды бұл. Мұнда бір қыз, онда бір ұл ғана бар болып шықты бар-жоғы. Ана анда-санда елден адасып келіп қалатын газеттердің «тоқал-тоқал» деп шулатып жүргені не сонда?!

Ол: «Сірә, ағам ынжықтау кісі болар», – деп ойлады. Үйіне келген соң да қиялдап-қиялдап біраз жерге барып қалғанын сезді. Дүр етіп келіп тоқтаған мәшиненің дыбысын естіп, есін жиып алды. «Жаңа бастық шығар» деп ойлап еді, өткендегіден кейін құдыққа түсіп кеткендей жымжырт жоқ боп кеткен консул екен. Езуінде күлкі, қабағында мұң.

– Рұхсатыңызды алып келдім, – деді салған жерден.

– Неге сүйінші сұрамайсың? – деді бұл сеніңкіремей.

– Шіркін, қазақтың жанын кім түсінеді? – деді консул сәл жадырап.

– Қазақтың қай жанын түгендеп жүрсіңдер? – деді бұл көңілі қалып.

– Қазақ жылқы мінезді, судың тұнығын іздейді, – деді консул.

– Қуантуға келді ме десем, жұбатуға келген сияқтымысың, – деді бұл жыны ұстап.

– Жоқ, – деді консул, – жанымды салып жүріп болмасты болдырдым, алмасты алдырдым.

– А?! – деді бұл апалақтап. – Кәукар!.. Әй, Кәукар!.. Жанар!.. Үй, Жанар!..

Ықыласпен асылған қазан қандай десеңізші, су отынның өзі май құйғандай дүркіреп жанды. Сүрдің иісі танауыңа жеткенде, сыпайылығың жайына қалады. Консул қанша консул десең де көңілі бос екен, екі-үш шынаяқ арақтан соң көзі бұлаулап шыға келді.

– Айналайын, ағакем-ай, бармайтын жерге барғыздың, кірмейтін жерге кіргіздің, – деді танауын қорс-қорс тартып.

– Еңбегіңді жемеймін, айналайын, – деді бұл, «әлгіден бері неге ойламадым» дегендей қысыла қызараңдап.

– Жо-жоқ, сіздей қазақтың жолында жаным құрбан, – деді консул жалт қарап. – Сізден бірдеңе дәметсем, ит болғаным ғой.

Сөйтті де консул:

– Жүріңізші, сыртқа шығайықшы, – деді.

Сыртқа шыққан соң, шылымының түтінін тереңдете сорып:

– Мені дұрыс түсініңіз, – деді. – Сіздің

жұмысыңызбен жүріп, жылағым келді, – деді. – Жұмыс біткенде, жаным тазарды, – деді. – Сіз ғой, жалғыз тал қызыңыздың намысын ойлап, елге көшіп барасыз, – деді. – Ал, мен білетін қаншама көп қыз оқимын деп келіп, осыларға байға тиіп кетті...

Мына сөз оған қақ маңдайдан шоқпармен салып өткендей әсер етті десе, өтірік болар. Көзі бар, құлағы бар, оның бәрін өзі де естіп, көріп, біліп жүрген. Соның бәріне өзі кінәлідей, консулға тура қарай алмай, жұлдыздарға қараған боп, басын шалқайтқан. Жас тұнған жанары қаракөк аспанда бозара шұбалған құс жолына байланды да қалды. Құдды оның туып-өскен жеріндегі тартылып кеткен бұлақтар түгел аспанға көшіп алғандай. Айнабұлақ, Күмісбұлақ, Ақбұлақ, Ұзынбұлақ, бәрі қосылып бір өзен болыпты...

– «Қой, консул шөлдеген шығар, шәй ішсін», – деп ойлады ішінен.

– Кәукар!.. Әй, Кәукар!.. Жанар!.. Үй, Жанар!..

Консул кенет босағадан аттай берген отағасын шап беріп құшақтай алып:

– Әй, ағакем-ай, аман болшы, – деп, өз-өзінен еңкілдеп жылап жіберді.

# СОҚЫР

әңгіме

## 1.

Аптап ыстықта құм суырған қызыл желдің үйіре соғып тұрғанына қарамай, бүгін түс әлетінде көгілдір кесенеге қарай тағы да бір қауым ел шұбады. Жұрттың соңында иір таяғымен тұмсығының астын тықылдата түртпектеп, алтын жиекті қара көзілдірігін сұқ саусағымен дөңес мұрнының үстіне жоталата көтеріп қойып, жер орталаған бір соқыр кісі де тыпың қағып келе жатты. Оған не жоқ дейін десең, сұңғақ, сылыңғыр келген бұл кісінің үстіндегі киген киімі басқаларынікінен әлдеқайда жақсы, жосықсыз жүре беретін адамға да еш ұқсамайды өзі. Және оның сырттың көмегінсіз өз бетімен ештеңеге сүрінбей келе жатқаны көзі бұрыннан, бәлкім бала кезден көрмейтінін байқататындай епсең әрі алдағы іске көңілі алаң. Кесененің алдына иіріліп тұра қалғандардан бірден бөлініп шығып, қайыр-садақа сұрап отырғандардың қасына жобалап барып, тастақ жерге сыңғыр еткізіп күміс тиын тастады. Көзі сау, аяқ-қолы сау қара шал дәл иегінің астына дөңгелеп келіп құлаған жүз теңгелік олжаны алар-алмасын білмей, маңдайы терши абдырады.

— Кім боласыз? Жасыңыз қаншада? — деп сұрады соқыр кісі сол илікпеген қалпы.

— Ой-бұй, шырағым, әлгі Әбдірәсілдікіне келген інішекпісің? — деп қопаң етіп қарсы сұрақ



қойды қара шал. Ныспысын айтқысы келмесе де осы сөзімен жасы үлкендігін білдіріп, оның үстіне садақа жинап отырғаны кешірімді екенін де аңдатып, жер таяна қалды. – Ойбай, белім, қайтеді?!

Соқырдың садақа беріп тұрғаны таңсық көрініп, кесенені көлеңкелегендердің біразы осы жаққа қарай ошарылған. Жұрттың бар назары өзіне ауғанын жауырынымен сезінгендей сәл тосылыңқырап барып, қайта сөйлеп кетті соқыр кісі.

– Мына түріктер кесененің ішінде трактормен жүр дейді, бұл не сұмдық , а?! Кесенедегі бар сүйекті түріп тастап, астындағы қамысын алып, орнына бетон құйып жатқаны қалай?! Ай дейтін ажа, қой дейтін қожа бар ма, әлде бәрің суқараңғы соқырмысыңдар?!

Аналар естісін деп, әдейі дауысын көтеріп айтқанмен, ешқайсысы құлақ аса қоймады. Тексерушілер артынан ерген жұртпен бірге алып кесенеге шұбырып кіріп кетті.

– Арыз жазып жүрген сенбісің?! – деп шақырайды кенет әлгі қара шал. – Бұл түріктер қайрат шығарып, қаражат шығарып, қазақтың істемегенін істеп жатыр. Ал, сендер, әлгі Әбдірәсілің қосылып, маза бермейсіңдер арыз соңынан арыз қуалап. Осымен, санап отырмын, он төртінші тексеру келіп тұр, атаңның гөрі!

Қара шал сабырсыз екен, мұнда жайдан жай отырмағанын білдіріп алды. Соқыр кісі, бір қызығы, өзі еріп келген елмен бірге кесененің ішіне кірген жоқ. Бірақ, пәле шығаруға әзір екенін аңғартып, кесене түбіндегі көне қойманың түбіне барып қаздиып отырып алды. Сол сол-ақ екен, әлгі

қара шалдың мазасы қашып, жамбасына шиқан шыққандай тоңқандап, жайсыздана бастады. Оның үстіне, соқыр кісі де жай отырмай, мойнын созып, құлағын тігіп, әлденені аңди қалған түр байқатты. Қара шал шыдамай, жортақтап қасына жетіп келіп еді:

– Тыңдашы, сықырлап сүйектер қозғалып жатыр, – деп тіпті зәр-иманын ұшырды.

– Қой, қайдағыны шатпа, – деп құлақ түбінде әбжыланша ысылдады қара шал.

– Жо-жоқ, әлгі түріп тастаған сүйектер жақын бір жерде ме деймін. Сықырлап орындарын ауыстырып жатыр ма, анаң қара. Біреуінің басы, біреуінің аяғы, біреуінің қолы, бәрі ауысып кеткен бе, немене? Әрқайсысы өз орнына барғысы келеді, өне! О, тоба, сұмдықтың сұмдығы енді болайын деп түр!

– Қой-әй, қой!..

Қара шал соқыр кісіні жеңінен тартып, сүйреп әкетпекке әрекеттенді. Алайда соқыр кісі арты жерге жабысып қалғандай мызғымады. Анау жыларман болып, кесенеге қарай жортақтай жөнеліп, орта жолдан қайта оралды.

– Мыналар кеткен соң сөйлесейік, – деді дауысы шіңкілдей жалбарынып.

Жаны қысылған қара шал соқыр кісінің көмейіне қолын салып жіберіп, аузындағы сөзін жұлып алардай халде еді. Себебі, әлгі құмырысқалар, тексерушісі бар, басқасы бар, бәрі шұбырып илеуден шығып келе жатқан болатын. Бағанағындай айқайлап жіберіп, бірдеңені бүлдіре ме деп жаны шықты. Тап осы сәтте шынында да қу сүйектердің саудыр еткеніндей бір дыбысты оның да құлағы шалды.

– Астафиралла! Бірдеңе құлап кетті ме?! – деп тұра қашты қара шал.

Соқыр кісі оның қожанасырлығын көзімен көрмесе де, аяқтыпырынан болжап біліп, миығынан мырс-мырс күлді. Қойманың ішінен қу сүйектердің салдырлап қозғалғанын осымен екінші мәрте естіп, өзінің де арқасы мұздап отырған. Қойманың қыш қабырғасын ұзын, салалы саусақтары дірілдей сипап-сипап қойды. Ешкім байқап қоймады ма дегендей, қолын тез тартып алды, бірақ. Тексерушілердің алдынан тізіліп өткенін білсе де, қара шалдың тілегені болып, оларға да түрін берген жоқ. Тек іштей тепсінген ашу жаңағы қара шал бастықсымақ біреуді қасына ертіп әкелгенде ғана тоған бұзған тасқындай ағытылды ды кетті.

– Бар қазақтың ата-бабасын тыныш жатқан жерінен қозғап, сүйектерін қорлап, бұл неғылғандарың сендердің?! Бүкіл игі жақсың жерленген айналдырған бір кесене ғой бұл! Үстін жөндеп, сыртын бүтіндесеңдер де болмады ма, астында нелерің бар?! Қабат-қабат нар қамыс төселген жер зәк тартады деп, қай антұрған сендерді адастырып жүрген!? Соншама ғасыр құрғақ жерде жатқан сүйектерді енді топырақтан сор сораптаған цементке жерлемекпісіңдер?!... .

Бекер адам таз бола ма, бастықсымақ оған түк те сасқан жоқ. Үстілерінен қарша бораған арыз -шағымға жауап жаза-жаза әбден ет өліп кеткен бе, соқырдың зарын шыбынның ызыңы құрлы көрмеді. Қара шал болса, дабыр-дұбырға жиналған еріккен елді тыңдағанын жекіп ұрсып, тыңдамағанын кесек атып қуалап әлек.

– Цементке емес, табытқа салып, әрқайсысын өз орнына жерлейміз, – деп ыздыйды жаттанды жауабы дайын бастықсымақ.

– Қалай өз орнына жерлейсіңдер, бәрі бір жерде үйіліп жатса?! – деп қадалды соқыр кісі.

– Үйіліп жатқан ештеңесі жоқ. Сүйектер түгел нөмірленіп, жеке-жеке сақтаулы тұр.

– Жоқ, ауысып, араласып кеткен бәрі.

– Араласқан ештеңесі жоқ деймін, кіріп көріңіз өзіңіз.

Соқыр кісі үндемей қалды да қара шал бастықсымаққа саусағын шошайтып, оның көзін нұсқады. Бастықсымақ «білем дегендей мардымсып, қасқа тістерін көрсете ыржиып күлді. Ұясына шүңірейе кірген өткір көздері шоқтай жайнап тұр өзінің. Жел қағып, күнге тотыққан қоңырқай, дөңгелек жүзі жіпсіп, майы шыға жылтырайды.

– Жүріңіз, кіріп көріңіз, – деді сүмданып. – Әр сүйекке жеке-жеке нөмір жазылған.

– Сол нөмірленген сүйектерің орнында емес, – деді соқыр кісі сенімді, нық дауыспен. – Өздерінен өздері қозғалып, орын ауыстырып жатыр.

– Қалай сонда? – деп кекесін танытты бастықсымақ. – Қол басын іздеп, бас аяғын іздеп... .

Бастықсымақ «кімге сөзімді қор қылып тұрмын» дегендей, тез суынып, теріс айналды. Үсті-басы күнсіген қара шал жортақтап алдына түсті. Жолға сап қоймақ болып бара жатып, артына қайырыла беріп, сөз арасы қып елеусіз ғана бірдеңе айтып қалды. Екеуі соған бірі қарқылдап, бірі шіңкілдеп, қосарлана күлісіп алды да, екі айырылып, өз жөндеріне кетті.

## 2.

Бастықсымақтың аты Есенқара болатын. Үлкендерге «шырақшымын» деп мәймөңкелеп,

басқаларға «кесене директорымын» деп кісімси қалатыны бар. Бірақ, заты жақсы адам, ардың-гүрдің демесең, ешкімге зияны жоқ. Кесененің іші-сыртында жерленген сүйектерді алуға әуелі қатты қарсылық білдіріп жүрді де, түс көргендей ол пікірінен бір түнде айнып шықты. Не себепті өйткенін, өзге түгілі келіншегіне де айтқан жоқ. Сондықтан да бұл жерде ақша-пақша деген әңгіме жүрмесе керек.

Сол Есенқара әлгі соқыр кісімен кездескен күннің ертеңіне көгілдір кесенеге әдетінше елден бұрын келіп, төңірегін айналып қарап жүрген. Кесененің ішін жөндеп жатқан түріктердің әлі ұйқыдан тұрмаған кезі, күннің шекесі жаңа-жаңа қызара қылтиып келе жатқан. Кент жақтан қара шал төбе көрсетіп, оның жортақтаған жүрісіне бір тұтам шаң ілесіп, жымыып соған да қарай қалып еді бір сәт. Саудыр еткен дыбыс жанын мұрнының ұшына келтіріп, тұрған жерінде бейіт басып кеткендей ыршып түсті.

– Әбеке, тезірек жүр, – деп айқайлады қорқынышын зорға басып.

Әбекесі – осындағы қайыр-садақа жинаушыларға бас-көз болып жүрген жаңағы қара шал. Оның бір жақсысы, күтпеген біреулер келе қалса, үйіне бала жүгіртіп, хабар жеткізіп тұрады. Дау-жанжал шығарған біреулер болса, ішіне сынадай қағылып кіріп, шәңкілдеп сөз басын біріктіртпей қояды.

– Кешегі соқырдікі не сандырақ?! – деді бірден сыр ашпай тікірейіп.

– Е, ол Әбдірәсілдің айтақтап жүрген адамы ғой, – деп жалтарды іші бірдеңені сезе қойған әккі шал қылып етіп.

– Кімнің айтағы екенінде шаруам не, не айтқанын сұрап тұрмын, – деп шыдамсыздана бастады Есенқара.

– Білмеймін ғой. Сүйектер араласып кеткен деді ме, бірдеңе деді... .

– Сүйектер өздерінен өздері қозғалып жатыр деп сандалмады ма?!

– Сөйтті... Сөйтті...

Одан арыға төзімі жетпей, Есенқара қара шалды жағасынан шап беріп ұстап, өзіне қарай жұлқа тартып алды. Қаңғалақ қаққан қаңбақ шал табаны жерден көтеріліп барып, аюдай неменің омырауына сақал-мақалымен желімдей шапталды. Есенқара оны жерге қада қаққандай дік еткізіп, қайта орнына қойды да:

– Ендеше жаңа мен де қоймадан саудырлаған бір дыбыс естідім, – деді бұл сөзін елге жайса не болатынын айтқызбай ұқтырып.

– Ойбай, Есентай, сондай бірдеңені кеше менің де құлағым шалды. Қағыс естідім бе деп қоя салып едім. Қап, уағында айтпағам екен, ө, – деп қара шал сыр шашпақ былай тұрсын, өзі де осы әңгіменің ішінде екенін сездіріп, қалбаң қақты.

– Бәрібір өзіміз ашып көрмесек болмайды.

Есенқара қоймаға қарай қозғала беріп, қара шалдың алдына түсуін күтіп кідіре қалды. Қасында асқар таудай Есентайы барда былайғы кезде ештеңеден қаймықпайтын қара шал, бұл жолы да тартынып қала алмады. Бірақ, жортақтап ала жөнелмей, анау жүрсе жүріп, тұрса тұрып, артына жалтақтай берді. Екеуі бас бағып келіп, қойманың аузына тұмсық тірегенде, тың тыңдаған құлақтары ұзара қалқыып кетті. Жым-жырт өлі тыныштық мұнда өздерінен басқа аңдысқан тағы

біреудің барын сездіргендей, енді болмаса ол дию «ап» деп бас салатындай, аяқ-қолдары қалтырай бастады.

– Біссімиллә, – деп күбір етті қара шал.

– Не дейсіз? – деп селк етті Есенқара.

Өз дауыстары өздеріне дем бергендей, естерін жиып, бір-біріне әңірейе қарады енді. Кесене түбіндегі түрік құрлысшылары жатқан вагоннан да қыбырлаған қозғалыс байқалып, ессіз үрейді тіршілік демі түре қуды. Соның өзінде де құлыпқа қол созуға жүрегі дауаламай, кілттерін шылдырлатып қара шалға ұсынды Есенқара. Қара шал ұзын кілтті көздей тесікке сық еткізіп сұғып, құлыпты сырт-сырт еткізіп, екі бұрап ашты. Тұтқаны жайлап тартып көріп, сезікті ештеңе білінбеген соң, батылданайын деді. Іште бір пәле болса үркіп кетсін дегендей, қалың ағаштан істелген зілмауыр есікті сықырлата жұлқып-жұлқып қойды. Саңлаудан сыналап түскен жарық бірінің үстіне бірін қатарлап қойған тақтай сөрелердегі ағараңдаған бас сүйектер мен қу қаңқаларға найзадай қадалды. Көздері ішке бақшия тігілген екеуіне қалыптан тыс ештеңе байқала қоймағандай еді әуелі, өз қолдарымен кіргізген сүйектердің бәрі өз орнындарында жатқан сияқты көрінген. Кенет, қу сүйектер сөрелерден саудыр-саудыр етіп өре тұрғандай елестеп, екеуі есік көзінде апыр-топыр болды да қалды. Сүйектердің арасынан баж етіп атып шыққан қара мысық тіке беттеріне шапшып, иықтарынан аса есікке секіріп кетті. Асып-сасқан Есенқара:

– Есік-терезенің бәрі жабық еді ғой, – деді қызараңдап. – Меннен басқа ешкімде кілт жоқ. Бұл мысық қоймаға қайдан кіріп кеткен?

– Мысық па, немене, астапыралла?! – деп қара шал түсі қаша ілмиді.

– Мысық, мысық... Бірақ, ол мұнда қалай кіріп кеткен, а?

– Әй, осы мысық емес. Мүйізі бар сияқты көрінді маған.

– Көзіңізді шел басқан ба?...

Есенқара қара шалды ұрсып тастағысы келіп, арбайған денесімен еңсеріле бұрылған қалпы тастай қатты. Қара шалдың сол жақ бетін осып өткен тырнақ іздерінен шыпшып қан білініп тұр екен. Тырнақ тереңірек батқан жерлерінен шыққан қан түйіртпектеліп ұйып, моншақтай тізбектеліп те үлгеріпті. Не көргенін өлі ажыратып болмай есі кеткен қара шал бетіне қалай жарақат түскенін байқамаған да сияқты.

– Мысық ол! ... Жабайы мысық!.. – деп нық сеніммен айтты Есенқара.

### 3.

Соқыр адамның құлағы қатты естиді деседі. Сол сөз рас-ау, бұл да айнала тіршіліктің қыбыр-жыбырын дыбыстан айырып үйренген. Кесенеге жақындады бітті, құлағында шуыл күшейіп, жаңғырған әртүрлі дыбыстардан жарғағы жарылып кете жаздайды. Біресе жердің астынан, біресе жердің үстінен, кейде құмбыл, кейде ашық дауыстар жамырап кеп бергенде, бас-аяғын ажырата алмай қиналады. Зарлы әуенбе, сырлы саз ба, шынында да ажыратып болғысыз. Мың түрлі үн құлақ түбінен зыңғып өткенде ес-тұстан айрылып, мәңгіп қалады бір уақ. Күркіреген шетсіз, шексіз дарияға сүңгіп кеткендей аласапыран күй кешеді бір кез. Өлгі дауыстар мұны жұлқылап, жұлмалап, тәнін миллиардтаған бөлшекке бөліп, талап әкетіп



жатқандай елестейді. Сөйтеді де бүткіл жер өлемді тітіреткен мың түрлі алапат үн тасқындап келіп, көгілдір күмбездің астына сіңіп жоғалады. Сөйткенше болмай, барлық у-шу сап басылып, оның орнына кесенені төңіректеп жүргендердің жәй ғана күңкілдеп айтқан сөздері ап-анық естіле бастайды.

– Армстронг деген бір ғарышкер Каирға барып, сонда азан шақырған молданың дауысын естіп, талып қала жаздапты.

– Молдекең минареттің басынан қатты айқайлап жіберген ғой.

– Күлесің-ау. Шын айтам мен. Армстронг айға қонғанда тап осы дауысты естідім депті.

– Қойшы, рас па?

– Рас, рас. Өз көзіммен оқыдым. Сендім содан соң.

– Қызық екен.

– Бір уақыт белдеуіндегілер бір мезгілде азан шақырғанда, сол дауыстар бәрі қосылып, ғарышқа жаңғырып жетуі әбден мүмкін ғой.

– Өзің ойлап таптың ба, не?

– Күлме деймін, аузың қисайып кетеді.

– Кет ары, жынды, көкала неме.

– Бірақ, Армстронгқа ешкім сенген жоқ. Кейін жынданып кетіпті ол.

– Әй, бері тұр, ар жағыңда соқыр кісі келе жатыр.

Екі жасөспірім бала жолдан шығып кетті де, бұл қайда жүрерін білмей дағдарып тұрып қалды. Айнала төңіректегі дыбыстар тағы да құлағын шулатып ала жөнеліп, қоймада әлдене саудыр етіп төгіліп түскендей болды. Кесене жақтан: «Алла разы болсын», «Қабыл болсын:», «Құдай

жолыңды оңғарсын», – деген дауыстар жарыса шығып жатты. Қара көзілдірігін бір түзеп қойып, таяғын тықылдатып, тыпыңдап солай қарай жүрді. Қайыр- садақа тілеп отырғандар бес-алтау екен, солардың ішіндегі бала емізген бұйығы келіншектің тұсына жете беріп тоқтады. Емшек емген баланың аузы көпіршіп, сүйсіне қыңқ еткен дауысы жүрегін елжіретіп жіберді.

Соқыр кісі жанқалтасына салған қолы бұлтың-бұлтың етіп, саусақ ұшымен тиын санап тұрғандай көрінген басында. Сүтке тойған бала тағы бір қыңқ етіп дыбыс бергенде жаны кіріп, күлмең қақты. Уысындағы күміс тиындарды сыңғырлатып, келіншектің қасында отырғандарға қарай лақтыра тастаған. Аналар алдарында жылтырап-жылтырап жатқан күміс тиындарды таласатармаса теріп алды. Садақаға қолы жетпей қалған келіншектің аузынан: «Соқыр неме...» – деген сөз шығып кетті абайсызда. Осы сәтте жүз долларлық көгала қағаз жерге жайылған етегіне қалықтай келіп қонды. Ақшаны көріп, көзі жанып кеткен келіншек «Алла разы болсын» айтып, көгала қағазды етегінің шетіне жылдам орап ала қойды.

– Ал... Ала ғой, ай-на-лай-ын!...

Жылдам жақындап келе жатқан аяқ тыпырынан қара шалдың жүрісін айнытпай таныды. Отырғандардың одан қорқатынын ырсылдап-пырсылдап, қозғалақтасып қалғандарынан байқады. Кеудесі сырылдап, алқына тыныстаған қара шалдың екпіні қатты көрінді оған.

– Ертеңнен бастап мұнда келмейсіңдер, – деп келе айқайға басты қара шал. – Кесенеге күнде тексеру келіп жатыр.

– Ол тексерушілерің садақаларын кімге бермек сонда?! – деп қадала кетті бір кемпір.

– Онда сендердің жұмыстарың болмасын! – деп тойтарып тастады оны қара шал.

– Бұлардың басқа баратын жері бар ма?  
– Соқыр кісі тыныш қарап тұра алмай сөзге араласты. – Мүмкін кесенеден алысырақ барып отырар.

– Қайда барады, не істейді, онда менің шаруам жоқ..

– Обал болып жүрмесін.

– Өйтіп буынсыз жерге пышақ ұрма, шырағым.

– Түсінісіп, сыйласып дегендей, амалдауға болмай тұр ма?

– Оған заң көтере ме? Салық төлемейтін жұмысқа ұлықсат жоқ, ал қайтесің?!

– Апырай, тым қатты кеттіңіз-ау.

– Әй, шырағым, сен өз жөніңді біл алдымен.

– Е, мен не бүлдіріп қойыпшын?

– Қоймаға мысық әкеліп жүрген сен бе?

– Мысық емес ол!

– Енді немене?

– Мысық емес. Шайтан ол!

– Астафиралла! Құдайдан қорықпайды екенсің, шырағым!

– Шайтан болмаса, есік-тесігі жабық қоймаға қалай кіреді ол?!

Қара шал сасқалақтап, тұтығып сөйлей алмай қалды. Жаңағыдай емес, монтансып дымы шықпай тұр. «Аш пәледен қаш пәленің» керіне салып, үндемей құтылғысы келетін сыңайлы.

– Ол шайтан қоймаларыңа тағы кіріп алған сияқты ғой.

– Не дейді ?!.

Қара шалдың көзі ұясынан шығып кете жаздап, кесенеге қарай алды-артына қарамай тұра шапты. Жаңа ғана тапсырма алып келген жеріне қорқынышты жаңалықты тезірек жеткізуге асығып, табаны жерге тимей ұшып барады.

– Құдай, шақырған да өздері, қуып жатқан да өздері, – деп жаңағы кемпір күрсініп салды.

Есенқара мен қара шал кесенеден шыққанда соқыр кісі қойманың түбінде тап өткен жолғыдай қақшиып отыр еді. Ол миығынан күліп, езуін қайта жиып үлгергенше дедек қағып жетіп келді ана екеуі. Ұзын кілт құлпының тесігіне сық етіп кіріп, сырт-сырт бұралып, сылдырлап қайта суырылды. Ізінше зілмауыр есік сықырлай ашылып, дем сәтке жым-жырт өлі тыныштық орнай қалды. Кенет, баж-бұж еткен ащы дауыс естіліп, қолдары мен беттерін бүркемелей бұққан екеудің үстінен әлдене көз ілеспес жылдамдықпен секіріп өтті. Басын көтергенде көзі алғаш Есенқараға түскен қара шал тілін жұтып қойғандай быдықтап, тарамыс қолдарын құр босқа сермелей берді. Не болғанын айтқызбай ұққан Есенқара жалпақ алақанымен бетін шошына сүртіп, шыпшып шыққан қып-қызыл қанды уыстай сауып түсті.

#### 4.

Қара мысық туралы әңгіме кенттегі әр үйге сүт сұрай кіріп, хал сұрай жүріп, мал қарай барып, тағы сол сияқты қырық сылтаумен бес минөтке бас сұғып шыққандарға ілесе тарады. Түкпірдегі қараңғы ауыл емес, қанша айтқанмен кент деген аты бар, мүйізді мысық көрдік дегенге қайран қалғандар болғанмен, сенбей мазақ қылғандар да табылды. Бәрінен қиыны, беттеріне жарақат

түскен Есенқара мен қара шал ел көзіне көрінуден қалып, кесененің қоңырсалқын бір бөлмесінде құлақтарын тарс бітеп отырып алатын болды. Құлақтарын тарс бітеп алатын себебі, жөндеу жұмыстарымен айналысып жатқан түріктердің гүрілдеп, дүрілдеп, тарылдап кесенені басына көтеретін техникасы күн ұзаққа бір тыныштық бермейді. Кейде тіпті алып кесененің қабырғалары тітіреп, табан астында кәдімгідей діріл пайда болып, жер қақ айрылып түсетіндей құтыңды қашырады.

– Мыналар не істеп кетті, Құдай? – деп жүгіріп кетеді қара шал.

– Бетон құятын тесік теспекші, – деп қайта жүгіріп келеді.

– Астафиралла!... – деп көзі атыздай болып, алқына кірді бір кезде. – Өлгі мысықты мыналар ұстап жүр ғой.

Есенқара оны кеудесінен итеріп жіберіп, кесене ортасындағы алаңқайға атылып шықты. Қараса, құрлысшылар бір бұрышқа үймелеп алып, тоңқаң-тоңқаң етіп, ұзын таяқпен әлденені шұқылап жатыр. Ашудан екі беті нарттай қызарып, үлкен адымымен қастарына аттап-пұттап жетіп барды.

– Не бұ?! – деді қапелімде аузына сөз түспей аптығып.

– Мұнда бір құбырдың аузы шығып тұр.

Қас-қабағын тозаң тұтқан жирен түрік шаруабасты көрінді. Қарауындағылардың да көп сөзі жоқ, қазір де алқылдап келген бұған онша назар аудармады. Қабырға түбіндегі бір тесікке таяқ жүгіртіп, әлденені не ары кетіре алмай, не бері шығара алмай әлек. Есенқараның іші қылп етіп:

– Бұл қайдан пайда болған тесік сонда? – деді тызақтап.

– Білмейміз, – деді жирен түрік кінәлі адамдай назарын төмен салып.

– Бұрын бар ма еді?

– Жоқ, еденді көтергенде көрдік.

– Қашан?

– Екі аптадай болды.

– Маған неге айтпайсыңдар?

– Не құбыр екенін біліп алмасақ... Мөртас төсеуге кедергі болып... .

– Оны қалай білесіңдер?...Біле алмайсыңдар!...

– Мысық жіберіп көрдік, кейде барған ізімен қайтса, кейде сырттан бір жерден шығып, айналып келеді.

– Қара мысық па?...

Тесікке үңіліп тұрған қаба сақал түрік қолындағы таяғын тастай салып, басын таңырқай көтеріп алды. Баж еткен қара мысық тесіктен суырыла шығып, кесененің қараңғы түпкіріне қарай беже қашты. Қара шал ызасы өткен мысықты жас бала құсап, қолына кесек алып, тұра қуды. Есенқара болса, шүңірек көздері нұрлана күлімсіреп, тістері ағараңдай ыржиып:

– Таптым! – деп қалды кесенені жаңғырта.. – Таптым ақыры!...

Есенқара кесененің сыртына ентіге жүгіріп шыға келгенде, қойманың түбінде қаздиып соқыр кісі отырған болатын. Бұл далбақтап алдынан өткенде де, құлпысын шықырлатып, есікті жұлқа ашып жатқанда да, селк еткен жоқ. Ішке ентіге ентелеп кіруін кірді де тұмсығын тасқа соғып алғандай қалт тоқтады. Сөрелердің үстіндегі ақ сөңке сүйектер қалай қараса да андыздап жарыққа

ұмтылғандай, бірі үңірейіп, бірі ағараңдап анталай қалды. Ол тосылып тұрып-тұрып, бойын билеген жайсыз әсерден тезірек арылғысы келгендей, оң жағына жалт бұрылып шөкелей кетті. Іргетастың астын сипалап жүріп, аузы дөңгелек кішкене тесікті тауып алды да, қолын шынтағына дейін сұғып көрді.

Жан-жағы қышпен өрілген тесіктен уілдеп өкпек ұрады. Ауа айналатын тесік пе, әлде су жүретін құбыр ма, белгісіз. Қанша іздесе де екінші басы қайдан шығатынын таба алмай, талай әуреге түскен. Бұрынғы шырақшы жасамыс кісі еді: «Осы тесіктің не сыры барын білсең, бәрімізден озғаның, балам» – деген көзін сығырайта, сынай қарап. Кесенеге жас адамның шырақшы болып келгенін үлкендер жағы онша ұната қоймаған өрі басқару құрылымының жаңаша түзілгеніне разылықтарын бермей кеткен. Ана соңында жортаңдап жүрген қара шал солардың жұрнағы, әйтпесе бұлар тұратын кентте басқа ақсақал дейтін ақсақал да жоқ қазір.

– Таптым!....

Екі тізесі мен оң қолының жеңі топырақ-топырақ болып, келесі сәтте ол қойманың алдында ерні кезере күбірлеп тұрды. Сыр бөлісейін деп, соқыр кісіні іздеп еді, жаңағы орнынан таба алған жоқ. Соқыр кісі содан қайтып төбе көрсетпеді, қайдан келді, қайда кетті, ешкім білмейді. Ең қызығы оны ана арызқой Әбдірәсіл де танымайтын болып шықты.

# ӨЛМЕЙТІН ҚҰС

әңгіме

Есік алдындағы ақ тақырға сабағынан үзіліп түскен алмадай домаланған бір сарыала құс топ етіп қона қалды. Бұлтиған жемсауының жерге топ етіп тигенін Үрмет анық көрді. Әуелгіде тоя жеген жүгері дәніне кептеліп, тырсиған жемсауын көтере алмай құлап түсті ме екен деп ойлап қалған. Балғын бармағы майыса жүгері уатып отырған немересіне еріксіз назары ауып кетіп еді. Кенет басы қалтаң етіп, әлгі сарыала құсқа әуестікпен қайыра жалт қарады.

Бұрын көрмеген, білмеген бөтен құс көкшіл көздері түздай болып, кәдімгі қиқар Қожағұл құсап шақшиып отыр. Монтақан құс-көз емес, ызбар шашып шақырайған кәдімгі астамшыл адамның көзіндей жайсыз елес берді. «Кіш-кіш» деп, қолындағы иір таяғымен қыртысы ақжемденген ескі құрым етігінің қонышын сарт-сарт ұрды. Сарыала құс оған үрке қойған жоқ, уатып отырған жүгерісін тастай салып, ұшып тұрған қара балаға қылт етіп бір қарады. Содан кейін ғана алға шыға бұлтиған жемсауын қонған кезіндегідей жерге бір соғып, тоңқаң етіп, орнынан тік көтеріліп кетті.

– Ата, бұл қандай құс? – деп қатты таңырқаған немересі, томпиған тоғыз жасар Сардар атасына оқыс жалт бұрылды.

Сексеуілдің топырақ бетіне шығып қалған тамырларындай сала-сала болып тарбайған сіңірлі



саусақтарының басы өрең бірігіп, күн сала жоғары қарай берген ол қолын сылқ еткізіп тізесіне тастай салды.

– Қап!.. Қап-әй, ә?!. Сен енді жылайтын болдың ғой, – деді қинала күлімсіреп. – Өрең алдап жүгері уатқызып отыр едім, қап! – деді содан соң қуқыл жүзін төмен сала күбір етіп.

– Не?!. Білмейсің бе?!. – деп тіпті айран асыр қалды немересі көзі бақырайып.

– Білмеймін десем жылайсың, білемін десем өтірік айтқан боламын. Саған қайсысы жақсы өзі? – деді шал жауап тауып кеткеніне қуанғандай көзін сығырайта, әрі немересін сынағандай түр байқатып.

– Өне! – деп шар ете қалды Сардар осы кезде, әлдебір жаманшылықты түйсігімен сезінгендей.

Жаңағындай сарыала құстың тағы бірі топ етіп тақ алдарына құлап түсті. Тез аунап тұрып, кәдімгі бұрау салған темір ойыншықтай зыр қағып, арлы-берлі жортақтай жөнелді. Түп-тура осы ауланың қожайыны өзі құсап, бұл жерді үйреншікті мекені сияқты көріп, тіпті еркін кезбелеп жүр.

– Апыр-ай, мынау бір қызық құс қой, – деп шал шынымен аң-таң болды. – Құлап түскенде еш жері сынбаған бұл, темір құс па, немене?!

– Ананы қара!.. Ата!.. Өне!.. – деген Сардардың дауысы бағанағыдан да үрейлі қатты шықты.

Сарыала құстар топылдап, бірінен соң бірі қаптап қона бастады. Немересінің қорқып тұрғанын көріп, шал қолындағы иір таяғын құлаштай сілтеп кеп жіберді. Құстар шалды мазақтағандай, торсиган жемсауларын жерге бір иіскетіп, орындарынан тоңқаң ете қалып, дүр көтерілді. Таяқ бес-алтауына қатар тиген сияқты еді, біреуі ғана қанатымен жер сызып, қалбаңдап

ұша алмай қалды. Сардар оны ұстап алғысы келіп, тұра жүгірді. Бас салып, ұстай беріп, баж етіп қолын тез тартып алды. Жандауысы шыға шырқырап кері қашты.

Сұқ саусағын оңдырмай шоқып алыпты, қара қошқыл қан дірдектеп ағып тұр. Үйден қалбаңдап етегіне сүріне-қабына шыққан қалақтай қара кемпір Сардарға, орнынан қалталақтап әрең көтерілген шал қанатын сүйреткен жаралы құсқа ұмтылды.

– Таста құрғыр!.. Құртты мынаны!.. – деп бажылдаған кемпіріне де, бақырып жылаған немересіне де қараған жоқ.

Сарыала құс аузын кең ашып, қызыл көмейіне дейін анық көрініп, шаңқылдап айбат шекті. Қанатын сүйретіп, айнала қашып, қорықтың түбіндегі қыстық отынның астына кіріп кетті.

– Бала болып кеттің бе, немене? – деді есін жиған кемпірі енді нықтана сөйлеп.

Сардар да жылағанын қойып, тек өксіп қана тұр еді. Ақ шүберекпен таңылған өз саусағына өзі тіксіне қарайды. Құдай біледі, қорқып тұр.

– Сұмдық болды мынау, – деді Үрмет сабырсызданып. – Адам жейді ғой мынау құс.

– Е, құс көрмеп пе едің? Неғылған құс өзі?

Немересін басынан сипап жұбатып отырған кемпірі жайбарақат. Үрмет те кемпірі сияқты жұқа болатын, шоқша сақалы желмен желбіреп, қалқиыпқастарына келіп тұрды. Өлгі құс бұлардың бар-жоғын білгісі келгендей, отын астынан өзгеше бір үнмен шақ-шақ етіп дыбыс берді.

Сардар сол жаққа тас атып ойнап, Бағиза сары самауырға жаңқа салып үрлеп, Үрмет таяғының астына шүңірейе қарап ой ойлап, әркім өзімен өзі болып кеткен. Бір кезде үй сыртынан ақ

қаншықтың назалана шаңқылдап үргені естілді. Иттің үргені таң емес, алғаш үшеуі де назар аударған жоқ, көшеден біреу өтіп бара жатыр ма деп қана мойын созысқан болды. Бірақ, ақ қаншықтың назаланып үргені үдей түсті де, шал мен кемпір аңырайып бір-біріне қарады.

– Қарашы, Сардаржан. Ана итке не көрінді? – деді Үрмет сонда да аса көп сезік алмай.

Сардар үй айналып томпаңдап жүгіріп кетті. Ақ қаншық қаңсылап үргенін бәрібір қойған жоқ. Үрмет дегбірсізденіп, енді кемпірін жұмсады. Ақ қаншық иелерін арқаланғандай тіпті шабаланып кетті.

– Әй, қырылып қалдыңдар ма түте?! – деді Үрмет ашуланып.

Шыдамай өзі де үй айналып қарап, көзі атыздай болды. Бағиза басы түсіп қалған айырдың сабымен жаңағы сарыала құстың біреуін тезек құсатып тарсылдап тоқпақтап жатыр екен. Жерден тас алып, апама тиеді-ау демей, «Мә!.. Мә, саған!..» деп айғайлап, бір жағынан Сардар да төмпештеп жүр. Сарыала құс қанаты жайылып, мойыны қайырылып, қимылсыз қалыпты. Кемпірінің өлексені осынша еліріп тоқпақтағаны шалға оғаш көрініп кетіп еді.

Бағизаның бір уыс беті өлемтапырық. Жаулығы кейін ысырылып, шашы қобырап бетін жапқан. Еңтіге тыныстап тұрып, көзіне түскен шашын жас күніндегідей ернін шүршите үрлеп-үрлеп қояды.

– Сен қақпас, мендегі өшіңді өлген құстан алайын деген екенсің, әттегене, – деді Үрмет кешегі бір болған оқиғаны еске сала.

Ел аузында аты дырдай болып жүрген жалғыз ұл Алматыға концерт қойып келген орыстың бір өнші қызының соңынан еріп кеткелі жыл өткен.

Өсек енді басыла бергенде, әлгі қар Алматыға тағы келіпті, мұның жалғзын сахнада кирелеңдетіп билетіп қойыпты. Өмірі қол көтеріп көрмеген еді, осы жолы жалғыз ұлды іздемедің деп пәле салған кемпірінің басына әңгіртаяқ ойнатты. Былтыр намысқа шыдамай асылып өлген келінінің атын атап: «Зүбәрім!.. Зүбіржатым!.. Кешіре ғой!.. Кешір!» – деп еңкілдеп жылады содан соң, таяғын лақтырып тастай салып. Монтиған, томпиған Сардар ғана көңіліне алданыш, өйтпегенде тірідей өліп еді бұл шал.

– Құрып қал! Құры бар!.. – деді Бағиза алқынып.

– Ата!.. Ата!.. Аналар күшіктің біреуін жеп қойды, – деп шыр-шыр етті Сардар.

Үрмет терісі дала-дала болып, жайрап жатқан қарала күшікті енді көрді. Ақ қаншық кеше ғана күшіктеген. Төрт күшіктің үшеуі ақ, біреуі қарала болып туған. Желкесінен шымшып ұстап көтеріп көріп: «Осы қарала кейін мықты ит болады», – деген Сардарға.

Ақ қаншықтың бауырына тығылып қалған үш күшіктің көздері ғана жылтырайды. Сарыала құстар болса, қораның маңдайшасында қаптап қонып отыр. Бұлар қазір кетсе, қазір бас салатын сияқты қысқа мойындарын қылт-қылт созып қояды.

– Мылтығымды әкел! – деді Үрмет Бағизаға.

Кемпірден бұрын үйге Сардар жүгірді. Бағиза жетем дегенше, ол үйге кіріп те кетті. Қосауызды сопаң еткізіп алдынан алып шықты.

– Атаңа апар, – деп Бағиза есіктің жақтауына сүйене бере алқынып қолын сермеді.

Үрмет қосауызды көлденең ұстап, томпаңдап жүгіріп келе жатқан немересін көріп:

– Оғы қайда? Оқты әкел! – деп қатты ақырып жіберді.

Сардар қорқып кетіп, мылтықты тастай салды. Ол кері шапқанда бұрыштан оқшантай белбеуді сүйреткен Бағиза көрінді. Шойнаңдап Бағиза келіп, бұл жерде жатқан мылтықты көтеріп алды, ортасынан қақ опырып, оқ салып болғанша да бірталай уақыт өтті. Сарыала құстар ақ қаншыққа бірінен соң бірі әлденеше рет шүйлігіп барып қайтты. Үрмет мылтығын кезей бергенде барлығы дүр етіп ұшты да кетті. Мылтығын шошайтып біраз күтіп еді, қайтып келген жоқ.

Үрмет пен Сардар ақ қаншық пен оның кішкентай күшіктерін қашан қас қарайғанша төңіректен жүріп күзетті. Қара ала күшікке бір түрлі іші ашыды. Сардар да томсарып, қорық сыртындағы күшікті лақтырып тастаған шұқырға карағыштай берді.

– Иә-ә, кемпір, – деді Үрмет кешкі тамақтың үстінде. – Біздің баланың талантында шөк жоқ, кеудесінде оты бар болатын. Біреулер көре алмай алжастырды білем. Сенде не жазық бар? Өкпелеме маған, – деп әр сөзін анық-анық айтып кешірім сұрағандай болды.

– Жарығым... Не түлен түрткенін... Күшті ғалым болады деп... Іздеп те бармадық... Не көрінгенін біліп өлсек арман жоқ еді... – деп сықсыңдай бастады өрең отырған Бағиза.

– Жә болды. Жетер, – деп тұйықтала қалды Үрмет.

Түнде жайсыз ұйықтады. Түнімен шымшытырық түс көрді. Көбін жадына тұтып қала алмады. Таңға жуыққы түсі ғана айқын есінде қалды.

Ақ қаншық жаңа күшіктеп жатыр екен дейді.

Бірінші сол қарала күшік туыпты. Сарыала құстар оны бас салып жеп қойыпты. Одан соң ақ қаншық тағы бір аппақ күшігін өмірге әкепті. Ол байқұс көзін ашар-ашпаста тағы да сарыала құстарға жем болыпты. Үшінші туған ақ күшікті де бұтын бұт, қолын қол ғып жан-жаққа жұлмалап талап жатыр екен дейді. Со замат ақ қаншық тағы да бір аппақ күшік туыпты да, сарыала құстардан бұрын өзі бір қауып тістеп, толғап-толғап қылғып қайыра жұтып салыпты. Құстарға жем болғанша, өзімнің ішімде жатсын дегені болуы керек.

Үрмет шошып оянып, бірден мылтығына жармасты. Жалаң аяқ, жалаң бас делеңдеп әпсәтте сыртқа шыға келді. Сол қалпы табанынан сыз өткенін де білмей, енді бір сәтте аман қалған күшіктерін бауырына басқан ақ қаншықтың қасында қалқиып тұрды.

Сарыала құстар содан қайтып келген жоқ. Үрмет шалдың айтқан әңгімесіне де ешкім сенген жоқ. Сардар да атасының сөзін расқа шығаратындай ештеңе айтқан жоқ. Тек ауылда бұрын көрмеген қызыл қанат үнді құстарының қаптап кеткені рас болатын. Не кезіксе соны талғамай жайпап жұта беретін бұл үнді құстарын отырса да, тұрса да жұрт көп әңгімелеп жүрді. Кейін ол құстар да өзінен өзі жоқ болып кетті.

Сол жылы күзде Үрмет: «Ішім қыза береді», – деп мазасызданып, ақыры қатты ауырып, құсадан өлді. «Талантты, өнерлі» деп, жұрт мақтаған баласы оның сүйегіне де келмеді. Бағиза талып қалып, сүйек шығарарда Сардар ғана боздап жылап тұрды. Сардарға қосылып бүкіл ел жылады. Өйткені, сарыала құстар туралы әңгіме өтірік болғанымен, әкесі өлгенде баласының келмей қойғаны шын болатын...

# МИЛЛИОН АРА, МИЛЛИОН ЖЫЛАН ЖӘНЕ МЕН

әңгіме

Мен осы баян қылғалы отырған тосын оқиғаның құдіреті күшті бір Алланың ырқымен болғанына еш шүбәсізбін. Бұл оқиға өзі менің бауырларымның үлкен үйді тастап, қара тіршіліктің қамымен қалаға көшуге қаракеттенуінен басталған еді. Біздің әкеміз жоқ, ал әкеміз салған үлкен үй қазіргі қиыншылық туып тұрған уақытта кіріс-шығысы қолдағы азын-аулақ малмен бірге түгесілгендіктен, бауырларыма пана болудан қалды. Оларды кәрі шешеммен бірге өзімнің қасыма, қалаға көшіріп әкетуге келгенмен қызыл қыштан өрілген, көк шатырлы, еңселі үлкен үйді қимай көп айланшықтадым. Шешемнің күрсінісі көбейгенмен, бауырларым мен олардың балалары қалаға көшетіндіктеріне қуанып, кәдімгідей елеуреп-ақ жүр.

Бірақ, әйтеуір баяғыда-ақ қамданып қойсақта жоқтан өзге жағдай килігіп, көшті аялдатуға себеп-сылтау табыла берді. Біресе жақын жамағайынның қырқын бергенде арасында болуымыз керек екені есімізге түсе қалды, біресе бауырларымның жекеменшікке алған жерлерін бұрынғы салығын жиып-теріп төлеп, үкіметке өткізіп кетпесе, қоқырайған әкім жүгімізді алып жүруге ұлықсат қағазын бермейтін болып шықты. Бауырларымның үлесіне тиген жердің

құнарсыздау екенін біле тұра, ел құсап тіршілік ете алмағандарын айтып, өздерін әбден сөктім. Қайтадан көшпей осы ауылда қалып қоятындай ортаншының қабағынан қар жауып, уық ұстар кішісінің еңсесін уайым басты. Ақыры менің араласуыммен бәрі орнына келіп, енді не керек дегенде, қожайыны көніп тұрған көлігіміз сынды да қалды.

Тағы екі-үш күн айналатынымызға мен еш ренжігемін жоқ. Ертелетіп аңға шығып кеттім. Аң аулап жүріп, тау ішіндегі ойпаңдау жерде, бір аласа шоқының қылтасынан сопаң етіп шыға келіп, қалқайған иесіз ескі тоқал тамның үстінен түстім. Қанша қамшыласам да атым құлағын қайшылап, пысқырынып, төрттағандап ілгері баспай қойды. Ақырын аңдап қарап, тың тыңдап байқасам, там жақтан гуілдеген бір сарын естілгендей болды. Аттан түсіп, жаяу жақындап келгенде көрдім, тамның іші-сырты түгел шұрқ-тесік, құжынаған мың-миллион жабайы ара. Үйдің шатырындағы араның ұясын талай бұзғанбыз, ал тамды тесіп ұя салған араны бірінші рет көруім. Қарақорым қалың тобымен гу-гу етіп, қаптай ұшып, қаптай қонып жатыр. Құдай біледі, олар менің жақын келгенімді сезген жоқ, егер сезсе, қап-қара бұлттай қаптап ұшып келіп, талап жеп қоятын түрі бар.

Аң кезікпей, ұрынарға қара таппай, ерігіп келе жатқан бетім болатын. Бір тентектік ойыма келіп, оқталып тұрдым да, сескеніп райымнан қайттым. Ондағым тас атсам ба екен, әлде от қойып жіберсем бе деген қараулық еді. Бала емес, шаға емес, мен сияқты еңгезердей дәу жігіттің бұл ісі естіген жұртқа да қарау адамның бұлдіргі ісіндей жағымсыз әсер қалдыратыны айдан анық.



Ендеше мен адамдардың мекенінен аралардың ұясына айналған осы тамға тимей-ақ қояйын дедім ішімнен. Бірақ жас адамның өзін-өзі әлденеге арандатқысы келіп тұратын ұрыншақ әдетімен бойымды бірте-бірте әуестік жеңе бастады.

Шөп басын бырт-бырт шалып, ауыздығымен бірге күрт-күрт шайнаған ала аяқ кербесті жайынша тұр. Алдынан ала қарға ұшса да жалт беріп, жалпаңнан түсіретін Кербестінің үркектігіне қайран қалып жүргем, сонымен бірге сезімтал елгезектігіне де еріксіз таңырқауыма тура келді. Мен бөктерге байлаған сұр кенеп сулықты шешіп алып жатқанда-ақ әлденеден секемденгендей басын шұлғи пысқырынып, тағы да құлағын қайшылай қалды.

– Не болды-ей?! Не болды сонша оқыранып?! – дедім алақаныммен сауырынан шапаттап.

Мен қатқыл сөйлегенге жануар кәдімгідей елеңдеп, жанары тостағандай болып мөлт-мөлт етті. Жылқы тегінде түйсікті мал. Түйсіксіз болса адамға серік бола ма. Ауылға келген біраз уақыттан бергі меніңдесерігімосы Кербесті. Қазір үркектігіне де бойым үйреніп қалды, әйтпесе алғашқыда аяқ артқаннан тақым қысатынмын. Сөйткен жануар енді менен тіксініп, өз-өзінен тыпырши бастады. Сезді жануар, менің құжынаған жабайы араның ұясына баратынымды сезді. Басын кегжеңдетіп, шыдамсыздана осқырынды.

Бірақ енді тайынар мен емеспін. Тамның ішіне кіріп көргім келіп тұр. Сулығымды киіп, белін тартыпбуып, етек-жеңінқымтанып, ораныпалдым. Мал баққан түз адамына оңтайлы ұзын етек, кең сулық басындағы бүркемесімен нағыз омарташыға арнап тігілген киімдей болды да шықты. Ас-су

салынған дорбаны қақ айырып, көзәйнегімнің шетін бастыра бет-аузымды да тұмшалап орап тастадым. Қалған шүберек жалаңаш қолдарымды сулықтың жеңімен қабаттастыра таңып байлауға еркін жетті. Аяғымда керзі етік, қолымда сол жерден тауып алған білектей жуан таяқ, мына қалпымда мен жауға жарақ сайлағаннан бетер болдым. Бұрылып қарап едім, атым үркіп кетті. Бірақ осқырынып, менен алыстап кете алмай тұр.

Әлдене үстімдегі кенеп сулыққа сарт етіп соғылды. Бармақ басындай қызғылт қоңыр дәу ара жерге домалап түскендей көрінді. Ол жақ, бұл жағыма қаранғанша зу етіп, басымнан бір айналып ұшып жоқ болды. Тағы біреуі қақ маңдайдан зулап кеп, дәл көз алдымнан тайқып өте шықты. Мен жақындаған сайын қарсы ұшқан аралар тіпті көбейе бастады. Сарт-сарт соғылып та жатыр, айналып ұшып өтіп те жатыр. Мөп-мөлдір ауада қаптаған түйір-түйір қара дақ. Енді бір сәтте олар бытырлап қарсы беттен тасбұршақша борады. Е деп ес жиғанша болған жоқ, қарақорым тобымен қаптап келіп көмді де кетті. Мен қолымдағы таяғымды оңды-солды сермеп, қалың араны қақ жарып, алға ентелей ұмтылдым. Құдай-ау, неткен көп, олар тіпті де таусылар емес. Тоқтасам болды, үйіліп-төгілген қалың араның астында қалатын түрім бар. Аралар бет-аузымды тұмшалаған шүберектің сыртынан да үймелеп, тынысымды бітеп барады. Көзәйнегіме дейін тайғанай тырмысып, домалай құлап түсіп жатыр. Қолыммен сыпырып тастасам, дем сәтте қайта қаптап алады. Алдымнан ағарып көрінген жарық бір сәтте-ақ шұбартып, сол заматында-ақ қара түйнекке айналады. Есік терезесі үңірейген ескі

тамды бір көріп, бір көрмеймін. Құлағымның іші де естен тандарарлықтай гуіл мен ызыл, басқа ештеңе естілмейді.

Кірем де шығам деген есікке туралап тауып бара алмай, бар салмағыммен гүрс етіп қабырғаға соғылдым. Сол екпініммен үстімдегі қалың араны гу еткізіп бір сілкіп тастадым. Қалың ара үйіліп жерге түсті. Ұша алғаны ұшып, ұша алмағаны аяқ астында жыпырлап жатыр. Бірақ онымен азайған ара жоқ. Жан-жағымнан құйындай үйірілді. Мен оларды үстіме жолатпауға тырысып, қол-аяғымды ербеңдетіп, қалбаң қақтым. Жата қап аунағым келді, – тұра алмай қаламын ба деп қорықтым. Тұра кеп қашқым келді, – қай жаққа қарап қашарымды аңдай алғам жоқ. Аралар бірінің үстіне бірі құжынай қонып, үймелесе жыпырлап, қусыра буып алды. Көрер жарық, тыныстар тесік қалмады. Демім бітіп, тұншығып өлуге айналдым. Қолыммен қаққыштап, саңылау тауып, бет алдыма бір қарап қаламын, ауадан да бір жұтып үлгеремін.

Кенет басыма қараңғы жерге кіруім керек шығар деген ой келді. Жандәрмен есікті сипалап тауып алып, ішке қойып кеттім. Құжынаған араның көкесі сонда екен. Бағанағыдан да арман гулеп ала жөнелді. Тоқал тамның іші алақұйын, шаң емес, қаптаған ара. Өздерінің гуілдеген үндері қандай зор. Қайтып есікті таба алмай қаламын ба деп зөре-иманым ұшты. Бірлі-жарым ара қойны-қоншыма да кіріп алған секілді. Әр-әр жерім тыз-тыз етіп, дуылдап ала жөнелді. Еш қайраны жоқ таяғымды тастай салып, кенеп сулықтың сыртынан өзімді-өзім екі қолыммен сарт та сұрт ұрғылап жүрмін. Аралар мың сандап жабысқан

сулығымның етек-жеңі әжептәуір ауырлай бастады. Дымым құрып, тұншығып өлетін болдым. Ауға түскен балықтай дәрменсіз тыпырлап, алақтап есім шықты. Төрт қабырғаға кезек-кезек соғылып, өз-өзімнен қақпақылға түстім. Өр соғылған сайын аралар быршылдап, мың-мыңдап жаншылып қырылып жатқан сияқты. Бірақ мына пәлекеттердің одан азаятын түрі жоқ. Ара талап өлді дегенің осы шығар. «Не жаздым?! Е, Алла, не жаздым саған?!» деген жалбарынышты оймен жанұшыра алақтадым.

Қу жаныма араша сұрап, жаратқан ием, енді сені алдамаймын, бар екеніңе сенімім кеәміл деп шыңғырған үнімді ішімде тұншықтырып, енді өлдім, е, Алла, енді өлдім дегенде әлдене оқыстан ыс-с ете қалды. Әлдекім жауырынымнан жуан қамшысымен сып еткізіп тартып жібергендей болды. Әлдебіреу иығыма білегін асып, мойнымнан қапсыра құшақтай алғанға ұқсады. Тағы біреуі аяғыма оралып, сумаңдап жоғары өрледі. Аралар кері серпіліп, қуыс-қуысқа тығылды. Өзіңнен зор шықса, көзің сонда шығардың кері болды. Қайдан шыққаны, қайдан келгені белгісіз, әйтеуір қарасам, жан-жағым қаптаған жылан. Төбеден де салбырап түсіп жатыр, қуыс-қуыстан да өрмелеп шығып жатыр. Осыншалықты қисапсыз көп жыланның кішкентай тоқал тамның қай жеріне сыйып жатқанын бір құдайым білсін. Төбеден салбырап түскен біреуі мойнымда жүр, енді біреуі басын кегжите кеудеме қарай өрлеп, шұбалған ұзын денесімен беліме оратылып алған.

Мен қорыққаннан буын-буынымнан әл кетіп, аяғымды жерден ала алмай қалдым. Шұп-шұбар бір жылан басы қақшиып, айыр тілі

сумандап, сүп-сүйір тұмсығын көзәйнегіме тақап алды. Аузы-басымды тұмшалаған шүберектің сыртынан денесінің ақырын қозғалғаны білінді. Ол басымнан асып түсіп, арқама жабыса төмен қарай жылжыды. Бір жазылып, бір бүктеліп жерге сусып түсіп барады. Оның орнына сулығымның етегінен кіріп, буып байлаған белбеудің астынан өте алмай түртінектеп, қайтадан суырыла шығып, тағы біреуі өрлеп келеді.

Жаңағы басымнан асып түскен жылан жайына кеткен соң ептеп ес жиғандай едім. Оң жақ қалтамның ауырлап, төмен тартқанын байқап, бойым тітіркеніп кетті. Байқаймын, бір жылан жайлы жерге кіріп алған, сыртынан сипасам, бұлтиып жатыр. Тар қалтамды кеңейтіп алғысы келгендей, әжептәуір күшпен бұлқынып-бұлқынып қалады. Қорықсам да басқа амал қалған жоқ, қолымды салып жібердім. Шүберекпен қабаттай орап таңылған қолым қоқайып, икемге келмей, қалтамда бүктетілген жылан уысыма өрең ілікті. Шұбалта суырып алып, аяғымның астына атып ұрдым. Өкшеммен жаныштап, мылжа-мылжасын шығарып тапап тастадым. Сол сол-ақ екен, жыландар манағыдан бетер ысылдап, бастарын қақшаңдаттып, иіріліп, ширатылып, сарт та сұрт сабаласып, бірін-бірі баса көктеп, айыр тілдерінен зәһар шаша лап қойды.

Мына сойқанға менде қарсыласар дәрмен жоқ.

Жын иектеген үй екен дедім бұл.

Үй иесіз болмайды деген осы.

Иесіз қалса жын-шайтан иеленіп алады.

Жын боп қуды жыландар, шайтан боп қуды аралар.

Мен ес-тұстан айырылып, жанұшыра қашып бердім.

Есікті қалай тапқанымды, сыртқа қалай атып шыққанымды өзім де білмеймін.

Әйтеуір даладағы атыма да қарамай, затыма да қарамай қаша бердім.

Үстімдегі кенеп сулығымды да, аяғымдағы керзі етігімді де жолай лақтыра тастап қаштым.

Иесіз ескі тамнан жалаңаяқтанып, жалаң-бастанып қаштым. Аяғымның астында көкшіл гүлдері шашылып түсіп жатқан көкемаралдың жұпар иісі бұрқырап, етектей-етектей үлкен түйежапырақтар май табаныма жайыла төселді. Қыратты жердің көкемаралы, шалғынды жердің түйе жапырағы, беткейлі жердің көздің жауын алып тұнып тұрған қып-қызыл қой бүлдіргені аяғымның астында кейін сырғып қалып жатыр, қалып жатыр. Көк майсасы кілемнің түгіндей жұп-жұмсақ, қалың шалғыны тізеден асады, балауса шөбінен уыз иісі аңқиды. Аनाдайдан кішкене жарқабақтан құлап аққан бұлақ суының шорылы естіледі. Бұлақтың түп-тұнық, мүп-мұздай суынан сіміріп ішкім келіп, тамағым құрғап, таңдайым кеберсіп, демімді басып алмақ боп шөкелей кеттім. Осыншама сұлу, көркем табиғатты аман көргеніме қуанып, ебіл-дебілім шығып, еңіреп жылап жібердім. Көкмайсаға етбетімнен түсіп, еңіреп жылап жатып, ауылдағы біздің үйдің де жақын күндері иесіз қалатынына ішім ұдай ашыды.

Менің түсінігімде жан дүниені қозғау салып, сезім күйіңді серпілтіп оятатын мұндай тосын оқиғалардың әйтеуір бір себебі болуға тиіс. Оның жұмбақ сырын түсініп, білуге біздің ақыл-ойымыз әлі жетіле қоймаған да болу керек. Тек мұның бекер еместігін аңдатып, қайта-қайта есімізге түсіріп, мазамызды кетіріп, ішкі түйсігіміз ғана жанымызға

тыншу бермейді. Мен де осы оқиғадан кейін екі-үш күн ауырлаңқырап, қашан көш көлігіне жүк тиеліп бітіп, шешем оқыстан аңырап қоя беріп, шығарып салып тұрғандардың ішінен әйелдер жағы да сықсыңдап жылап, қоштаса бастағанға дейін еңсемді көтере алғамын жоқ. Тек көш қозғала бергенде ғана басқа амал қалмағандығын аңғартып, олардың жүзіне туралап қарауға өрең дәтім барды. Сақал-мұрттары тікенектеніп өсіп, жүздері желге тотығып, күнге күйіп қарайып кеткен ер адамдардың мұң кіреукелей қалған жанарларынан біз құсап атажұртын тастап, үлкен жолға шыға алмағандықтарына өкінгендей бір жабырқау сезім ұшқынын көрдім де шешемнің орнына ақырын ғана ернімді қимылдатып, «шүкір» дедім.

# ЖЕЛТОҚСАН

әңгіме

Әуелгіде қараң етіп мал көрінгендей болды көзіне. «Көтерем мал ма?» – деп қалды кирелеңдеген жүрісіне қарап. Бұрылыста трактор жарығы шоршыған балықтай аунап түсті. Іле алақұла еріген бұралаң жолға қайта құлады. Өлгі қарайғанды дем арасында бастырмалата қуып жетіп қалыпты. Қыбырлаған аяқтары төртеу сияқтанғанмен, енді мал қарасына ұқсамай кетті мүлде. Бұрылып қараса керек еді қандай хайуан болса да, пысқырмады бірақ. Шалынысып, құлай жаздап, тәлтіректтей түзеліп, сүйретіліп кетіп барады. Трактордың құлақ тұндырған дауысында да, тұмсығын түн қойнауына сұққылап тімтінген жарығында да шаруасы жоқ. Енді бірде тіпті зәр-иманын ұшырып, қырықаяқтай шұбалды бұлдырап. Сасқалақтап, кабинаның төбесіндегі сығырайған жарықты жағып, маңдайшадағы айнаға қарады. Түрден түр жоқ, арса-арса, көзі қан ішкендей қып-қызыл. Қалайы кружкаға екі бөліп құйып, сіміріп салған бір шиша жынды су жұмырына жұқ болмаған. Әншейінде болса мандырақтап қалатындай-ақ ішті, екіншісін орындығының астындағы ағаш жәшікке тығып салып алды. Бойын билеген үрейді басуға ғана жараған ақ арақтың бос бөтелкесін неге екені белгісіз, әйтеуір аналарға көрсете лақтырды. Содан ештеңе көрмеген, білмеген болып, ешкім



қумаса да ауылға қарай құлдырандай қашып келе жатқан беті. Іштей тірі жанға жолықпасам екен деп тіледі байғұс. Тракторын тарылдатпай, ауыл сыртына тастап кетпек. Азар болса бұзылды дер ит жегірді. Ел тұрмай үйіне кіріп, жылы төсекке бүркеніп жата қалса, бар ойы сол. Бәрінен бұрын есім ауысып кете ме деп қорықты. Ойламауға тырысып, көз алдынан қуып әлек әлгі елесті. Тракторы астыңғы жағы жарқыраған түргішін ернеуден асыра, терең шұңқырдың шетіне тіреле тоқтағанда екі көзін тарс жұмып алған. Кері шегінерде әр-әр жерден сең қопарған ағаш бұталарындай ербиіп, топырақ астынан шошая шығып қалған аяқ-қолдарды ап-анық көрді жаны мұрнының ұшына келіп. Аналар мәшинелерінің жарығын түсіріп қарап тұрды да, бұл топырақты үйе берді, үйе берді. Үстіңгі жағындағылардың аяқ-қолы бәрібір қайта-қайта ашылып қала берді. Соны көз алдынан қуып әлек, «астапыралла-астапыралла» деп. Мынау да елес болды, әйтпесе айдалада жаяулаған бұл неғылған адам, түн іші, қыстыңгүні. Миы шатасып, тракторын одан сайын тарылдатып, таптап өте шығардай екпіндеді. Бәрібір селт етпегеніне таңырқап, қисық мойнын ілгері соза үңілді. Кенет керзі етігінің жалпақ табанымен тежегішті тесігіне қалай қуа тыққанын өзі де білген жоқ. Бір пальтоны қосарласа жамылған екі қыздың сұлбасын соңғы сәтте ғана ажыратып үлгерген. Шаштарын жайып жіберген, жалаңбас екеуі де, біреуінің балтыры ағарандайды. Осының бәрі өңі ме, түсі ме, ажырата алмай мәңгіріп отырып қалды ол. Түсі емес, өңі екенін бірақ, тығыншықтай денесі тас кесек қара қызды кабинаға көтеріп мінгізіп жатқанда ғана

білді. Екіншісінің тоқты-торым құрлы салмағы жоқ екен, тыртитып ана қыздың тізесіне апарып отырғызды. Алқа-салқа кабинаның қамсау болар түрі жоқ, көк темір жалаңаш қолың тиіп кетсе мұздай қариды. Орындығының астындағы жәшіктен жансауғасын суырып алып, қалайы кружкаға лекіте құйды. «Іше ғой, ішіп жібер», – деді арық сары қызға басын шайқағанына қарамастан тықпалап. Көгерген еріндеріне апаруын апарғанымен, қолы қалтырап, тістері сақ-сақ етіп, іше алмады. Кабинаның төбесіндегі сығырайған жарықтан қуара көрінген екі қыздың жара-жара бет-ауыздарына тура қарауға дәті бармай, көзін тайдырып әкетті. «Қатып өліп қаласыңдар, ішпесендер», – деді бүгежектеп. Тығыншықтай қара қыз да: «Іш!» – деді еріндері кеберси сыбырлап. Қылқ-қылқ еткен, артынан тұншыға шашалған дыбысты естіді төмен қарап отырып. Жағасының жүні ұйпалақтанған қызыл пальто қара қыздікі екен, ана қыздың үстіне жеткізе алмай, екі өңірін созғылап жатыр. Жалмажан тонын шешіп, тізесі ағараңдаған арық қыздың алдына жапты. Ақ арақты қалайы кружкаға шұрқылдата құйып, енді батырсынып отырған қара қызға ұсынды. Ол ащы суды қылқылдата жұтып жатқанда бұдан бақырайған көзін бір алған жоқ. Қалған арақты өзі сілтеп салып, май-май жұдырығын иіскеп, өзінше қоқиланды. Қаршадай қыздардың қалың шепке қалай қаһарлана ұмтылғанын көрмеген адамның түрі. Бірақ жаңағы көмілгендердің не үшін құрбан болғанын іші сезді. Түн ішінде айдалада жолыққан екі қыздың да көктен түспегенін аңдап отыр. Басқа арақ қалмаса да орындығының астына қолын созып, жәшіктің

ішін ақтарып, түртінектей бастады. Тар кабинада тоңқандап, орнынан әлденеше рет көтерілді. Арық қыздың алдына жабылған тонды жоғары көтеріп, қалтыраған талдырмаш иығын қымтап жапқан болды. Қара қызбен жүзбе-жүз келіп қалмауға тырысып, көзін ары да алып қашты, бері де алып қашты. «Екеуіңнен басқа ешкім жоқ, па?» – деді ақыры төзімі таусылып. Екі қыз тілдерін жұтып қойғандай безеріп үндеген жоқ. «Аттарың кім, алдымен танысып алайық» – деді тағы да тыныш отырмай, қалақтай басы қисық мойнымен бірге изең-изең етіп. Жынды судың буынына енді ғана түсе бастағанын өзі де байқап, жынданып кетпегеніне шүкіршілік қылғандай қалталақтап, ырсия күлді. Осы күлгенінің өзінде арса-арса түрі жантүршігерліктей еді, қара қыз бойын тез жиып алды. «Менің атым Ақтоты, мына қызды танымаймын», – деп тікірейе қалды. Арық қыз пісте танауы қусырылып, көкшіл көздерін бір нүктеден алмай тесірейіп, сұстанған қалпынан жазған жоқ. Мұның сұрағын да, ананың жауабын да естімегендей құдды. «Жарайды, қазір біздің үйге барамыз. Жеңгелерің шай береді жақсылап», – деді ол қайта қатайып. Бірақ біресе қолын, біресе аяғын жүгіртіп, айналдырған екі-үш тетікті ұзақ іздеді. Басқа амалы қалмаған соң, «атаңа нәлет!» деп әлдекімді ысқырта бір боқтады да, газды түбіне дейін тарылдата басып, тракторын қара тайқардай тырағайлата жөнелді. Бағанадан бері тып-тыныш отырған екі қыз арттарына бұрыла қарап, көз жастарын тыя алмай боздап кеп берді сонда. Іші-бауыры аударылып-төңкеріліп, астаң-кестең болып, қисық мойнын соза, қалақтай басы қалталақтап, қыздарға қосылып, өңіреп бұл да

жылады. Кімнің кімді жоқтап отырғаны белгісіз, әйтеуір дауыстары жарыса шығып, «әкем-ау, көкем-ау, бауырым-ауға» басты аңырап. Жол үстінде айтылған жоқтау бірақ, жол үстінде ұмыт қалды сол күйі. Оны айтасыз, мына тұрған ауылға да үн-түнсіз барып кірді үшеуі.

# ШІРКІН, ШЕКЕР

әңгіме

Суыт жортып келе жатқан қос салт аттының бірі дөңгелек жүзді, балғын өңді, бұғағы ақ мамықтай үлбіреген еркетотай да, екіншісі иі жұмсақ, ұрты салбыраған салқы ауыз, момын қара. Екеуінің де мінгені ауқатты, әлді адамның тақымына лайық тұрқы ұзын, тік бақай болғанмен, қайсысының қандай әулеттен шыққанын сырт пошымдары бірден байқатады. Бар жасауын үстіне ілгендей, атлас көйлегі сусылдап, сусар бөркі құлпырған бойжеткеннің киім киісі бөлек, астындағы ер-тұрманға дейін су жаңа. Оның жанында бөркінің жиегі таздың басындай тықырланып, қоңыр шекпенінің арқа жағын күн жеп, түсі оңған, шынтағы мен жарғақ шалбарының тізесі жамаулы жігіт қара жаяу қалғаңдай екен. Сонда да ол еркек атын малданып, еңсесін түзеп, қасындағы бай қызының сәнін бұзып, сынын кетіремін-ау деп жүрексінбей, сыңғыр-сыңғыр үзеңгі қағыстырып, иық теңестіріп қатар келеді. Боз биенің сүтіне шомылып, бал жұтып, ерке өскен сылқым қыз оны шен көре ме тәйірі, иегі сүйірлене, мойнын алға созыңқырап:

– Жанаспай жүрші, – деді жаратпай.

Енді үндемесе жоқтан дәметіп, аузының суы құрып, ат үстінде тізе тоғыстырған арудың аршын төсіне ашқарақтана сұқтанып, аш беліне қол жүгіртуге ыңғайлана бастаған салпы

ауызға бұл қапелімде қыз өрім қамшымен қақ маңдайдан салып жібергендей болды. Бірақ бай қызының сөзін көңіліне алатындай ол кім сонша...

Араларын алшақ тастап, тағы біраз жортқан соң, анадайдан ат басын іріккен сылқым бикеш айдалада жын-шайтан үйіргендей сықылық ата күліп:

– Байкемнің атын аяп келесің бе?– деді жалт қарап. Салқы ауыз өз құлағына өзі сенбей сәл тосылып қалды да, кенет ойына әлдене түскендей, ыржалақтай күліп, астындағы жалпақ сауыр кер бестіні итіне тебінді. Бойжеткеннің жаңағы айтқаны оған: “Байдың қызын аяп келесің бе?”– дегендей де естіліп еді, қуаныштан байғұстың жүрегі жарылып кете жаздады. Енді қайтсін, айлы түнде бай қызы түзге шыққанда қыр астында жатып, өз деміне өзі тұншығып өлетін бұл пақыр қиялым шынға айналар деп әсте ойлап па? Өткенде саңырау Жағыпардың уылжып піскен Өрігіне ұрын барып, көрпенің шетін аша бергенде, қара басып, осы Шекердің есімін атап-ақ жібергені жазғанның. Ұрын келген жігіттің ұрлығы әшкере болып, қатты қорынған Өрік мұны қайтып жоламастай қылып, ит терісін басына қаптап қуып шықты. Шекер оны біле ме, білмей ме, өліп-өшкен салқы ауызды сүйе ме, сүймей ме, ол бір құдайға аян. Әйтеуір, арманына әне жетіп, міне жетіп, ат басын бірде тартып, бірде жіберіп келе жатқан Сағидолла ішпей мас, жемей тоқ. Бай қызымен иығы тағы теңесіп, қаңсып келгенде, кәрлен кесемен басына төңкере салған құнан қымыз аш өзегіне түсіп кеткендей, ат үстінде буынсыз былқ-сылқ етеді.

Шіркін, Шекер, қиялға ғана серік қылып,

сыртынан тамсана қарап жүретін періште ғой ол. Бозала таңнан көзін тырнап ашқанда, үлкен ақ үйден бұрала басып шығып келе жатқан Шекерді көрсем дейтіні қайда мұның. Болмаса тұмсығы сорайып, ұры ит құсап босағадан сығалайды. Толған айдай толықсыған сұлу Шекерге ұйқы тәтті, босағадан ұрланып сығалаған салқы ауызға Шекердің өзі тәтті.

Шекерге сырттай ғашық болып жүрген жалғыз бұл емес. Оны көргенде, қатыны бары да, жоғы да қоғадай жапырылатын. Мұртын сылаған мырзақонақауылға түссе, байдыңқызынқызғанып, кәрісі де, жасы да тыржыңдап жүретін. Салқы ауыздың бір көзі қонақта болса, бір көзі Шекерде. Сондай келімсек біреу дастарқан басында отырып, сұлу қыз сызылып ішке енгенде, қолындағы сырлы тостағанды қымызын шайқақтатып жерге қоя салса бітті, жоқтан өзгені сылтауратып, ертесіне тағы айналып соғады дей бер.

Ондайда салқы ауыздың ішкені ірің, жегені желім еді. Енді байқаса, бай қызын сыртынан бекер күзетпеген екен. Сылаң қаққан сұлуды қасына ертті, мінеки. Жүзін бұрса, мойылдай қап-қара жанарын, аузын ашса, жақұт тізгендей кіл аппақ тістерін көреді. Қырынан қарап, арқасына құлаған білектей бұрымын қызықтайды, құс кеудесін көтеріп, атқа тіп-тік отырысына сүйсінеді. Оны ынтықтыра түскісі келгендей:

– Далаға түнейміз бе? – дейді Шекер.

– Сөйтсек сөйтеік, – дейді ол.

– Көрпе жоқ, астымызға не төсейміз? – дейді Шекер.

– Тоқым төсейміз, – дейді ол.

– Түнде корқамыз-ау, – дейді Шекер.

– Қорықпа, мен күзетіп отырамын, – дейді ол.

Шекер оның жауабына разы болып, жез қоңырау қаққандай сыңғыр етіп күліп қояды. Басқа түскен қиыншылықты елемейтіндей, алда не күтіп тұрғанымен де ісі жоқ. Балиғат жасына толып, бұрымының ұшы балтырын қаққанмен, балалықтың дәмі аузынан кетпегенге ұқсайды. Қара бәйбіше бұларды жолға аттандырып саларда қызына не деді, Сағидолла соны білгенше де ынтық. Неғылса да әркім арман қылған сұлу Шекердің қасына басқаны емес, есігінде жүрген мұны қосқаны тегін болмас. Екеуін жұрт көзінен жасырып, кешкі абыр-сабырда ауыл сыртынан жөнелткен.

Сағидолла қара бәйбішенің әжім торлаған жүзі жұмсарып, өзіне ықыласы ауып, іштартып қалғанына таңырқап еді сонда. Ыстық демімен өртеп, екеуінде ат үстіненеңкейтіп, маңдайларынан өпті. Дәм бұйырып, туған жерге қайта оралар күн туса, қызын Сағидолланың нағашы жұртынан іздейтінін қадап айтты. Сағидолла оның жанары жасаураған дәрменсіз кейпінен: «Етегіңнен ұстаттым, ендігісін азаматтығың білсін», – дегендей бір ойдың ұшқынын аңдап, Шекерді жылатпауға үнсіз серт етті,

Шекерді ауылда ата-ананын бәрі ортақ көретін, әркім өз қызым дейтін. Көп жұрт оны жүрек қозғап, шырқап салған әніне бола да сүйді. Сыңсыған дауысында қайдан, неден дарығаны белгісіз, тұңғыық тереңіне шым батырып әкететін ғажап мұң бар. Мұңның да тәттілігін сездіретін сиқырлы, сазды әуен бар.

Сол әннің бірін неге салмайды, мынау Шекер?!  
Ұзатылған қыздай болып неге сыңсымайды?! Ел-



жұртымен қоштасқаны-қоштасқан. Сағидолланың етегінен ұстағаны-ұстаған. Әлде ішке бүккен басқа бір ойы бар ма екен? Онда ашық айтсын. Сағидолла ешкімге зорлық қылмайды.

Жо-жоқ, келісімін алмай болмайды, ол анық. Байқауынша қыз кет әрі емес, қайта жігіттің ширап, жітірек қимылдауын қалап келе жатқандай түр көрсетеді. Әлде қара бәйбіше солай табыстады ма, қызына не үйретті, қандай ақыл берді? Шешесінің сөзінен шықпайтын Шекердің қайтсе де бір жұмбақ сырды ішке бүккенін дөп болжап сезген. Өттең, сол жұмбақтың шешуін тапса, қара бәйбішенің қызы: «Заман кедейдікі, көз көрген адам иттік қылмас, осыдан айырылма», – дегенін білсе, Шекерді қазір-ақ алақанына салып, бауырына басуға әзір. Шекер бұрын мұңсыз болды, қабағына кірбің, көңіліне қаяу түспеді. Сағидолла тірі тұрғанда, бұдан кейінгі өмірін де қамсыз, уайымсыз өткізер, – қара бәйбішенің жасаураған жанарын көріп, дәрменсіз әйелзатына еркек атымен берген айнымас серті бұл. Алтын басты әйелден бақыр басты еркектің артықтығы осындайда ғой тегінде.

– Анам мені сен секілді ынжыққа қалай қиды екен? – деп кенет бай қызы мұның ойын оқып қойғандай, көзін алақандай қылды. – Одан да арғы бетке бірге ала кетсе қайтеді? Мені қалдырып бара жатқандарына қарағанда, бір қатерге бас тіккен-ау, ә? Саған ашып ештеңе айтпады ма?

– Ынжық болып неден ығыппын, Шекержан? – деді Сағидолла намысына тиіп, қайрағанға шиыршық атып. – Өзің білгеннен артық мен не білем? Жолбасшылық қызметімді қапысыз

атқарсам болды емес пе? Заман тынышталғанша нағашы жұртымды паналатайын. Апаңыз содан соң бір хабарын бере жатар.

– Бетім-ау, мынаникі не сөз?!

Дөңгелек жүзі қызыл алмадай ду қызарған Шекер шынымен шошып кетті. Әлде ашудан, әлде ұяттан жалт еткен жанары жасық жігітті жалынша шарпып өтті. Сірә, ыза бұған да шығар, оқыстан қатты сілтенген қыз өрім қамшы ат сауырын пышақтай тіліп түсті де, бұрын мұндайды көрмеген Ақбоз, бүйі шағып алғандай тітіркеніп, анадайға бір-ақ ытқыды. Аңдамай сөйлеп, опық жеген Сағидолла қамшы Ақбозға емес, өзіне тигендей кирелеңдеп, бұратыла еңкейіп, ат жалын құшты. Бақыттан басы айналып, денесін сылқ тастап жіберді де, тізгінін бір езулеп тартқан кер бесті тұрған жерінде шырқ үйірілді.

Ойы, болжамы расқа шықты, тілегені болды. Қызын кімге табыстарын білмей дағдарған қара бәйбішенің таңдауы көз алдында жүрген жалшы жігітке түсіпті, содан бағы жанып тұр. «Байдың қызы екенін білсе, түтіп жер, кедейдің жанында жүрсін», – дегенде ең әуелі Шекердің амандығын ойлапты ақылды ана. «Мал-жаныңды арғы бетке алып өтсем, қызыңды бересің», – деп тобан аяқ Шүкімән баймен сөз байласқан Жақияны шеше көңілі қаламаған сыңайлы. Ел торыған қанды қол қарақшының ана өкіметке де, мына өкіметке де жақпай, түбінде бір тұтылмасына кім кепіл? Одан да заман кедейдікі ме, кедеймен кетсін, қалғанын тағдырдың жазуынан көрер. Қара бәйбіше қызына міне, осылай десе керек-ті. Аңдаусызда сыр ашып алған Шекер өне, ұяттан өртеніп барады. Қызыл іңірде қан қызыл нұрға

баялып, шоқ болып тұтанып, от болып жанып барады.

Жігіттің абайсыздығынан Ақбоз да босқа қамшы жеді. Әйтпесе, Шекер қандай, Ақбоз қандай?! Бірін маңдайынан шертпей өсірсе, екіншісін құлын кезінен астына киіз төсетіп бақтырды. Шекерге телінген Ақбозға ат үйретушіден басқа ешкім жолаған жоқ.

Атбегілер Ақбоздың тұқымы асыл деседі. Шүкімән бай оны бәйгеге де қостырмайды, көкпарға да мінгізбейді. Өлі жас, майып етіп алармын деп қорқатын. Оның үстіне Шекердің де көңілін қимайтын тәрізді. Ақбоздың тұрқы ұзын, бас терісі жұқа, тамырлары адырайып-адырайып көрініп тұрады. Сол Ақбозға қамшы сілтеген Шекердің ашуын-ай, тіпті. Ер болсаң, ашуынан айналмаспысың мұндай қыздың.

Сағидолла ұшар қанат біткендей, алға еміне ұмсынып, кер бестіге ол да қамшы басты. Қамшысы тұзға ысқандай көк дойыр, сауырдан сипай сілтегенде кер бестіні сона талағандай шыжбың қақтырды. Екінші қайыра қамшы көтеріп, қос бүйірге өкше қадай тебінгенде, жануар үстіндегі жігіттің жәйін ұғып, жұлдыздай ақты. Терең сай табанына тірелгенде, қыз қиялап, жігіт төтелеп тартып еді, екеуі арғы бетте және қабаттасты. Бал Шекер торсиған еріндері дірілдеп, ақша жүзі алаулап, бетін әрі бұрған. Намысы қайралған Сағидолла момындығына салып, алғашқыдағыдай жасқанып, именген жоқ. Бай қызын қыпша белінен орай құшақтап, аттан құлатып алатындай абайлап қана өзіне тартып, ернінен сүлікше қадалып сүйді. Осы сәтте ол өзін шексіз бақыттымын деп есептеді. Шекердей

аруды алақанына қондырса, одан артық қандай бақыт бар?! Шекерден ай маңдай ұл сүйсе, одан өткен нендей арманы болуға тиіс?! Асыл текті Ақбозды үйірге салып, тұқымын алса, одан басқа не тілейді?! Өстіп қиялға көбірек беріліп кетті ме:

– Шекержан, жүзі де, жүрегі де өзіңе ұқсаған ұл тауып беремісің? – деп қалғаны аңдамай.

Жігіт құшағынан босанған Шекер ұялып, жанарын алып қашып, бір қырындап кетті. Жаңағы көрсеткен батылдығы тек қыз ернінен сүйеге ғана жеткендей, жөпелдемеде сөз орайын келтіріп, тіл қатуға Сағидолла да қаймықты. Лықсып сыртқа тепкен жан толқынысын, сезім ұшқынын жасыра алмай, қыз алқына тыныстап, жігіт оның демін жұта үздігіп, екеуі үнсіз аймаласты, Сол бетімен көптен көріспеген ғашық жандардай қол ұстасып келіп, басқа ықтасын жер таппай, айдаладағы жалғыз түп карағаштың түбіне тоқтады. Аттарын тұсап жіберіп, аз-маз ауқаттанып алған соң, Сағидолла тақырға тоқым төсеп, бай қызын жатын орынға икемдеді. Күй таңдайтын жағдай жоқ әрі бұдан кейінгі ой, мақсаттары да белгілі болып қалған сияқты. Біраз аймалап сүйгеннен кейін, аспандағы ай секілді қол жетпестей көрінген ару қыздың қойнында жатқаны көңілін өсіріп, шаттана дауыстап, айғайлап, қуанышын айдай өлемге жария еткісі келген.

“Сабыр, сабыр”, – деді ішінен бір дауыс, – бөтен, жат дауыс. Ол селт ете түсіп, бай қызына күдіктене жалт бұрылды. Шекер шынымен қалғып кеткен бе, әлде жігіттің аймалап құшуын күтіп жатыр ма, көзін тарс жұмып алыпты. Түн

қараңғы болғанмен, Сағидолла оның бір қалыпты пысылдаған пісте танауын, жазық маңдайға біткен құс қанатындай айшықты қабағын ап-айқын көрген. Жаңағы сөзді байқамай дауыстап айтып қалдым ба, өтірік ұйықтаған пәлекет қыз соны естіп қойды ма деп сезіктенген ол көңілі орнығып, Шекердің торсиган еріндерінен сүюге қолымен жер тіреп, ақырын еңкейе берді. Осы сәтте әлдекім көйлегінің етегінен ұстап, кері тартқанға ұқсады да, “сабыр, сабыр қыл, әй”, деген әлгі бір сүйкімсіз үн жүрегін зырқ еткізді.

Сол-сол-ақ екен, бар зейіні қызға ауып, жол бойы ақыл-есін алып келген ынтық сезімі, алабұртқан құштар көңілі су сепкендей басылды. Жан дүниесінің оқыстан неге құбылғанын іші білгенмен, тәңірдің тегіннен-тегін бере салған бақытынан тап осылай оп-оңай тайқып кетеріне өзі де сенбегендей, Шекердің жүзіне ұзағырақ телміре қарап қалды. Бейқам, алаңсыз ұйқыда жатқандай болған қыздың тынысы жиілеп, денесі бір ысып, бір суынғандай, көкірегі көріктей көтеріліп-басылып, тынышсыздана бастады. Ол жеңіл күрсініп, қолын кейін тартып алды да, орнынан жылдам тұрып кетті. Қызға жон арқасын тосып, тізерлей шөкелеген күйі түн қойнауына тесірейіп, тас мүсіндей мелшиіп көп отырды. Шекер ту сыртынан бөсең үнмен:

– Сағидолла,– деп үн қатқанда барып ойы бөлінді.

– Ау, Шекер,– деді аңқаусып.

– Неғып отырсың?

– Жәй, әшейін.

– Мен ұнамай қалдым ба саған?

Қапелімде не жауап қайырамын білмеді

ме, Сағидолла бұл жолы үндемеді. Сол теріс қараған қалпы қызға жүзін де бұрмады. Желкесі күжірейіп, мола баққандай тымырайып отыра берді. Қыз орнынан тұрып келіп, қасына тізе бүккенде де қыбыр етіп қозғалған жоқ. Дәл құлағының түбінен сыбырлаған Шекердің үні сона-ау алыстан желмен жарыса жеткендей үзіліп, үздігіп естілген. Шекер оған:

– Сен үшін тым тәттімін бе мен? Солай ғой, тым тәттімін ғой, ә? – деп еді балаша жәутеңдеп. – Кездескеннің бәрі көз сүзеді маған... Ақ жүзімді көргеннің бәрі ұнатады мені... Ер жігіт болса, қыршын кетуге даяр... Бай болса, үйір-үйір жылқысын жолыма тігуге бар... Сенің етегіңнен ұстағанымды білсе, мына ел мені жынданған дер... Талайдың іші күйер, басы қатар... Талайдың ішіне қанжар сұғылар... Бұл заман не болып барады, бөлкім соған таңданар... Ал, сен... Ал, сен!..

Шекердің сөзі шымбайына батып кетіп, Сағидолла жаны ауырғандай қинала күрсініп жіберді. Көкірегінен өттеңі аралас уһілеген жалынышты дыбыс шықты, бірақ одан артық ештеңе демей, тағы шөгерілді. Қос жанарынан қос моншақ домалап түскен қыздың да дымы өшіп, тез қатайып алды. Қараңғы түн басқан далаға кірпік қақпай қадалған оның не көргені, нені елестеткені белгісіз. Ал жігіттің көз алдында нағашы жұртындағы кедей ауыл, ондағы маңдайшасына қызыл байрақ ілген қызыл отау тұрды. Қызыл отауда не бар екен, кіріп көрсе ғой, шіркін.

Оның босаға жағында білегі майысып, сұлу Шекердің қымыз құйып отырғаны қандай жарасымды. Бай қызы деп жолатпайды, әйтпесе

Сағидолла жаман бөркін аспанға ататын еді. Қайран Шекер, маңдайға сияр ма, симас па, соны ақылға салған жігітке қызыл отаудың тұтқасын ұстап, төбесі көкке жеткен нағашысы жанына бай қызын ерткен жиенін көріп, жабырқап қалатындай секілденеді. Жігері құм болып, жиеніне өкпелеп, теріс қарап жатып алатындай көрінеді. Бір-ақ күнде жағы сопайып, жүдеп кететіндей елестеді. Сағидолланың тығырыққа тіреліп, қиналған жері де осы болатын. Өзін екі отың ортасында қалғандай сезініп, жаны қуырылған. Оны жүрегін сыздатқан бұл ой тұманынан тағы да құлақ түбінен естілген нәзік дауыс айықтырды.

– Атымды ерттеші, – деді Шекер қиыла өтініп.

– Ат ерттегені несі? – деді ол түкке түсінбегендей абдырап.

– Ертте!

Бай қызы дауысы саңқ етіп, өктем тіл қатты.

– Қой, Шекержан, не айтып отырсың?

– Ертте!

– А?..

Қараңғыда бай қызының жанары от жарығы түскен көмірдей жалт ете қалды. Жалшы жігіт үйренген әдетімен отырған орнынан тоңқалаңдай тұрып, аттар жайылып жүрген жаққа қарай ұша жөнелген. Ақбозды ұстап, тұсауын шешіп жатып: “Асыл текті жануарым-ай, тұқымың жат жұртқа бұйыратын болды енді”, – деп қыстыға жылап жіберді.

# ЖАНСЕБІЛ

әңгіме

– Сарыөзекке баратын кім бар?.. Сарыөзекке баратын кім бар?..

Жер түбінен шыққандай құмығып естілген дауыс жолаушыларды еріксіз жалт қаратты. Алдымен вагон жағалап ілбіп келе жатқан бүкір кемпір көрінді. Одан соң кішкене дөңгелектері ұршықтай зырқыраған қоларба көзге шалынды. Арба үстіндегі құндақтаулы адамның екі аяқ, екі қолы жоқ екенін де жұрт содан соң барып байқады. Вагон терезелеріне үміттенесіз тесілген мүсәпір жанның дауысы төбе-құйқаны шымыр еткізерліктей жалбарынышты еді.

– Сарыөзекке баратын кім бар?.. Сарыөзекке баратын кім бар?..

Бүкір кемпір белін жазуға тоқтап, бір күрсініп алды да, иығына батқан жіпті толғай тартып, ілгері қозғалды. Жұрттың өздеріне аяушылық танытқанына еті үйреніп кеткен тәрізді. Ығысып жол бергендерді елең қылған жоқ. Қолтығынан демеп жібергісі келіп ұмсынғандарға бұрылып қарап та қоймайды. Өзі ыңғай білдірсе, шалды арбасымен қоса пойыздың мына басынан ана басына дейін тік көтеріп апарып тастау бұларға түк емес. Өйтсе шалының көңілі жасып қалатынын әуелден-ақ сезген. Отынға барып келгендей, шөніп жатысын қарашы, тіпті. Айғайлауға да ерінеді, о, құрған.



Бұл енді бүкір кемпірдің шалын еркелеткен түрі. Әйтпесе, ол сорлының пойыз тоқтап тұрғалы бері жағы семген жоқ. Сарыөзекке баратын біреу табылса, бірге ілесе кететіндей жанығады. Көзінің алдындағы күлтілдеген ісігі тарқап, сарғайған өңіне ептеп қан жүгіріп қалыпты. Кескен томардай кеспелтек дене дауыстап үн қатқан сайын зілсіз талпынады.

– Оу, жұртым, араларыңда Сарыөзекке баратын ешкім жоқ па? Түкірсең түкірігің жететін жерден әрі аспай, қадамы қатып қалған бұл неғылған ел?!

Ғаріп шал өнбес тірлігінен түңілгендей күңіреніп кетті. Оған да құлақ асар жан болмаған соң, үнін жұтып, амалсыз ауыз жапты. Қайтып жақ ашпай, түпсіз аспанға тесірейіп, жүзі сұрланып, безеріп жатып алды. Манағы өз сөздерін қайталап: «Сарыөзекке баратын кім бар?..» – деп сарнаған бүкір кемпірдің дауысын да естігісі келген жоқ. Көкейінде есейген шағынан бергі бар ғұмырын бірге өткізген кемпірін бөтенсігендей, соншама жыл жіпсіз байлаған суық өлкені жатсырағандай тосаңдау бір сезім пайда болды. Бұдан қырық-елу жыл бұрын өлім жазасына кесілген он адамның түн ішінде тап осы стансаға жеткізілгені де қос қабат есіне оралған. Үкім орындаушылардың өздерін вагоннан желкелеп түсіргені, табандары жерге тиісімен орманға қарата шұбыртып әкеткені күні бүгінгідей көз алдында. Қашан стансадан алыстап кеткенше асықтырып, мылтық ұшында ұстап еді. Үңірейген ұңғыны сүрінген жерде жауырынға тіреп, зәрелерін ұшырған. Мың өліп, мың тіріліп, орманға жеткен соң да жетіскендері шамалы. Ажал аузында жандарын шүберекке түйіп, қалың

орманды түкпірлеп ұзай берген. Маңдай тұстан ағарып атар таңды ғана медеу тұтқан, үміт еткен.

Дәм-тұзы таусылуға таянған адамның арайлы таң шапағын бір көріп қалғысы келетіні несі?! Түн қараңғылығын серпіп тастап, алыс көкжиектен саумалдар құйылар ізгілік нұрын аңсай ма, әлде. Өйтеуір мына жарық дүниеде қара күш пен қаскөйліктен басқа қайырымдылықтың барына да көздері жетсе, көңілдері тыншығардай болады. Өзінің артында қалып бара жатқан қимас тіршілікте ізгілік нұрының сөнбеуін тілейді. Сол кездегі оның өмірге деген жүрек қанындай ып-ыстық махаббатын тілмен айтып жеткізу қиын. Ол үшін енді жан дүниесін сәулелендірген ізгілік нұрынан қымбат ештеңе жоқ секілді. Етігіне жабысқан ми балшықтан аяғын әрең суырып, желең көйлегін сұп-суық жел кернеп, өлімге бет алып бара жатқан адамның ізгілік нұрына соңғы рет табынуы шығар, бәлкім, бұл.

Жол бастаушы омырауын қымтанып, мойнын ішіне тартты. Үстіндегі қара киімді осы жолға өдейі таңдап кигенге ұқсайды. Тұтқындар оның түрін әлі анықтап көрген жоқ. Белі қындырдай, иығы қушиған арық кісі. Екі қолын қалтасынан шығармағанкүйі, шалшықсудышалпылдата кешіп барады. Екпіндеп, аршындай адымдаған жүрісінен жаңылатын емес. Қалай қарай бұрылатынын, қашан, қайда тоқтайтынын өзі ғана біледі. Оның табан тіреген жері кісендері шылдырлаған ақ кебінді бейбақтарға дүниенің шетімен бірдей. Бұлар өздерінен бұрын атылғандардың рухымен сол жерде қауышады.

Қара киімдіні өкшелеп келе жатқан жауырыны қақпақтай шойқара жігіттің ұлты қазақ.

Өңгелерінен денесі ірі болған соң, көгенқосақтың алдына әдейі шығарған. Маңдайы жарық азамат былайғы өмірде де топ бастайтын серкедей еді. Көлеңкесінде қалған біреу сыртынан саусағын шошайтып жіберді. Саусағы сыңғырдың саусағын неге сындырмады бір талдап?! Бүйтіп итжеккенге сүйретілгенше, сол жерде жастығын неге ала жатпады?!

Ол қолындағы кісенін шықырлата жұлқып қалды. Қара киімді жол бастаушының жауыры дір ете түскендей болды. Екеуі әлденені іштей ұғысты. Бірақ, осы қимылымен бұл не айтты, анау қалай қабылдады, анау не айтты, бұл қалай қабылдады, оны екеуі де анық болжай алған жоқ. Тек қара киімді оқыс қимылдан тіксінгендей, аяғын тез-тез басып ілгері кетті. Тізесінен төмен түскен ұзын қара сулығынан сорайған бойы одан сайын ұзарып көрінді. Шойқара қазақ оны осы жолы артына қарар деп күткен. Жол бастаушы иығын манағыдан бетер қушитып, жағасын көтеріп алды.

Шойқара ту сыртынан біреудің күбірлеп сөйлеген дауысын естіді. Өзін қолдап, тағы біреу қолындағы кісенін шылдырлатты. Оған тағы біреу қосылып, басқалары оны іліп әкетті. Артына жалт қарап, арып-ашқан тұтқындардың арасынан шаттана шамырқанған біреудің ақсары жүзін көрді. Бір көзі шытынаған оймақтай көзілдіріктің ар жағынан отты жанарлар жалт ете қалғанға ұқсады. Ақырын, бірақ бірқалыпты естілген кісен шылдыры көгенқосақты бойлап, үндесе, жалғаса барып, қарауытқан орман арасына, түн қойнауына жұтылып кетіп жатты.

Ол пойыз доңғалақтарының дүрсілін елден бұрын естіді. Аяқ-қолдан айырылғалы бері құлағы сақ. Үйде жатып түзден дыбыс аңдытып қойған құсалы өмірдің мазағы болар. Әйтеуір, тықыр еткенге алдымен өзі бас көтеретін. Келгенді күтіп, кеткенді шығарып салуға дәрмені жоқ. Ондай өлшеусіз бақытты тағдыр маңдайға жазбаған. Жұрт жапырыла қараған жаққа ол да мойын бұрды. Шойын жолға тас кенедей жабысып алған жыланқұрт шұбатылып жақындай берді. Жер тітіреп, шалдың қоларбасы да дір-дір етіп барып басылды. Атам заманғы ескі пойыз алыс жолдан арығаңдай, арса-арсасы шығып, соңғы күшін сарқа итіндеп келіп, итиіп тоқтады.

– Әй, тарт!.. Тартсаңшы!..

Шал пойыз жүріп кететіндей талпынып, айғайлап жіберді. Бүкір кемпір қапылып, орнынан екі ұмтылып өзер тұрды. Биылғы көктем оны жылдағыдан көп әлсіретіп тастағаны екен. Сірә, енді оған да дүниенің шеті көрініп қалған шығар. Бойына шақтап жинаған көр-жерін анда-мұнда тықпыштап жүргені тегін болмады. Әділетіне жүгінсе, одан бұрын өзінің жамбасы жерге тиюі керек. Әйтпесе, ғаріп шалдың күні қараң. Қыл аяғы сәлеміңе дейін сатулы қазір. Кемпір өлсе, бұған қарайтын басқа кім бар.

– Мына неменің үні неге өшті? Тірі ме өзі?

Бүкір кемпір бүгежектеп, артына қайырыламын дегенше біраз жұрт пойызға да мініп болып қалды. Ақырын жылжып келіп, тілерсегінен қаға тоқтаған қоларба онсыз да әрең тұрған байғұсты жалпасынан түсіре жаздады. Шал дегбірсіздене, арбасын селкілдете бұлқынып,

кемпірдің екі аяғын бір етікке тыққандай қылды. Ол шалына алара бір қарап алды да, қоларбаны жұлқа тартып, вагон жағалатып сүйрей жөнелді.

– Қайырымды жолаушылар, маған Сарыөзекке баратын біреуді тауып беріңдер. Ешкімнің ақысын жемеймін. Жүтімді арқалатып өүреге де салмаймын. Қайырымды жолаушылар...

Жоқ қой, бұлардың арасында Сарыөзекке баратын ешкім жоқ. Болмаса, ғаріп шалдан ақы дөметпей-ақ, қолын беруге әркім дайын. Өне, ана біреуі қайыр-садақа тастап кеткісі келіп қалтасының түбін қақты. Арба сүйреген бүкір кемпірдің қайыр сұрап жүрмегенін байқап, қолын тез тартып алды. Шалды мүсіркегендей, жанынан өтіп бара жатып, бетіне сонша тесілді.

– Көрмеге қоюға алып шықты ма екен... Обал-ай тегі...

Мұндайда бүкір кемпір ештеңе естімегендей қалып танытып, үндемей құтылатын. Кемпірі естімеген нәрсемен шалдың да жұмысы жоқ. Аяқ-қолының саулығын малданған ақылы кем итке сөз шығындап қайтеді. Тарт-өй, кемпір, тарт. Тездетсеңші кішкене, құдай-ау. Өзің тілеп алған азаптан қайда қашасың енді. Қырық жыл сүйредің ғой. Тағы сүйре!..

– Сарыөзекке кімнің жолы түседі? Жөндеріңді айтыңдар. Ақысын төлеймін. Қанша сұрайсыңдар, ал. Бір адамның жолпұлын төлеуге шамам жетеді. Өй, кемпір, солай деп айтсаңшы мыналарға. Сарыөзекке дейін де. Сарыөзекке дейін.

– Несіне қайталай берем оның. Құлағы бар ел естіген де.

– Өй, қақпас, бұдан кейін пойыз жоғын білемісің.

- Түнде тағы біреуі жүреді.
- Түнге дейін тосарсың, атаңның басы.
- Е, тоспағанда...
- Сарыөзекке баратын кім бар?.. Сарыөзекке баратын кім бар?..

Ескі пойыз сілкініп қалып, орнынан тебіне қозғалды. Қос бүйірін тепкілеп, жүрісін жылдамдата түсті. Екпінінен жел тұрып, доңғалақтары дүрсіл қағып, жандарынан шұбатылып өтті. Үміті біржола үзілгендей, дауыстап жылап жіберді.

\* \* \*

Көкжиекті алба-жұлба бұлт жаулап алыпты. Арбайған-жарбайған бір пәле көзге елестейді. Атып келе жатқан таң да ала-құла. Ол таң шапағын көре алмағанына кәдімгідей қапа болып қалды. Ендігі өмірінің бәрі осындай сұрқай дүние құшағында өтетіндей көрініп кетті. Қалғандарының ойында не бары беймәлім. Қосақтағы серігінің жирен мұрты, сары шашы үрпі-түрпі. Тірі өліктей түсі суық, қорқынышты. Жағы суалып, көзі шүңірейіп ішіне кіріп кеткен. Одан кейінгі тұтқынның да өңі қан-сөлсіз сүп-сұр. Көгенқосақты ұзартқан өңге тұтқындар да көрден тұрып келгендей жан шошырлық кейіпте. Арыған, азған адамдардың жүзінен осы түні шексіз азапты бастан өткергендері аңғарылады. Қабақтарына қайғы қатып, қасірет қан жұттырғандай түнереді.

Оқ өтінде тұрғандай, тізесі дірілдеді. Жанарының отын шошына жалт еткізді. Дәп қазір бұған мылтық кезенген ешкім жоқ. Орман арасындағы шағын елдімекенге жанаса тоқтапты. Қара киімді жол бастаушы жүзін көрсетуге

жасқанғандай әлі сыртын беріп тұр. Шеткі үйден басына қызыл орамал тартқан келіншек шығып, осылай қарай жүрді. Сәнденгені ме, бойын түзеп, аяғын қайшылап басады. Ескі таныстарын көргендей, еркелегендей, тым жайбарақат, сылқым. Қолдағы шылдырлаған кісеннен түк те тіксінебейді. Оның да еті үйреніп кеткен болды.

Мәссаған!.. Қаншауын әкелген?!.. Біз еркек көрмегелі қашан. Бәріңді бірдей алып қалайын ба осы, ә?.. Жер жыртқызып, картоп еккізем... Сібір деген жердің қандай екенін білесіңдер ме? Мұнда қазір өңкей еркексіреген қатындар тұрады. Еркектердің бәрі қырылып таусылып болды. Соғысқандар да осы жерге келеді, қашқан-пысқандар да осы жерге келеді. Самогонымызды ішіп, ұзақ қысқа сақтаған азық-түлігімізді жеп, ақыр аяғында еркектерімізді атып кетеді.

Жұмырыиығынан жамылғысын төмен сырғытып жіберіп, шойқара қазаққа әдейі сүйкеніп өтті. Түнімен жол тосып, далада тұрғандай денесі таскесек. Оған қарағанда өз бойының кәдімгідей қызынғаны білінеді. Тынымсыз ұзақ жүргендіктен ептеп маңдайы тершіген. Аттай жарап, жұтына қалыпты. Әлде, әйел баласы сүйкеніп өткенге қунақ тартты ма. Әйтеуір, жарық дүниеде ас ішіп, аяқ босатқаннан басқа тағы бір қимасының бар екенін түйсінді. Айдалада кезіккен әйел баласының оқтау жұтқандай қақшиған жол бастаушымен әмпей-жәмпей бола қалғанын көріп, ішіне шоқ түскені де содан.

Екеуі әлденеге келіскен сыңайлы. Ежелгі таныстар ғой шамасы. Үй иесі жалғыз қайтқанмен, қабағы ашық, көңілді. Жол бастаушы бір қырындап, тұтқындарды алыстан орағытып барады. Өлім

жазасына кесілгендермен жүздесуден әлі де тайсақтайтын секілді. Қарғыстан қорқа ма, онысы несі. Өмірде қайтып кездеспейтіндері де анық. Қан сасыған қарау тірлігінен жиіркенер, бөлкім. Тұтқындардың өзіне жеккөрінішпен қарағанын да ұната қоймас. Өлімге бас тіккен жандардың нұрсыз суық жанарынан, қабарған түрлерінен шошып, жүрегі шайлықты ма екен.

Жол бастаушы екі бүктетіле еңкейіп, ішке кіріп кетті. Қыр желкеден үңірейе төнген ұңғылар төмен түсіріліп, тұтқындардың да мойыны босады. Ажалдың жүзі тайғандай, еңселері көтеріліп қалды. Төргі бөлмеге аяқ жетпей, ауызғы үйдің дәліз жақ бұрышынан орын тиді. Ұйқыға мас болғандай, қосақ-қосағымен жалаңаш еденге айқаса құлап, қорылға басты. Жамбасына тас батқандай дөңбекшіп, көз ілмеген жалғыз өзі ғана. Түпкі бөлмеден естілген күбір-сыбыр одан бетер ұйқысын қашырды.

Құлағына сыңқ-сыңқ күлгендей, сыңсып жылағандай да бір үн келеді. Осы үн ақыл-есінен айырғандай, өз деміне өзі тұншығып, жұдырығын тістелейді. Еңбектеп барып, түпкі бөлменің есігін тырналағысы бар, тоқпақтап ұрғысы бар. «Қинамашы!.. Қинамай атып тасташы», – дегісі бар. Сонымен бәрі де ұмытылар еді. Таң шапағын бәрібір көре алмас. Күн бұлыңғыр, ауаны дымқыл сыз жайлаған. Алба-жұлба бұлт, ала-құла таң.

Сыңсып жылаған мына бір үн де маза бермеді.

\*\*\*

– Атаңның гөрі! Сен болмағанда, жаңағы пойыздан құдайына қараған біреуді таппаймын ба! Елге сәлемімді жеткіз демеймін бе!



– Мен не кесір жасадым саған?

– Білем мен сені. Сарыөзекке баратындарға әдейі жолықтырғың келмей жүр.

– Иә, ілесіп кетесің бе деп қорқам.

– Кетсем кете салам.

Айтарға сөз таппай, ашуға булығып, дымы өшті. Көпке дейін тіл қатыспады. Түнгі пойыз келгенше талай уақ. Кештің батқаны жаңа. Ел аяғы басылып, жым-жырт тыныштық орнаған. Бірлі-жарым жолаушы уақыт өткізе алмай бос сенделеді. Бұлар үйге қайтса, стансаға қайтып жол түсуі қиын. Аяғы сау адамға тиіп тұрғанмен, оларға мына станса жердің түбі. Шыдайды, шыдамағанда қайтеді.

Сырт кейпі шопырға ұқсайтын, кепкісі мыжырайған, былғары күртесі май-май жігіт ағасы жасқаншақтай келіп, жандарына отырды. Шал-кемпірдің жайын аңдағасын, жалпақ беті жайыла күлімсіреп, жылы шырай танытты. Кемпір үндемеді, шал да қабақ шытпады. Елеп келіп отырғанына рақымет қайта. Шалдың көзі ақырын-ақырын жылтырай бастады. Бірдеңеге іші жылып бара жабыр, байқайды. Сәлем беру кішіден, жөн сұрау үлкеннен. Әңгімені шал өзі бастады.

– Қазақсың-ау?!.

– Қазақпын!..

– Түрің айтып тұр..

– Қазір пойыз жүріп кетеді, ата.

– Елге кетіп барасың-ау?

– Иә, сіздің дауысыңызды естіп түстім.

– Қай жерге дейін барасың?

– Сіз айтып отырған жерге дейін.

– Сарыөзекке ме?

- Бұйырса.
- Не дейт?!
- Сарыөзекке барамын, ата.
- Әй, кемпір, жабыс мынаған!..

Шал қуанғаны сонша, басы бұлғалақтап, быдықтады да қалды. Еріндері жыбырлап, ет-жақын туыстарының атын атап та жіберді. «Құндызбай, Өлхан, Мамытбек, Күлғайша», – деді. Құндызбай мен Өлханның бірі аға, бірі іні. Мамытбек деп жатқаны нағашысы. Күлғайша шеше орнына шеше болған үлкен әпкелері. Нағашысы жоқ та шығар қазір. Ойында тұрған тағы бір адамның атын атамады. Оны өзінің іші ғана біледі. Бар-жоғы он-ақ күн отасқан Жанайша ол. Қайын атасы колхоз белсендісі еді. Бөле-жаласы қара күйедей жұға кететін «халық жауының» үйіне қызын қайдан тұрақтатсын. Есімін ауызға алуға батпағаны да содан.

Кемпірі мұның не ойлағанын сезгендей, бүйірінен қаттырақ нұқып жіберді.

- Мына балаға жөніңді айтпаймысың.

Шал жақтырмай, қабағын түйді.

- Есіме түсіріп алайын, тоқташы.

Шал шынымен де сөзін жұптай алмай жатқан. Езуін әлі жимаған жолаушыдан қысылды. Жүзі жылы, момындау көрінеді, аманатын орындаудан қашпас. Ақысына жолпұлын ақтап береді. Екі-үш ауыз сөз арқалап апаратын жүк емес. Бірақ, сонда не айтарын, не деп сөлем жолдарын өзі де білмей жатқан жоқ па. Алдын-ала ойға түйгенін тауыққа шашқан тарыдай пышыратып алды. Іздеген адамы аяқ астынан жолыққанға есі шығып кетті. Бірдем үнсіз қалып, көңілі орныққасын барып қана тіл қатты.

– Балам, менің ел-жұртым сол жақта. Аты-жөнімді айтсаң біреу болмаса біреу білуге тиіс. Бұрын хабарласуға жағдай болмады. Кейінірек көршіміздің баласына хат жаздыртып ем, жауап келмеді. Жұрт жаңарып, үй ауысса да, ел аумаған шығар.

– Е, мұныңыз қиындау шаруа екен, ата. Адрессіз табуға да болар. Тек оған уақыт кетеді.

– Уақыт деген не тәйірі. Қырық жыл қоларбаға таңылып мен де жатырмын. Қапылып қайда асығасыңдар, түге. Көңілі шапса, сендей дені-қарны сау, қол-аяғы балғадай жігіт бәріне үлгереді. Меселімді қайтарма, балам.

– Жұмыс қой енді. Өкіметтің жұмысымен жүрміз. Сағатымызға дейін санаулы. Ешқайда бас бұрғызбайды.

– Қап!.. Қап-әй, ө!.. Түсі игіден түңілме деп... Қой, кемпір, болмады бұл. Менің арбамды пойыздың артына жалғап жібермесең, басқа амал қалмады. Құрығанда Сарыөзекке сүйегім жетсін.

Шал қатты қапаланып, көңілі тез суынды. Жолаушы оған селт етпей, ыржиып отыра берді. Көзін сығырайта сағатына үңіліп, пойыз келетін жаққа мойнын соза қарап қойды. Оның осы қимылынан үміттенгендей, шал тағы емексіген. Бүкір кемпір алдын орап кетті.

– Сарыөзекке дейінгі билеттің құны қанша?

Жолаушы ойланғандай, иегін қасыды.

– Біраз жер ғой. Қай-да-а...

Кемпір құнжындап, ішкі қалтасына қол жүгіртті. Сырты тілім-тілім болған ескі әмиянынан төрт бүктелген қағаз бен ортан белінен буылған бір қат ақша алды.

– Мә, балам. Мына ақшаны жолыңа жұмса.

Ана қағазда біз білетін бұрынғы адрес жазылған. Сонымен тауып барарсың. Алдымен Құдайға, сосын өзіңе сендік. Өмір бойғы жинағанымнан кертіп беріп отырмын. Әйтпесе танымайтын адамға құрыдан-құр ақша үлестіретіндей жағдайым жоқ. Осы шалдың бір қуанғанынан садаға. Тілегіміз саған аманат!

Шал кемпірінің сөзін бөліп, талпынып басын көтеруге әрекет жасады. Стансаға қарай жылдам жақындап келе жатқан жарықты жолаушы да көрді. Бүкір кемпірден қақшып алған ақшаны қойнына зытыра салып, жолға жиналғандай үсті-басын қаққыштап, орнынан тұра бастады. Жер танабын қуырып, жүйткіген пойыз стансаға маңдай тірегенде, кемпірдің көзін ала беріп, жылыстай жөнелді.

Түнгі пойыздың бұл стансаға тоқтамайтыны шалдың есіне сол кезде ғана сарт ете қалған. Манағының тақырға отырғызып кеткенін кемпірі де сезді. Аттандап айғайға басқан оның дауысын ешкім естіген жоқ. Жүрдек пойыз соңғы үмітін кескендей, жандарынан сыңғытып өте шықты.

\* \* \*

Солқылдап жылағандай болды. Сыңқылдап күлген сияқтанды. Ояна келгенде осы үнді құлағы шалған. Жанын қоярға жер таппағандай тыпыршып, басын айқаса жатқан екі тұтқынның арасына тықпалады. Содан-ақ маза кетіп, көз іліндіре алмай қойды. Қапырық бөлмеде ауа жетпей, демі бітіп, ал кеп аунақшысын. Сүйретіліп сыртқа шыққанда ғана тынысы кеңіді.

Құрған қар, сылқым күліп, және сүйкенді. Манағыдай емес, бойы жылы. Денесі тығыршықтай,

қол батпастай қап-қатты. Уыз иісі аңқып, танауын қытықтады. Әрі мұның өлімімен ойнап тұрғандай, қорланып та қалды. Бірақ, емексіген көңілін қытықтаған бірдеме бар. Өкшесін көтеріп, құлағына сыбырламақ болған келіншекке еріксіз еңкейді.

– Сені сатып алсам қайтеді?

– Сатып алатын мен саған өгізбін бе, не?

– Ақымақ, сенің құның қазір шібіштен арзан.

– Сөзінің сиқын...

– Құдай ақына, шын айтам. Түнде мыналардың артарынан құпия тапсырма келді.

– Ол не тапсырма?

– Араларыңда лагерде бүлік тудырмақшы біреулер бар көрінеді.

– Сонда не істемек?

– Ұйымдасып қашты деп, көздеріңді осы арада құртпақшы.

– Жала ғой. Бізді ешкім ештеңеге үгіттеп келе жатқан жоқ. Заң бойынша біз айдауға кетіп бара жатырмыз.

– Заңның қандай екенін біліп болған шығарсың. Алып қалсам, қашып кетпеймісің, соны айт одан да.

– Басың бөлеге қалмай ма?

– Менде жоғалтатын ештеңе жоқ.

– Сонда мені не үшін алып қалғың кеп тұр?

– Ұнап қалдың да!

Ұй иесі келіншек сыңқ етіп күлді де, мұның жауабын тоспай бұрылып кетті. Келесі сәтте бұл оны есік көзінде етігін майлы шүберекпен жалтырата ысқылап жатқан жол бастаушының жанынан көрді. Оның осылай қарай иек қаққанын байқап, екеуінің арасында өзі туралы бірдеңе

айтылғанын жүрегі сезген. Жол бастаушы етік майлағанын қоя қойып, оқыс жалт қарағанда, кешелі бері жүзін жасырған адамның тірі аруақтай қуарған қан-сөлсіз бет әлпеті көз алдына тосылды. Адам бейнесіне еніп келіп тұрған ажалымен беттескендей әл-дәрменінен айырылып, арбауға түскендей аяқ-қолы жансызданып, қимылсыз қатты да қалды.

Соның арасынша: «Бізді лагерге жеткізбей, осы арада атады екен», – деген күбір-сыбыр көген жағалай жөнелді. Ол бірдеңе есіне түскендей жалт қарап, тұтқындардың арасынан кешегі көзілдірігінің бір көзі шытынаған ақсары жігітті іздеді. Анау да бұған сынай қарап тұрды да, басын изеп кеп жіберді. Мұның қоштасу белгісі екенін сезіп, іші қалтырап кетті.

Естен танғандай сүлей-сопа күйінен қайтып арыла алған жоқ. Тағдырдың жазуына мойынсұнғандай, іштей өлімге дайындала бастады. Арыстай азамат екі иіні салбырап, күрт түсіп кетті. Туған-туыстарының атын атап, әрқайсысымен жеке-жеке қоштасты. Құндызбай мен Әлиханды аузыға алғанда, бауырларын қимай, жанарына бір тамшы жас іркілді. Жастайынан шеше орнын басқан Кұлғайшадай алтын әпкесінің есімін атағанда, іші-бауыры езіліп, егіліп жылап жібере жаздады. Ер мінезді нағашысы Мамытбекті ойға алғанда барып қана жасын жұтып, буынын қатайтты. Одан кейінгі қоштасу сөздерін он күн отасқан жары, жұбайы Жанайшаға арнады.

– Қош, Жанайша! Бағыңды байласам айып менен, – деді. – Асқар таудай әкең бар. Ешкімнің талауына бермес. Басың жас қой. Теңінді де табарсың, – деді. – Тек бір адамнан сақ жүр. Мені

тереген Байтілессен барғанда көз сұғын қадағандай болып еді. Ол бізге бөтен. Ақ дастарқанымнан ас ішпегендей, тергеуде бойын аулақ ұстады. Жазықсыздан-жазықсыз өлімге айдатты, міне. Жау да бүйтіп қапыда қастық қылмас. Қасындағы жандайшабына да төрімнен талай орын босатып ем. Менің айтқанымды тыңдамай, жалақорға сенді ақыры. Бетіме қайнақ су шашты. Тырнағымның астына ине жүгіртті. Ондай тозақты көргеннен өлген артық. Өзім де соған белімді бекем будым. Түк те қайғырып тұрғам жоқ. Сені жау қолына тастап бара жатқандай өкінішті сезім ғана бар. Бағың ашылсын, жаным!.. Қош!..

Қош!.. Жанайша!..

Осы айтқанын ол үкім орындалар сәтте де қайталады. Өзіне қосақталған жирен мұрттының да қолын кеудесіне қойып, әлдене деп күбірлегенін құлағы шалды. Көгенқосақтың бойынан біреудің тұтқындарға арнап үн қатқанын, тағы біреуінің солқылдап жылағанын, есіктырнағанашмысықтай ішін тартып өксігенін естіп, көңілі босады. Жанары жасаурап тұрып, қарсы беттен самсап көтерілген мылтық ұңғыларына жалтылдап шағылысқан күн сәулесін көргенде, алғаш соншалықты мән де бермеген. Кенет, әлдене есіне түскендей селт етіп, мылтық ұшына анықтап қайта қарады. Жүрегі кеудесін ұрғылап, атқақтай соғып, аузына тығылды. Бұл арасынан себездеген күн сәулесінің жылуын сезінгендей, тұлабойы шымырлап кетті. Шынымен де осы мезетте үкім орындалар жерге жап-жарық нұр саумалдап төгіле қалған. Өлім жазасына кесілгендерге табиғат-ананың көрсеткен ақтық шапағаты, ізгілік нұры еді бұл. Іле жай түскендей шатырлап, әлгі әдемі әсердің

тас-талқаны шықты да, көз алдында мың-сан қызыл теңбіл ойнады. “Қош... Қош, Жанайша!” деуге ғана тілі келді. “Қош-қош, жарық дүние...”.

\* \* \*

Иә-ә, бұл жарық дүниемен сөйтіп қоштасқан. Үшкүнненсоңекіаяқтыңорнында тізесі, екі қолдың орнында шынтағы шолтаңдап, кеспелтек томардай домаланып, өмірге қайта оралды. Жарасын шөппен емдеп, жас балаша мәпелеп бағып-қаққан әйелге сол кезде: “Құтқарғаның ба, қорлағаның ба? “ – деп ренжігені есінде. “Арыстай азаматты ажалға қайтіп қиям?” – деп ол байғұс сықсыңдап жылаған сонда. Бертiнiректе: “Шыныңды айтшы осы, мен неге керек болдым?” – дедi өзiнiң тiрi қалғанын мiндетсiнгендей, бiр жағы өзiлге сүйеп, “Сопайып қашанғы жалғыз отырайын”, – деп құтылды ол. Осы сауалын стансадан Сарыөзекке баратын адам таппай, бар ақшасын көлікке тонатып қайтқанда, қоларбасында жұлдыз санап келе жатып және көлденең тартты. Шалына жауап беруге тоқтап, демiн басқан бүкiр кемпiр жаулығының ұшымен жiпсiген маңдайын сүртiп отырып, аяқ асты қутындап күлмең қақты.

– Қайтесiң қинай берiп. Еркегi жоқ үйдiң ермегi қанi?.. Қағынып тұрған кезiмiз ғой, құрсын. Сен шал, жазғырма менi. Тiрлiктiң мың қызығынан қағылсаң да, бiр қызығынан құр етпедiм.

– Е-е, бәрi өзiң үшiн екен де, жазған.

Шал бiртүрлi көңiлi жасып, қоңырайып қалды. Кемпiрi кiнәлi адамдай қипақтап, тұқшындап тұқыра бердi. Шалының алды-артын қымтап жауып, жастығын оңдағанда да жүзiне тiктеп қарай алмады. Тек сәлден кейiн арадағы ыңғайсыз



еңгімені жуып-шайғандай жорта кейіген болып, шалына дауысын қатайта жекіп тастады.

– Қайдағы-жайдағыны еске салмай, жайыңа жатшы. Ол ит сені маған ақшаға сатқан. Басы бүтін еркекке саудаласқам мен. Аяқ-қолыңнан айырса, қашып кетпесін дегені шығар. Ана көрші кемпірдің сен құсаған біреуді самогонға айырбастап алып, үш айдан соң азабына шыдамай сайға домалатып жібергенін білесің. Бір шұқырға итере салсам, сұрауың жоқ еді сенің де. Өмір бойы асыраған азабымды айтсаңшы. Қартайып өлер шағында туыстарын іздей қапты енді. Келсін де алып кетсін керек қылса. Менің нем кетеді оған?!

Бүкір кемпір бара-бара шындайын деді. Оның мына сөзін естіген шалды да ашу қысты. Таяқты көп жеген баладай шақарланып, үлкен ала көзі адырайып шыға келді. Үндемегенге төске өрлеп бара ма, қайтеді?! Сенің де жайың белгілі. Жақсылығыңды міндет етпей-ақ қой. Ақыл-есім түзуде жансауға сұраған емеспін. Дені дұрыс бір еркек тапсаң, сен де менің көзімді құрта салатын едің. Менің бағыма, сенің сорыңа, ондай еркек бұл жаққа аяқ баспады. Осыған дейін мың өліп, мың тірілдім мен. Сол ма маған жасаған жақсылығың?! Сандалмай, жоғал!

Қоларбаны жұлқи тартып, ілгері қозғалған бүкір кемпір де әліне қарамай тасырайған шалына қыр көрсеткендей қаздаңдай жөнелді. Мұның көкейіндегі қыжылын айтқызбай-ақ ұққан, не деп тілдейтінін де біледі. Ести-ести әбден құлағын сарсылтқан боқтық бөрі. Бір есептен жан күйзелісін түсінуге де болар. Қырық жыл қоларбаға таңылып жату оңай деймісің. Соған төзген неткен қайсарлық бұл, ә?! Жаны темірден жаралған шығар тегі. Қап,

манағы иттің алдап кеткенін қарашы. Сорлы шал бір қуанып қалатын еді. Қап!..

Кемпірінің табан астында жуасып қалғанын байқап, шалдың да ашуы сабасына түсті. Әрі-беріден соң арба алдында томпаңдаған бейбақты аяп, жаны ашып мүсіркей қарады. Сол күйі қоларба тал бесіктей тербетіп, жол бойы қалай қалғып кеткенін өзі де аңдаған жоқ. Әйтеуір, өң мен түстің арасында: “Сарыөзекке баратын кім бар?.. Сарыөзекке баратын кім бар?” – деп сандырақтай берді.

# ТӨРТ МЫСАЛ

## 1. Жандауа

Ныспысы – Михай, нұсқасы – қытай, бес тарам сақалы бар, қушық маңдайлы қысық көз бұл емшіні мен қылтамақпен ауырған әкемді қаратуға апарғанда көрдім. Пенде шіркіннің жаны жапалақ, төні топырақ, басы алланың добы екенін бізден гөрі тереңірек ұғынған діні қатты, дәті берік кісі екен.

– Ем қонбайды, әкеңді анда-мұнда сүйреп, әурелей берме. Үйде жатсын, – деді.

Мұны естіп әкем де, мен де қатты қамығып қалдық. Қылтамақпен ауырған адамның жазылмайтынын білмейтіндей аспаннан түскеміз жоқ. Мен әкемнің көңіліне қарап, әкем үмітсіз шайтан деп, бір тоқтының етін арқалап келген бетіміз ғой.

– Қазақтарды аңқау дейді. Жоқ, аңқау емес. Тек айдаладағы біреудің өзін алдап кеткенін тілеп тұратын сияқты, – деді емші менің ренжіген түрімді көріп. – Әкеңді алдап, ақшасы мен етін алып қалсам ғой, қуанатын едіңдер.

– Ауруымды түстеп, анығын айтқаныңа рақмет, – деп манадан бері үнсіз отырған әкем оқыс үн қатты. – Бір тоқтыға қарап қалған ештеңе жоқ. Қолымызды қайтарма. Оны қайтадан көтеріп өкетіп бізді жын ұрып па.

Әкем осылай деді де орнынан тұруға талпынып, жан-жағына қарманды. Қолтығынан демеуге ұмсынған маған ыңғай бермей, сіңірлі

қолдарымен биік шкафтың қырынан қысып ұстап, тез тұрып кетті. Сыртқа шыққан соң барып тынысы кеңігендей терең бір дем алып, ауырғалы бері шешем күнде жуып, қалтасына салып беріп жүрген ақ орамалмен маңдай терін сұртті. Әкеме жаным ашып, менің де жүрегім бір түйнеп қалды. Былай шыға бере:

– Менің жасырақ кезімде бұл емші біздің жақта тұрған, – деді әкем көңіл жұбатқандай түрмен. – Қалаға кейін көшіп кетті. Талайды емдеп жазып еді. Емшілігінде гөп жоқ енді. Бірақ менің ауруыма шамасы жетпейтінін біліп отыр. Көрдің бе, бір қарағаннан-ақ түсін суытты ғой.

Мен үндегем жоқ. Тамағым құрғап кеткендей болды. Әлгі емшіні іштей жеккөріп келе жатырмын. “Шындықты жасырмай айтты, оның несі айып?” деймін де, іле ол ойымды лықсып басыма тепкен ашу тұншықтырып тастайды. Емшінің сығырайған қысық көзі мен қушиған маңдайы көз алдымнан кетер емес. Соны сезіп, қапалақтаған әкем емшіні қалай ақтарын білмей әлек. Осылай әрі-сәрі күйде автобуска келіп, отырдық. Одан жолай ауылға баратын үлкен көк автобуска ауысып міндік. Ауылдың төбесі көрінгенде әкем:

– Жаңағының айтқанын шешең естімей-ақ қойсын. Үйінде жоқ екен, таба алмадық дей сал, – деді.

– Мақұл, – дедім мен басымды шұлғып.

Сонда әкем:

– Бұл емшіге ренжудің қажеті жоқ, – деп бір әңгіме бастады. – Осының жасы жеті-сегіздер шамасындағы баласы бар еді. Соны апас-қапаста қойының жүнін қырқып ала қойғысы келген шешесі қырықтық қайшыға жұмсапты. Әжетке

жарағанына қуанған бала, қолында әлгі қырықтық қайшы бар, шешесіне қарай құлдыраңдап жүгіріп келе жатып, аяғы-аяғына шалынысып, мұрттай ұшқан екен. Қас қылғандай, қолындағы қайшының екі ұшы екі көзіне кіріп кетіпті. Шар еткен дауысқа жалт қараған сорлы шешесі баланың екі көзі бірдей ағып түсіп, домалап жатқанын бір-ақ көріпті.

Ол келіншекті біз Дариға дейтінбіз. Ұлты қытай ғой бұлардың. Қытайша тіліміз келмеген соң, осылай атап кеткенбіз. Әйтпесе Михайдың да шын аты басқа. Шыңғырып келіп құлаған Дариғаны осы Михай баланың үстінен жұлып алыпты. Баланың жайын білген соң, жүгіріп үйге кіріп, мылтығын көтеріп шығыпты. Көрген жұрт түрі бұзылып кеткен, бет қаратпастай еді дейді. Дариға ес жиып, қолына жармасқанша болмапты, мылтықтың ұңғысын баланың жүрегіне тақап тұрып басып салыпты. Қиналып, қанға қақалып жатқан бала сол сәтте-ақ жантәсілім еткен екен. Кейін ойлап қарасам, баласының қиналғанына бұл сорлының жаны шыдамапты ғой. Егер олай істемесе, баласы қаншама азап шегер еді. Жазылып, адам боп кеткен күнінің өзінде екі көзі бірдей көрмейтін көр соқыр ғаріп болып қалмай ма.

Әкем әлде өзіне, әлде маған тосын бір сауал қойғандай тосылып қалды. Бұрылып қарасам, реңін салқын ұстап, тұнжырап отыр. Менен жауап күткен түрі байқалмайды. Балам деп өмірде бір шешіліп сыр айтып көрмеген әкемнің мұнымен нені меңзегенін түсіне алмай менің де тілім байланды.

Үйге келген соң емшіні таба алмадық деп шешемді бір алдадық, бұл аурудың да түр-түрі бар көрінеді, мынауы жеңілірегі сияқты

деп, көңіл сұрауға жиналған көрші-қолаңды екі алдадық. Бізге сенген болып, өтірік анқаусып отырған ауыл адамдары енді сөздің сірағасымен қала жаңалықтарын сұрай бастаған. Жанға батқан сырқатын ұмытып кеткендей, әкем де осы сәтте шешіліп сала берді.

– Ойпырмай, бұл қаладағы қазақтың балалары болып кеткен, ө, – деп өз жауабы өзіндегі бір сауалды ортаға тастады. (Қалада жұмыс істейтін менің ішім қылпете қалды). – Мына балам болмаса, нан сұрап жей алмайды екем, аузың қайсы десе, мұрнын көрсетеді, қызталақ (Әкем мені де сол көптің ішіне қосып жібергендей болды). Ығысып жол бергенді, тұрып орын бергенді білмейді, сен шалды қайдан көрдім дегендей бақшиып отыр, қызталақ (Автобуста әкеме орын бермеген бір жігітпен шекісіп қала жаздағаным рас еді). Жол тосып тұрсақ, қаршадай екі бала қалың жұрттың көзінше шөп-шөп сүйіседі, қызталақ (Оны аңғармаппын, таңырқайтын да жайт емес қой). Көйлегін шолтитып, алдымнан олай да өтеді, былай да өтеді. Өлгі паркте отырғанда, еркек құсап мұрнынан темекінің түтінін бұрқыратқан біреуін көріп жағамды ұстадым. Ой, аллай десеңші... (Мен оған назар аудармаған екем). Қазақшадан мақұрым қалғанын айтсаңшы бәрінен бұрын. Кәріс кәрісше, сыған сығанша-ақ сөйлеп жүр. Сұмдықтың бәрі осы тіл білмегеннен шыға ма деп қалдым. Ауыл-аймағы, ата-анасы жетім бала сияқты, бір жағы жаның да ашиды. Кімнің ұлы, кімнің ұрпағы?! Мәңгүрт, ғаріп деудің де қисыны жоқ. Қапа болып, түңіліп қалдым бұл қаланың жастарынан. Мейлі, не десеңдер о деңдер, екінші қайтып ол қалаға бармай-ақ қойдым.

Әкем қаладағыларға емес, мына отырған бізге ренжігендей, сөзден тыйылып, тымырая қалды. Ауыл адамдары: “Е, солай, солай” деп бас шұлғығаны болмаса, ешқайсысы оны құлшынып қоштай қойған жоқ. Мен де үндемедім, не дейін. Іштей әкемді алдына бармай жатып меселін қайырған емшіге ренжіп отырғанға жорыдым. Ойымды дөп басқандай, Бердібек мұғалім:

– Осы сіздер іздеп барған емшінің көзіне қайшы кіріп кеткен баласын ғаріп боп қалады деп өз қолымен атып тастағаны рас па? – деп әңгіменің бетін басқа жаққа бұрды.

Әкемнің оған не дегенін естігем жоқ. Бой жазуға сыртқа шығып кеттім. Үй айнала бере, әкемді аяп, көз жасымды бір сығып алдым. Түн тымық, ай жарық. Ауыл жеңіл тыныстап, ұйқы құшағына еніп барады. Жағы сембеген тек байғыз ғана. Уа-а-ақ... Уа-а-ақ...

## 2. Жанжара

Ол бір көзін сахнаға тікті, екінші көзін алдыңғы қатарда желкесі күжірейіп, құнжиып отырған басшыдан айырған жоқ. Осы қалпында ішімдегіні өзің тап деп тымырайған ұлты басқа бастық пен сахнада актерлер жан сала ойнап жатқан өз өмірінің жастық кезеңін қатар көріп отырғандай еді. Бұлай болатын себебі, спектакль ауылдан оқу іздеп келіп, содан жолы болып қалада тұрақтап қалған, бірақ көрінгеннің есігінде жүрген жастар мен асыраушысы жоқ қаңғыбас құтпан жайында екен. Мөртай да оқуын бітіріп, жылы жатақханамен қоштасқаннан кейін, қаладағы “көшпенділер” қатарын көбейтіп, үш баласымен

пәтерден пәтерге ауысып, табаны күректей он жыл сенделген. Мына спектакльдегідей көшіп-қонып жүрген кезінде иесіз бір итті асырап алғаны да есіне түсіп, қайран қалып отыр. Төрт баласы табыс қуып дүниенің төрт бұрышына кеткен көк көз шал, қонақ шақырғанға не кішкене сәбилерінің түн жарымында шырқырап жылағанына қабақ шытпайтын терісі кеңдеу ноғай кемпір, құлқын сәриден тұрып алып қызыл арақ сұрайтын соғыс ардагері, бәрі-бәрі көз алдынан тізіліп өте берді. Қиындығын да, азабын да қызығым деп есептеген қайран жастық-ай десеңші...

Мөртай қалғып барып, селк ете қалған сақшыдай, бойын оқыс жиып алды. Көрінбейтін көлеңкесі актерлермен апаш-құпаш араласып кеткен екен, “мұнда неғып жүрмін-ей” дегендей сахнадан тез сырғып түсті. Зал жым-жырт, сахнадағы шындық жандарын шабақтап, жүректерін тілкемдеп отыр. Бәлкім олардың да бір көзі сахнада болса, бір көзі алдыңғы қатардағы күжірейген желкеде шығар, кім білсін. Мөртай өз еркінен тыс ішкі бір түйсікпен басшының желкесін басқалардан қызғанғандай қипақтап, қозғалақтап қалды. Сырттан жаңа келген ұлты басқа басшыға қалай жағамыз деп қапылған кез ғой бұл. Театр әкімшілігінің жаңа басшының жақын жылдарда жұрттың бәріне баспана салғызып бермек болған уәдесін ескеріп, пәтер мәселесі жайындағы спектакльді сахнаға шығара қойғанына да қызғанышпен қарағандай еді. Әлдекім көзге түсер жерде алдын орап кеткендей, қитығы әрең басылған.

Бүгінгі оның театрға келгені де қызық. Бағана жұмыста отырғанында Әжібай телефон соқты.



– Мәраға, бірінші кешке театрға барғалы жатыр, – деді аптығып.

– А?!

Мөртай шалқасынан түсе жаздады. Оғаш бір хабар естігендей мәңгіріп әлі отыр, әлі отыр. О, тоба, бұлар театрға бармағалы қай уақ. “Мал боп кеткеміз бе?” – деп қынжылды ішінен. Алғаш абдырап қалғанымен, жаңа бастықтың театрға баруға ниет қылғанына қуанғандай да болды. “Мұнысы біздің халықтың мәдениетін, өнерін сыйлағаны ғой, оған да рақмет” деп сырттай қошамет қылды. Біртүрлі көңілі көтеріліп, жаны семіріп қалды.

Бірақ кешке театрға келгенде, кілең лауазымы үлкен бастықтар “мұнымыз қалай болды өзі?” – дегендей бірінен бірі қысылған. Оларды театрға арнайы шақырған ешкім жоқ, бәрі де жаңа басшының аңысын аңдып келіп отыр. Бақса, көрерменнің теңжартысы жұрт назарында жүрген сыйлы адамдар екен. Мұны көрген актерларда не жан қалсын, бар өнерлерін салып, сахнадағы өмір шындығын шабытпен ойнады. Әсіресе: “Орда бұзар отызымда пәтер іздеп қаңғып жүрмекпін бе?” деп күйреп, күңіренген, “Ата-баба қонысынан маған неге баспана бұйырмайды?!” деп ширығып, шамырқанған, ақырында ішкілікке салынып: “Алатаудың бөктеріне тігер ақ ордам қайда?!” деп еліріп шыға келген, содан азып-тозып, әйелімен ажырасып, қызметінен қуылып, ендігі көмекті мынау отырған ел басшыларынан сұрағандай, көрерменнің алдында тілерсегі дірілдеп, тізесі бүгіліп, шөкелей кеткен жұқалтаң қара жігіттің үні бөлек, қимылы ширақ көрінді. Жұрт оның аузымен айтылған ащы шындыққа емес, көкейге

қонып, көңілден шыққан өнеріне қол соқты. Сол сәтте айналасындағыларға ілтипат көрсеткендей, орнынан тұрып, бір қырындап артына бұрылған басшының залға тосырқай қараған жанарында сыры беймәлім, бөтен, бейтарап мұң жатты. Тек екінші, үшінші қатардағы таныс бейнелерге түскенде барып, іздегенін тапқандай, табатынына әуелден-ақ сеніп келгендей суық жымыды. Оның езуіндегі бұл суық жымыиыс бөкене бойлы, тығыншықтай семіз Мөртайдың жып-жылтыр бетіне көшкенде жұмсарып, Мөртайдан арыстай азамат санатындағы маңдайлы, келбетті Төнекеңе ауысқанда жарамсақ күлкіге айналып, Таңжарықтан кейін тұрған қою қара қасты, өткір көзді, сұлу өңді Міртемірге жеткенде жарқырай түрленіп, домалақ сары жайыла күліп, әлдекім ыржалаң етіп, бірден-бірге жалғасып кете барды. Іле желкесі күжірейіп, құнжындап сыртқа беттеген басшының соңынан Мертай бастап, барлығы есікке қарай үдере қозғалды. Бірақ олар ұлты басқа басшының: “Демалайын деп бір жолы театрға бас сұқтым. Сөйтсем, менің театрға келетінімді алдын-ала біліп алған әлгілер тегіс жинала қалыпты”, – деп бір халықтың игі жақсыларын мазақ етіп, жалпақ жұртқа жар сала бара жатқанын білген жоқ. Сыртқа шыққан соң театр ғимаратының іргесінде қаздай тізіліп тұрған ақ, қара “Волгалардың” бірі сыңар қанатын жая сырғып келіп, Мөртайдың алдына көлденең тосылды. Мөртай үрпек бас жүргізушісіне мейірлене қарап, жұмсақ жымыып, ым қағып, “жүре бер” дегендей ишара жасады. Қызық болғанда, бұл үрпек бас жаңа басшымен жерлес екен, соған өзі алыстан әкесі іздеп келгендей

елеуреп, кәдімгідей-ақ қуанып жүр. Көлігін қайтарып жіберіп, түнгі таза ауамен кеудесін кере тыныстап, канал бойлап үйіне жаяу тартқан Мөртай оның әлгіндей жаңалықты алғаш естігенде алақанын шапаттап, балаша қуанғанын тағы есіне түсіріп, көңілі елжіреп кетті.

### 3. Жансауға

Моладан жылтылдап от шығады, қараң-құраң етіп елес көрінгендей болады. Екі бейіттің ортасын бөлген биік қорықтың түбінде отырған Жанғазы қорқайын деді. “Біссімлә рәһімән-рәһім” деген оның үні қалтырап өзер шықты. Орнынан тұрып, қорыққа арқасын сүйеп, мылтығын олай-бұлай кезеніп, айбат қылды.

– О, бәтшағар!.. Бүйтіп мола күзеткеніңе болайын сенің.

Жанғазы селк ете қалып, дауыс шыққан жаққа шошына жалт қарады. Қараңғыда қара аюдай қорбаңдаған Нүптібектің сұлбасы танып, мылтығын төмен түсіре қойды. Нүптібек құрдасының сақалынан уысын толтыра ұстап, иегінен көтеріп қалып, басын қалтаң еткізді. Тілінің тікені бар Байдос пен атандай қара күшті құдай бере салған балуан денелі Нүптібек бойы бір тұтам, арық, бейкүнә сары шалды тізелеп күн көрсетпейтін. Қазір де сол әдетіне бағып, қыжыртып тұр. Оған Жанғазының еті өтіп кеткен. Қызараңдап қарсыласса қып-қызыл пәлеге қалатынын да біледі.

– Ауылда не жаңалық, Нүке?

Қапелімде аузына түскен сөз осы болды. Нүптібек түн баласын үкідей үркітіп, қарқылдап күліп жіберді.

– Әй, ауыл өне тұрған жоқ па.

Нүптібектің алдында жас бала құсап ыржаң етіп, Жанғазы да күлді. Шынында да қара жолдың аржағындағы ауыл самаладай жарқырап көз алдында тұрған. Қырық бесінші жылы әскерге алынып, тылда аэродром күзеткені есіне түсіп кетті ме, неғып алжасқанын бір Құдайым білсін. Оның жайын түсінген Нүптібек қастарында ешкім болмаған соң, қалжыңын тез доғарды.

– Жәке, директордың беті қайтып қалған сияқты. Үйіңе барып демал енді, – деді Жанғазыға.

– Сөйтті ме? Көнді ме ақыры?! – деген Жанғазының үнінен сенімсіздік байқалды.

– Е, көнбей қайда барады. Біз де елміз ғой. Қайта Осымен тоқтағаны дұрыс. Әйтпесе халықты өзіне қарсы қойып алатын еді.

Нүптібек қайқаңдап, Жанғазының алдына түсті. Екеуі айдау жолмен аяңдап, ауылға қарай беттеп келе жатыр. Аяқ астынан пыр-пырлап шегіртке ыршиды. Ауыл жақтан абалап иттің үргені естіледі. Түн тыныштығы тоғандағы судың да сылдырын құлаққа жеткізіп тұр.

– Ойпырмай, әлгі облыстан келген адамның аузы сасып қисайып қалмады екен. “Тіріде бірге жүреміз, өлгенде неге бөлек жатамыз”, – деді-ау жазған. Байқаймын, осы өзі қазақ арасында өскен адамға ұқсамайды. Аудан басшысының сол сөзге таскенедей жабыса қалғанын көрмеймісің. Мына біздің директор да оңбайды. Жарықтық, әкесі жақсы кісі еді, амал не, – дейді Нүптібек.

– Бұл баланың қолында не билік бар, Нүке. Аналардың айтқанынан шыға алмай, жұртты дүрліктіріп жүр ғой. Болмаса, марқұм Жартыбай да осы бейітте жатқан жоқ па. Басқаны аямаса

да, әкесін аяса керек. Райынан қайтқаны да содан шығар, – дейді Жанғазы.

Екеуінің айтып келе жатқаны жұртқа таныс өңгіме. Облыс басшысының аузынан шыққан әлгі бір сөз ауыздан ауызға көшіп, қырық құбылған. “Қаңбақтының” кеншісі – орыс, малшысы – қазақ, егіншісі – ұйғыр еді. Одан басқа тағы да үш неміс, екі поляк, бір қырғыз отбасы бар болатын. Бәрін қосқанда түтін басы төрт жүзден асып жығылады. Осыншама халықты басқарып отырған Бекетай бұрын талай құқайды басынан өткерсе, тап мұндай тығырыққа тіреліп көрмепті. Аудан басшысы екі бейіттің арасындағы қорықты құлат, құрт деген. Бекетай тіксініп қалса да амалсыз мойынсұнған, бірақ оған халық қарсы болып отыр. Мұсылман бейіті соқпа таммен, христиандардікі темір шарбақпен қоршалған. Қариялар осы қорықты бұзғызбаймыз деп, орталарынан адам сайлап, бсттерімен күзет қойған. Әбүйір болғанда, міне, бастық райынан қайтып, қариялардың да көңілі орнықты. Нүптібекпен көше қиылысында айырылысқан Жанғазы шал да үйіне келген соң бір кесе көжесін ішіп, алаңсыз төсегіне қисайды.

Қалжасы белгілі, күзетте тұрып, қатты шаршапты. Жастыққа бас қойғаннан-ақ қор ете қалды. Қоржынтамды басына көтере қорылдап жатып, жаншошырлықтай қорқынышты бір түс көрді. Түсінде ақ кебін киген аруақтар көрден шығып алып, екі бейіттің ортасындағы қорықты шаңын аспанға атып, құлатып жатыр екен дейді. Шошып оянып, босағаға сүйеулі тұрған мылтығын ала-мала, желең көйлекпен қалтаң қағып далаға шыға келді. Алақанымен қалқалап, құлағын тосып еді, мола жақтан шынымен де тарсылдаған бір

дыбыс естілді. Жанғазы аяғында галош, жалаңбас, сақалы желбіреп, солай қарай емпеңдей жөнелді. Ол жақындаған сайын, жаңағы тарсылдаған дыбыс та айқын естіле бастады. Сары шал жаныға түсіп, аруақтардың тынышын алған дінсіздерді қорқытпақ болып, қолындағы мылтығының шүріппесін қайырды. Бірақ атқан жоқ, сұлбалары қараңдаған екі-үш адамның қорықты емес, мола басына орнатылған биік күмбездің төбесін ашып жатқанын көріп, шошып кетті.

“Биссимиллә!.. Биссимиллә!..” деп, жақындап келіп қараса, Жартыбайдың басындағы көк күмбездің жанында кеншілердің жүк мәшинесі тұр. Айғайлап орысша сөйлескен біреулер күмбездің төрт қырлы тасын сол мәшинеге тиеп жатыр. Мұны көрген Жанғазыға ұры дегеннен басқа ой келген жоқ. Бекетайдың күмбезді кім көрінгеннің қолына түсе бермейтін қымбат тастан өргізгенін жұрттың бәрі білетін. Ендеше мыналардың ұры екені анық. Ашу қысқан сары шал:

– Әй, кім бұл?! – деп шаңқ етті.

Күмбездің төбесіндегілер қимылсыз қатты да қалды. Жерде тұрған біреуі ақырын қозғалып, бері қарай жүрді, Батырсынған сары шалдың қандай жағдайға тап келгеніне сонда ғана ақылы жеткен. Зәре-иманы ұшып, буын-буыны қалтырап, мылтығын кезене берді.

– Тоқта, атам! – деді тілі әрең икемге келіп. Анау тоқтаған жоқ. Сары шал қорыққанынан шүріппені қалай басып жібергенін өзі де білмей қалды. Гүрс еткен мылтық үні түн тыныштығын қақ айырды. Екі қолы епетеісіз ербең ете түскен жанның:

– Ата! – деген үрейлі дауысы мылтық үнімен

қатар шықты. Күмбездің басындағылар жерге секіріп түсіп, тұра қашты. Оқ тиген адам қолымен кеудесін басып, тізерлей кетті.

– Жансауға, ата!.. Жансауға..

Сары шал Бекетайды дауысынан танып, ұмтылып келіп, бас салып құшақтай алды. Алпамсадай азаматтың днесін жерге тигізбесе ажалдан аман алып қалатындай, қолтығынан демеп, тік көтеріп әкетуге шамасы жетпей жанталасты. Ап-ауыр дене оң жағынан сүйесе сол жағына, сол жағынан сүйесе оң жағына қисайып, былқ-сылқ етеді. Тілі күрмелген Бекетай мас адамдай былдырақтап, әлденелерді айта бастаған.

– Тексеру келеді, ата... Ертең... Қорықты құлатпапшын деп... Әкеңнің басына күмбез орнатыпсың деп... Құритын болдым!..

Қолы қарысып қалған сары шал бұдан ары ұстап тұра алмасын біліп, жыларман халде:

– Әй, қайдасыңдар?! Көмектесіңдер!.. – деп жаңағы қашып кеткендерді шақырды.

Жанғазының айғайлағанына ешкім жауап қатқан жоқ. Сары шал шарасы таусылып, еңкілдеп жылап жіберді. Сол сәтте бойын жинап алғысы келіп, соңғы рет ышқынған Бекетай:

– Жансауға!.. Жансауға!.. – деп сары шалды құшақтай құлады.

#### 4. Жансыз

Алаңға шыққан жастардың суретін ақтарып отырғалы жарты сағаттай уақыт өткенде барып ол басын көтерді. Қой көздері дөңгелене жасаурап, қоңырқай өңі күреңіте қызарып, қылмыс үстінде ұсталғаңдай қыпылықтап, қараңғы бұрышқа

қуыстана қарады. Мұны темір қалпағы бар үстел жарықшасының түбіне отырғызып қойып, өзі сол қараңғы бұрыштан әр қимылын қалт жібермей қадағалап тұрған тергеуші де осы сәтте жылдам қозғалып, орнына жетіп келген. Алқымынан буып байлаған гүлді мойынтағы салбырап, аузынан шылымның күлімсі исі бұрқырап, тұмсығы сорайып еңкейе берді де, “тфу!” деп теріс айналып кетті. Үстел үстіндегі жұдырығын түйіп кіжінген, шекесі жарылып, бет-аузын қан жуған, қас-қабағы көгерген, жүздері суық, ашулы, үрейлі бейнелердің арасында плакат көтерген көзтаныс жігіттің суреті жатыр еді.

– Не, өзіңнен басқа ешкімді танымадың ба?

Қатқыл үн тас қабырғалы күңгірт бөлмеде жаңғырып естілген. Екі ұртын суға толтырып алғандай, Мүкәмәлі жақ ашқан жоқ.

– Мына суретіңнің жайы бізге белгілі. Жалғыз бұл ғана емес...

Мүкәмәлі бұдан арыға шыдамай:

– Аға, – деп қалды. – Аға, маған көмектесіңізші. Ұлдан жалғызбын. Шешем науқасшаң, жүрегі ауырады.

Анау қалт кідірді. Мүкәмәлінің жүзіне жаңа көріп тұрғандай бұрылып, анықтап қарады. Мүкәмәлі де одан жанарын тайдырған жоқ. Тергеушінің жағы сопайып, тұмсығы ұзара түскендей көрінді.

– Мен де жалғызбын... Менің де шешем науқасшаң, – деді ол қажыған үнмен.

Ақылдасып алғандай, екеуі де бір сәт темір торлы терезеге мойын бұрған. Бұлар отырған бөлме жартылай жер астына орналастырылған болатын. Бірақ терезе түбінен ары-бері өтіп жатқан



адамдардың аяқ тықыры ішке естілмейді. Тек көшеден түскен электр шамдарының жарығынан көлбеңдеген сұлбалары ғана көзге шалынады.

– Жақсы, – деді тергеуші дауысын жұмсартып, – Мен саған көмектесейін. Жағдайың мәз емес, әрине. Дегенмен, қол ұшын беруге болады. Ол үшін сен де бізден көмегіңді аямауың керек. Күдікті бірнәрсе естісең, кешіктірмей бізге хабарлап тұрасың. Одан ешкімнің ештеңесі кетпейді. Бұл жастарды алдын-ала сақтандырып отыру үшін қажет. Мені түсіндің ғой. Қалай, келістік пе?

Ендігі күнімне болады деп отырған Мүкәмәлінің басы изеліп-ақ кетті. Тергеуші уәде байласқандағы түрмен қолын қысып, арқасынан қақты. Бұл сәл кешіксе біреу ұстап алатындай, дәлізден-дәлізді қуалап жүріп, сыртқа шыққанша жан терге түсті. “Рас құтылдым ба, өтірік құтылдым ба?” деп есік алдында әрі-сәрі күйде тұрып демін басты. Содан араға бір күн салып, уәде бойынша тергеушіге телефон шалған.

– Аға, кеше бізде үлкен жиналыс болды. Сонда кәсіподақтың атынан Жанәбіл Қойшыбаев сөйледі. Ол алаңға шыққан жастарға кешірім жасалуы керек деді. Олардың талабы дұрыс екенін айтып, Лениннің әр ұлт өзін-өзі басқаруы керек деген сөзін мысалға келтірді.

Мүкәмәлі өмір бақи осы мекеменің жансызы болып келе жатқандай, аузы-аузына жұқпай сайрап ала жөнеліп еді, тергеуші:

– Әй, тоқта! – деп тыйып тастады. – Қарағым-ау, ол жиналысында мен де отырдым ғой. Өзің келіп амандасқан жоқпысың. Сенің айтқандарыңның бәрін мен өз құлағыммен естігем.

– А?.. Ә, иә, – деп Мүкәмәлі тұтығып қалды. – Кешіріңіз, аға.

– Жағдайың дұрыс қой, әйтеуір.– Тергеуші қамқорси сөйледі. – Бұдан кейін мұндай әңгімені телефонмен айтпа. Бір қағазға жазып әкелгенің дұрыс. Давай, арғы күні хабарлас.

– Мақұл, аға.

Мүкәмәлі телефон құлағын орнына іліп жатып, жан-жағына ұрлана қарап қойды. Бусанып терлеп кеткен екен, құлақшынын басынан сыпырып алып, маңдайын сүртті. Содан соң екі қолын қалтасына салып, бос сенделіп, көшеде ұзақ жүрді.

Уақыт өткен сайын: “Бір рет құтылдым, екінші жолы тұтылармын-ақ”, деген уайымы арта түскен. Сол уайым ертесі күні де, одан кейін де жанын жеп, жұмысынан береке кетті. Уәделескен уақытында хабарласпай қойып еді, тергеуші өзі телефон соқты.

– Жаңалық бар ма? – деді тергеуші.

– Бар, аға, – деді бұл.

– Онда сен оны жұмыс аяғында қағазға түсіріп әкел. Мен сыртта киоскінің жанында тұрам. Сен мені танымайсың, мен сені танымаймын, ұқтың ба? Ана жазғандарыңды бір ретін тауып, бере қоярсың.

– Ж-ж... жарайды, аға, – деген Мүкәмәлінің дауысы қылғына шықты.

Содан отыра қалып, жазуға кірісті. Анда-санда танауын қорс-қорс тартып қойып, кеш батқанша төрт-бес бетті сүйкеп тастады. Жұрттың соңын ала жұмыстан шығып, белгіленген жердегі киоскінің жанына келді. Тергеуші былғары күртесінің жағасын көтеріп, көзіне қара көзілдірік киіп, сол жерде күтіп тұр екен. Мына қалпында тергеушіге емес, көше кезген шпанаға ұқсайтын сияқты. Мүкәмәлі киоскіден газет қараған болып тұрып,

қолындағы қағазды оның қолтығына қыстыра салды.

Ертеңіне кабинетіне кіргені де сол еді, қара телефон безек қағып, “шыр-шыр” ете қалды. Ол трубканы көтерер-көтерместен арғы жақтағы адам зіркілдеп ұрса жөнелді.

– Әй, Мүкәмәлімісің?.. Әй, бір шайнам ақыл бар ма сенде. Мына түріңмен алаңда қайтіп плакат көтеріп жүрсің, а? Анау теледидардан бүйтіп айтты, мынау газетке сүйтіп жазды депсің. Оны сен айтпасаң да білеміз ғой. Жұрттың бәрі естіген, оқыған нәрселерді сен бізге құпиялап жазып беріпсің. Бұл қалай, а? Онымен қоймай, автобуста бір мас жігіт: “Жасасын, қазақ!” деп айғайлады дейсің. Ол кім?” Асханада бейтаныс біреу. “Біз бодандықта жүрген елміз” деп айтты дейсің тағы да. Әй, оны біз қайдан іздеп таппақшымыз?!

– Мен басқа ештеңе естігенім жоқ, – деді Мүкәмәлі мойнына су кетіп.

– Жарайды. Ертең түске қарай бізге келіп кет. Мен сені бастығыма ертіп баруым керек, – деді тергеуші ашуы тарқағандай болып.

Мүкәмәлі ертесі күні түс әлетінде айтқан жерден табылды. Тергеуші оны бастығына ертіп кірді. Бұтағы салбыраған мосқал кісі екен.

– Иә, сөйле, – деді Мүкәмәліге барлай қарап отырып. – Алаңдағы оқиға туралы не білесің?

– Білетінім көп, аға?

Мүкәмәлі оған тіктеп қарады, даусы да нық шықты. Сіңірлі, салалы саусақтарымен әукесін қасып, ары-бері толғай қозғап отырған бастық оған селт еткен жоқ. Тергеуші алғаш абдырап қалса да, бастығының ыңғайымен Мүкәмәліге “айта бер” дегендей иек қақты.

– Алаңға мен де бардым. Бірақ, барғаным өкінгенім жоқ. Көп нәрсеге көзім жетті. Солдаттардың қолға түскендерді қалай ұрып-соққанын көрдім. Бізді алаңнан ит қосып қуды. Ит талап, шыңғырған қаршадай қызға ара түсе алмай қор болдық. Өзіміз тарихтан оқыған 1905 жылғы қанды жексенбі есіме түсті, аға. Солдаттардың қолындағы үшкір күрек сондағы өткір қылышқа ұқсап кетті.

Мүкәмәлі өзін-өзі тоқтата алған жоқ, ойындағысының бәрін ақтарып салды. Бастық алайып тергеушіге, тергеуші құты қашып төмен қарады. Жаңағы айтылған әңгімеден естерін жия алмай отырғандай екеуі де аз-кем үнсіз қалған. Бір кезде бастық орнынан қопарыла көтеріліп, Мүкәмәлінің жанына келді де:

– Үйіңе қайта ғой, айналайын, – деді қатты шаршағандықтан ба, көздерінің асты көгіс тартып. – Бар, бара ғой...

Мүкәмәлі оған сенер-сенбесін білмей, қалбайып орнынан тұра берген. Бастықтың бет әлпетінен күдікті ештеңе байқамады. Тергеушінің де жүзіне қан жүгіре бастаған тәрізді.

– Бар, жүре бер, – деді ол да Мүкәмәліге күлімсірей қарап.

Оларға рақмет айтып, қоштасып, қашан сыртқа шыққанша Мүкәмәлінің жаны мұрнының ұшында тұрды. Автобусты күтуге төзімі жетпей, көше бойымен дедектеп жаяу келе жатқанда да, тіпті өз үйі өлең төсегіне жеткен соң да көңілі орныға қоймады. Түнімен дөңбекшіп, жөнді ұйықтай алған жоқ. Көшеде соңында аңдушы бардай, үйінде біреу терезесінен сығалап қарап тұрғандай көрініп, бойын үрей билеп алды. Таңертең көзі

бақырайып, жұмыс үстелінің басында отырған ол он ойланып, жүз толғанып отырып, телефон трубкасын көтерген.

– Әлеу, бұл менмін ғой, аға, – деді даусы тарғылданып. – Сізбен жолығуым керек еді... Айтатын жаңалығым бар.

Телефонның арғы басындағы адам сәл тосылыңқырап қалды да:

– Ә, сенбісің?.. Жолығам десең, кел. Саған қашан да есігіміз ашық, – деді сол баяғы қамқор үнмен.

Тірі өліктей бозарып кеткен Мүкәмәлі сонда ғана жан шақырды.

# ӨМІРМЕН ҚОШТАСУ

әңгіме

Жолай салып алып, жолай қалдырып кетем деген сары қыз... жолақысын алмай қойғанымда:

– Арам ойыңыз бар, ө, – деп қолсәмкесінен әмиянымен бірге суырып алып, аузына салған темекісін бүрқ еткізді.

Қабағы домбығыңқы, көзі томпақтау, жүзі сәл сопақша келген сары қыз еш алыс-берісі жоқ болса да, адамға өз-өзінен жек көре, суық қарайды екен. Бірақ, бөлжіреп пісіп, жарылайын деп тұрған сары қауындай сопайған түрінде көз тоқтатып, зерлеп қарауға мәжбүрлейтін өзгеше бір сүйкімділік бар. Өлде менен кемі жиырма-жиырма бес жас кіші болған соң солай көрінді ме екен деп те ойлап үлгердім соның арасынша. Төпеп жауған жаңбыр тамшыларын сүрткісі келгендей, ұзынша сүйрік саусақтарымен терезені іш жағынан сипап-сипап қойды. Бойы аласалау сияқты көрініп еді, ұзынша саусақтарына таңғалып қарай беріп, омырауының да ерекше бұлтиып шығып тұрғанын байқап қалдым.

– Еркектердің бәрі ұятсыз, – деді ол күйкентай құсап шақ етіп, себепсізден-себепсіз ызбарлана қалып.

– Мен сізге ашуланатындай ештеңе дегем жоқ қой, – дедім әлгі сөзі оғаш естілсе де, құлағыма жаға кеткендей емексіп.

– Кім білсін?!.. – деп кекете күлді ол, өзіне нық

сенімді адамның басқаны менсінбегендегі кекесін күлкісімен. – Жолақы алмасаңыз бай шығарсыз, ана сорлыға көмектесіңіз.

Арбаға таңылған мүгедек жігіттің қалың жаңбырдың астында қасымыздан қараң етіп өте бергенін мен де көріп қалғам. Астындағы арбаның биік дөңгелектерін қимылына көз ілеспей, тез-тез айналдырып, әлдеқайда асығып барады. Қасынан зулап өте шыққан ақ “Жигули” былш еткізіп, үстіне лай су шашып кетті. Мүгедек жігіт оған да қараған жоқ, арбасының дөңгелектерін жанұшыра айналдырып, ұзай берді.

– Оңба-ға-н-н! – деді ол мүгедек жігітке су шашып кеткен мәшиненің соңынан тесірейе қарап. – Күлсалғышыңыз қайда?

– Сыртқа тастай беріңіз.

– Мен көшені былғамайтын адаммын.

– Ә, онда, міне.

Мен кекете күліп, екі ортадағы күлсалғышты сыр еткізіп суыра қойдым. Ол жартылай шегілген темекісін күлсалғыштың ішіне саусағын майыстыра бір мыжып өшіріп, сырт еткізіп қайыра жаба салды. Тізесіндегі сөмкесін қолына алып, суық жаңбырдан бойы тітіркенгендей иығын қушитып, ырғала бір сырғып, мәшинеден тез түсіп кетті. Шыққан бетте-ақ жаңбырдың астында қалып, онысына еш өкінбегенін білдіргісі келгендей, әлде қыр көрсеткендей ме, артына қайырыла беріп, қолын бір бұлғап қойды. Мен де қолымның ұшын шошайтып, қоштасқан болып, абдырап отырып қалдым.

Кеш батқанға әлі ерте болса да, айнала қарауытып, жаңбыр үдей түскен еді. Кенет, қалың жаңбырдың арасынан әлгі таныс сұлба қараң ете қалып, қолымды кілттен еріксіз тартып алдым.

Жаңағы мүгедек жігіт қалақтай денесімен итің-итің етіп, төмен қарай қайыра салып ұрып келеді екен. Байғұс біреуді іздеп жүрген болдыға жорып, жаңбыр тамшылары сорғалай аққан терезеден үңіле қарап, көзбен ұзатып салдым. Қала адамдарының мұндай көрініске еті өліп кеткен, ешкім елең қылған жоқ.

Жаңбырға тасбұршақ араласып, мәшинемнің төбесін тоқырлатып ұрғылай бастады. Құнжындап мәшинемді оталдыра бергенімде, аялдамадағы әлгі шошайып-шошайып тұрған бес-алты адамға жан бітіп, мойындарын соза-соза қалысты. Зарықтыра күткен көліктері келіп қалғандай, бір-біріне қарап, қолдарымен әлденені нұсқап көрсете бастады. Қимылдары өнтек көрініп кетті де, жақтау айнадан арт жағыма үңіліп мен де қарадым. Төпеп ұрған тасбұршақтың астында мықшыңдаған жарым сұлба бұлдырай көрінді. Жоғары өткенде де, төмен өткенде де мән бермеген адамдар енді ғана күдік алғандай елеңдесіп тұр. “Мұнысы несі?” – деп, мүгедек жігіттің оғаш қылығынан мен де тіксініп қалдым.

Дәтім шыдамай, әуестік те бар, терезе әйнегін түсіріп жіберіп, сыртқа мойын создым. Суық жаңбыр сабалай жөнеліп, сұп-суық тамшылар мойнымнан төмен қарай сорғалап құйылып кетті. Басымды ішке тартып ала алмай қалдым, арбасын шиқылдатып қатарласа берген мүгедек жігіт еріксіз кідіртті. Басы жұдырықтай, көзі алақандай, қалақтай ғана жұқалтаң қара жігіт екен. Шеке тамыры білеуленіп, мойын сіңірі адырайып, өңі түтіге қарауытып, қан-сөлін ішіне тартып алған. Қалқайған құлағы мен қасқиған маңдайына тиген тасбұршақ көзге көрініп-ақ ыршып-ыршып түсіп жатыр. Кенет көзіне көзім түсіп кетіп еді, қызара



қанталаған жанары жалбарынышқа толып, көмек сұрағандай ұмсына бір қарап, жалт берді.

– Әй!.. Әй, жігіт, тоқта! – деп дауыстадым.

Шолтаңдаған тізесінің тұсындағы өндірішпектей сорайған тежегішті шірене тартты. Жаңбыр суы шайған жылтыр асфальтты сыза тоқтады. Мені желкесімен көріп отырғандай, қимылсыз қата қалды. Үсті-басынан жаңбыр суы шүмектеп сорғалап тұр. Екі жауырыны болмашы діріл қағады. Етімен ет боп жабысқан жейдесі қабырғаларын ырсыта түскендей. Қыр арқасы пышақтың қырындай. Мойны ырғайдай. Қылдай арық.

– Әй жігіт!.. Апарып тастайын ба?.. – дедім сенімсіз қылғына дауыстап.

– Қайда?..

Дауысы нық естілді. Мен сасып қалдым. Сұрағын бар күшін салып, әдейі анық айтқандай. Әйтпесе, екі жауырыны әлі дірілдеп тұр. Аяп, мүсіркегенді ұнатпайтын шығар, сыр бермеген түрі. Қарсы сұрақ қойып тұрғанын қара. Бекер-ақ ілініскендеймін. Енді кеш.

– Қайда барасыз деймін?.. Апарып тастайын...

– Рахмет... Мен ешқайда бармаймын...

Тасбұршақ құлағымның ұшын тыз-тыз еткізді. Шертпек алғандай шекемнен де тырс-тырс ұрады. Қойын-қонышымды түгел су аралап кетті. Мүгедек жігіт селт етер емес. Жаңбырдың астында мелшиіп отырған мына отырысына енді мен кінәлі сияқтымын. Аялдамадағылар да бізге таңырқай қарап тұр. Екі ортада не істерімді білмей, қыжалат болдым да қалдым.

– Әй, былай шетке шығып тұр. Мөшине қағып кетеді, – дедім жыным келіп.

Жалт бұрылып, алайып қарады. Шынында да,

мені кінәлағандай түрі бар. Барлық жеккөрінішін маған қарата, кірпік қақпай, сүлікше қадалды.

– Ал, бас!.. Жүргіз мәшиненді! – деді қалш-қалш етіп. – Мен бағанадан бері өле алмай жүрмін ғой, көрмей отырмысың?! Мәшиненің астына түсе алмай жүрмін!.. Мына ит өмірмен қоштаса алмай жүрмін мен!..

Ол тізесі шолтандап, өзін-өзі жұлқылай бастады. Арбасын аударып тастағысы келіп, оңға-солға теңселіп аласұрды. Арбасының биік дөңгелектері жерден кезек-кезек көтеріліп, шайқалақтап кетті. Есікті аша бергенімде, аялдамадағылар шу ете қалды. Арт жақтан қатты келе жатқан мәшине дауысы естілген. Іле қиқ-шиқ етіп ысқырған дыбыс дәл құлағымның түбінен шықты. Мүгедек жігіттің арбасын шыр айналдырып, қарсы қарап тұра қалғанын ғана көріп үлгердім. Асфальтті ысқырта сызып, бұлталақтап келген әппақ “Мерседес” мәшинемді қапталдай, шақыр еткізіп бір ұрып өтті. Бетімді қалқалап бұға бергенде, қос доңғалақты арбаның аспанға шырқ айнала ұшып бара жатқанын ғана көріп қалдым. Сол сәтте әлдене бар салмағымен төбемнен гүрс етіп құлап түсті. Мәшинемнің төбесі ішке жапырыла майысып, алдыңғы терезенің күл-паршасы шықты. Кескен томардай шолтиған жарым сұлба капоттың үстінен ақырын сырғып барып, жерге былш ете қалды.

Екі аяғым екі пұт тас байлап қойғандай зіл батпан. Орнымнан қозғала алмай, соқыр адам құсап түртінектей бердім. Қайдан жиналғаны белгісіз, әйтеуір қараң-құраң еткен адамдар дем арасында көбейіп кетті. Төбенің майысқан жерінен жаңбыр суы ішке сырқырап құйылып жатыр. Сынған терезенің жақтауынан қызғылт

тамшылар сорғалап тұр. Кенет көпшіліктің арасынан үстінде қызғылт халаты бар сары қыз көзіме оттай басылды. Бір көзі менде, бір көзі жерде жатқан мүгедек жігітке, өңі қашып состиып қарап қалыпты. Оның осы тұрысынан-ақ мүгедек жігітке енді ешқандай көмектің керегі жоқтығын, байғұстың тілеген тілеуіне жетіп, өліп қалғанын айтқызбай түсіндім. Орнымнан ақырын қозғала беріп, кінәлі адамдай сары қызға көзімнің астымен ұрлана бір қарап қойдым. “Енді не істер екен?” дегендей, елден ерек бар назарын маған аударып, қадала қалыпты – “Оңба-ға-ан-н!”

Сәл саябырсып, сіркіреген жаңбыр болмаса, өмір бір сәт қалт тоқтап қалғандай еді. Тыныштықты есіктің сықыр еткен дыбысы бұзды. Ақырын итерген есік әлдебір жұмсақ затқа барып тірелді. Оның не зат екенін көрмей-ақ біліп, ішім мұздап кетті. Жартылай ашылған есіктен суырылып сыртқа шықтым. Тәуір киінген, толықтау келген, түрі сұстылау, нығыз қара сұр жігіт:

– Мұны танитын біреу бар ма? Мен кіммен сөйлесуім керек? – деді көзін алартып.

– Бұл бейбақтың ешкімі жоқ... Сұрауы жоқ... – деді топ арасынан әлдекім қыжырта сөйлеп. – Сенің бақытыңа қарай...

Жұрт қалай тез жиналса, солай тез тарай бастады. Қара “Мерседестің” иесі де сөйлесетін адам таппай, қолын ызалана бір сілтеді. Анадая жерде жолға көлденең тұрып қалған мәшинесіне кіріп кетіп, қайтып шықпай қойды. Ақыры сіркіреген жаңбырдың астында біз үшеуміз-ақ қалдық – жаңа ғана жантәсілім еткен мүгедек жігіт, өлікті тастап кетуге дәті шыдамаған сары қыз және мен.

– Терезеден бәрін көріп тұрдым, – деді сары қыз қатайып, – сіз неғып кетпей тұрдыңыз?

– Үйдегілермен ренжісіп кетіп ем. Мына қырсықты қарашы, – дедім қынжылып.

– Ә, солай ма? Оныңыз бекер болған.

Сары қыз сәл жұмсарып, езуіне мысқыл үйірді. Осы сәтте көшенің басынан ию-қию дауыс естіліп, тұмсығы мен төбесі жарқ-жұрқ еткен жеделжәрдем мәшинесі де көрінді. Бір тал, екі тал тырс еткен тамшысы болмаса, жаңбыр да тоқтаған. Сары қыз суы сорғыған халатының етегін бір бұрап сығып, сілкіп тастады.

– Мүмкін болса тағы жолығармыз, – дедім мен.

– Өмір ғой, жолықсақ жолығармыз, – деді сары қыз.

\* \* \*

Қала адамдары түнді жақсы көреді. Күндіз шаруаның біткенінен сенделіп жүргенің көп. Ал түнде, ең бастысы, күндізгідей ию-қию шуыл жоқ. Адамдар айғайлап сөйлеспейді, дауыстар, күлкілер құмығып естіледі. От айналып ұшқан жынды көбелектей түнгі жарықтарға да көңілің елтіп тұрады. Әсіресе, ауа тазарып, қоңырсалқын леп есіп тұратыны керемет.

Осындай мақпал түндерде бір уақ көшеге шығып, сейіл құрып қайтпасаң, өзіңді-өзің жек көріп кетуің әбден мүмкін. Өйткені біздің тұрмысымыздың қиындығын, тірлігіміздің ластығын, өміріміздің өңкей бір көңілсіздігін айтып тауыса алмайсың. Қала адамдары үшін күндізгі өмір мен түнгі өмірдің осындай көп, кө-өп айырмашылықтары бар.

Біз, әлгі сары қыз екеуіміз де, міне, ішіп отырған шарабымыздың таусылып қалғанын,

енді тағы бір шөлмегін сатып алуымыз керек екенін сылтауратып көшеге шықтық. Шыққан бетте-ақ өмір әлгі айтқан ауыртпалықтарының бәрін түн қараңғылығына жасырып, көңілді бір қалпымен көз алдымызға тосыла қалды. Түнге қарай жеңіл-желпі еркіндеу киініп, көше бойлап қыдырыстап жүрген үлкендерге, жаздық алаңқайлардағы саңырауқұлақтай қаптаған дөңгелек шатырлардың астында сусын ішіп, демалып отырған жастарға қарап:

– Жұрттың бәрі көшеге шығып кеткен бе? – дедім күңк етіп.

– Бұлардың бәрі өздеріне-өздері мейрам жасап жүргендер ғой.

Оның жұмбақтау жауабына таңырқап, бетіне үңіле қарадым. Сары қыз сыңқ етіп күліп жіберді. Жолай салып алып, жолай тастап кетем деген сары қыз баяғы.

– Сенде түк уайым жоқ сияқты, – дедім тағы.

– Уайымдайтын не бар? – деді ол.

– Жай, әншейін. Өмірді кім қалай түсінеді дегендей.

– Сіз не, мені де адам деп әңгіме айтып келесіз бе?

– О не дегенің? Саған деген көңілім ақ... Өзірге...

– Соқпаңыз өтірікті.

– Шын айтам. Сені ақтап алғым келеді.

– Ақтап алатындай мен кісі өлтіріппін бе?

Ол мұны жәй сөз ретімен айта салды. Дауысында ешқандай зіл жоқ. Қысқа көйлек киген оның бұлтық-бұлтық мүсініне ары-бері өткендердің бәрі қарайды. Одан қымсынатын сары қыз емес, жігіттердің сұқтанып қарағанына, аймалап құшқанына әбден еті үйреніп кеткен тәрізді.

– Темекі әперіңізші, – деді елеусіздеу етіп.

Көше бойына қаз-қатар орнатылған дүңгіршектерді жағалай келіп, оңашалау тұрған бір кәуапхананың тұсынан шыққанбыз. Көз алдында шоққа қақталып, майы шыжылдай тамшылап, қызылқоңырланып піскен кәуап төбетінді ашады. Өзі қалалық болғанымен, ата-тегі таулық болып келетін жүндес кеуделілердің пісірген кәуабы тіпті таңдайыңда ериді. Біз тоқтаған кәуапхананың иесі де таулық екен. Ет қақтаған тірлігіне еңгезердей пошымы жарасып тұр. Кесек-кесек ет шаншылған істіктерін тез-тез ауыстырады да, қолындағы темір таяқшасымен көңілдене желпіп-желпіп қояды. Ол желпіген сайын сексеуілдің шоғы да жайнап, қоздана түседі. Біз кәуап пен сыра сатып алдық.

– Темекіге ақша беріңізші, – деді сары қыз жаңағы өтінішін ұмыт қалдырғанымға өкпелегендей бұртиып.

Мың теңгелік көк құлақты қолына ұстата бергенімде, бетімнен шөп еткізіп сүйіп алды.

– Сендерде бәрі ақылы ғой, – дедім мен мырс етіп.

Ол көзінің отын жалт еткізді. Ақсары өңіне қызғылт рең жүгірді. Жалт еткен ұшқыннан ашу білінді. Бірақ тез сөніп, жабырқап, көз жанарының тереңіне мұң шөге қалды. Алатын темекісін алып, қайтып келіп қасыма отырғаннан кейін де жүзінен мұң сейілген жоқ.

– Мен басымнан өткен жағдайымды айтсам, сіздің тамағыңыздан ас өтпей қалады, – деді ол әлден уақытта күрсініп.

Бір түйір ет соның өзінен-ақ тамағымнан ары өтпей, кептеліп тұрды да қалды. Қылғынып әрең жұттым.

– Ертектің көп қой сендердің, – дедім өңімді суытып.

– Ертекті емес, – деді ол бір нүктеге қадалып.

– Ох, сенің сүйген жігітің қандай керім еді! Ол да сені өліп-өшіп сүйетін. Бір-біріңді көрмесеңдер, бір минут те тұра алмайтынсыңдар. Сендерден асқан бақытты ешкім жоқ болатын. Араларыңнан қара мысық жүгіріп өтті де, бәрі бітті. Фильмнің соңы!

– Тәйірі, сол да қайғы болып па екен? Мен оны қайғы деп есептемеймін. Сүйдің, табыстың, айрылыстың – ол естелік қана. Күнделіктің аударылған бір парағындай, әлсін-әлсін ақтарып оқып қоясың. Әйтпесе, біреудің орнын екінші біреу алмастыра алмайды деген мүлдем өтірік. Тек бар өкінетінің – біреуді жоғалтқаның емес, өткен өміріңді, уақытыңды жоғалтқаның.

– Сен білмейсің бе, өмірде тым шыншыл болуға болмайтынын. Сенің айтып отырған әңгімең қыз баланың әңгімесіне ұқсамайды. Сезімді өлтіруге бола ма? Сендердің сезімталдықтарың қайда осы?

– Сезімтал, әсершіл болған соң ғой, осы жүріске тап болғаным. Қыздардың әлсіздігін сіздер көп пайдаланып кетесіздер. Менің соған ызам келеді.

– Қой, жылағалы отырмысың?

– Жоқ, жыламаймын...

Ол көзі балбұлдап барып, іле тез қатуланып алды. Бірақ, бұл күйі де ұзаққа бармады. Күрсінді, мұңайды, ойланып қасын керді, содан соң демін терең алып, тағы күрсінді.

Көпір үстіндегі дүңгіршектен тағы бір шөлмек шарап алып іштік. Спирт қосып, қолдан жасаған шарап па, әйтеуір, ащылау көрінді. Буынымыз босап, біраз қызыңқырап та қалған сияқтымыз. Түн

ортасынан ауып, көшелер тынышталып, қаланың қалың ұйқыға бас қойғанымен еш шаруамыз жоқ.

– Біз бәрібір жақсы адамдар емеспіз, – деймін мен теңселіңкіреп.

– Жо-жоқ, сіздің өміріңіз бөлек қой, – дейді ол шарап қызуымен алабұртып.

– Сен қызықсың, – деймін мен. – Екеуміздің не айырмамыз бар? Екеуміз күнәға бірге баттық емес пе?

– Жоқ, күнәға бірдей батқанмен, еркекті ешкім сөкпейді. Сіз жақсы азаматсыз. Бұл өмірден көретін қызығыңыз да көп әлі. Ал мен су түбіне кетіп барамын. Сіз түсінесіз бе, мен күннен-күнге көрер қызығым таусылып, су түбіне кетіп барамын.

– Сен не айтып кеттің, өзі?..

– Рас қой, бәрі де рас. Біз қазір керек адамдар мен керексіз адамдар болып екіге бөлінеміз. Сенбесеңіз, мен қазір ана көпірден секіріп кетейінші, ешкім де жыламайды. Өйткені маған ешкімнің ісі түсіп тұрған жоқ. Егер мен жігіт болсам, бәрі де басқаша болар еді.

– Кім білсін, айтып тұрғаның рас та шығар. Мен сені олай емес деп алдаусыратпай-ақ қояйын. “Өмірден өз орныңды іздемейсің бе?” десем де, арзан ақыл айтқандай болар едім. Бірақ бүйтіп өзіңді өзің құрдымға тастап жіберуге де болмайды ғой.

– Басқа менің қолымнан не келеді? Табиғат бізді әлсіз етіп жаратқан. Біз әншейін... жемтікпіз!

Ол аңы мысқылмен мырс етіп күлді. Мен ештеңе дей алғамын жоқ. Айтып келе жатқанының бәрі шын. Қазір адамдардың арасында бәсеке күшті. Кейде біз ауызға іліккенді жұлып алып қалу үшін жанталасатын жыртқыш аңдарға да



ұқсап кетеміз. Тіпті, әйел мен еркек деген ұғым да жойылып бара жатқан сияқты. Оның орнын әлді мен әлсіз деген ұғым басқан. Сондықтан да адамдарды ешқашан бәсекелестіруге болмайды. Бәсекеге түсті бітті, олар адамдық қалпын жоғалтады.

Мен осының бәрін айтып түсіндіргім келген. Сөйтіп енді оқтала бергенімде, ол ып-ыстық алақанымен аузымды баса қойды. Менің не айтатыным оған белгілі. Өйткені ол мұның бәрін өз басынан өткерген. Ол бәрін біледі, бәрін де түсінеді. Менен әлдеқайда терең түсінеді. Өйтпесе, көпірден секіріп кетсем қайтеді деп айтпас еді.

Мен оның қолын қағып жібердім.

– Сен жаңа шындықты айттың.

Ол тіксініп бетіме қарады.

– Сіз қызып қалдыңыз-ау деймін.

Мен масаңдау қалпыммен ежірейіп, сұқ саусағымды шошайттым.

– Есінде болсын, шындықты айта беруге болмайды. Тіпті, аузыңа да алма. Өмір бір басқа, шындық бір басқа. Шындықтан қорқу керек.

– Ал менің өтірік айтып, жалған өмір сүргім келмесе ше?

– Сен не, шындықтан қорықпаймын деп тұрмысың?

– Қорықсаңыз сіз қорқыңыз, мен қорықпаймын!

Қараңғыда ай сәулесімен шағылысқандай отты көздерінен бір ұшқын жалт ете қалды.

– Онда... Онда сен енді тоқтама. Ақыр ешкімге керегің жоқ екен. Өтірік айтып, жалған өмір сүріп қайтесің?! – дедім қатуланып.

– Неге?! – Ол есін оқыс жинап алғандай болды.

– Сіз!.. Сіз!.. Неге өйтіп айтасыз маған?! Сіз!.. Сіз!..

– Тап солай!..

Сары қыз бетіме тесіле қарап тұрды да, бар күшімен кеудемнен итеріп кеп жіберді. Мен шалқалап барып, бойымды әзер түзеп алдым. Ол менен көзін ала беріп, көпір жаққа жалт қарады.

– Секірсем секіре салам!.. Маған бөрібір!.. – деді торсиған ернін көгерендей тістелеп.

Ол кенет көпірге қарай тұра жүгірді. Мен қапелімде табаным жерге жабысып қалғандай, тұрған орнымнан қозғала алмай қалдым. Ол болса, аяғы аяғына жұқпай, құстай ұшып барады. Сол беті тоқтамастан көпірдің биік темір жақтауынан секіріп кететін түрі бар.

– Тоқта!.. Тұра тұр!.. Мені түсінбей қалдың!.. Тоқта деймін!.. – деп жанұшыра айғайлап ұмтылған мен әлденеге шалынып, омақаса құладым.

Қайтып орнымнан тұрып болғанша, ол көпірдің шетіне ілігіп те қалып еді. Осы сәтте көпірдің үстіндегі жаңа біз шарап сатып алған дүңгіршектің темір есігі қаңғырлай ашылып, іштен серейген бір жігіт шыға келді. Өзінен жалтара қашқан Бикенді екі аттатпай қуып жетіп, білегінен шап берді де, белінен орай құшақтай алып, жерден тік көтеріп әкетті. Мен тапырақтай жүгіріп жеткенде, иығына тыпырлатып лақша өңгеріп алған қыздың екі жұдырығымен арқасынан төпелеп ұрғанын маса шаққан құрлы көрмей:

– Олжа!.. Олжа менікі!.. – деп тістері ақсыып, ыржия күліп тұрды.

– Қазір олжа үшін өмір сүретін уақыт!.. Олжа сенікі, ал!.. – дедім мен әлі де өз-өзіме келе алмай қалш-қалш етіп.

– Жібер мені!.. Жіберіңдер!.. Өңкей малғұн!.. – деп долдана айғайлады сары қыз.

– Малғұн дейді! Кім малғұн?! Мен бе малғұн?! Біз екеуміз де малғұнбыз ба?! Ха-ха-ха-ха!..

Ана жігіт одан сайын екілене қарқ-қарқ күлді. “Неғып мелшиіп тұрсың?” дегендей, мені де шынтағымен түртіп жіберді. Жаңа ғана үрей мен ашудан қалшылдап тұрған мен де қыздың көпірден секіріп кетпей, аман қалғанына қуанғандай екі иығым селкілдеп, епетейсіз ықылықтап күле бастадым. Көмейімнен жылаған мен күлгеннің арасындағы сүйкімсіз бір дауыс лекілдеп шығып, қызды қайыра тартып алмақ болып, дәрменсіз жарбаң-жарбаң етемін. Ана жігіт те ұзын қолын кеудеме тіреп, айнала қашып жүр.

– Олжа... Олжа менікі!..

\*\*\*

Тылтиған лыпасы төсі мен мықынын ғана жапқан сереңдей ұзын бойлы бойжеткен ақ сазандай жарқ етіп, бар денесімен айрап-жайрап, мәшине жарығына тосыла қалған. Түн қараңғылығын сұққылаған жарық білектей бұрымын алдына тастап, ұзын етек көйлегімен төнін тобығына дейін жасыра құпиялап, өп-өтірік қылымси қалған қара қызға қарай аунап түсті. Жанары мөлтендеген қара қызға да көп бөгелмей, қараңғылық құшағын тімтіне аралап барып, жол шетіндегі көк майсада иіріліп отырған бір топ қыздың үстіне сау етіп құйылды. Жартылай жалаңаш тәндері ағараң-ағараң еткен қыздар бір-біріне ұйлығыса тығылысып, торға түскен балықтардай шүпірлесе қалды.

Сол жақ бүйірі мен төбесінің майысқан жерлері түзетіліп, қайта сырланған ақ “Жигули” жаңа мәшинедей жұтынып шыға келген. Мәшине астыма тиген бетте өткендегі оқиғадан кейін көз жаздырып кеткен сары қызды іздеп шыққан бетім болатын бұл. Айналамның бәрінен безіп,

жалғызсырап жүргенде жан сырымды түсінетін біреуді тауып, тас қараңғы түнекте медеу тұтар бір үміт жібінің ұшынан ұстағандай едім. Енді оны да жоғалтып алып, арадағы аз күнді көңілім байыз таппай, алағызумен өткізгем. Бағанадан бері көріп келе жатқан қыздардың ішінен оны кездестірмегеніме әрі алаңдап, әрі қуанып та келе жатқан сияқтымын. “Бұл көшеде емес, басқа бір жерде, басқа бір бұрышта кездессе екен” деп тілеймін іштей.

Өркім-өркім мен іздеген сары қызға ұқсап кеткендей көрінеді де, жүрегім ине сұғып алғандай шым-шым ете қалады. Сүйді дейтін сүйген де емес, жүрді дейтін жүрген де емес, бұл неғылған ынтызарлық екенін өзім де түсінбеймін. Оны мына жүрген ортасынан ажыратып алсам, ол ел қатарлы жұмыс істеп, адам болып кетсе деген күлкілі бір қиял басымда шырқ айналады. Неғылса да, әйтеуір, сары қызға бір жақсылық жасағым келеді, ол жақсылығыма бұл қарындас зәру ме, зәру емес пе, бір Құдайым білсін. “Еш жан ауыртпай, кез келген жерге итеріп тастап кете беретін сұрауы жоқ қыз ғой” деген жеңілтек ойдың да келгені рас. Бірақ ол ой одан әрі иектей алмай, сол арада-ақ бұралқы иттей қыңсылап қала берген.

Мәшине жарығы көше қиылысындағы темекі тістеген салт аттының суретіне тіреліп тоқтады. Бұл жерде де бір тілерсектері бүгіле, жалаңаш тізелерін көрсетіп, темекілерін бұрқыратып үш қыз тұр. Бір қарағанда көп-көрім, талдырмаш келген әдемі қыздар. Тура түскен мәшине жарығымен жанарлары жақұттай жалт-жұлт ете қалды. Біреуі ғана бетін сәл көлегейлегендей болды, қалған екеуі міз баққан жоқ. Бірақ қаланың

тікбақай қыздарына ұқсамайды, үстілеріне қолға іліккендерін іле салғаны көрініп тұр.

Әлдекім тықылдатып тереземді қағып, бейқам отырған мені селк еткізді. Сырттан төне қарап тұрған бойжеткеннің дөңгелек жүзі ағараң етіп, саусақтарындағы алтын-күміс жүзіктер жылт-жылт ойнады. Сөйткенше болған жоқ, есікті лып еткізіп ашып, екі алмасы салбырай еңкейіп, кеудесін алға тастай ішке сұғынды.

– Мен ұнамаймын ба сізге? – деп буалдыр түгінді сақиналандыра үрлеп кеп жіберді.

– Жоқ, мен өзімше жүрмін, – дедім мен түгінді өзіне қарай кері үрлеп.

– Ә-ә, солай ма? – деді ол еркелей қылымсып. – Қызық екен сіздікі. Дегенмен арам ойыңыз да жоқ емес шығар.

– Жайымша отырған менікі неге арам ой болады, қасыма келген сенікі неге арам ой емес? – дедім мен кекете мырс етіп күліп.

– Ақшам жоқ десеңізші одан да, – деп анау табан астында түсін суытып ала қойды.

– Менің ақшамның бар-жоғынан саған келіп-кетер ештеңе жоқ, – дедім мен де шытынай қалып.

– Өй, сараң неме! Енді неге келдің, мұнда? Ауру шығарсың мүмкін, тегін кино көруге келген? – деп ол екі алмасы салбыраған кеудесін мәшинеден суырып алды. Артынан өндірішегімді соза:

– Қарындас, сен мені түсінбей қалдың. Мен сендерге келгем жоқ. Бір танысымды іздеп жүрмін, – дегенімше болған жоқ, ол бар дауысымен шар етіп айғай салды.

– Қыздар, мынау бізді суретке түсіріп жүр!..

Жол шетінде топталып отырған қыздар жау тигендей шу ете қалды. Орындарынан өре тұрып,

бізге қарай жапыр-жұпыр қозғалды. Қараң-құраң сұлбалар тез көбейіп, жан-жақтан тапыр-тұпыр аяқ дыбысы естілді. Есікті жібермей ұстап тұрған жаңағы қыз:

– Қалай екен, ө?! Бұтыңа жіберіп қойған жоқпысың? – деді сайқалдана күліп.

Мен әлі де мына жағдайдың шын-өтірігін ажырата алмай, аңырып отыра бергем. Кеспелтек ағаш алдыңғы әйнекке дүрс етіп тигенде барып ес жидым. Маңдайша терезе шытыр етіп, айқыш-үйқыш шытынап кетті.

– Мәшиненің астына түсейін демесең, кет әрі! – деп зекідім ана қызға.

Ол есікті құлаштай серпіп, сарт жапты. Шытынаған терезеден ентелей төнген қыздар жұмырықтарын түйіп, мәшинені дүрсілдетіп ұрғылай бастады. Тізесі жалтыраған шынашақтай тәлтиген біреуі капоттың үстіне секіріп шығып, өкшесімен аяусыз түйгіштей жөнелді. Шаштары дудырап, білектерін сыбанып, көкайылданып алған. Біреулері мәшинені аударып тастағысы келіп, ары-бері шайқақтата итеріп жатыр. Осы сәтте әлдеқайдан от лап ете қалып, ашына айғайлаған бір қыз лаулап жанған күртешені мәшиненің үстіне лақтырып жіберді. Мәшинені төмпештеп, тепкілеп жатқан қыздар шу етіп, кері серпілді. Аяқ-қолым бірдей қимылдап, газды түбіне дейін ышқынта бастым. Мәшине тұрған жерінен дөңгелектері ши-иқ етіп барып, ытқып кетті. Жақтау айнадан артыма бір қарап үлгердім. Лаулаған от асфальттың үстіне сырғып түсіп қалды. Кенет әлдене қыр желкемнен қараң еткендей көрініп кетті де, еріксіз қайта жалт қарадым. Қай тесіктен кіріп алғанын қайдам,

артқы орындықта қылтиып сары қыз отыр. Бір-бірімізді үндеспей түсініп, екеуден екеу сопайып, көше ағысына түсіп кете бардық.

Сол үндеспеген қалпы ел тоқтаса тоқтап, ел жүрсе жүріп әлі келеміз, әлі келеміз. Ол шаршаған ба, басы жақтау терезеге тие жаздап, қалғып-шұлғып отыр. Мен бір қараңғы, бір жарықта, әрі төпеп тұрған жаңбырдың түрі мынау, біреуді қағып кетпейін деп, жолға үңіле түсем. Өстіп қиқалақтап келе жатқанда мәшине шоқалаң етіп...

...жолай салып алып, жолай тастап кетем деген сары қыз селк етіп ұйқысын ашып алды. Ұзынша сүйіріктей саусақтарымен буланған терезені іштен оймыштай сүрткілеп, беті сопая сыртқа үңілді. Содан соң:

– Аға, мен кеп қалдым. Осыннан тоқтай салыңыз, – деді сырттағы ауа райындай жабырқау түрмен салқын ғана. – Аспанның түбі тесіліп кеткен бе, не пәле тегі?!

– Су боп қалмасын деп тоқтағам. Ақша төлемей-ақ қой, – дедім мен де салғырт қана. – Темекі алатын жер жоқ па мына маңайда?

– Оны темекі шегетін біреуден сұрасаңызшы...

Қызық, адамға өз-өзінен жақтырмай, жек көре суық қарайды екен. Бірақ, сопайған жүзінде, әлде жас болған соң ба, көз тоқтатып, зерлеп қарауға мәжбүрлейтіндей уылжыған сүйкімді бір рең бар. Тіпті деймін-ау, менің өз жолымнан бұрылып, оны үйіне әкеліп тастағаным да міндет сияқты қорынып қалдым. Сары қыз мәшинеден аяғын сыртқа тастай сырғып түсті де, артына жүре беріп барып бұрылды.

– Ой, ағай, рахмет сізге, – деген дауысы құлағыма қалың жаңбырдың астынан тұншыға жетті.

Соның өзіне біртүрлі ішім жылып қалды. Бұл бейтанис, бейкүнә, тап-таза қыз туралы бағанадан бері неге жаман ойлап келгенімді өзім де түсінгем жоқ. Сірә, жаңа жезөкшелер тұратын көшемен жүріп өткеніміздің де әсері шығар, кім білген.

Сары қыз артына тағы бір қайырылып, «неге жүрмей тұрсыз, байқаңыз» дегендей ымдап, жол жақты нұсқады. Елең етіп қарағанда көрдім, қоларбаға таңылған бір мүгедек жігіт қалақтай денесімен итің-итің етіп, ерсілі-қарсылы ағылған мәшинелермен жарыса зырғып барады екен. «Әй-үй» дегенше болған жоқ, арбасын әлдеқайда асығып, басқа көліктерден оза зулап, жұлдыздай аққан әппақ «Мерседестің» астына қарай жұлқа бұрып кеп жіберді. Арбасын шыр айналдырып, қарсы қарап тұра қалғанын анық көрдім. Асфальтті ысқырта сызып, бұлталақтап келген әппақ «Мерседес» мәшинемді қапталдай, шақыр еткізіп бір ұрып өтті. Бетімді қалқалап бұға бергенде, қос доңғалақты арбаның аспанға шырқ айнала ұшып бара жатқанын ғана аңдап қалдым. Іле әлдене бар салмағымен төбемнен гүрс етіп құлап түсті. Мәшинемнің төбесі ішке жапырыла майысып, алдыңғы терезенің күл-паршасы шықты. Кескен томардай шолтиған жарым сұлба капоттың үстінен ақырын сырғып барып, жерге былш ете қалды. Оқиға сөйтіп басынан қайта басталды...



# ҚАЗАНКӨЛДІҢ САЛҚЫНЫ

әңгіме

«Қазанкөлдің суы тастай-ау, тастай, саусағыңды матырсаң, мұздың ойығына тығып алғандай сұп-суық», – деп еді ауылдан келген ақеділ Алмұқан ағамыз. Қазанкөлге баяғыда екі-үш рет барғаным есімде, терең шатқалда бетіне күн түспей көгеріп жататын. Ақеділ дейтінім, ол кісі ауыл шетіне іліксең болды, сарғыш өң, көкшіл көз, алпамса денесімен алдыңнан арсалаңдап, апыражапыра сөйлеп шыға келетін. Сондағы айтатыны елдің сөзі, әйтпесе қайда, құр даңғырлақ. Бірақ күшәла қосқан қымызы уытын бойыңа сіңіре, таңдайыңа татып-ақ кеткенде жақсы көрмеуге еш амалың қалмайтын.

Мұның бәрін ауылды сағынғаннан айтып отырмын. Болмаса, Алмұқан ағамыздың бұл араға түк те қатысы жоқ. Сол өзімнің туған жерімдегі Қазанкөлдің суы құсап көгеріп, жан баласына сыр ашпай суынып, өзіммен-өзім жүргелі біраз күн өтті. Алмұқан демекші, айдаладағы қыстауда отырған ол жарықтықтың да Құдайдан үміті бар, он-он бірлер шамасындағы өзі сияқты сарғыш өнді, көкшіл көз, бұла өскен ерке, шолжаң, шақар, сотанақ ұлын: «Президент болады бұл балам, көресіңдер әлі», – деп қайрап-қайрап қояды күлмең қағып. Сондағы «президент болады» деп күпсінткен сотанақ баласы бір күні қора жақтан түп-тұқианынан түк қалдырмай: «Әкеңнің аузын ұрайын!.. Атаңа нәлет иттің ғана күшігі!.. Өлген-

кеткеніңнің артынан өмірем қаптырайын ба сені?! Тұқымыңды тұздай құртам!» – деп боқтықтың неше атасын жіберіп тұр, күшігенше шәңк-шәңк етіп. Соның алдында ғана есік алдына керіле шыққан мен де, мал қарап келіп аттан аударыла түскен Алмұқан аға да, оның бие сауып жатқан салпыетек сары бәйбішесі де, барлығымыз бірдей аңтарыла мойын бұра қалдық. Сөйтсек әлгі неменің боқтап тұрғаны – құлақ тескен ащы дауысқа жерден басын жұлып алып, маңқ-маңқ үрген кәрі төбеттің бауырына тығылып ойнап отырған бес-алты жастардағы шартыққарын інісі екен. Біз назар аударғаннан кейін де айнала төңіректі азан-қазан қылып, бақырып-шақырып барып айтқаны: «Қойдың ар жағына шық дедім ғой жаңа мен саған, ит-шошқа!» болды.

Ол да бір ауылды ойлағанда еске түсіп кеткен күлкілі әңгіме, әйтпесе бүгінгі менің пұшайман халіме оның да қатысы шамалы. Олай дейтін себебім, әнеукүні Алмұқан ағамыз әдейілеп келгенде Қазанкөлдiң әңгімесін айтқалы емес, қаншалықты еркі барын білмей аңтарылып отырған елдің сәлемін жеткізгелі келгендей көрінген.

– Бас қатып кетті, бұл сайлауыңа он адам түсейін деп тұр, кімге дауыс береміз? Ана кісінің өзіне бере салсақ қайтеді? «Тағы сайлау тағы бар, Стамшалдың бағы бар», дейді біз жақта. Білесің ғой... – деді кекшіп.

– Ол «өйте салсақ қайтеді, бүйте салсақ қайтеді?» дейтіндей шаруа емес қой, – дедім аптығын басып. – Ол кісіңіз ол жаққа барып алып, елді ұмытып кетпей ме? Сіздің сөзіңізді ел тыңдай ма, әуелі?

– Сұрап жатқан жоқ па енді...

Кәдімгідей жүні жығылып қалды. Қанша аттандап жүргенмен қолында көп нәрсе жоқ, менің де кімнің атын атарымды іші сезіп отыр. Сөзі жүріп кету үшін өзі меңзеп қалған құзырлы кісіге дауыс жинауы керек, өйтеіін десе менен именеді, менен болғанда да шындықтың жүзінен тайғаннан қорқады. Бәрібір менің айтқаныммен жүрмейтінін біліп, өзілмен ары қажап, бері қажап, ауылға ақыры жауапсыз шығарып салдым. Кенет оның мен үшін бары да, жоғы да бірдей екенін, ағайынгершілігіміздің әншейін орындалмайтын құрғақ ақыл сұраудан аспайтын шарттылыққа айналып бара жатқанын сезіп, ішім мұздап кетті. Ақеділ ағамыздың шындығында «Кімге дауыс береміз?» дегеннен бұрын әлдебіреулердің «Ауылға келмесін, елді арандатпасын» деген астыртын тапсырмасын маған аңқаусып жеткізген түрі еді ол. Құдды Қазанкелдің суындай суынып, қайтып ішім жылымай, көгеріп-сазардым да қалдым содан.

Кеше түні ол байғұс түсіме кіріпті: «Ешкім де жұмсаған жоқ, өз еркіммен келдім саған!» – деп баж-баж етеді, жағама жармасып. «Қатты қамыққанда көрген түс өңінде керісінше келеді», – деген анамның сөзі оянып алып, әңкі-тәңкі болып жатқанда есіме оралды. Көзім бақырайып біраз жаттым да, басымды шырмап алған жаман ойдан кірпігім ілінер болмаған соң тысы қалың былғары күртешемді жамылып, сыртқа шықтым. Түрікпеннің тұрқы тайыншадай дәу алабайы есік көзінде созыла түсіп жатқан орнынан оң жамбасын сүйрете көтеріліп, омырауымнан иіскер-иіскеместен сүйкене келіп, тілі салақтап тұра қалды. Жылмиған құлағының түбінен

саусақтарымды жүгірте қасып, біраз еркелетіп алдым да: «Кет, бар енді, болды», – деп итеріп жібердім. Соның өзіне құлап қала жаздап, оң жамбасына қарай шойнаң етіп барып әрең түзелді. «Ә, сорлы, менің қолыма түспегенде күнің не болар еді?» – дедім итімді мүсіркей күбірлеп.

Бұл иттің аты – Ақтөс, базарда үлкен жәшіктің ішінде көздерін ашып-жұмып, қыбырлап-жыбырлап жатқан бес-алты күшіктің ішінен таңдап сатып алған едім кезінде. Өсе келе белінің бір кемістігі бары байқалды, сүт құйған ыдысқа қарай бөксесін сүйрете жүгіргенде тіксініп қалатын едік. Кейін біраз үлкейген соң өз-өзінен жерге аунап жата кетіп, артқы аяғын аузы жеткен жерден қауып-қауып тістеп, аспанға қарап арсылдап үретінді шығарды. Бір жаққа апарып тастау туралы ой басыма неше келіп, неше кетті. Бірақ обалсынып, әрі қарғай ма деп те қорқып, ол райдан тез қайтып қалып жүрдім. Неғылса да, үй күзеткенге жақсы болды, жуан даусымен арпылдай үргенде айналаны түгел бөріктіріп, көршілеріміз: «Мынауың қандай ит?» – деп сұрайтындай халге де жеттік. Алайда мен оның тайыншадай болып алып, оң жамбасын қабырғаға сүйеп алып жүгіретініне намыстанатын едім.

– Түнімен ұйықтамай, жүріп шықтыңыз ғой, көке, – деді ер жетіп қалған ұлым таңертең бетіме таңырқай қарап.

– Білмеймін, ауа жетпегендей болды, – дедім тура жауаптан жалтарып.

– Ал Ақтөсті неғып тептіңіз? – деді ұлым одан сайын қадала түсіп.

– Тепкем жоқ, итеріп жібердім... жай ғана... – дедім құлағымның ұшы ду ете қалып.

– Кішкентай күшік кезінде ветврачқа апарып емдеткеніңізде, күшті ит болатын еді бұл, – деп ұлым теріс айналды менен.

– Әй, кетші бар...

Бойы өзіммен жарыса сорайып өсіп келе жатқан ұлыма бұдан басқа айтар ештеңем қалған жоқ. Бүгін де көңілімнің көтеріле қоймасын сезіп, таң атпай жүрегім сазып еді. Үнемі бірдеңеге кінәлі адам сияқты құрдан-құр мұқалып жүру ер азаматқа қандай ауыр десеңші, ішім мүп-мүздай. Қазанкөлдiң суындай сүп-суық.

Кім білген, ол да бір күні өстіп өкінетін шығар.

## МАЗМҰНЫ

Көкжалдар .....	3
Креш .....	124
Өнер .....	179
Бір бөлмедегі төртеу .....	188
Қателік .....	196
Консул мен оралман .....	217
Соқыр .....	231
Өлмейтін құс .....	247
Миллион ара, миллион жылан және мен .....	254
Желтоқсан .....	263
Шіркін, Шекер .....	268
Жансебіл .....	279
Төрт мысал .....	298
Өмірмен қоштасу .....	317
Қазанкөлдiң салқыны .....	336

**Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК**

**Үш томдық**

**1-том**

# **КӨКЖАЛДАР**

**Редактор** Марал ЖЕЛДІБАЙҚЫЗЫ  
**Қорректор** Іңкәр ТОҚТАРХАНОВА  
**Дизайнер** Айкерім БАҚБЕРГЕНҚЫЗЫ  
**Тех. редактор** Мереке ЕСЕНҒҰЛОВА

ISBN 978-601-03-0401-7



**ИБ № 203**

Басуға 05.04.2016 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі “Journal DT”. Көлемі 18,0 ш.б.т.  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 203.

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы

